1. Степень самофертильности зависит от степени общей фертильности экотипа; чем выше процент фертильности, тем больше обычно и процент самофертильности. Поэтому отбор на повышенную фертильность является до известной степени отбором и на повышенную самофертильность.

2. Чем выше относительная влажность воздуха, больше выпадает осадков, больше пасмурных дней и ниже температура воздуха во время цветения люцерны, тем ниже процент самофертильности и фертильности, и наоборот, чем ниже относительная влажность воздуха, меньше выпадает осадков, больше ясных дней и выше температура воздуха, тем выше процент самофертильности и фертильности у большинства экотипов синей люцерны.

3. Большинство сортов люцерны понижает самофертильность и фертильность при повышенной относительной влажности воздуха, выпадении большого количества осадков и пасмурной погоде во время цветения люцерны, следовательно, климатические условия являются ограничивающими факторами для развития люцернового семеноводства в более увлажненных районах.

4. Предварительные скрещивания форм синей люцерны с высокой и низкой самофертильностью и фертильностью показали, что признак высокой самофертильности и фертильности является доминирующим.

5. Между мощным развитием травостоя и высокой самофертильностью и фертильностью нет антагонизма. Возможно сочетание высокого урожая сена и семян на одном растении.

6. Возможность выведения новых сортов с ценными сельскохозяйственными признаками и высоким и постоянным урожаем семян, даже при повышенной влажности, в северных районах вполне обеспечена.

Литература:

1. Вавилов Н.И. Избранные сочинения. – М.: Колос, 1966. – 558 с.
2. Жуковский П.М. Мировой генофонд растений для селекции. – Л.: Наука, 1970. – 87 с.
3. Практикум по селекции и семеноводству полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 368 с.
4. Жуковский П.М. Мировой генофонд растений для селекции. – Л.: Наука, 1970. – 87 с.

Түйіндеме

Селекциядағы будандастыру және сұрыптау жұмыстары жалпы және популяциялық генетиканың заңдарына сүйенеді. Популяциядағы организмдер генотипі алуан түрлі болса ғана сұрыптау нәтижелі болатынын, фенотип пен генотип сәйкес бола бермейтіні белгілі. Өсімдіктер селекциясындағы жеке дара сұрыптауда таза линия, гомозиготалық пен гетерозиготалық, фенотип пен генотиптің сәйкес еместігі жайлы ұғымдарға негізделген. Белгілердің тәуелсіз тұқым қууы және еркін алмасып қосылуы будандастыруға теориялық негіз болады. Будандастыру, сұрыптау арқылы ғалымдар мал азықтық дақылдарының бағалы сорттарын өсіріп шығаруда. Мақалада будандастыру жұмысын жүргізе отырып, өздігінен ұрпақ бере алатын жоңышқаның әр түрлі экотиптері зерттелген.

Summary

All work on studying of a fertilnost and samofertilnost was carried out on nested crops world collections of a dark blue lucerne. Each type was presented quantity from five to fifteen numbers. In each number on three or five bushes put on three or four pergament insulators. Under each insulator placed five brushes, even prior to the beginning of their flowering. The insulators put on on cysts and bush became attached to the shelf hammered near a bush. For establishment of percent of a fertilnost on each bush planned on five brushes at free flowering. Before passing to other plant, hands wiped the cotton wool wetted by alcohol, with a view of sterilization. The isolated brushes under insulators rumped every two days hands, having removed before it from brushes insulators. From specified these percent of a samofertilnost and a fertilnost and the analysis of weather conditions during flowering of a lucerne it is possible to draw the following conclusions. Possibility of removal of new grades with valuable agricultural signs and a big and constant crop of seeds, even at the increased humidity, in northern areas is quite provided.

ӘОЖ: 612.11+612.15

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЭКСТРЕМАЛДЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ КАРДИОРЕСПИРАТОРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ӘСЕРІ

С.Ж. ИБАДУЛЛАЕВА,

биология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. НҰРҒАЗИЕВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Тыныс алу жүйесінің қалыпты жағдайда да, бұлшықет қызметі кезінде де организмді оттегімен қамтамасыз етудегі ролі ерекше. Оттегі тыныс алу қызметіне неғұрлым күшті, неғұрлым адекватты стимул болып табылады [1]. Өкпенің вентиляциясы тыныс алудың тереңдеуінен де, оның жиілеуінен де жоғарылайды. Дегенмен, тыныс алу көлемінің ұлғаюы өкпенің тіршілік сиымдылығының (ӨТС)

3/2-4/3 бөлігін қамтығанша жүре береді, одан кейін вентиляцияның артуы жиілеген тыныс алу циклы жолымен ғана жүзеге асады. ӨТС дене мөлшері, салмақ, жас, жынысқа байланысты ер адамдарда орташа – 3,5-4,5 л, ал әйелдерде шамамен 25% аздау [2].

Жалпыға ортақ түсініктерге сай қан айналымын реттеудің негізгі мақсаты – қанның аз мөлшері және жүректің минимум механизмі күшін пайдалана отырып, оптимальды гемодинамикалық режимді ұстап тұруға ұмтылу. Гемодинамиканың тиімділігін арттыратын механизмдердің қатарына ең алдымен капиллярлардың жалпы санының және бұлшықеттегі диффузияның беттік алаңының артуы, бұлшықет ұлпасындағы тыныс алу ферменттерінің концентрациясының артуы жатады. Сандық қатынаста жалпыалмасу бетінің артуы басқа ұлпалық механизмдермен бірге организмдегі қан айналымының минуттық көлемінің (ҚМК), сонымен қатар, қарқынды бұлшықет қызметі кезіндегі гемодинамика параметрлерінің ұлғаюын 2,5-3 есе төмендетуге мүмкіндік береді [3].

Аз және орташа физикалық жүктеме кезінде ҚМК-нің қажетті ұлғаюы жүректің жиырылу жылдамдығының (ЖЖЖ) жоғарылауы мен толық систолаға әкелуші жүрекке инотропты реттеуші әсердің күшеюі арқылы жүреді. Толық жүктеме кезінде жоғарылаған қан ағыны диастолалық қысымның (ДАҚ) ұлғаюы мен қарынша көлемінің үлкеюіне әкеледі. Нәтижесінде бастапқы диастолалық ұзындық үлкейіп, жиырылу күшінің қосымша ұлғаюы мен ҚМК-ның әрі қарай жоғарылауын қамтамасыз ететін Старлингтің негізгі механизмі іске қосылады. Дәл осы кезде жүректің жұмысын үнемдейтін және артып кетуден сақтайтын екі экстракардиалды факторлардың – қан тамыры арнасы қарсылығының өз уақытылы төмендеуі және оттегі пайдалану көлемінің жоғарылауы ролі ерекше.

ЖЖЖ кардиореспираторлық жүйенің тіркеуге алуға ең оңай көрсеткіші бола отырып, организмнің гипоксия мен физикалық жүктемеге реакциясын көрсететін критерий қызметін атқарады. Лүпілдің жиілігінің негізгі модификаторы – физикалық жүктеменің күштілігі, ал жоғары гипоксия ЖЖЖ реакциясын жылдамдататыны анықталды [4].

Арал өңірі тұрғындарының функциональды резерві мен бейімдік мүмкіндіктерін анықтау мен кардиореспираторлық жүйенің негізгі параметрлерін зерттеу ретті болып көрінеді, себебі олар адамды қоршаған табиғи ортаның сипаттамасы бола алады.

Арал өңірі тұрғындарының организмне теріс әсер етуші негізгі фактор аймақтың суында, топырағында, тағамда жинақталған токсиканттар екенін ескере отырып, олардың кардиогемодинамикаға әсері жайлы мәліметтер қызығушылық туғызады.

Материал және зерттеу әдістері. Алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу үшін 2011-2012 жылдары Қызылорда облысындағы Арысқұм кен орнында жұмыс істейтін мұнайшылар мен Қызылорда облысы Шиелі ауданы тұрғындарының кардиореспираторлық жүйесінің көрсеткіштерінің өзгерістері зерттеуге алынып, салыстырылды.

Кардиореспираторлық жүйенің көрсеткіштерін тіркеу және мұнайшылардан қан алу вахталық жұмыс басталардың алдында жүргізілді. Көрсеткіштерді анықтау таңертең, аш қарынға жүргізілді. Кардиореспираторлық жүйенің жағдайын стандартты әдістермен анықталатын систолалық артерия қысымы (САҚ), диастолалық артерия қысымы (ДАҚ) көрсеткіштеріне қарап анықтадық.

Жүргізілген зерттеулерде 2011 жылы систолалық артериялық қысымның зерттелінушілердің екі тобында да жыл маусымдарына тәуелділігі және максимальды шама жазда, минимальды шама қыста болатындығы анықталды.

Мұнайшылар және шиелілік тұрғындардың САҚ күзде 115 мм сын. бағ. және 113 мм сын. бағ.-на тең болғанын көрсетті, яғни көрсеткіш мұнайшыларда жоғары болды (1-сурет).


Қыста САҚ мұнайшыларда да, Шиелі ауданы тұрғындарында да төмендеп, тиісінше 109 мм сын. бағ. және 108 мм сын. бағ.-на тең болды. Бұл кезде мұнайшылардың көрсеткіші Шиелі тұрғындарынан жоғары болды.

Көктемде мұнайшылар мен Шиелі тұрғындарының САҚ көрсеткіші қысқа қарағанда жоғарылап, 113 мм сын. бағ. және 112 мм сын. бағ.-на тең болса да, күзбен салыстырғанда төмен болды. Осы мез-

гілдегі САҚ көрсеткішін салыстырмалы талдау мұнайшылардағы көрсеткіш Шиелі тұрғындарының көрсеткішінен жоғары болғанын көрсетті (1-сурет).


Жазда көктемге қарағанда зерттелінушілердің екі тобында да САҚ жоғарылай бастағаны тіркеліп, тиісінше 117 мм сын. бағ. және 114 мм сын. бағ.-на тең болып, күздегі көрсеткіштерден жоғары болды. Жылдың осы мезгілінде басқа маусымдардағы секілді мұнайшылардың көрсеткіші Шиелі ауданы тұрғындарының САҚ-нан жоғары болғаны анықталды.

Осылайша, алынған мәліметтер зерттелінушілердің САҚ-ның жыл мезгілдеріне тәуелділігін және максимальды шама жазда, минимальды шама қыста тіркелгенін көрсетті.



Сурет 1. Шиелі ауданы тұрғындары мен мұнайшылардың систолалық артерия қысымының (мм сын. бағ.) 2011 жылғы маусымдық өзгерістері

Мұнайшылар мен Шиелі ауданы тұрғындарының САҚ көлемінің өзгерісімен қатар ДАҚ көлемі де өзгерді. Мәселен, күзде мұнайшылар мен шиеліліктерде ДАҚ 76 мм сын. бағ. және 74 мм сын. бағ.-на тең болды және мұнайшылардың көрсеткіші Шиелі ауданы тұрғындары көрсеткіштерінен жоғары болды (2-сурет).



Сурет 2. Шиелі ауданы тұрғындары мен мұнайшылардың диастолалық артерия қысымының (мм сын. бағ.) 2011 жылғы маусымдық өзгерістері

Қыста зерттелінушілердің ДАҚ-ы төмендеп, тиісінше 69 мм сын. бағ. және 68 мм сын. бағ.-на тең болды. Осы кездегі мұнайшылардың көрсеткіштері шиеліліктердің көрсеткішінен жоғары болды (2-сурет).

Көктемде мұнайшылар мен шиеліліктердің ДАҚ-ы жоғарылап, тиісінше 75 мм сын. бағ. және 73 мм сын. бағ.-на тең болды. Көктемдегі ДАҚ шамасын салыстырмалы талдау мұнайшылардың көрсеткіші жалағаштықтардың көрсеткішінен жоғары болғанын көрсетті.

Жазда зерттелінген екі топта да ДАҚ көктемгі шамаға қарағанда жоғарылап, 78 мм сын. бағ. және 76 мм сын. бағ.-на тең максималды шамаға жетті. Жаздағы ДАҚ шамасы күздегі шамадан жоғары. Осы кездегі мұнайшылардың көрсеткіші шиеліліктер көрсеткішінен жоғары болды (2-сурет).

Алынған зерттеулерге сәйкес зерттелінушілердегі ДАҚ жыл мезгілдеріне тәуелді екені және мұнайшылардың көрсеткіштері барлық мезгілде де жалағаштықтар көрсеткішінен жоғары болғаны анықталды.

Әдебиеттер:

1. Общий курс физиологии человека и животных: Кн. 2 / Под ред. А.Д. Ноздрачева. – М., 1991. – 528 с.
2. Ибадуллаева С.Ж., Кольбай И.С. Изменение содержания лейкоцитов у жителей Приаралья при гипоксически-гиперкапнических дыхательных тренировках // Известия МН – АН РК. Сер. биол. и мед. – М., 1998. – № 5-6. – С.12-15.
3. Удяновиченко Н.А. Морфо-функциональные и цитохимические показатели крови при хроническом пылевом бронхите. Автореф.дисс.канд.мед.наук. – М., 1975. – 22 с.
4. Спатаев М.Б., Раюшкин Б.В., Красников В.Н и др. Некоторые аспекты состояния окружающей среды и здоровья населения Кызыл-Ординской области и районов Приаралья // Медицинские, социальные и экологические проблемы Приаралья: Матер. науч. конф. Ч. I. – Алматы, 1994. – С. 1.

Резюме

В данной статье приводятся данные по изменению систолического и диастолического артериального давления у нефтяников месторождения Арыскуп и жителей Шиелийского района Кызылординской области. Проведенные исследования показывают наличие сезонных изменений параметров кардиогемодинамики. Показана зависимость параметров у нефтяников, причем во все сезоны года у них наблюдалось повышение показателей.

Summary

This article presents data on changes in systolic and diastolic blood pressure in oil and residents Arysкуп Shiely region Kyzylorda region. The studies show the presence of seasonal changes in the parameters cardiohemodynamics. The dependence of the parameters in oil, and in all seasons, they have observed high levels.

ӘОЖ 574:550.378:57.022

ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЛАСТАНУЫНЫҢ ТІРІ АҒЗАЛАРҒА ӘСЕРІ

Т. КЕМЕЛҚЫЗЫ,

биология ғылымдарының кандидаты, профессор

Ж.Ж. ИЗБАСАРОВА,

биология магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Топырақ пен су – қала мен жол жиегінің маңының негізгі ластаушы факторы. Топырақтың ластануы кезінде қорғасынның мөлшері техногендік жағынан аз ластанған жерде әлдеқайда мол кездеседі.

Ортаның ластаушы заттарының зиянды әсерін топырақта мекендейтін жануарлардың санына қарап бағалауға болады, себебі олар химиялық заттарға да, сол сияқты физикалық факторлар: дыбыс, жарық, жаңғырықтарға өте сезімтал келеді. Соны анықтауға арналған экспериментті жүргізу методикасының алдында мынадай мақсаттар тұрды:

- а) топырақтағы жануарлар дүниесіне транспорттың магистралдық әсерін анықтау;
- б) топырақ фаунасының санын анықтау.

Эксперимент Т.В. Дядюк әдісі бойынша мынадай реттілікпен орындалды:

1. Жұмыс жүргізілген орынға сипаттама жасау және уақытын тіркеу;
2. Зерттелетін участокты жіп пен таяқшаның көмегімен (50x50 см) бөліп, ондағы жануарларды жинау;
3. 5 см қалыңдықта топырақ бетін қазып алып, оны аударып, пленка үстіне салу. Сол қабатта қанша жануар және қандай түрлері бар екенін анықтау;
4. Біртіндеп топырақ қабатын ала отырып, 25 см тереңдікке дейін қазып, жануарлардың санын пленка үстіндегі топырақтан анықтау (алынған нәтижені таблицаға толтыру, диаграмма құру) [1].

Экспериментальді жұмыстың жүргізілген жері – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің агробиологиялық участогы. Участоктың бір шеті қаладан Тасбөгет қыстағына шығатын үлкен трассаның бойына тіреледі. Трассаның төңірегінде техногендік қалдықтардың, оның ішінде автомобильден бөлінетін газдың құрамының жол жиегіндегі организмдерге тигізетін әсері зор. Себебі, бұл жердің топырақ құрамында автомобильдерден шығатын газ құрамындағы қауіпті деп саналатын бензопирен, қорғасын, мыс, т.б. металдар кездесетіндігі анықталған [4].

Топырақ құрамындағы қорғасын онда қалып қоймай, келесі тізбек – өсімдікке, одан жануарға өтеді. Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, биологиялық тізбекке өтетін мөлшері бір гектар көлемге шаққанда 0,3-тен 5 м²/кг құрғақ массаға шаққандағы мөлшерде кездеседі. Қорғасынды көп пайдаланатын өсімдіктердің ішінде ағаштар ең жоғары мөлшерде пайдаланады.

Қорғасын көптеп жиналатын өсімдіктерге жасыл пияз, томат, картофель, сәбіз, қызылша, капуста жатады. Мысалы: бидайда – 2,0; капустада – 4,0; томатта – 4,0 (м²/кг құрғақ массаға есебімен) [4].

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, қауіпсіз доза – 0,2-0,8·10⁻⁴ процент. Металдар ұзақ уақыт бойы ағзада жинақталса, токсикалық деңгейге жетеді. Қорғасынмен қоса басқа да ауыр металдар ағзадағы зат алмасуды бұзады, көптеген ферменттердің ингибиторы болып есептеледі. Қоректену тізбегі арқылы ағзаға түскен қорғасын сүйектегі кальцийді алмастырып, өмірге қауіп тудырады. Себебі, қорғасынның органикалық қосылысы бейорганикалық қосылысына қарағанда қауіпті. Адам қорғасынмен уланғанда оның ағзасындағы көптеген ферменттердің қызметі әлсіреп, глюкозаның метаболизмі, белок синтезі мен РНК түзілуі бұзылады. Қорғасын азықпен бірге асқазанға көптеп түссе, адамның іші бүріп ауырады. Іштің жүрмей қалуы болады, ауыздың сілекей қабаты қабынады, бұлшықеттің, бастың қатты ауыруы жүреді, ұйқыдан қалады, зәрдің тәуліктік бөліну мөлшері күрт азаяды, аяқ-қол буындарының қимылға икемсіз болуына дейін әкеледі [3].

Өсімдіктің улануы ауыр металдардың тек топырақтан ғана түсуінен емес, ауадан да жапырақ алақанының беті арқылы түсуінен жүзеге асады. Ол кезде фотосинтез баяулайды. Жапыраққа түскен металдың бәрі бірден өсімдікке сіңіп кетпейді, себебі барлық өсімдік жапырағының кутикула қабаты бірдей емес. Бұл белгісіне қарай ауыр металдар мына ретпен: Cd>Pb>Zn>Cu>Mn>Fe сіңірілсе, өсімдік организмінде қорғануына қарай Fe>Cu>Mn>Cd>Zn>Pb орналасады. Бұдан байқайтынымыз, мыстың – кутикула арқылы сіңірілуі қорғасынға қарағанда әлдеқайда активті, темірден кейін екінші орында [2].

Көптеген авторлардың еңбектеріне жасалған шолудың нәтижесіне қарасақ, топырақта өте көп мөлшерде болатын металдар өзара қарым-қатынасқа түседі. Мысалы: мыс өсімдікте калийдің көп жиналуын тудырса, марганец фосфордың, мырыштың азаюын тудырады. Бұл құбылыстың қызық жері сол, элементтердің өзара қарым-қатынасының артуы арқасында ауыр металдардың фототоксикалылығы артып немесе азайып отыруы мүмкін. Демек, топырақ құрамы жол жиегінде көп түрде ластанған деуге болады. Оның адамға зиянды екенін жануарлардың реакциясы мен кездесу жиілігінен байқауға болады [4].

Ол үшін зерттеуді мынадай әдіспен жүргізуді жөн көрдік. Жұмыс күн ашық топырақтағы организмдердің активті қимылға келетін мерзімі – күндізгі сағат 11 мен 13 арасында жүргізіледі. Алғашқы зерттеу учаскесін – трассаның бойында 25х25 см етіп жерді белгілеп алдық. Жол жиегіндегі учаскіде топырақтың беткі қабатында өсімдіктер жамылғысы жоқтың қасы. Сол себепті беткі қабаттағы өсімдіктерді кесіп алу керектігі жүргізілмей-ақ бірден 5 см-ден бастап 25 см-ге дейін тереңдікте қазу жүргіздік. Қазып алынған топырақты арнайы дайындалған пленканын бетіне аудардық. Пленканың түсі ашық сарғыш түсті болғандықтан топырақ ішіндегі организмдерді жақсы байқауға болады. Пленка үстіне топырақтарды біркелкі түрде жайып, ұлғайтқыш лупамен қарай отырып, организмнің санын анықтадық. Алғашқы 5 см тереңдікте кездескені – 5 құмырсқа, 1 қоңыз, яғни дене жамылғысы хитинмен жақсы бүркелген организмдер. 10 см тереңдіктен крест өрмекшінің 2-і, қара құмырсқаның 5-і кездесті. Жердің 10 см тереңдігінен 1 зауза қоңызы мен 1 қара қанқызы байқалды. 20-25 см тереңдікте 1 ақ түсті осы насеком дернәсілі кездесті. Жол жиегінде жәндіктердің өте аз мөлшерде кездесу жағдайы түсінікті. Себебі жол жиегі әр түрлі улы заттар мен көмірқышқыл газы, т.б. қауіпті заттар ауыр металдармен уланған.

Әдеби эксперименттердің нәтижесіне сүйенсек, мәселен, жол жиегіндегі топыраққа түсетін қорғасын мөлшері 1 гектар көлемге шаққанда 0,3-тен 5 мг/кг құрғақ массаға шаққан мөлшерде кездеседі. Бұл мөлшер өсімдікке өткенде, ол 5 есеге дейін өседі екен. Өсімдіктің тамырын, сабағын жейтін организмге қауіп үш жақтылы: бірі ауа, екіншісі топырақ, үшіншісі азығы – өсімдік арқылы туындайды.

Қорғасынның тамақтық тізбек арқылы өсімдік мүшелері мен қоректенетін ағзаларға өрмекші, зауза қоңызы, құмырсқа, т.б. өтіп, оларды уландырып жойып та жіберіп отыруы ғажап емес. Ендеше жол жиегінде тірі ағзалардың аз кездесуі қоршаған ортаны ластаушы факторлардың тікелей әсері деп тұжырымдауға болады. Топырақ құрамында элементтердің артық мөлшерде болуы бір элементтің екіншісінің әсерін өзгертеді. Мәселен, марганец фосфордың, мыс калийдің көптеп жиналуын қамтамасыз етеді. Бұл металдардың тағы бір қауіпті жері сол – ұзақ уақыт бойына ағзада жинақталып, токсикалық деңгейге дейін жетеді. Қорғасын басқа металдармен біріге отырып, зат алмасуды бұзады, ферменттердің қоздырғыштарына айналады, хитинді қабаттағы кальций азаяды [3].

Бірінші үлгінің топырақ қабаттарынан кездескен насекомдардың биологиялық сипаттамасына көңіл аударсақ, топырақтың 5-10 сантиметрлік қабатынан кездесетін бунақденелілер алуан түрлі, олар – жапырақ жегіш қоңыздар, «Chrysomelidae» тұқымдасына жататын қатты қанаттылар, қоңыздар «Coleoptera» отрядына жатады.

Қауіпті ластаушы заттармен қатар жол жиегінде дыбыстың күшінің қарқындылығы 68-78 ДЦ баллға жететінін ескерсек, жол жиегіндегі топырақ арасында насекомдардың аз кездесуі заңды құбылыс.

Екінші үлгі жол бойынан 50 метр қашықтықтан алынды. Бұл үлгіні алуда да Т.В. Дядюк әдісі қолданылды. Зерттелетін мөлтекті агробиостанция жерін диагональ бойынша қаздық. Әрбір қазылған жер 50 см көлемде, 25 см тереңдікте жүргізілді. Жердің беткі қабатын 5 см-ден алып отыру арқылы жүргізілді. Үлгі бөлігінің беткі қабаты бірінші зерттелген жермен салыстырғанда біршама өсімдігі тығыз орналасқан, негізінен қамыс құрақ, жантақ, т.б. өсімдіктер кездесті. Өсімдік жамылғысының мол болуы топырақта тіршілік ететін жануарларға да әсерін тигізетіні анық. Әсіресе тамыр жегіштерге қолайлы жағдай туындатады. Топырақты 5 см етіп аударып алынған топырақтан мынадай ағзалар табылды: бірнеше қара құмырсқа, өсімдік биті, крест өрмекші, екі ақ қандала, сонымен қатар көптеген насекомдардың дернәсілдері. Бұдан терең қабаттарын талдау кезінде табылған организмдердің көпшілігі дерлік дернәсіл, қуыршақ күйінде кездесті. Бұл үлгіде салыстырмалы түрде жануарлардың бірінші үлгіге қарағанда саны мен түр формаларының көптеп кездесуі ластаушы факторлардың концентрациясының біршама азаюынан деп түсіндіруге болады.

Үшінші үлгі үлкен жол бойынан 100 метр қашықтықтан алынды. Бұл үлгідегі өсімдік жамылғысының мол болуы топырақта тіршілік ететін жануарларға да әсерін тигізетіні анық. Әсіресе жапырақ, сабақ, тамыржегіштерге қолайлы жағдай туындайды. Топырақ жамылғысының бетіндегі өсімдіктерді шауып тазалағаннан кейін 5 см етіп қиынды алынды. Бұл қиындыны тексерген кезде сабақ пен та-

мыр мойнының кейбір жерлері жуандап, түйін тәрізді болып көрінді. Ол түйінді жарып қарағанда іші тола насекомның, оның ішінде жасырын тұмсықтың, май қоңызының бірінші жылғы жаңа салған жұмыртқасын байқадық. Келесі бір түйінді жарғанда ақ түсті кішкене басы қызыл дернәсілдерді көрдік. Үшінші үлгінің тағы бір ерекшелігі – алдыңғы екі үлгімен салыстырғанда топырақ қабаттарындағы тірі ағзалар саны да, түрлері де әлдеқайда бай болып шықты. Мәселен, капуста қандаласы, капуста жапырақ жегіші, масаның аяқсыз дернәсілі, өсімдік қандаласы, өрмекші, қоңыздардың түрлері кездесті.

Бұл аталған насекомдармен қатар 7-8 нүктелі қанқызының 4 дарасын кездестірдік. Қанқызы қоңызы өсімдік шірінділерінің астында қыстап шығатындықтан бұл үлгіде кездесуі де кездейсоқтық емес. Себебі, өсімдік жамылғысының қалдығы жеткілікті мөлшерде.

Үлгілер неғұрлым жол бойынан алыстаған сайын топырақ қабаттарында кездесетін ағзалар саны солғұрлым көбейе түсетінін байқаймыз. Жол жиегімен салыстырғанда екінші үлгіде кездесетін тірі жәндіктерді айтпағанда, өсімдік жамылғысында да айырмашылық бар. Жол жиегіне қонатын шаң-тозаңмен бірге ауыр металдардың үлгісі де көп болса, жолдан алыстаған сайын кез-келген ағзаға зиянды болып есептелетін ауыр металдар мөлшері де азая түседі. Демек, зияны біршама болса да, төмендейді. Сонымен қатар, жол бойымен өтетін машина, мотацикл, т.б. көліктерден таралатын шу жол жиегіндегі топырақ ішіндегі жануарларды жоятын деңгейде үздіксіз болып тұрады. Үлгі жол жиегінен алыстаған сайын шуды ағаштекес жамылғы ұстап, одан өтетін зиянды әсері азаяды. Оны өсімдік өзіне сіңіріп алады да, залалсыздандырады. Оның дәлелі ретінде үшінші үлгіні айтуға болады. Себебі үшінші үлгіні алған жерді ағаш жамылғысы қоршап жатыр. Ағаш атаулының бойы да алуан ярусты, яғни шу мен түтін атаулының біразын ұстап, организмдер үшін зиянын азайтатыны сөзсіз.

Зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік:

1. Үлкен трасса бойлары зиянды заттармен қаныққан болып келеді (қорғасын, мыс, жанармай қалдығы, көмірқышқыл газы, т.б. заттар);
2. Зиянды ластаушы заттар топыраққа сіңіріледі, ол тіршілік иелеріне қауіп-қатер тудырады;
3. Үлкен жол жиегінен алыстаған сайын зиянды заттар мөлшері азаяды да, ол өсімдік жамылғысына да, топырақта тіршілік ететін жәндікке де тиімді жағдай жасайды;
4. Жануарлардың топырақты бойлап таралуы қорғаныштық қасиеттеріне тәуелді. Себебі, беткі қабатта хитинді жамылғысы бар организмдер көп кездессе, төменгі қабатында бұл жамылғы жоқ, я әлсіз болғандықтан көбіне дернәсілдері таралған.

Үлкен жол бойындағы ластаушы заттар мен шу жақын орналасқан елді мекендерді қорғау үшін төмендегідей ұсыныстар білдіреміз:

- діңі қатты, шу мен ластаушы заттарға төзімді ағаштар отырғызу;
- ағаштар қатарының арасына бұталар отырғызу;
- жол жиегіне ұзын, екінші қатарға одан кіші, үшінші қатарға биік бұта, ең соңына қысқа бұта тектестерді отырғызып, арасын шөптесін өсімдіктермен толықтырып отыру керек;
- жол жиегіне құрылыс жасау (үй салу) оның тұрғындарына зиянды екенін есте сақтау.

Әдебиеттер:

1. Биология в школе. – М., 1993. – № 3.
2. Алексеев Ю.В. Тяжелые металлы в почвах и растениях. – М.: Химия, 1982.
3. Гринв А.В., Ли С.К., Зыdney Н.Г., Обухов А.И., Платонов Г.В. Поступление тяжелых металлов в растения в зависимости от их содержания в почвах // Миграция загрязняющих веществ в почвах и соприкасающихся средах: Тр. II Всес. совещ. – Л.: Гидрометиздат, 1980.
4. Нургизарынов А.М. и др. Отчет за 1994 г. Миграция тяжелых металлов в объектах среды Приаралья. – Кызылорда, 1995.

Резюме

В статье дается анализ экспериментальной работы, проведенной на агробиологическом участке КГУ имени Коркыт Ата. Загрязнение окружающей среды, первым делом, влияет на живые организмы. По их численности и видовому составу можно судить об уровне загрязнения.

Результаты работы эксперимента показывают, что самым загрязненным является участок вдоль трассы, где господствуют шум, тяжелые металлы и газы, отравляющие живые организмы. По мере отдаления от трассы число и видовой состав живых организмов увеличиваются и в надземной части и в почвенном покрове, что свидетельствует об опасности жизни, в близи трассы, где загрязнение на высоком уровне.

Summary

The paper analyzes the experimental work carried out at the agro sector KSU. Environmental pollution affects first of all living organisms, their abundance and species composition can judge the level of contamination.

The results of the experiment proved that the most contaminated sites along the route is dominated by noise, heavy metals and gases, toxic organisms. Further from the highway number and species composition of living organisms, and increases in the aerial parts and the soil cover. These results warn people how dangerous life is closer to the highway, where the contamination at a high level.

ӨОЖ 633.18:631.153.3:631.472.71

КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІГІНДЕГІ ЫЗА СУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Ә. ТӘЖІБАЙҰЛЫ,

техника ғылымдарының кандидаты, доцент

Н. ТЫНЫШТЫҚБАЕВ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Арал өңірі егіншілік жүйесіндегі суармалы жерлердің проблемалары. Арал өңірі егіншілік жүйесіндегі проблемалардың бірі – инженерлік жүйеге келтірілген егістік жерлерді ғылыми негіздемелерге сүйеніп, тиімді пайдалану деңгейін жоғарылату. Күріш ауыспалы егістігін игеруде күрішпен қатар жоңышқаны егу арқылы топырақ құнарлылығын арттырып, біркелкі өнім беретін деңгейге қалыптастыру және жерді пайдалану мәдениетін жоғарылату болмақ. Ал қазіргі кездегі жер асты суының деңгейінің өзгеруі, топырақтың тұздануы, күріштік инженерлік суғару жүйесінің (ИРОС) бұзылуы зерттеуді, ізденуді қажет ететін кешенді шешілетін күрделі жұмыстар. Жыл сайын жер асты суының деңгейіне байланысты мелиоративтік жағдайы қанағаттанғысыз жердің көлемі және топырақтың тұздануы 2-3 есеге артуда. Жер асты су деңгейінен топырақтың тұздануы бойынша 2005 жылы мелиоративтік жағдайы қанағаттанғысыз жердің көлемі 92,3 мыңға жетті. Кейінгі жылдары суармалы жер жағдайының нашарлауымен қатар жер асты суының деңгейі де өзгеріп, жер асты су деңгейі 0,5-1,3 метрге жететін жердің көлемі 4-5 мыңға дейін көбеюде [1].

Арал өңірінде күріштің ұзақ жылдар бойы өсірілуі әсерінен аймақтағы жер асты суының деңгейі күріш егілген суармалы жерлерде және күріш егілмеген агрофитоценоздар астындағы су деңгейінің де жалпы көтерілуіне себепкер болды.

Бұған қосымша Сырдария өзенінің суы табиғи сапасынан айрылған. Су құрамындағы органикалық және лайлы бөлшектердің орнына өсімдікке зиянды қоспалар жылдан-жылға көбейіп келеді. Өзен арнасына минерализацияланған, тұздар, пестицидтер және улы заттар қосылған қашыртқы-дренаж су, өндіріс орындары мен елді мекендерден шыққан лас судың қосылуы салдарынан дария суының сапасы нашарлауда.

Техника ғылымдарының докторы, профессор С. Қошқаровтың мәліметіне [2] қарағанда, соңғы 15-20 жыл көлемінде қайта (екінші мәрте) тұздану, батпақтану коллекторлы-дренаждық жүйенің қанағаттанғысыз жағдайынан 70 мың гектар күрделі тегістелініп, инженерлік жүйеге келтірілген жер айналымнан шығып, жарамсыз болып қалған. Оның басты себебі – ыза судың көтерілуі және суландыру жүйесінің пайдалану еселенушісінің өте төмен, дариядан алынған судың аз пайызы ғана егісті суландыруға жетеді. Қалған бөлігі каналдар бойында шығын болады. Кейінгі жылдары Қызылорда облысында Көкарал плотинасы, Қараөзек, Әйтек су тораптары кешендерінің жұмысы дұрыс жолға қойылуы салдарынан дарияның су өткізгіштік қабілеті қайтадан қалпына келтіріле бастады. Дарияның төменгі бөлігіндегі экологиялық жағдайды жақсартуға оң ықпал жасады. Дегенмен, Сырдария өзенінің минералдану жағдайы жылдан-жылға артуда. Бұрын литріне 0,5 г болса, қазір 1,3-2,5 г құрайды. Бұл жағдай дарияның бастапқы және ортаңғы бөлігінде орналасқан елдердің суармалы алқаптарындағы пайдаланылған сулардың өзенге қайта құйылуынан болып отыр.

Жоғарыда келтірілген деректер – ыза судың деңгейінің көтерілуі, жер асты суының тұздануы, өзен суының сапасының төмендеуі, күріштік инженерлік суғару жүйесінің сорланып тез істен шығуына өз септігін тигізумен қатар, сол жерге егілетін өсімдіктің өсіп-өнуіне де кері әсерін тигізетіндігі дәлелденген. Яғни, күріш ауыспалы егістігінде егілетін егін шығатын кезінде сордан қиылып өліп қалатын болса, ал осы жерге егілетін жүгері, жоңышқа бидай және басқа дақылдардың тамырына ыза судың деңгейі жетіп жатса, оның тамырының шіріп, өсімдіктің өлуіне әкеп соғатындығы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының зерттеулерінен белгілі. Сондықтан да осы бағытта әрі қарай терең кешенді ғылыми ізденістерді жүргізу қазіргі кезеңнің кезек күттірмейтін негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс.

Топырақ ылғалдылығының механикаландыру процесіне әсері. Күріш ауыспалы егістігі жүйесінің күріштік инженерлік суғару жүйесінің атыздарының көлемдік құрылысы жер еңестігіне, жер сипатына (құрылысын жасағанда жер жұмысының көлеміне байланыстыра) қарай, тегістегенде топырақ қабатының алыну тереңдігіне, сумен қамтамасыз етілу жағдайына және тағы басқа жағдайларға байланыстыра тақталы орналастыра жасалынады. Бұнда күрішті егіп, жинауды механикаландыруға қойылатын талаптар ескеріле бермейді.

Күріштік жерді механикаландыруда, комбайнмен жинауда, біздің байқағанымыз, суармалы күріш жүйесінің құрылысындағы негізгі көрсеткіш атыз ішінің біркелкі тегістігін сақтап, агрегат жүргенде артындағы ізінің жер тегістігін бұзуы 5 см тереңдіктен аспайтын жағдайда атқарылуы. Егер із тереңдігі бұдан асса жұмысты атқаратын агрегаттың жүруі, өнімділігі нашарлап, атыз ішінің тегістік деңгейі де бұзылады [3].

Агрегат артындағы колеяның қалыптасуына әсер ететін жазықтығындағы топырақ бетінің ылғалдылығы көптеген факторларға: атыз ішіндегі ыза су деңгейіне, температураға, ылғалдылыққа және желдің жылдамдығына, тағы басқа жағдайларға байланысты болады. Біздің Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығында жүргізген ізденістеріміз негізінен жер бетінің кебу факторы жер асты ыза суының жақын орналасуынан болғандығын көрсетіп отыр. Ал басқа факторлар суды уақытында тартып, кептіруге мүмкіншілік беретін объективті жағдайға байланысты болып келеді. Жер асты суының деңгейін төмендету тақталы жер көлеміне байланыстыра орнатылатын тіке дренаж қондырғылары арқылы реттеледі. Сондықтан суармалы күріш жүйесінің атыздарын жасағанда дренаж құрылғыларын да қарастыру керек.

Күріш тақталарындағы су жіберетін дренаж сбростарының өткізгіштік мүмкіншілігі атыздағы суды өткізу арақашықтығына t_1 және белгілі бір H деңгейіне дейін ыза суды төмендету уақытына t_2 байланысты.

Күріш тақтасындағы ыза судың H тиімді тереңдік деңгейге дейін төмендетуде атыз беті топырағының ылғалдығы W (0-10 см аралық тереңдігінде) агрегаттың шынжыр табанының қалдырар ізі 5 см колея тереңдігінен аспайтындай болуы керек. Әрине бұл агрегаттың жерге өзіндік түсіретін қысымына q машинаның осы тірелетін барлық алаңының бетіндегі функциясына байланысты. Сондықтан, қа-

лыптасқан тақта өлшемін шешу мәселесін механикалық процестермен тиімді қатынаста байланыстыра шешу керек.

$$W = f(H, q). \quad (1)$$

Суармалы күріш жүйесін жобалауда H мәнінің деңгейін білу арқылы берілген алаңдағы тақта құрылымындағы қашыртқы дренажының көлденең кесіндісінің гидромоделін табу керек. Бұл суармалы күріш инженерлік суғару жүйесіндегі құрылысты гидротехниктердің де араласып шешетін мәселесі ретінде қарастырылуын қажет етеді.

Жоғарыдағы (1) байланыс жағдайын құрып орындауда комбайн мен жатканың жүру мүмкіншілігін жақсартып, өнімділігін жоғарылатумен қатар жинау уақытын қысқартып, егіннің ысырабын да азайтады. Біздің көзқарасымызша, суармалы күріш жүйесіндегі құрылыста егін жинаудың механикалық процесс талабын анықтауға ортақ проблемадағы негізгі бір бөлігін басшылыққа алуымыз керек.

Жердің ылғалдылығы W , ыза су тереңдігі H , ауаның температурасы T , ауа жылдамдығы V арасындағы байланыс түрінің функционалдық қатынасын былайша көрсетуімізге болады:

$$W = f_1(H, T, V), \quad (2)$$


Осыған байланыстыра бұрын жүргізген зерттеу жұмыстары [3, 4] күріш ауыспалы егістігіндегі агрегаттың өнімді, жер тегістігін бұзбай жұмыс істеуі жер бетінің ылғалдылығына, ал жер беті топырағының ылғалдылығы жер асты ыза суы деңгейіне тікелей байланысты. Топырақ ылғалдылығы 25%-дан асса агрегаттың өнімділігі төмендеп, тайғанақтауы жоғарылап, агрегат ізінің колеясы 5 см асып, жер бетінің тегістігі бұзылады.

Осы жоғарыдағы келтірілген мәліметтерді түйіндей келіп, біздер өсімдіктің өсуіне тікелей қатысты және күріштік аңызда жүретін агрегаттар тиімділігін арттыру мақсатында жер асты ыза суына байланысты топырақ ылғалдылығының өзгеруін зерттеуді қажет деп есептейміз.

Топырақ ылғалдылығының өзгеруі. Біздер топырақ ылғалдылығының ыза су деңгейінің әсеріне байланысты өзгеруін анықтау мақсатында зертханада ізденістер жүргіздік. Ой-саралық талдауда жер беті топырағының ылғалдылығы $W\%$ аңыздағы жер асты ыза суы деңгейі H әсерімен төмендегіше байланыста сипатталады:

$$W = f(H), \quad H \rightarrow \rightarrow vazi, \quad (3)$$

Зертханалық тәжірибелік қондырғымыздың сұлбесі 1-суретте бейнеленген. Қондырғының бірінші қабатына майыстырылмайтындай етіп майда көздері бар сеткі орнатылған. Оның үстіне 20, 40, 60, 80 және 100 см қабаттарда топырақ орнатылды. Топыраққа ыза су түтік арқылы астынан құйылып, ызаның әсер ету биіктігі H арқылы өлшеніп тұрды. Ал оның астында h қабатында су тұрады. Қондырғының астыңғы қабатындағы судың деңгейі h әр берілген топырақ қабатына әсер ететін ызаның биіктігі бір тәулік өткеннен кейін өлшеніп жазылып отырды.



Сурет 1. Топырақ ылғалдылығының (0-100 см аралығы) ыза судың орналасуына қарай өзгеруін анықтауға арналған тәжірибелік қондырғының сұлбесі


Жүргізілген тәжірибедегі суару кезеңінің әсері төмендегі байланыс сипаттамаларымен анықталынды:

$$q = f(W), \quad (4)$$

(3) және (4) өрнектері арқылы топырақ ылғалдылығы және агрегаттың жерге түсіретін өзіндік қысымының өзгеру түрлері анықталады.

Ылғалдылықты төмендету ыза су деңгейін азайтумен ғана шешілмейді, атыз бетінің күндізгі кебуімен де іске асып жатады. Бұны r_{WT} коэффициентінің мәнімен де байқай аламыз. Бірақ қоршаған ауаның температурасы, оның жылдамдығы басқарылатын объекті болып саналмайды.

Ыза судың деңгейі көп жағдайда W ылғалдылықтың төмендеу деңгейін тездетсе, ал H -тың мәнінің өзгеруі сол жердегі қашыртқының коллектордың (гидромодульге, жазықтықтағы қашыртқы тереңдігі айрмашылығына, атыз бетіне) құрылымына байланысты.



Сурет 2. Топырақ ылғалдылығының (0-100 см аралығы) ыза судың орналасу тереңдігіне байланысты өзгеру графигі

Жалғыз арақатынастық коэффициентті ескере отырып сызықтық өзгеру көрсеткіштері арқылы бұл байланыстардың сипаттамалық өзгеруін байқауға ұмтылды. Осыған байланысты ылғалдылық пен ыза су деңгейінің тәжірибелік мәні арқылы $W - H$ графигін құрдық (2-сурет). H -тың мәніне сәйкес W -ның орташа өзгеру мәні анықталды.

Қорытынды:

1. Күріштік инженерлік суғару жүйесіндегі ыза судың деңгейінің көтерілуі, жер асты суының тұздануы, өзен суының сапасының төмендеуі күріштік инженерлік суғару жүйесінің сорланып тез істен шығуына өз септігін тигізуде.
2. Күріш ауыспалы егістігіндегі агрегаттың өнімді, жер тегістігін бұзбай жұмыс істеуі жер бетінің ылғалдылығына, ал жер беті топырағының ылғалдылығы жер асты ыза суының деңгейіне тікелей байланысты.
3. Жүргізілген зертханалық тәжірибе арқылы ылғалдылық пен ыза су деңгейінің сипаттамалық өзгеруі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Алшынбай М.Р. Ауыл шаруашылығы машиналарының теориясы. Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті. – Алматы, 1999. – 203 б.

2. Тәжібайұлы Ә. Күріш ауыспалы егістігінде жоңышқа тұқымының топыраққа сіңірілуі // Жаршы. – 1995. – №5. – 78-85 бб.

3. Алшынбай М.Р. Сборник научных статей по механизации сельского хозяйства. – Алматы: КазНИИМЭСХ, 1999. – 344 с.

4. Алшынбай М.Р. Ауыл шаруашылығы машиналарының теориясы. – Алматы: Агроуниверситет баспасы, 1999. – 203 б.

Резюме

В статье рассматривается работа агрегата в рисовом севообороте. Приведены возможные причины нарушения продукции и ровности поверхности земли, которые напрямую связаны с влажностью поверхности земли и степени увлажнения почвы поверхности земли от подземных вод.

В ходе проведения лабораторных опытов были определены изменения характера и степени влажности подземных вод.

Summary

The article deals with the work of rice crop aggregation without breaking products and flatness of land, which directly connected with the humidity level of the ground and soil moisture on the surface ground water.

An laboratory experiments identified changes in the nature and degree of humidity of the ground water.

ӨОЖ 316.334.5:577.1 (282.255.2)

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Н.С. ӘУЕЗОВА,

биология ғылымдарының кандидаты

Ж.Е. БАШИРОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Біз биоалуантүрлілік жайында сөз еткенде, ең бірінші көптеген жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар және микроағзалар түрлерін жатқызамыз. Кез келген түр даралардан құралады. Генетикалық жағынан бір-біріне өте жақын келеді. Олар еркін шағылысады және өсімтал ұрпақ береді. Ғалымдар әрдайым жаңа жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар мен микроағзалар түрлерін сипаттап, атауда. Біздің планетамызда түрлердің нақты санын ешкім келтіріп бере алмайды. Алайда жануарлардың түрлері өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың, бактериялардың санынан әлдеқайда басым түседі.

Биоалуантүрлілік тек маңызды шаруашылық ресурс қана емес, ол биосфераның тіршілік етуінің шарты болып табылады.

Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ конференциясында қабылданған 3 арнайы мәлімдемелер мен конвенцияларының 2-уі биологиялық ресурстар мен биологиялық алуантүрлілікті сақтаусыз тұрақты даму мүмкін емес екенін көрсетті

Экожүйенің көптүрлілігі – оның негізгі өлшенетін сипаттарының бірі. Ол жүйенің күрделілігі мен құрылымдылығын байқатады. Түрдің әр алуандылық концепциясының дамуы, қоғамдастыққа кіретін түрлердің саны негізгі болса да, әрқилылықтың жалғыз шегі емес екендігін белгілеуге мүмкіндік береді.

Биоалуантүрліліктің экожүйедегі байланыстарының толық болуының шарты және негізгі факторы болып оның ең маңызды қасиеті – тұрақтылықты қамтамасыз ету табылады.

Биоалуантүрлілік проблемасы бізге тек теориялық емес, практикалық жағынан да қызықты. Бұл тұрғыда биотоптар компоненттеріне сирек кездесетін, жоғалуға жақын қалғандары үлкен маңыз береді [1].

Ертеректе бір түр орташа алғанда 2000 жылда жойылып отырса, соңғы 300 жылда әр 10 жыл сайын жойылып отыр. 1600 жылдан бастап омыртқалы жануарлардың 173 түрі (109 құстар және 65 сүтқоректілер) және өсімдіктердің 20 түрі жойылып кетті.

Қазақстан аумағында XIX ғасырдың 20-жылдары жабайы дала жылқысы – тарпан, 80-жылдары Пржевальский жылқысы, XX ғасырдың 30-жылдары құланның қазақстандық өкілі және тоғай бұғысы жойылып кетті, 1948 жылға қарай Тұран жолбарысы, ал XX ғасырдың 60-жылдары гепард жоғалды. Мұның барлығы – қайта қалпына келмейтін шығындар, дегенмен, аталған жануарлардың кейбірін әлі де қалпына келтіруге болады, себебі олардың тіршілік етуіне қолайлы мекендер сақталып қалған. Жойылу қаупі төніп тұрған түрлердің саны одан да көп [4].

Қазақстан фаунасының «Генетикалық қор» кітабына сәйкес, сүтқоректілердің 178 түрі тіркелген әлемдік фаунаның шамамен 4%-ы – осы жануарлар класы. Бұл түрлер 89 туысқа, 34 тұқымдасқа және 8 отрядқа бірігеді.

№	Отрядтың атауы	Мөлшері		
		тұқымдас	туыс	түр
1	Насекомжегіштер	3	8	18
2	Қолқанаттылар (жарғанаттар)	3	10	27
3	Жыртқыштар	5	17	31
4	Ескекаяқтылар	1	1	1
5	Тақтұяқтылар	1	1	1
6	Жұптұяқтылар	4	9	10
7	Кемірушілер	15	41	82
8	Қоянтәрізділер	2	2	8
	Барлығы	34	89	178

Кез келген биологиялық қоғамдастықта жаппай түрлермен қатар сирек кездесетін түрлер бар. Олардың азын-аулақ кездесуінің себептері – түрлердің биологиялық ерекшеліктері (олардың көбеюі, орын ауыстыруы, экологиялық иілімділігі), популяцияның санына немесе өмір сүру ортасына және бұл түрлердің жеке тарихына әсер ететін сыртқы факторлардың әсер етуі.

Түрдің сиректілігін оның таралуы мен популяция санымен сәйкестендіреді. М. Бигон, Дж. Харпер және М. Таунсенд саны мен таралуына байланысты түрлердің 4 тобын көрсетеді:

- жоғары қарқындылықпен кең тараған;
- төмен қарқындылықпен кең тараған ;
- жоғары қарқындылықпен аз тараған;
- төменгі қарқындылықпен аз тараған.

Соңғы екі топқа қорғауды қажет ететін түрлері жатады.

П. Ревелль мен Ч. Ревельдің болжамы бойынша алдағы 20 жылда миллионға жуық түрлер жойылып кетуі мүмкін.

Түрлердің санының күрт төмендеуі мен түрдің жойылу себептері алуан түрлі. Көбінесе олар мекен ету ортасының өзгеруі немесе бұзылуымен байланысты. Омыртқалы жануарларға қатысты алсақ, бұл факторларға түрлердің жойылуының 60% жағдайлары сәйкес келеді. Екінші орында шектен тыс пайдалану, содан кейінгі орында азық қорының кемуі, зиянкестерді жою және кездейсоқ жемтік тұр [2].

Табиғат жағдайы әр алуан Қызылорда облысында әр түрлі жан-жануарлардың мекендеуі – табиғи құбылыс. Арал өңірінің базистері мен оазистеріне жақын аймақтарында сүтқоректілердің 50-ден астам түрі тіршілік етеді. Оның ішінде 8 қолқанаттылар, 8 насекомқоректілер, 1 қоян, 26 кеміргіштер, 16 жыртқыштар және 6 тұяқтылар түрі бар.

№	Отрядтың атауы	Мөлшері		
		тұқымдас	туыс	түр
1	Насекомжегіштер	2	2	8
2	Қолқанаттылар (жарғанаттар)	1	2	8
3	Жыртқыштар	3	7	16
4	Тактұяқтылар	1	1	1
5	Жұптұяқтылар	3	2	5
6	Кемірушілер	3	12	26
7	Қоянтәрізділер	1	1	1
	Барлығы	14	27	51

Арал теңізінің тартылып, өлкенің қуаңдануы Қызылорда облысы жануарлар дүниесінің тіршілігіне әсерін тигізе отырып, олардың өрісінің тарылып, санының азаюына әкеліп соқтырды.

Жергілікті жағдайда олардың ішіндегі ең құндысы – ондатр. Арал өңірінде жыл сайын 68,8 мыңнан 233,6 мың данаға дейін ондатр терісі дайындалып тұрды. Бертін келе ондатрдың өрісі тарылуына байланысты саны азайды [6].

Қазақстан құланы, гепард, Тұран жолбарысының жойылуы, Қаратау арқары, Қызылқұм қойының, қаракұйрық пен қарақалдың жойылу қаупінде тұруы, шағыл мысығы, шұбар күзеннің азайып кетуі өңіріміздің жануарлар дүниесін қорғап, сақтап қалуды қажет ететін күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Экологиялық мәселелерді және биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың бір жолы – Қызыл кітап. Табиғи ресурстар мен табиғатты қорғаудың халықаралық одағы (МСОН) бүкіл планетаның Қызыл кітабын құрастырған. Қазақстан Қызыл кітабының шығуы республиканың өте сирек жануарларын сақтап қалу және оны қорғаудағы ролі өте зор.

Биоалуантүрлілікті сақтаудың аймақтық жүйесінде биотаны басқару процесінің ақпаратын насихаттауды қамтамасыз ету негізгі орынды алады.

Экологиялық насихат сирек түрлерді сақтау проблемасына адамдардың назарын аударады, осы түрлерге қызығушылық арттырады, сондай-ақ табиғатты қорғау жобаларын жүзеге асыратын табиғат қорғау ұйымдарын қалыптастырады. Экологиялық насихат мемлекеттік табиғат қорғау қызметтері, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдармен жүзеге асады [9].

Табиғат әлемі, табиғат пен адам арасындағы қарым қатынасты көрсететін фильмдер, суреттер, әдебиет шығармалары, көркемсуреттер, музыкалық шығармалар секілді мәдениет құралдары халықтың эмоционалды құлшылығына үлкен әсер етеді. Бұл – табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастырудың басты фактор, себебі мәдениет әлемі арқылы адамға әсер етуі оның эстетикалық сезімдерін айқындауға ынталандырады, қоршаған ортаға қатынастар туралы ойларды тудырады, өмірлік құндылықтарды қайта ойлауды мәжбүр етеді. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру құралдары мен институттарының кең спектрі халықтың түрлі категорияларына әсер ету эмоционалды және интеллектуалды құралдарының кешенділігін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер жасайды.

Әдебиеттер:

1. Шапшапов Қ., Нұрғызарынов А. Арал өңірі экологиясы. – Қызылорда, 1996.
2. Әлиев Ш., Бекенов А., Қыдырбаев Х. Сирек кездесетін хайуанаттарды қорғау. – Алматы: Қайнар, 1975.
3. Наумов С.П. Омыртқалылар зоологиясы. – М., 1995.
4. Қыдырбаев Х., Бекенов А. Қазақстанның хайуанаттар әлемі. – Алматы: Қазақстан, 1977.
5. Балтаев Қ.Б., Сауытбаева. Г.З., Айдаров О.Т. Қызылорда облысының табиғаты. – Алматы, 2000.
6. Қосанов О., Қосанов С. Қызылорда облысы жан-жануарларының экологиялық ахуалы. – Қызылорда: Тұмар, 2002.

7. Тапалов Ө.С. Арал өңірі омыртқалы жануарларының анықтаушы. – Қызылорда, 2007.
8. Өтесінов Ж., Рахымжанова М. Экология негіздері. – Қызылорда: Тұмар, 2010.
9. Рябинина З.Н., Сафонов М.А. Сохранение редких видов растений и грибов Оренбургской области. – Екатеринбург, 2007.

Резюме

Разнообразие экосистемы – одна из ее основных измеряемых характеристик. Проблема биоразнообразия интересует нас не только с точки зрения теоретической, но и с точки зрения практической разработки подходов и конкретных механизмов его сохранения.

В этом плане особое внимание всегда уделяется сохранению наиболее уязвимых компонентов биоты редких, исчезающих видов и видов, находящихся под угрозой исчезновения вследствие деятельности человека. Основными механизмами решения данных задач являются эколого-просветительская работа, экологическое образование, экологическая пропаганда и эколого-художественная деятельность, которые реализуются с помощью соответствующих организационных институтов.

Summary

Diversity ecosystem is one of its main measured characteristics. Biodiversity issues interest us, not only in terms of theoretical and practical approaches development and specific mechanisms for conservation. Here, special attention is always paid to the preservation of the most vulnerable components of biota-rare, endangered and threatened species under danger by human activity. The main mechanisms for solving these problems are environmental education, environmental advocacy and environmental and artistic activities that are implemented by appropriate organizational institutions.

УДК 547.972

МЕТОДИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИН, СВЯЗАННЫХ С ИССЛЕДОВАНИЕМ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ И ПОЛУЧАЕМЫХ НА ЕГО ОСНОВЕ ПРЕПАРАТОВ

Г.Е. ЖУСУПОВА,

доктор химических наук, профессор

А.И. ЖУСУПОВА,

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Республика Казахстан

Во флоре Казахстана более 100 видов растений являются лекарственными. Имеющиеся запасы подавляющего большинства этих растений при их целесообразной заготовке были бы достаточны для удовлетворения потребностей медицины Республики Казахстан, но в настоящее время промышленное значение из них имеют лишь 5%.

В последние десятилетия в ведущих странах мира наметилась отчетливая тенденция по увеличению в общем объеме выпускаемых лекарственных средств доли растительных препаратов (более 50%), что связано с их малой токсичностью, отсутствием, как правило, аллергических и куммулятивных реакций для организма при их применении.

Совместимость растительных лекарственных средств с физиологическими системами организма в силу их подобия способна целенаправленно индуцировать и мобилизовать его защитные ресурсы, что на практике реализует принцип «лечить организм, а не болезнь». Преимущество растительных ле-

карственных препаратов заключается в мягкости и комплексности их терапевтического действия, малой токсичности, отсутствии кумулятивного эффекта, привыкания, редком индуцировании аллергических реакций, что особенно важно в случае заболеваний, требующих длительного лечения.

Именно поэтому научные исследования, связанные с решением этой важной государственной проблемы в области технологии переработки промышленно значимых лекарственных растений Казахстана, с целью их внедрения в медицинскую практику легли в основу курса «Химическая технология переработки растительного сырья», читаемого для студентов 4-го курса химического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби. При составлении программы курса руководствовались требованиями мировых стандартов, предъявляемыми к качеству лекарственного растительного сырья, изложенными в ведущих Фармакопеях мира, в первую очередь, в Европейской Фармакопее, в гармонизации с которой была разработана и издана Государственная Фармакопея Республики Казахстан (ГФ РК) [1-2].

При поливе сточными водами несколько повышается плодородие почвы: гидролизующий азот увеличивается на 7%, обменный калий на 11%. Отмечена тенденция почвы к осолонцеванию, что свидетельствует о необходимости предусмотрения мелиоративных мероприятий, направленных на предупреждение процесса засоления почвы.

Литература:

1. Зубаиров О.З., Константинов В.М., Шомантаев А.А. Научно-теоретические основы изменения физико-химических свойств почв при поливе сточными водами. – Кызылорда, 1996. – 15 с.
2. Закон Республики Казахстан «Об охране окружающей среды в Республике Казахстан». – Алматы, 1996. – 18 с.
3. Пекаторос Л.Г., Иоанно И.Г. Влияние орошения сточными водами г. Одессы на мелиоративное состояние Шкодогородского орошаемого массива // Тр. УкрНИИГ. – 1964. – Вып. 82. – С. 117-134.
4. Правила охраны поверхностных вод Республики Казахстан от загрязнения. – Алматы, 1999. – С. 4.

Түйіндеме

Төгінді сумен суару топырақтың біршама құнарлығын жоғарылатады. Алайда топырақтағы тұздың жиналып қалуы ауа райына байланысты. Тұз құрамының төмендеуі күздік, қыстық уақыттағы болатын жауын-шашынның әсерінен туындайтын құбылыс. Қазіргі таңда қалаларда тасталынатын тұрмыстық және өндірістік суларының көбейіп, олардың тоғандарда жиналуы экологиялық тұрғыдан қарағанда кері әсері мол. Осы орайда, оларды тазартып қайта пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу, ол су ресурстарын барынша тиімді пайдалану мүмкіншіліктерін береді.

Summary

When watering sewage somewhat higher soil fertility: hydrolysable nitrogen increased by 7%, exchangeable potassium by 11%. The accumulation of salts in the soil is seasonal. The tendency of the soil for alkalinity, which indicates the need to include reclamation measures to prevent salinization of the soil. Build up of the season. Reducing salt during the autumn-winter period is a result of fallen precipitation. Restoration of salt in the soil profile, through the autumn and winter precipitation observed in the scientific work of many researchers.

ӨОЖ 631.67 : 632.15.

АГРОЛАНДШАФТТАРДЫҢ ЛАСТАНУЫНЫҢ ТЕХНОГЕНДІ КӨЗДЕРІ

Ә.Ә. САҒАЕВ,

техника ғылымдарының кандидаты, доцент

А.С. ТОБЖАНОВА,

магистрант

Г.С. СҰЛТАНОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы


Экожүйелердің ластануы әр түрлі табиғи және техногенді процестердің нәтижесі болып табылады, олар жергілікті, аймақтық және глобалды деңгейде байқалады. Химиялық ластанушы элементтердің көші-қоны мен жиналуы, аэрозольді – техногенді зат ағынының тасымалдануы нәтижесінде өсімдік, топырақ, сумен түйісу процесі кезінде пайда болады. Аэротехногендерді шығару көп факторлы жүйелер болып саналғандықтан, бұнда ауыр металдардан басқа қышқылдың қосылыстары қалай орын алса, сілтіліктер де солай пайда болады. Бұл жағдай келешекте биосферада жүретін геохимиялық, биологиялық, физико-химиялық және күрделі процестердің бағытын және қарқындылығын анықтайды.

Топырақтағы ауыр металдардың құрамы табиғи деңгейде едәуір тербеліске ұшыраған және олардың минералдардағы көлеміне, топырақ түзілу жыныстарына, бедеріне, климатына және т.б. байланысты. Тіпті бір ландшафттың шамасында топырақтар құрамы бойынша елеулі өзгешеленеді.

Қазіргі техногенді уақытта биосферадағы химиялық элементтердің геохимиялық циклдері планетадағы тірі заттардың «жұмысына» соншалықты емес, биосферадағы антропогендік әрекеттердің соншалықтысымен анықталады [2, 3, 4]. Тірі организмдер мен адамдарға концетрогенді және мутагенді қасиеттерге ие [5, 6] ауыр металдар мен уытты элементтер үлкен қатер туғызады, оларды биохимиялық активті заттарға жатқызады. Ландшафттарға түсетін техногенді геохимиялық жүктеме едәуір дәрежеде құрамында металдар бар аэрозольдердің түсуіне байланысты. Үлкен қалалар мен индустриальды орталықтардың үстіндегі биіктігі 3-4 шк дейінгі тропосфералардың кең көлемді учаскесі аэрозольмен ластанған. Жасанды талшықтар, цемент, жанар-жағар майлар мұнай өндіретін өнеркәсіптерде, қара және түсті металлургияларда топырақты Pb, Cd, Zn, Ni, Cu, аэрозольді жолмен көбірек ластайды [3].

Атмосфералық жауын-шашын – табиғаттағы көші-қоны және заттар айналымына қуатты, тұрақты түрде әсер етуші фактор. Ауыр металдардың атмосферадағы түсуінің негізгі көзі – өнеркәсіп өндірістерінің шығарулары. Осы кезде газ түріндегі заттардың және аэрозольді элементтердің көпшілік бөлігі жауын-шашынмен ериді. Атмосфералық жауын-шашынының минерализациясы орташа есеппен жылына 5-10-нан 30-60 мг/л-ді құрайды. Ластанған аудандарда түсетін тұздардың жалпы көлемі [7] 30-80 т/км² құрауы мүмкін, Англияның кейбір аудандарында 480-964 т/км², Москва түбінде 350 кг/га және одан да көбірек, Қазақстанда – 170 кг/га.

Мелиоративтік және су шаруашылығы объектілерінің жұмыс істеу процесінде ластаушы заттардың көші-қоны биосферадағы компоненттердің әрекеттестігіндей (1-сурет) [1].



Сурет 1. Мелиоративтік және су шаруашылығы объектілерінің жұмыс жасау процесінде ластаушы заттардың көші-қоны схемасы

В.В. Добровольскийдің [8] мәліметі бойынша, атмосфера суының әрбір литрі, ұзындығы 1 шқ жерге орташа тамшымен түскен кезде 300 м³ шамасында ауа шайылады, ал тамшылары өте майда болғанда шайылатын көлемі едәуір көбірек болады.

Тығыздығы үлкен аудандардағы ластаушы кәсіпорындардың шығарған шаң-тозаң, газдары ластану эпицентрiнен радиусы 5-6 шқ қашықтықтағы топырақтың құрамындағы ауыр металдар мен уытты элементтерді нормадан жоғары деңгейге дейін жеткізеді.

ГРЭС-тің жаққан қоңыр көмірінен ұшқан күл жыл бойы топырақтың үстіне Zu-8,68 т; Pb-2,6; Cu-1,16; Ni-1,55 т мөлшерде түседі. Әр алаптың көмірлерінің өздеріне тән элементтерінің ассоциациясы бар екенін атап өту керек.

Қорғасынның едәуір көлемі экожүйеге автокөліктерден түседі. Әрбір автокөлік жылына 1 кг қорғасын бөледі. Жыл бойы автокөліктің пайдаланған газы жердің бетіне 250-260 мың т қорғасынды әкеледі. Ал С.С. Паттерсонның мәліметі бойынша [9], атмосфера жауын-шашынымен дүние жүзілік мұхитқа жылына шамамен 250 мың т қорғасын қайта оралады, ал 100 мың т континенттің үстінде ыдырайды.

Бірқатар зерттеушілер [5, 2] ауыл шаруашылығында пайдаланылатын минералды, органикалық, әкті тыңайтқыштар биофильді элементтермен қатар өзінің құрамында As, Cd, Co, Cr, Cu, Pb, Ni, Zu, Sr, Hg, F, Cl және басқалардың бар екенін айтады. Минералды тыңайтқыштардың (N50, P45, K45) толық мөлшерін берген кезде, топыраққа Cu-2,07 г/га; Zn-2,21; Mn-5,56; Ni-0,7; Co-1,71; Cd-0,13; Pb-0,225 г/га түседі, ал 60 т компостан 56,4 г Cu; 3,85 кг Zn; 1,63 кг Ni; 2,24 кг Mn түседі.

Ауыл шаруашылығында ауыр металдардың ірі көзі болып тыңайтқыш зат ретінде қолданылып жүрген төгінді сулар саналуы мүмкін. Олар тұрмыстық және өнеркәсіптен шыққан қатты компоненттердің қоспасының ағыны болып саналады және бір-біріне қарама-қарсы екі негіздің басын өзіне қосады: органикалық заттар және ауыр металдардың қоймасы, оларды тыңайтқыш ретінде пайдалану дүдәмал.

Металдардан келетін негізгі қауіп-қатер улау еместігі айқын, ал олар біртіндеп жиналуға қабілетті және адамдағы эндогенді биохимиялық процесстерді өзгертуі мүмкін [10]. Металдар, шоғырланған күйінде клеткаларға түсіп, хромосомдардың бетіне отырады, нуклеиндік қышқылдардың құрамында өзгеріс шақырады.

Сонымен, «металдық пресс» биосферада көбеюі экологиялық факторларға тұрақты әсер етуге айналады. Табиғи жағдайға қарағанда техногенді таралу аймағы тым қысқа мерзімде қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Безднина С.Я. Принципы и технологии экосистемного водопользования в мелиорации: Автореф. дис. ... д-ра техн. наук. – М., 1995. – С. 338.
2. Добровольский В.В. Биосферные циклы металлов и регуляторная роль почвы // Почвоведение. – М., 1997. – № 4. – С. 431-441.
3. Большаков В.А. и др. Нормирование загрязняющих веществ в почве // Химизация сельского хозяйства. – 1991. – № 9. – С. 10-14.
4. Ягодин Б.А., Кидин В.В., Цвирко Э.А., Маркелова В.Н., Саблина С.М. Тяжелые металлы в системе почва – растения // Химия в сельском хозяйстве. – М., 1996. – №5. – С. 43-45.
5. Говорина В.В., Виноградова С.Б. Минеральные удобрения и загрязнение почв тяжелыми металлами // Химизация сельского хозяйства. – М., 1991. – №3. – С. 87-90.
6. Останчик В.П. Планирование режимов орошения на основе биоклиматического метода расчета водопотребления сельскохозяйственных культур: Обзорная инф. №9. – М.: ЦБНТИ Минводхоза СССР, 1981. – 90 с.
7. Шатилов И.С. Водопотребление и транспирация растений в полевых условиях // Научные основы программирования урожаев сельскохозяйственных культур. – М.: Колос, 1978. – С. 53-56.
8. Добровольский В.В. География микроэлементов: Глобальное рассеивание. – М.: Мысль, 1983. – 272 с.
9. Patterson C.C. Ziead in te environment // Connecticut mecina. – 1971. – № 35. – Р. 367.
10. Химия окружающей среды / Под ред. Борис Дж. О.М. и др. – М.: Химия, 1982. – 670 с.

Резюме

В статье рассмотрены проблемы загрязнения экосистем в результате различных природных и техногенных процессов. Это заметно на местном, региональном и глобальном уровне. В сельском хозяйстве основным источником загрязнений тяжелыми металлами считаются сточные воды, используемые в качестве удобрений.

Summary

Muddy ecosystem is the result of a variety of natural and technological production. This is evident in the local region and the global level. In agriculture, the main sources of heavy metal pollution are considered waste water to be used as fertilizer.

ӘОЖ 633,31.583(573)

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ҚАМЫСТЫ, ПШЕНДІК ЖЕРДІҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ТОПЫРАҚ ӨНДЕУДІҢ ӘР ТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Б.К. БАЙЖАНОВА,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

С.Т. ИСЛАМОВ,

магистр,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Сулы батпақты жерлерде өсетін жемшөптік өсімдіктер республикамыздың ұлан-ғайыр бөлігін алып жатыр. Солардың ішіндегі ең құндысы – қамыс-құрақ (*Pharagmites Australis Cav. Frend ex Ftend*). Ол су

жағасында, батпақты, сортаң, сазды жерде өседі. Сондықтан ол Қызылорда облысының экологиялық жағдайында сортаң жерде өсе алатын негізгі бағалы жем-шөп болып есептеледі.

Қызылорда облысында қамысты суармалы шалғындық 490,8 мың га жерді алып жатыр және оның жылдық қоры – 2446,9 мың т [1].

Бірақ Сырдария өзенін бөгеп, суын реттеу салдарынан бұл өңірдегі шабындық 550-650 мың гектардан 250-350 мың гектарға, ал жалпы түсімі 600-700 мың тоннадан 200-300 мың тоннаға дейін кеміді.

Көптеген ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, шабындықтар Арал өңірінде қамыс жайылым ретінде пайдаланатын және пішен түрінде дайындалатын мал азығы болып табылады.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар алдында мал азықтық шалғындықтарды қалай сақтап қалу жөнінде мәселе тұр. Көпшілік қамыс көпжылдық өз бетінше өсе беретін арам шөптер деп ойлайды. Егерде уақытысында су жеткіліксіз болса, қамысты шалғындық жерлерді өңдеп, мәдени өсімдіктермен ауыстырса, құрылыстар салына бастаса, шабындық жерлердің көлемі жылдан-жылға азая береді.

Жекешелендіру кезеңінде көптеген совхоздар мен калхоздар жеке меншікке өтіп кетіп, жеке меншік иелері бұл жерлерді өз беттерінше жұмсады. Мал азықтық шалғындықтар аяусыз жойылды.

Қазіргі нарықтық кезеңде ауыл шаруашылығы фермерлерінің негізгі мәселесі мал азықтық шөптің арзан да тиімді жақтарын қарастыру болып табылады. Қазіргі кезде қамыстық шалғындықтарды сақтап қалу мәселелері қаралып отыр.

Зерттеулер нәтижесінде 1 кг қамыс шөбі 0,40 кг азықтық бірліктен, 39 г жеңіл сіңірілетін ақуыздан, 5,6 г кальцийден тұрады.

Ірі қара малдарының қамысты шөптерді азық ретінде де жеуі қамыстың өсу фазаларына байланысты.

Маусым айында орылған шөп 61%, қыркүйекте 54% желінеді. Ал жайылымда 74% және 47% мал азық ретінде пайдаланылады.

Егер қамыстан мал азықтық сүрлем дайындаса, онда оның құндылығы көптеп артады. Ал азықтан ашытқы дайындаса, оның нәрлігі өте күшті.

Кесте 1. Жем-шөп дақылдарының құндылығы

Азықтың түрі	Протеин, %	Май, %	Клечатин, %	Күл, %	Са, %	Ф, %	Азықтық бірлік (кг)
Қамыстан дайындаған ашытқы	48	2	2,6	8,0	0,5	1,6	1,07
Жүгері дәнінен ашытқы	8,6	3,8	2,6	1,5	0,01	0,25	1,72
Сұлы дәнінен ашытқы	12	4,0	12,0	4,0	0,1	0,36	1,17

Арал теңізінің тартылуына байланысты 2,5 млн. га жерлер құмды-сортаңды жерлерге айналды. Жыл сайын желмен бірге 150 млн. тоннаға дейін тұзды құм көтеріліп атмосфераны бүлдіріп, адам ағзасына және жануар, өсімдіктер әлеміне зиянын келтіруде.

Сырдария өзенінің ағысын реттеу, суды ысырапты пайдалану оның дельтасының азайып кеуіп қалуына әкелді. Соның нәтижесінде 2-2,8 есе қамысты шабындықтардың азаюына және топырақтың екінші реттік тұздалуына әкеп соқтырды.

Қызылорда облысының климаты қысы өте суық, жазы өте ыстық және құрғақ болып келеді.

Ауаның орташа жылдық температурасы 7-11 °С, ауаның жылдық температурасы +34 °С-тан -41 °С-қа дейін өзгеріп отырады. Облыс өте құрғақ.

Солтүстігінде 152-159 мм, орталығында 95-100 және оңтүстікте 104-118 мм-ге дейін жауын-шашын түседі. Жауын-шашынның түсуі тез өзгеріп отырады. Қардың түсуі көбіне желтоқсанның 3-декадасында болады да, оның биіктігі қыстың соңында 4 см, ал оңтүстігінде 7-13 см-ге дейін барады.

Облыстың топырақ жамылғысын екі үлкен бөліктерге бөлуге болады: бірінші – ылғалды егін шаруашылығына жарамды және ылғалсыз шөл даладай. Сулы шалғындық жерлердің 70%-ын күріш алып жатыр. Негізгі топырақтың құнарлылық көлемі: қарашірік 1,03-1,05%, жалпы азот 0,084-0,106%, фосфор 0,149-0,171%. Қамысты шалғындықтар көбіне сулы жерлерде кездеседі. Ал құрғақ жерлерде әр түрлі ярусты өсімдіктермен бірге биіктігі аласа қамыстар өседі.

Қазіргі нарық жағдайында шабындық өнімділігін арттырудың бірден-бір жолы аз қаражат жұмсап, жәй жақсартудың қарапайым әдістерін кеңінен қолдану арқылы оның өнімділігін арттыруға болатынын көрсетті.

Біздің бірнеше жылдық (2010-2011 жж.) зерттеулеріміз қамысты шабындық шымын өңдеудің тиімді тәсілдерін қолдану арқылы оның өнімділігін арттыруға болатынын көрсетті.

Қамыс вегетативті де (тамыр және сабақ буындары), тұқым арқылы да өсіп-өне алады. Негізгі тік тамырлар топырақтың жоғарғы қабатында (10-30 см) орналасқан.

Қамыстың тамыры 2-3 м тереңдікке дейін жетеді, бірақ оның негізгі бөлігі 0-50 см қабатта жатады. Топырақты өңдеу кезінде осы беткі қабаттағы қамыстың тік тамырлары 5-20 см ұзындыққа қиылып, осы бөліктердегі буын тамырлар арқылы вегетативті өсіп-өніп, көбейеді.

Қарауылтөбе тәжірибе бөлімшесінде жүргізілген зерттеу барысында қамыстың жоғарыда аталған биологиялық ерекшеліктері мен топырақ өңдеу тәсілдеріне байланысты қамыс өсімдігінің морфологиялық түр-сипаты, бұтақтары мен топырақ өңдеу тәсілдеріне байланысты қамыс өсімдігінің морфологиялық түр-сипаты, бұтақтары мен жапырақтарының көлемі, генеративтік бөліктері, қалыңдығы, төзімділігі және оның өнімділігін де өзгертетіні де анықталды.

Тәжірибе 4 нұсқада жүргізілді: бірінші – бақылау (өңделмеген); екіншісі – 10-12 тереңдікте дискілеп (БДТ-2,2) қопсыту; үшінші – 17-18 см тереңдікте қопсыту (БДТ-7,0); төртінші – 20-22 см тереңдікте жырту (ПН-43,5).

Тәжірибе нәтижесі қамыс шабындығын ең алдымен суарып, одан соң дискілі құралдармен өңдегенде өсімдіктің қалыңдығы, сабақ саны, түптілігі артатындығын, ал терең жыртқанда бұл көрсеткіштердің керісінше кемитіндігін көрсетті (кестеде көрсетілген).

Кесте 2. Топырақты әр түрлі өңдеу әдістерінің қамыс қалыңдығы, сабақ және биіктігіне әсері (орта есеппен, 2010-2011 жж.)

Нұскалар	Өңдеу жүргізілмеген	10-12 см тереңдікте (БДТ-2,2) қопсыту	17-18 см тереңдікте (БДТ-7,0) қопсыту	20-23 см тереңдікте жер жырту (ПН-4-3,5)
<i>Орта есеппен төрт жылдағы өсу кезеңінде</i>				
Түп, дана/м	139	140	144	140
Сабақ	208,2	219,2	230,7	169,9
Бір түптегі сабақ саны	1,36	1,48	1,58	0,99
<i>Ору алдында жинау</i>				
Түп, дана/м	159	192	203,5	175,2
Сабақ	212	293	366,2	225,0
Бір түптегі сабақ саны	1,4	1,53	1,71	1,25

Кестеде көрсетілгендей, ауыр дискілі қопсытқышпен өндегенде 1 шаршы метр жерде қамыс ба-рынша қалың (293-366 дана) болды, ал соқамен 20-30 см тереңдікте жыртқанда топырақтың жоғарғы қабатының тез кеуіп кетуі және ірі кесектердің пайда болуы салдарынан өсімдік нашар шығады.

Зерттеу нәтижесі топырақты өндеудің тиімді тәсілдерін қолдану арқылы суарма пішендік жерлердегі қамыс өнімділігін арттыруға болатындығын көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Нұрымов Д.Е., Байжанова Б.К. Приемы создания и использования тростниковых сенокосов в зоне Приаралья // Актуальные проблемы в экологии и природопользовании, Сб. науч. тр. – Ч. 1. – Кызылорда, 1996. – С. 185-186.

2. Байжанова Б.К. Сыр өңіріндегі қамысты шалғындық өнімділігін арттыруға топырақ өндеудің әр түрлі тәсілдерін пайдалану // Жаршы. – 1999. – №8. – 98-101 бб.

Резюме

В статье рассмотрены глубокие аналитические исследования задачи которых сводятся к мероприятиям по созданию высокопродуктивных сенокосов тростниковых зарослей с помощью различных приемов поверхностного и коренного улучшения.

Тростник южный обладает колоссальными потенциальными способностями, довольно легко приспособляется к чрезвычайно разнообразным почвенно-климатическим условиям, в том числе произрастает на тяжелых глинистых солончаковых почвах.

Summary

The research work on improvement of reed haymaking in conditions of the Republic of Kazakhstan was carried out during 3 years. A reed in conditions of Priaralia the basic forage was prepared as hay and used as a pasture. Its haymaking can be improved by realization on depth 10-12 and 17-18 cm, entering of mineral fertilizers N60P60, N90P60, N120P60.

After long-term fodder cultures – donnika and lucerne and their mixes on sites of former rice gray work provide a high crop qualitative hay.

By regulation of terms of mow off it is possible to receive hay of high quality For this purpose the grass of reed follow mow off up to a phase of sweeping with subsequent use of it's two.

ӘОЖ 351.777:636.085:631.6

ТӨГІНДІ СУЛАРДЫҢ АГРОМЕЛИОРАТИВТІК ТҮРҒЫДА МАЛ АЗЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫ СУАРУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

Қ.Қ. ӘБІЛҚАСЫМ,

магистрант

Б.С. ОТАРБАЕВ,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Даярланған төгінді сулар құрамындағы өлшемді элементтерге сәйкес биокорбанатты-сульфатты-хлорлы болып сипатталады. Жалпы минерализациясы 1000 мг/л, көлемі 1000 м³, суда 28 кг азот, 7 кг фосфор және 11 кг калий болады.

Суда еритін тұздарда күкірт қышқылы және хлорлы натрий басым. Олардың құрамы сульфатты-хлорлы болып сипатталады. Хлордың мөлшері М.Ф. Будановтың талабынан 4,0 есе көп болса, А.М.Можейконың шекті мәнінен 1,7 есе көп.

Төгінді сулар катиондық көрсеткіш бойынша натрий және калийлы, кальций құрамы магнийға қарағанда 2,8 есе көп. Суармалы өзен суы минерализацияда (1180 мг/л) жоғары деңгейде.

Кесте 1. Төгінді суларының химиялық құрамы, мг/л

Көрсеткіш	Төгінді су
Өлшемді заттар	51
pH	7,6
БПК ₅	202,2
HCO ₃	300
Cl	200
SO ₄	300
Ca	144
Mg	95
Na+K	261
F	6,6
N	28
K	14
Жалпы минерализация	1000

Төгінді сулардың құрамында азот, фосфор, калий тәрізді қоректі заттар бар және олар ерітінді түрінде болып өсімдікпен оңай сіңіріледі. Олар суармалы алқаптарға қосымша шығынды қажет етпей беріліп, топырақ құнарлығымен ауылшаруашылық дақылдардың азықтық режимін жақсартады. Төгінді суларды суаруда қолдану арқылы қоршаған ортаны қорғап қана қоймай, алқапқа берілетін тыңайтқыштарды да үнемдеуге болады.

Алайда төгінді суларды пайдалану кезінде топырақтың тұздануы немесе сортаңдануы мүмкін. Осыған байланысты төгінді суларды суаруда қолданар алдында оларға агрономелиоративтік тұрғыда баға беру қажет.

Ең алдымен оның жалпы минерализациясына мән беру керек. Минерализация және гидрохимия саласындағы көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, құрамында ерігіш тұз мөлшері 1,5 г/л болатын сулар суаруға жарамды болып саналады.

Топырақтың сортаңдануын анықтау үшін топырақтың судағы (Na) натрийдың сіңіру коэффициенті қабылданған және ол келесі формула бойынша анықталады.

$$S = \frac{Na}{\sqrt{0,5(Ca+Mg)}} \leq 8 \text{ мг. экв/л}$$

Егерде $S \geq 8$ болса, онда топырақтың сортаңдану қаупі туындайды. А.М. Можейко судың ирригациялық жарамдылығын натрий мен калийдың барлық катиондарға қатынасы бойынша, егер жиынтық 75% болса аса қауіпті, 65%-дан аз болса, онда су ауылшаруашылық дақылдарын суаруға жарамды деп сипаттауды ұсынады.

М.Ф. Буданов судың жарамдылығын натрий және калийдың магниймен қатынасы арқылы (мг. экв) бағалауды ұсынады.

$$Na : Ca \leq 1$$

$$\frac{Na}{Ca+Mg} < 0,7$$

Судың мал азықтық дақылдарды суаруда жарамдылығын қышқылдың, яғни Стеблер коэффициенті бойынша анықтауға болады (K_a). Мұнда негізінен Na мен Cl шамаларының өзара қатынасы бойынша анықталады.

$$K_a = 288 / 5 \text{ Cl егер } Na < Cl$$

$$K_a = 288 / (Na + Cl) \text{ егер } Na > Cl$$

Егерде $K_a < 16$ болса су қанағаттанарлықсыз және $K_a > 18$ болса су сапасы суаруға жақсы деп саналады.

Төгінді сулардың негізгі көрсеткіштерін мемлекеттік стандартпен салыстырсак, сутегіндегі иондардың, суда тез еритін тұздарға қарағанда натрий катиондары кальций мен магнийдің қатынастары бойынша мемлекеттік стандарт талаптарына толығымен жауап береді және суару кезінде топырақта натрийлі тұздану мен магнийлі сортаңдану болмайды.

Төменгі сулардың ауылшаруашылық дақылдарды суаруға жарамдылығын бағалаудағы ғылымдардың әр түрлі әдістемелеріне сүйенеді яғни судың минерализациясы натрий иондарының катион жиынтықтарына қатынасы бойынша, хлор, магний гидрокорбонаты мөлшерін анықтау, Ричард әдістері бойынша.

Қызылорда қаласы мен Құмкөл кен орны төгінді сулары ауылшаруашылық дақылдары, оның ішінде мал азықтық жоңышқа дақылын суаруға жарамды деп табылады.

Кесте 2. Төгінді сулардың суаруға жарамдылығын агрономелиоративтік тұрғыда бағалау

Көрсеткіш және бағалау формуласы, автор	Төгінді су	
	Мәні	Бағалау
1	2	3
Можейко әдісі $100 \cdot Na / \sum \text{катиондар} \leq 65$	33,4	Су қауіпсіз
Буданов әдісі $Na / Ca \leq 1,0 \sum \text{катиондар} / (Ca + Mg) \leq 4,0$	1,07 4,4	Топырақ сортаңданады
1	2	3
Ричард әдісі $Na / \sqrt{0,5(Ca + Mg)} \leq 8,0$	2,65	Суаруға жарамды су
Стеблер әдісі $288 / (2Na + 2Cl) \leq 6 \dots 18$	12	Шектеулі мөлшерде
ВНИИССВ әдісі $Mg < 300 \frac{мг}{л}$	11,52	Қанағаттанарлық

Төгінді сулардың суаруға жарамдылығын анықтаудағы әдістердің көрсеткіштері әр түрлі болуына байланысты төгінді суды пайдалану үшін судың химиялық құрамына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар су – топырақ – өсімдік – жан-жануар схемасы бойынша экспериментальды зерттеу нәтижелеріне де аса мән беру қажет.

Осындай іс-шара аркасында ғана топырақ пен өсімдік төгінді сулардың жарамдылығы жөнінде нақты мәліметтер бере алады.

Әдебиеттер:

1. Голченко М.Г., Железяко В.И. Орошения сточными водами. – М., Агропромиздат, 1988. – 104 с.
2. Зубаиров О.З. Орошение сточными водами в Казахстане. – Алматы, 1994. – С. 3-8.
3. Ясоноди О.Е. Сельскохозяйственное использование сточных вод: Учебное пособие. – Новочеркасск, 1981. – 100 с.
4. Овчинников А.С., Семененко С.Я. Использование сточных вод для орошения сельскохозяйственных культур. – Волгоград, 1990. – С. 139-144.

Резюме

Ирригационная оценка, поставленная в коде исследований разных ученых показывает, что сточные воды г. Кызылорды по минерализации, по соотношению ионов натрия к сумме катионов, методу Ричардса, содержанию хлора, гидрокарбоната магния и по водородному показателю пригодны для орошения сельскохозяйственных культур.

Вопрос о возможности сельскохозяйственного использования возвратных вод решается на основании химических анализов воды, а также по схеме взаимодействия: вода – почва – растения – животные.

Summary

Irrigation evaluation methods different authors shows that waste water, the salinity of Kyzylorda, the ratio of sodium ions to the sum of cations and Richards' method and content of chlorine, magnesium bicarbonate and hydrogen index suitable for irrigation of crops.

About the possibility of agricultural use return water deciding based on chemical analyses of water, but also on the scheme of interaction: of water-soil-plant-animal.

УДК 378.574.001.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА

М.С. КАРАМАНОВА,

кандидат исторических наук, доцент,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

Сегодня главный вектор развития Казахстана – социально-экономическая модернизация нашего общества.

В контексте данной проблемы перед отечественными обществоведами – историками, философами, политологами, социологами – стоят задачи определения мировоззренческой, идеологической ориентации общества в определении стратегии модернизации страны, конечная цель которых – обновление моделей социально-экономического, политического, научно-технического и социокультурного развития.

В этом смысле огромная ответственность лежит на школах, колледжах и вузах, где сосредоточена основная часть молодежи нашей страны. Ответственность преподавательского сообщества, которая обучает и воспитывает эту молодежь, огромна.

Современное развитие общества требует от человека не только определенных знаний, профессионализма, специализации, но и умения жить, сосуществовать в обществе, для этого необходимо ориентировать его на общечеловеческие ценности, гуманизм, интеллигентность, чувство достоинства, независимость, активность, трудолюбие.

Все это необходимо осуществлять в рамках образовательного процесса. Поэтому сегодня совершенствование системы образования – стратегический ресурс развития экономики, культуры, новых технологий, социальной сферы общества в целом.

В своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» Президент страны ставит кардинальные задачи в национальной системе образования и предлагает проводить их в трех направлениях:

- оптимизация образовательных учреждений;
- модернизация учебно-воспитательного процесса;
- повышение эффективности и доступности образовательных услуг.

Все организации образования под руководством Министерства образования и науки РК проводят большую работу по достижению намеченных задач. К 2011 году обновлена правовая база системы образования, создана единая система контроля качества всех уровней образования. Ежегодно растет финансирование образования, в том числе и на научные исследования. Важнейшей частью образовательного процесса является реализация выдвинутого в Посланиях Президента страны поручения об усилении воспитательного компонента.

Патриотическое, гражданское, правовое воспитание, противодействие религиозному фанатизму, экстремизму должно быть на переднем плане в воспитательной работе со студенческой молодежью.

Это обширное поле работы в вузах прежде всего касается кафедр, преподающих социально-гуманитарные дисциплины – Историю Казахстана, Философию, Политологию, Социологию, Культурологию и другие.

Президент страны сделал серьезные замечания по этим проблемам: «Сегодня в казахстанской образовательной системе недостаточно внимания к практической стороне учебного процесса, слабо учитываются индивидуальные особенности учащихся. Остро стоит вопрос недостаточности таких приемов духовно-нравственного воспитания детей, подростков и молодежи, которые бы нацеливали на решение индивидуальных задач их взросления и успешной социализации».

Президент страны предлагает провести тщательный анализ учебных планов, учебников и учебных пособий по истории Казахстана, принять меры по изменению содержания и формата преподавания истории Казахстана, в учебных заведениях ввести такие учебные курсы, как Краеведение, Казахстанское право, Основы акмеологии, личного и социального успеха.

Сегодня наука и образование, обе сферы должны модернизироваться одновременно, исходя из приоритетов человеческих ценностей. Предстоит определить приоритеты социальной модернизации, инновационной, индустриальной, научной, образовательной, гражданской направленности казахстанского общества, что будет способствовать созданию условий для достойной жизни как нынешних, так и будущих поколений казахстанцев.

«Мы движемся к постиндустриальному миру, в котором правит триада «образование – наука – инновации» – отметил Президент страны в своем выступлении «Казахстан на пути к обществу знаний» на встрече со студентами 5 сентября 2012 года в «Назарбаев Университете».

Современные обществоведы – историки, политологи, социологи – должны позаботиться о наполнении содержания процесса социальной модернизации проблемами теоретического, методологического, практического характера.

Народу с этим Президент страны отметил: «Сегодня труд – как решающий национальный фактор в условиях XXI века, в условиях глобальной конкуренции – должен быть выдвинут на первый план».

Идея о необходимости трудиться каждому человеку не нова, со дня начала человеческой цивилизации труд был двигателем прогресса человечества. Сегодня, об этом говорит Президент страны, необходимо каждому казахстанцу менять потребительское отношение к жизни и заняться реальным производительным трудом.

Основу исторического сознания закладывает историческая наука, которая призвана приобщать студентов к духовному миру своего народа, исторической памяти, пониманию истоков его истории, культуры, музыки, поэзии. Историческое сознание формируется наукой, образованием, семейным воспитанием, средствами массовой информации, музейной, архивной, краеведческой работой.

В этом смысле сегодня преподавателям истории Казахстана необходимо разнообразить преподавание данной дисциплины, «оживить» лекционные занятия посещением музеев, архивов, историко-культурных объектов, археологических, архитектурных памятников.

Что касается таких дисциплин, как политология, социология, именно в процессе их преподавания мы обязаны прививать студенческой молодежи знания, умения, которые дадут им ориентиры в обществе, в политической, общественной жизни, принять участие в модернизации страны.

Долг и обязанность преподавателя быть профессионалом и гражданином, только обладая такими качествами, он может сформировать из личности студента социально ответственного гражданина.

Сегодня в Казахстане, по данным статистики, 29% населения составляет молодежь 15-29 лет, т.е. именно они являются основным трудовым ресурсом социально-экономической модернизации страны.

С другой стороны, нас озадачивают такие данные статистики: в 2012 году 38,3% совершенных преступлений в стране совершила молодежь в возрасте 21-29 лет, 20% молодежи вообще не интересуется общественной, политической жизнью страны, есть и другие негативные факторы, с которыми надо бороться всем миром, всем обществом.

Таким образом, задачи по осуществлению социально-экономической модернизации страны включают модернизацию национальной системы образования, где ключевые фигуры – преподаватель и студент – должны всегда знать и помнить, что «все ценности мировой цивилизации, все экономические и культурные богатства создаются только человеческим трудом».

Литература:

1. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года // [Http: //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – 10 июля. – 2012.
3. Казахстан на пути к обществу знаний. Выступление Президента РК перед студентами Назарбаев-Университета 5 сентября 2012 года // [Http: //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).

Түйіндеме

Мақалада әлеуметтік-ізгілендіру пәндерінің Қазақстанның қазіргі тандағы әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жағдайындағы мәселелері қарастырылды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік-ізгілендіру пәндерін оқыту мақсаттары анықталған.

Summary

The article covers the issues of socio-humanitarian disciplines in the context of socio-economic modernization of Kazakhstan in modern times. Objectives regarding the quality improvement of higher education in Kazakhstan are identified.

УДК 330.33:378.4:338.264(510)

СОТРУДНИЧЕСТВО БИЗНЕСА И УНИВЕРСИТЕТА В КИТАЕ

Т. АСАНОВ,
магистр,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Долгосрочное и стабильное процветание любого государства в XXI веке зависит от здоровой экономики, базирующейся на качественном образовании. Одним из важных факторов и индикаторов такого фундамента является тесное сотрудничество университетов и бизнес-структур.

В рамках данной секции приводится пример о практике сотрудничества между университетом и бизнесом в Китае. На примере провинции Хубей увидим, как реализуется подобное сотрудничество. Отмечу, что это не самый развитый и, в то же время, не самый отсталый регион Китая.

Провинция Хубей расположена в Центральном Китае. Это одна из колыбелей китайской цивилизации, а также один из ранних центров индустриализации страны. Столица провинции – город Ухань был развит как коммерчески важный регион еще с середины 14 века. Но все же провинция зависела от финансовой поддержки Пекина.

После реформ Дэн Сяопина 1978 года внимание Пекина перешло на регионы восточного побережья. По экономическим показателям Хубей начал отставать не только от востока, но и от соседних провинций в центральной части страны. Для того чтобы вернуть былое экономическое положение, правительство провинции осуществило ряд стратегических программ развития. Хубей начал переходить от традиционной промышленности к более технологичной. Это оптоэлектроника, энергосбережение, защита окружающей среды и биомедицина. Сейчас они занимают около 30% промышленного производства региона. Делая большой упор на развитие образования, Хубей возвращает роль лидера в Центральном Китае. Одним из факторов такого успеха является взаимодействие между университетами и бизнес-структурами провинции.

Далее, в трех частях я кратко опишу, какие механизмы были проработаны в Хубее для стимуляции сотрудничества между университетами и бизнес-структурами.

Первое – о том, что заставляет обе стороны идти друг к другу.

Как известно, мотивацией для сотрудничества являются понимание интересов каждой из сторон и система стимулирования. В Хубее основные интересы бизнеса – это развитие новых продуктов, снижение себестоимости товара, поддержка промышленных исследований и развитие технологий.

Интересами университета являются:

- возможность понимания наиболее актуальных технологических нужд промышленности;
- получение практических результатов;
- построение надежных и стабильных исследовательских платформ;
- оценка уровня факультета через проекты с бизнесом;
- возможность стажировок и трудоустройства для студентов;
- развитие материально-технической базы;
- получение финансовой прибыли.

В университетах Хубея довольно эффективно функционирует система поощрения сотрудников за участие в сотрудничестве с бизнесом. Кроме того, получение поддержки от бизнес-структур для исследований является одним из важных критериев оценки работы факультета. Опыт Хубея показывает, что создание внутренних механизмов, которые мотивируют сотрудничества университета и бизнеса, является очень эффективным. Вознаграждения могут быть как в денежной форме, так и в виде повышения по службе.

Второе – методы коммуникации между университетом и бизнесом.

Методы коммуникации могут играть одну из ключевых ролей в стимулировании сотрудничества между университетом и бизнесом. У университетов и бизнес-структур Хубея есть разные методы поиска партнеров.

К примеру, компании используют исследовательские публикации – это научные работы, отчеты и книги. Когда компания находит интересный для себя материал в академических работах, они напрямую связываются с автором. В то же время, при изучении научных работ, компании не только выходят на университетских ученых, но и обнаруживают новые «горячие» темы для проектов, которые можно предложить университетам. Кроме того, проводятся конференции и форумы. Но по признанию Хубейских компаний, самым эффективным для них являются научные публикации местных ученых.

Методы коммуникации, через которые университеты находят партнеров, отличаются от вышеперечисленных. Обычно ученые посещают конференции и форумы. Там напрямую общаются со специали-

стами из компаний и налаживают связи. Поэтому для университетов конференции и форумы являются основными методами коммуникации с бизнесом.

Очень важна и роль местного правительства. Правительство провинции Хубей 15 раз в год проводит исследование о технологических нуждах компаний и предоставляет эту информацию университетам. Согласно нуждам компаний правительство предлагает определенное количество грантов университетам для научно-исследовательских проектов. Эти проекты должны реализоваться совместно с компаниями. В дополнение к этому правительство ежегодно организует конференции и форумы. Подобная активная поддержка правительства положительно влияет на эффективное сотрудничество между университетом и бизнесом.

А в правительствах некоторых более развитых провинций существуют электронные платформы, через которые бизнес и университеты обмениваются нуждами в исследованиях и это тоже служит сильным мотиватором сотрудничества.

По признанию многих китайских ученых, в последнее время университеты уделяют огромное внимание развитию сотрудничества с бизнес-структурами. Таким образом, в определенной степени совершенствуется функция университетов. Университет не только предоставляет образование и подготовку, но и рыночные услуги.

Если ученый разрабатывает проект, который может быть использован в промышленности, он начинает искать поддержку бизнеса и продает результаты исследований. Также сами главы компаний и их представители регулярно посещают университеты в поисках сотрудничества. Поэтому в построении сотрудничества между университетом и бизнесом важно использовать любые – формальные и неформальные способы коммуникаций. Формальные – это конференции, форумы, онлайн-платформы. Не формальные – это через ассоциацию выпускников, коллег, знакомых и друзей.

Третье – процесс и результат сотрудничества университета и бизнеса.

В Хубее создаются следующие формы сотрудничества:

- совместные научно-исследовательские проекты;
- лицензирование технологий;
- консультации;
- стажировки;
- услуги, нацеленные на создание новых технологий или продуктов.

Более популярным видом сотрудничества являются научно-исследовательские проекты. Во время совместных проектов компания может отправлять своих сотрудников в университет на повышение квалификации и для участия в реализации проекта. Таким образом, компания еще и тренирует своих сотрудников на базе университета.

Второй популярной формой сотрудничества в Хубее является создание совместных предприятий. В таком случае университет тоже является акционером новых технологий.

Университет в Хубее имеет немного шансов получить финансовую поддержку для осуществления научных проектов, но если университет подает заявку совместно с компанией, то шансы увеличиваются. Это тоже мотивировало быстрый рост сотрудничества.

Конечный продукт или результат говорит об успешности любого сотрудничества. Во многих случаях лучшим результатом является разработка нового продукта, который имеет потенциал на рынке. Это помогает компаниям не только увеличить доходы, но и стать более конкурентоспособным. А университет, кроме экономической выгоды, также получает социальную. Повышается квалификация ученых и рейтинг факультета, что может быть более важным, чем финансовая прибыль. Также компания совместно с университетом регистрирует патенты. Это большой плюс для всех.

Сотрудничество между университетом и бизнесом в Хубее стало одним из важных элементов инновации в регионе. Местное правительство за 3 года инвестировало около 2 миллиардов долларов на создание биотехнологического парка в столице Ухань. Это мотивировало университеты создать свои исследовательские центры и проводить совместные проекты с компаниями в рамках биотехнологического парка.

Университеты создают небольшие хай-тек компании и многие студенты по окончании ВУЗа становятся предпринимателями. Они также тесно участвуют в реализации совместных проектов между университетом и бизнесом.

Тема сотрудничества между университетами и бизнес-структурами всегда существовала. Каждая сторона имеет свой интерес.

Для университета – это:

- поиск признания, как института социальной значимости;
- новые возможности трудоустройства будущих выпускников;
- желание увидеть плоды науки, приносящие пользу обществу;
- ну и, конечно же, поиск дополнительной прибыли!

Для бизнеса – это:

- повышение эффективности производства через использование передовых научных разработок.

Для местных властей – это:

- развитие региона;
- рост экономических показателей;
- новые рабочие места.

Одним словом, от поддержки местного муниципалитета через построение грамотного взаимовыгодного сотрудничества выигрывает каждая сторона. Самое главное, что от этого выигрывает все общество.

Литература:

1. Др. Юн Джон Вон. Изучение возможностей регионального потенциала КНР. – Джорджия: Технологический Институт Джорджии, США, 2011.
2. Ли Джаотао. Глобальный научно-исследовательский альянс в Китае: Сотрудничество университетов и научных центров // IEEE Transaction on Engineering Management. – 2010. – Vol. 57. – №1.

Түйіндеме

Мақалада автор Хубей провинциясындағы университет пен бизнес арасында табысты дамып келе жатқан әріптестікті мысал ретінде келтіреді. Бұл процесте жергілікті биліктің де рөлі үлкен. Үш институт (бизнес, университет, әкімдік) арасында тиімді әріптестік орнату үшін осы процесті ынталандыру тетігін дамыту қажет. Хубейдегі осындай тетіктер мақалада жан-жақты баяндалып, зерттеледі.

Summary

«Cooperation between business and university in China» authop provides an example of a successful and ongoing process of strengthening the business-university collaboration system in Hubei province and the role of the regional government in it.

In order to create an effective cooperation between the three (business, university and regional government), it is important to establish a mechanism that fosters the process. The mechanisms organized in Hubei province are described and analyzed in the article.

ӘОЖ 378.1:930.2:341.231(574)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМНІҢ ДАМУЫ

М.Н. АҢСАТОВА,

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Тарих ғылым, пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адам баласының басынан өткен жағдайын, тарихи тәжірибесін баяндайды. Тарихи білім әрбір адамға қажет. Тари-

хи білімді адам ғана өзі өмір сүрген қоғамдағы орнын, атқаратын қызметін толық анықтай алады. Сондықтан да дүние жүзіне белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтпағандары жоқ. Әбу-Насыр әл-Фараби «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын» десе, А. Байтұрсынұлы «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» деп өте жоғары бағалаған. Осыдан болар, әрбір тәуелсіз дамыған ел өз мемлекетінің, халқының тарихын оқытып үйретуге, алдымен оны мектепте оқытуға ерекше мән береді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғалы біздің еліміз азаматтарының тарихи білімін көтеруге ерекше көңіл бөлінді. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі болған жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың санасына ұлттық рух пен патриоттық тәрбие қалыптастыруда Отан тарихының орны мен мүмкіншіліктері шексіз. Өйткені, тарих халықтың рухани мұрасы, Отанымыздың өткені, ұрпақтарымыздың мектебі болып саналады. Жас ұрпаққа өткен тарихымыз туралы тарихи білім берумен бәріне бірдей ұлттық сезім мен сананы, отансүйгіштікті қалыптастыру мүмкін емес.

Сондықтан да тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінде Отан тарихын тереңдетіп оқыту уақыт талабы болып тұр. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналғанға дейін Отан тарихы КСРО тарихының құрамдас бір бөлшегі, тіпті «қосымшасы» деңгейінде болды. Ұлттық тарихты тізгіндеген коммунистік партия мен кеңестік Ресей билеушілері осындай идеология негізінде орыстандыру саясатын белсенді түрде жүргізді. Тарих ғылымы дербес пән ретінде емес, компартияның насихат құралы деңгейінде қалып қойды. Қазақ халқының тарихы тұтастай «ақтаңдақ» беттерге айналды.

1989-1990 оқу жылынан бастап республика мектептерінде жаңа дербес пән «Қазақстан тарихы» дүниеге келді. 1991-1992 жылдарға жаңа оқу жоспарына сай тарих факультетінде Қазақстан тарихын оқыту қолға алынды. 1992 жылдан бастап Қазақстан тарихы пәні барлық орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарында оқу жоспарына енді. 1993 жылдың екінші жартысынан бастап елімізде тарих мәселелеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Қазақ тарихы» шыға бастады. Белгілі ғалымдар, зерттеушілер тарих ғылымының өткені мен келешегі туралы пайымды ой-пікірлер білдірді, тарихқа жаңаша қараудың үлгісін көрсетті.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен қатар Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, тәуелсіз тарихи ой-пікірлер мен тұжырымдар қалыптаса бастады.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы дүниеге келген «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасында» Қазақстандағы тарихи білімнің іргелі ұстанымдары айқындалып, негізгі басымдылықтары анықталды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылды «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялау туралы Жарлығы еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтумен қатар, халықтың тарихи зердесін қалпына келтіруді, тоталитарлық режимнің халыққа қарсы бағытталған мән-мағынасын ашып, оны айыптауды көздеген имани мұрат-мақсаты бар қимыл болды.

1998 жыл – Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы Қазақстан тарихының дамуына зор үлес қосты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы» [1, 35-6] болғандығына айрықша басымдық беруі, өткен тарихымыздың тағылымын терең зерттеуді, халыққа оның тарихи зердесін қайтарып беру қажеттігін алға тартты.

Отандық тарихты зерттеу жұмыстарына жаңа серпін беруде 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы айрықша орын алды. Үш жылда елдің мәдени мұрасын зерттеудің тұтас жүйесі жасалып елеулі тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жөнінде тұжырымды жұмыстар жүргізілді. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбалар, кітаптар мен құжаттар жинақталып баспадан шығарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру деректану ғылымын дамыту қажеттігін алға тартты. Өйткені табылған деректерді зерттеп, жүйелеп, зерделеу арқылы ғана ұлт игілігіне пайдалану тек деректану арқылы ғана жүретіндігі мәлім.

Бағдарламаны іске асыру барысында тарих пен мәдениеттің 35 ескерткішінде қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, Қазақстан аумағында 30 қалашықта, қоныста, тұрақта, обалар мен қорғандарда ар-

хеологиялық зерттеулер жүргізілді. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбаларды, кітаптар мен құжаттарды табу мен жинақтау мақсатында Ресей, Түркия, Моңғолия, Қытай, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ және бірқатар Еуропа елдерінің мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Нәтижесінде бес мыңға жуық Қазақстанның өне-рі, тарихы, этнографиясы туралы қолжазбалар мен баспа басылымдары табылды [2, 342-6].

Жаңа Қазақстан жағдайындағы тарихи білімдік ой-сананың өріс алуы тарихтағы ақтандақтар пер-десінің ашылуымен ерекшеленеді: академик К. Нұрпейіс пен тарих ғылымдарының докторы, про-фессор М.Қ. Қойгелдиев бастаған бір топ тарихшылар Алаш ұлт-азаттық қозғалысы мен «Алашорда» автономиясының және айрықша тұлғалардың қызметтерін зерделейтін ғылыми мектептің іргетасын қаласа, академик М.Қ. Қозыбаев пен профессор Т. Омарбеков бастаған тағы бір тарихшылар тобы Ф.И. Голощекин ұйымдастырған кеңестік ұжымдастырудың зобалаңдары мен қасіреттерін жариялап, тарих қалтарысындағы шындықты халыққа жеткізіп бере алды. Академик М.Қ. Қозыбаев XX ғасырда-ғы саясатқа бейімделген тарихи білімнің қалыптасып, дамуы жөнінде төмендегіше ой қорытындысын жасайды: «XX ғасырда отандық тарих, қазақ халқының тарихы саясат құрбандығына шалынды. Миф-терге негізделген жалған, жантақ тарих осы тұста іргетасын қалады. Отан тарихын саясатқа бейімдеп «өңдеу», «өзгерту» сол бір аумалы-төкпелі заманда модаға айналды» [3, 80-6].

Соңғы жылдары Қазақстан тарихын оқып үйренем деушілерге, әсіресе оқушылар мен мұғалімдерге нақты көмек болатын еңбектер көптеп шығарылуда. Бұлардың қатарына бес томдық «Қазақстан тари-хы» академиялық басылымын, алты томдық «Қазақстан энциклопедиясын», тоғыз томдық «Қазақтар» жинағының жарыққа шығуын, белгілі жеке қайраткерлер туралы көптеген кітаптарды қосуға болады.

Қазақстан тарихын мектепте оқыту Қазақстан тарихын көне заманнан бүгінге дейін мекендеп кел-ген халықтың, адамзаттың тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушылардың санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтылық пен елжандылыққа, өз халқын келісім мен төзушілік-ке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

Отан тарихынан мектептерде сапалы білім беру үшін ең қажетті екі жағдай болуы шарт. Бірінші-сі – сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету, ал екіншісі – педагогикалық инновация. Бұл екі шарт орын-далуы үшін Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасы қабылдануы қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы тарих бағдарламалары мен Қазақстан тарихы оқулықтары 90-жылдардың басынан бастап шыға бастады.

1992 жылы қазақтың Ы. Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институты Ж. Қасымбаев, Т. Тұрлығұлов сияқты көрнекті тарихшы және әдіскер ғалымдардың жетекшілігімен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде Қазақстан тарихын оқытудың тұжырымдамасын жасады. Мұнда тарих-ты мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары, пәннің маңызы, мақсаты мен міндеттері, мазмұны, қойылатын талаптар, т.б маңызды мәселелер айқындалды.

1993-1994 оқу жылында Қазақстан тарихының бірнеше жаңа оқулығы жарық көрді. 1996 жыл-дан бастап оқу процесінде жаңа буын оқулықтары кезең-кезеңмен қолданыла бастады. 2001 жылы Қазақстан тарихы пәнін тәуелсіздік жағдайында оқытудың алғашқы 10 жылдығы аяқталған тұста рес-публика мектептерінің 5-11 сыныптарына арналған Қазақстан тарихының жаңа оқулықтары түгелдей шығып үлгірді. Тарих пәні оқулықтарын жазуға мектеп мұғалімдерінен бастап, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигіне дейін 28 автор қатысты. Олардың 3-і академик, 13-і Өл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің, 4-і Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессорлары мен доценттері, 5-і мектеп мұғалімдері, ал әдістемелік құрал авторларының басым көпшілігі мектеп мұғалімдері. [4, 56-6].

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи білім беру мақсатын, мазмұнын, технологиясын нәтижеге бағ-дарланған білім беруге бағыттау бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады.

Мұнда бірінші орынға оқушының белсенділігі, қабілеттілігі, өзіндік ерекшеліктері, әрекет құ-ралдары шығады. Оқушы өздігінен білім алу, іздену, қорытынды жасап талдау үшін оның өзіндік тә-жірибесіне сүйене отырып, білім алу технологиясын меңгертуге көңіл аударылады.

Осы ретте зерттеу нәтижесі Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне жаңа технологияларды ұтымды пайдалану оқушыны танымды әрекетті субъектісі ретінде қарастыру, бәсекеге қабілетті сапалы білімге, оқушының өзіндік алатын білімінің қажеттілігін, мәнін дұрыс түсінуге, оқушының шығармашылық-ізденушілік қабілеттерінің артуына септігін тигізетінін көрсетті.

Еліміздің білім беру саласындағы реформалау ісі сабақта оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен пайдалануды қажет етеді. Интерактивті әдістер сабақта оқушылардың айтарлықтай белсенді болуын, оқушылардың бір-бірімен өзара қатынасын және оқушы мен мұғалім арасында өзара дұрыс, түсіністік, сыйластық қатынастың болуына жағдай жасайды. Оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға жай ақпарат беріп қана қоймай, оларды өздігінен жауап іздеуге бейімдеу, өмір тәжірибелеріне сүйенуге басты көңіл аударуымыз қажет.

Тәуелсіздік жылдарында жастарға тарихи білім беру талаптары түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл жағдайлар Қазақ тарихы пәнінің оқыту мақсатын, білім мазмұнын айқындаудан бастап, бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін жақсартуды күн тәртібіне қойып отыр. Еліміздің тарихшы ғалымдары мен әдіскерлері 20 жылдың ішіндегі тәуелсіздік тарихын зерттеп, зерделеуде жаңа көзқарастар қалыптастыруда.

Тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын жетілдіру жолдары егемендігіміздің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі: қалыптасуы мен даму көкжиегі» деген тақырыпта өткен тарихшылардың тұңғыш конгресінде жан-жақты талқыланды.

Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұлов өз баяндамасында Кеңестік дәуірдің тар шеңберінде қалған тарихымызды әлемдік биікке көтеру мәселесін қозғап, Қазақ елі көшпелілер өркениетінің орталығы, түркі халықтарының ата-жұрты ретінде әлемге таныла бастағанын, осындай жағдайда өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау ұлттық идеямыздың құрамдас бөлігіне айналуы қажеттігін назарға сала отырып, ұлт бірлігі мен отаншылдыққа тәрбиелеудің басты факторларының бірі тарих екенін, оның халықтың зердесі, қайнар күші екенін атап көрсетті.

Ол тағы бір өзекті мәселе – ұлттық тарихты оқыту жайын қозғады. Оқу материалдары мен оқыту әдістері өзгеріп отыратыны белгілі. Бірақ тарихты оқытудың басты қағидасы – фактілерге сүйену өзгермейді. Сондықтан, оқулық пен мамандарды дайындауда тарихшылар бірігуі тиіс екенін алға тартты.

«Тәуелсіздікке – 20 жыл және Қазақстанның тарих ғылымы» деген тақырыпта сөз алған мемлекет тарихы институтының директоры, профессор Б. Аяған тәуелсіздік жылдары отандық тарихнамада ізденістер мен зерттеулер мазмұны түбегейлі өзгергенін, осылайша мемлекет саясаты елдің негізі болған қазақ халқының тарихы мен билік дәстүрін сақтаған Отан тарихын жазуға зор мүмкіндік бергенін айтты. Ол сонымен қатар конгресте үш мәселені көтерді. Оның біріншісі – Отан тарихы методологиясы, екіншісі – тарихты дәуірлеу, үшіншісі – тарихты оқыту мен зерттеу.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, профессор Х. Әбжанов Отан тарихының методологиялық мәселелеріне ерекше мән берді. Конгресте тарихшылардың басын қосатын бір ғылыми үйлестіру орталығын құру жөнінде ұсыныстар айтылды, тарих ғылымының алдындағы мақсаттар айқындалып, міндеттер белгіленді [5].

Қорыта айтқанда, қазіргі Отандық тарих ғылымы алдында жауапты да, маңызды міндеттер тұр. Мемлекетіміз тәуелсіздіктің төрінен орын алып, халық санасы жаңарған кезде жастарға білім беру, соның ішінде тарихты тереңнен оқытуға ерекше мән берілуде.

Отандық тарихтың тәрбиелік мәнін жетілдіру, жастардың бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыру тарихи білімнің негізіне алынуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 18 наурыз.

2. Мұхамедов М., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін. – Астана, 2009. – 536 б.
3. Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 359 б.
4. Дүйсенов С. Алғашқы ғылыми еңбектер шықты / Қазақ тарихы. – Алматы, 2009. – №6. – 81 б.
5. Сүлеймен М. Тарих және ұлттық сана // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. – 17 қыркүйек.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы развития исторического образования в независимом Казахстане, а также повышения качества преподавания Отечественной истории в средних школах республики.

Summary

The article deals with the development of historical education in the independence of Kazakhstan and also to improve the quality of teaching of state history in secondary school of republic

ӘОЖ 631.19.05

АЙМАҚТАҒЫ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.С. ШАЙНУРОВ,

экономика ғылымдарының кандидаты

Қ. ҚАЗЫБАЕВ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының бірі агроөнеркәсіп кешені жүйесін тиімді жүргізу және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенінде негізгі бағыт – күріш шаруашылығын, мал шаруашылығын, көкөніс-бақша және балық шаруашылығын дамытуға басымдық берілген.

Облыста өсімдік шаруашылығының басым бағыты күріш өндірісі болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда жиналатын күріштің жалпы өнімінің шамамен 90%-ы осы жерде өндіріледі. Мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуында оң нәтижелер байқалуда.

Жыл сайын саланы мемлекеттік қолдау көлемі артуда. Облыстың ауыл шаруашылығын қолдауға 2008 жылы барлығы 1,5 млрд. теңге бағытталды. Мемлекет 2011 жылы мемлекеттік қолдау көлемін айтарлықтай көбейтіп, 3,3 млрд. теңгеге дейін жеткізді. 2012 жылы саланы қолдауға бөлінген қаржы 3,7 млрд теңгені құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артып отыр.

Жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі байқалуда. Егер 2008 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 29,7 млрд теңгені құраса, 2011 жылы 44,7 млрд теңгені құрады. Соңғы үш жыл бойы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 14,7 мың гектарға арттырылды.

Қазіргі уақытта облыста (2011 жылдың 1 қарашадағы жағдайы бойынша) 225940 гектар (2010 жылы – 218823 гектар, 2009 жылы – 217913 гектар) суармалы жерлер бар, оның 179121 гектары (2010 жылы – 178967 гектар, 2009 жылы – 174853 гектар) инженерлік жүйеге келтірілген.

Облыста 1995 жылға дейін 270 мың гектар суармалы жерлер болса, қазіргі таңда ол 225940 гектарға дейін кеміді. Инженерлік жүйеге келтірілген жерлер осыдан 40 жыл бұрын пайдалануға беріліп, күрделі жөндеуді қажет етіп отыр.

Мемлекеттік қолдаудың мақсатты бағытталуының нәтижесінде өңірде қайтадан күріш өндірісі қарқынды дами бастады. 2011 жылы өңірдің негізгі дақылы күріш егісінің көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 15,8 мың гектарға көбейтіліп, 77,4 мың гектарды құрады.

Елбасының тапсырмасына сәйкес биылғы жылдан бастап күріш егісінің көлемін қысқартып, суды аз қажет ететін дақылдардың көлемін ұлғайту жоспарлануда. Үстіміздегі жылы жалпы егіс көлемі 157,5 мың гектарға, оның ішінде күріш егісінің көлемін 70,1 мың гектарға орналастыру межеленуде. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне үлкен көңіл бөлінуде. Күріштің өнімділігін арттыруда басқа факторлармен қатар дақылдың өндірістік тұқым шаруашылығының маңызы зор.

Соңғы үш жылда мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде күріштің тұқым шаруашылығы бойынша жұмыстар толығымен жолға қойылды. Қазіргі уақытта облыста 2 бірегей, 3 элиталық және 5 жоғары репродукциялы күріш тұқымын өндіретін шаруашылықтар жұмыс жасайды.

Тұқым жаңалау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ресейдің ғылыми-зерттеу институтымен ынтымақтастық орнатылды. Ресей селекционерлерінің Лидер, Янтарь, Новатор сорттары өндіріске енгізіліп, аудандастырылды.

2011 жылы 2008 жылмен салыстырғанда күріштің жалпы өнімі 39,5% көбейді. Сонымен қатар, картоп өндірісі 48,8%, көкөніс 37,1%, бақша дақылдары 10,2% артты.

Күріштің өнімділігі 2008 жылмен салыстырғанда 11,2%, картоп 10,3%, көкөніс 5,9% артты.

Тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы көкөніс өндіру жолға қойылды.

Алайда елімізде 2005 жылғы 8 шілдеде қолданысқа енгізілген «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында ауыл шаруашылығына көрсетілген қаржылай қолдаулардың нәтижесінде жылма-жыл айналымнан шығып қалған жерлерді айналымға қосып, егіс көлемін ұлғайту бағытында жұмыстар жүргізіліп, 2011 жылы өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын 160,7 мың гектарға, оның ішінде күріш егісін 77,4 мың гектарға жеткізілді. Биыл 2000 жылмен салыстырғанда барлық егіс көлемі 18 мың гектарға ұлғайса, күріш егісі 19,4 мың гектарға артық егілді.

Бүгінгі күні күріш егісіндегі қашыртқы-дренаж жүйесінің жағдайы жер асты суларының деңгейін тиісті мөлшерде төмендете алмауда, бұл өз кезегінде егістік топыраққа тұз жиналуына апарып, қазіргі уақытта облыстағы күріш егісінің 70%-дайы тұзданған.

Облыста жыл сайын 70 мың гектар күріш егу үшін жылына орташа 334,2 шақырым каналдар, 122,6 км қашыртқы тазаланып, 130 мың гектардай жерге ағымдық тегістеу және 120 дана гидротехникалық құрылыстарға жөндеу жүргізу қажет.

Бүгінгі таңда суармалы жерлердің 53495 гектары, оның ішінде 1291 гектары тұзданған, 6166 гектары су шықпай қалған, 471 гектары су басып кеткен, 45567 гектары басқа да себептерге байланысты пайдаланылмай отыр.

Суармалы жерлерде 2318,22 км магистралды және шаруашылық аралық каналдар, 995,9 км қашыртқылар, олардың бойында 688 дана су құрылыстары салынған. Магистралды, шаруашылықаралық каналдар мен қашыртқылардан басқа облыс көлемінде барлығы 5756,8 км ішкі су жүйелері, 2510 км ішкі шаруашылық қашыртқылар бар.

Облыс бойынша шаруашылықаралық каналдардың пайдалы әсер коэффициенті – 0,83%, ішкі шаруашылық каналдарында 0,70-0,72% болса жалпы су жүйелері бойынша бұл көрсеткіш 0,55-0,58-ден аспайды.

2011 жылы облыс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері барлығы 45,3 мың тонна минералдық тыңайтқыштар сатып алды, оның 35,5 мың тонна аммоний сульфаты, 4,3 мың тонна карбамид, 319 тонна аммиак селитрасы, 389,5 тонна байытылған суперфосфат, 4,8 мың тонна аммофос тыңайтқыштарын сатып алып пайдаланды.

Облыста Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты әзірлеген ауыспалы егіс жүйесі пайдаланылады. Олар – күріштің үлесі 37,5 және 50% болатын 8 танаптық, күріштің үлесі 42,9% болатын 7 танаптық, күріштің үлесі 33,3 және 50% болатын 6 танаптық және күріштің үлесі 40 және 50%

болатын 5 танаптық күріш ауыспалы егістігі. Аудандар мен қалада шаруашылықтар бойынша әрбір 5 жылға арналып ауыспалы егісте дақылдар айналымының сызбасы әзірленіп, аудан, қала әкімдері бекітіп, осы сызба бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Облыста күріш тұқым шаруашылығы тұрақты дамуда. Қазіргі күні күріштің бірегей тұқымын өндіретін 2, элиталық тұқымын өндіретін 3 және I репродукциялы тұқым өндіретін 5 шаруашылық әрекет етеді. Бұл шаруашылықтар 5 тұқым шаруашылығы негізінде топтасқан. Себебі қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес бір тұқым шаруашылығы бір мезгілде бірегей, элита және I репродукциялы тұқым өндіретін шаруашылық мәртебесін иеленуге құқылы.

Осы шаруашылықтар тарапынан арзандатылған бағамен 2011 жылы 2490,8 тонна элита, 5384 тонна I репродукциялы күріш тұқымы облыс шаруашылықтарына сатылды. Сонымен қатар, 2011 жылы 1 шаруашылық жоңышқаның элиталық тұқымын өндіретін элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесін алды.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде 2011 жылы егілген күріш тұқымы толық себу кондициясына жеткізілді. Ал тұқымның репродукциялық құрамынан жоғарғы репродукциялы тұқымның үлесі 70,6% құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,1%-ға артық. Облыстың тұқым шаруашылықтары 2010 жылы 4373 тонна I репродукциялы тұқым сатса, биылғы жылы 5384 тонна сатты, 2010 жылы 944 тонна элиталық тұқым сатса, 2011 жылы 2490 тонна элиталық тұқым сатты. Осының нәтижесінде барлық егілген күріштің 10,6% – элита, 29,2% – I репродукциялы, 19,1% – II репродукциялы, 7,0% – III репродукциялы және 3,1% – IV репродукциялы болды.

2011 жылдан бастап облыста күріш тұқымын химиялық препараттармен өңдеп егу қолға алынып, 1746 тонна күріш тұқымы швейцариялық «Селест топ» препаратымен өңделіп егілді.

Соңғы жылдары өңірде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 14 ірі күріш өңдейтін зауыт іске қосылды. Бұл зауыттардың жылдық қуаттылықтары 514 мың тоннаны құрайды, бұл жыл сайынғы жиналатын барлық көлемді қайта өңдеуге мүмкіндік береді.

Күріш жармасын вакуумді қалталау технологиясы және күріш жармасынан тез әзірленетін кеспе дайындау өндірісі енгізілді.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-трактор паркі 30% жаңаланды.

8 селолық несие серіктестіктері мен 8 сервистік дайындау орталықтары құрылды. Қуаттылығы тәулігіне 500 литр қымыз және шұбат өндіретін 2 кәсіпорын іске қосылды. Жобалық қуаттылығы жылына 6 мың тонналық балық өңдеу зауыты салынды.

Облыс бойынша егін шаруашылығын субсидиялау бағдарламалары бойынша республикалық және облыстық бюджеттерден 2011-2012 жылдары бөлінген қаржылардың мәліметі төмендегідей:

Кесте 1. Егін шаруашылығына бөлінген қаржылар туралы мәлімет

	Бюджеттік бағдарламалардың атауы	2011 жыл, млн. теңге	2012 жыл, млн. теңге
1	Тұқым шаруашылығын дамыту	78,7	86,5
2	Тұқым шаруашылығын дамытуды жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жүзеге асыру	105,0	140,0
3	Көктемгі дала және жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау	1174,4	1324,4
4	Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге	58,7	93,8
5	Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянды организмдерімен күрес шаралары	10,1	11,5
6	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыру	1,35	1,45
	Барлығы	1428,25	1657,65

Облыс халқының маусымаралық кезеңдердегі көкөніс өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету және олардың бағасын тұрақтандыруды жүзеге асыру бағытында облыс көлемінде жылыжай шаруа-

шылықтарын дамыту қолға аланып келеді. Бүгінгі күні облыс бойынша жалпы көлемі 3,0 га құрайтын 50 жылыжай бар. Соның ішінде жалпы көлемі 2,4 га құрайтын 43 жылыжай соңғы үш жылда салынған.

2011 жылы Қызылорда қаласында «Дорстройсервис» ЖШС-ның жалпы көлемі 1 га құрайтын 20 жылыжай құрылысын салу жобасы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, тәжірибе алмасу мақсатында Жаңақорған ауданындағы «Серікбай» ШҚ-да көлемі 0,7 га құрайтын 4 жылыжай іске қосылды.

Сондай-ақ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда қаласында жалпы көлемі 2,5 га қосымша тағы да 50 шағын жылыжайлар салу жүргізілуде. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан аталған жобаларға қолдау көрсету мақсатында оларға барлық коммуникация көздеріне жақын орналасқан аумақтардан жер телімдері бөлініп берілді.

Сонымен қатар, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ жалпы көлемі 2,8 га құрайтын 70 жылыжай қаралуда.

Көкөніс өнімдерін тамшылатып суару арқылы өндіруді «Тату Агро» шаруа қожалығы жүзеге асыруда. Шаруашылық өзі өндірген жеміс-көкөніс өнімдерін өндеуді ұйымдастыру мақсатында қуаттылығы тәулігіне 600 тонна қызанақ өңдейтін зауытты іске қосу бағытында жұмыстар жүргізуде.

Өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және жергілікті жерде өндірілетін көкөніс өнімдерін сақтауды үйлестіру мақсатында «Қызылорда» ӘКК» АҚ арқылы «Агроөндірістік комбинат «Алтын қамба» ЖШС базасында сыйымдылығы 3250 тонна көкөніс сақтау қоймасы бар сауда-логистикалық орталығы ұйымдастырылды. Жобаның жалпы құны – 747,1 млн. теңге. Өндірістік қуаты: сыйымдылығы 3250 тонна көкөніс сақтау қоймасын, автокөліктер паркі, құрамына 10 «DAF» авторефрижиратор және 5 «КАМАЗ».

Өнімдерді облысқа жеткізуді үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 10 дана «DAF» авторефрижиратор көліктері пайдаланылуда.

«Қызылорда» ӘКК» АҚ-ның жанынан Қызылорда қаласының әр мөлтек аудандарында ашылатын құрастырмалы типтегі 10 сауда дүкенінің 3-нің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

2011 жылы өңірлік индустрияландыру картасы аясында жергілікті бюджеттен әлеуметтік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бөлінген қаржылар есебінен Қызылорда қаласының Қызылжарма елді мекенінде «Сабыр и К» ЖШС өсімдік майын шығару цехын ұйымдастырды. Цехтың қуаттылығы жылына 500 тонна мақсары майын шығаруға есептелген болатын. Қазіргі таңда өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қосымша күнбағыстан май шығарылуда. Күнбағысты өңдеу барысында цехта жылына қуаттылықты 1000 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, балық өнімдерін алғашқы өндеуді жүзеге асыру мақсатында Қазалы ауданындағы «Бахыт» ШҚ және Арал ауданы «Қуаныш» ЖШС іске қосылды.

2011 жылы облыстық бюджеттен 10070 мың теңге қаржы ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестеріне қарсы күресу шараларына бөлініп, ол қаржы толығымен игерілді. Атап айтқанда, Жаңақорған ауданы бойынша 3430 га алқап саяқ шегірткеге қарсы, 310 га күріш егістігі жағалық шыбынға, Шиелі ауданында 2150 га алқап саяқ шегірткеге қарсы, 370 га күріш егістігі жағалық шыбынға қарсы пестицидтермен өңделді.

Сонымен қатар күріштің пирикуляриоз ауруының алдын алу бағытында 9871 гектар егістігі Колосаль фунгицидімен өңделді.

2011 жылы облыс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері барлығы 45,3 мың тонна минералдық тыңайтқыштар сатып алды, оның 35,5 мың тонна аммоний сульфаты, 4,3 мың тонна карбамид, 319 тонна аммиак селитрасы, 389,5 тонна байытылған суперфосфат, 4,8 мың тонна аммофос тыңайтқыштарын сатып алып пайдаланды.

Сонымен қатар, шаруашылық құрылымдарындағы барлық күріш егісінің 49,9 мың гектары азотты тыңайтқыштармен үстеп қоректендіріліп, 44,4 мың гектары әр түрлі арам шөптерге қарсы гербицидтермен және күріштің пирикуляриоз ауруының алдын алу бағытында 9871 гектар егістігі Колосаль фунгицидімен өңделді.

2011 жылы шаруашылықтар ауыл шаруашылығы машина трактор паркін жаңалау мақсатында «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы лизингіге 1079 млн. теңгеге бағаланған 118 техникаға сұраныс берді, одан басқа өз қаржыларына техника сатып алып, барлығы 124 дана жаңа техника алынды.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде соңғы жылдары ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің машина-трактор паркі 31%-ға жаңаланды.

Мал шаруашылығы саласында 2008 жылмен салыстырғанда барлық мал басы және мал шаруашылығының өнімдерінің даму тенденциялары сақталуда.

2008 жылдың деңгейімен салыстырғанда МІҚ саны 1,0%, жылқы 3,0%, түйе 6,8% көбейіп, ет өндіру көлемі 2,6%, сүт 4,3% өсті.

Елбасының тапсырмасына сәйкес 2011 жылы «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» туралы 2011-2015 жылдарға арналған Жобасы дайындалды.

Осыған сәйкес облыстың 2011-2015 жылдарға арналған ет бағытындағы мүйізді ірі қара мал шаруашылығын дамытудың бағыттары айқындалып, «Қызылорда облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасына» енгізілді.

«Сыбаға» бағдарламасының аясында облыста 2011 жылы фермерлік шаруашылықтар ұйымдастыру үшін 500 бас аналық сиыр сатып алу жоспарланған.

Осыған байланысты «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ арқылы несие алуға өтінім берген 124 шаруа қожалығынан 29 шаруашылық жалпы сомасы 238,8 млн. теңге несие алып, 1580 (бұдан басқа 44 бас асыл тұқымды бұқа) бас ірі қара малының аналығын алды немесе жоба бойынша меже 3,0 есеге артығымен орындалды.

Осы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2012 жылы фермерлік шаруашылықтар ұйымдастыру үшін 2,4 мың тауарлы сиыр сатып алу межеленіп отыр. Сонымен қатар 1400 бас шетелдік селекциялық асыл тұқымды мүйізді ірі қара малын алу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Шиелі ауданынан «Досборл би» ЖШС 300 бас, Сырдария ауданынан «Шаған» ЖШС 200 бас, Қызылорда қаласынан «Жанарай» ШҚ 200 бас және «Қызылордаагросервис» ЖШС 700 бас асыл тұқымды мал алуға өтінім беріп отыр.

Облыста асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту мақсатында республиканың өзге өңірлерінен асыл тұқымды мал сатып алумен айналысатын «Қызылордаагросервис» МКК құрылды. Осы аралықта кәсіпорын арқылы асыл тұқымды 1000 бас мүйізді ірі қара, 5185 бас қой, 500 бас жылқы, 78 бас түйе әкелініп, шаруашылықтарға лизингіге берілді. Бүгінгі күні бұл асыл тұқымды малдардың саны МІҚ 1609, қой 9410, жылқы 605 және түйе 110 басқа жеткізілді.

Соңғы он жылда 51 ірі және орта фермерлік шаруашылықтар ұйымдастырылды. 23 асыл тұқымды шаруашылық ұйымдастырылып, облыстық бюджет қаржысы есебінен МІҚ малын қолдан ұрықтандыратын дистрибьютерлік орталық іске қосылды.

Облыстық бюджет қаржысы есебінен жылына 1000 тонна ет өндіретін мал бордақылау алаңы іске қосылды.

Облыста «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» туралы Жобасын іске асыру мақсатында барлық бағдарламаға қатысушыларды орналастыру сызбасы жасалды.

Бүгінгі күні 124 фермерлік шаруашылық жобаға қатысуға тілек білдірді. Осыдан 20 шаруашылық «ҚазАгро» АҚ желісі бойынша несие қаражатын алып, 2618 бас тауарлы ірі қара малы сатып алынды (оның ішінде 2544 бас сиыр және 74 бас асыл тұқымды бұқа).

Жалпы жоба аясында 2011-2015 жылдары облыс бойынша 9 мың бас (8700 голов) мал өсіретін фермерлік шаруашылық, бір ауысымда 500 бас мал бордақылайтын алаң, 2700 бас шетелдік селекциялық асыл тұқымды ірі қара малын (Герефорд, Ангуст МІҚ тұқымы) өсіретін репродуктор шаруашылық ұйымдастыру межеленіп отыр (Оның ішінде 2012 жылы 2400 бас мүйізді ірі қара малын сатып алу, ал мал бордақылайтын алаң және репродуктор шаруашылықтар ұйымдастыру 2013 жылдан бастап жоспарланып отыр).

2013 жылдан бастап сиыр етін экспорттау және 2015 жылы мың тоннадан аса ет экспортқа шығару жоспарлануда. Алға қойған мақсатқа жету үшін мал тұқымын жақсартуға баса назар аударылып отыр. Осыған байланысты тауарлы мал тұқымын ет бағытындағы бұқалармен сіңіре будандастыру және сиырларды қолдан ұрықтандыру мақсатында кесте жасалынды. (2012 жылдың соңына дейін 11200 бас аналық сиырды қолдан ұрықтандыру жоспарланып отыр, оның ішінде 4510 басы бұқамен, 6690 басы қолдан ұрықтандырылады).

Қолдан ұрықтандыру қызметін субсидиялауға бюджеттен тиісті қаржы (20,1 млн. теңге) қаралды. (Бүгінгі таңда фермерлік шаруашылықтар бойынша 1074 бас аналық сиыр ет бағытындағы бұқамен, сонымен қатар 427 бас сиыр ет бағытындағы бұқа ұрығымен қолдан ұрықтандырылды. Бұдан басқа «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несие алған 8 фермерлік шаруашылық қолдағы малымен сатып алған ірі қара малын қолдан ұрықтандыруға дистрибьютерлік орталықпен келісім-шартқа отырды).

Сонымен қатар, мал азығының базасын нығайтуға тиісті шаралар жасалуда. Осыған байланысты үстіміздегі жылы мал азықтық дақылдардың көлемі 3,9 мың гектарға көбейтілді, былтырғы жылы жоңышқаның элита тұқымын өндіретін шаруашылық ұйымдастырылып, ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын сапалы тазалайтын шетелдік желі іске қосылды. Мал азығын дайындайтын машина технологиялық станциялар (МТС) құру мәселесі қарастырылуда.

Мүйізді ірі қара малын бірдейлендіру жұмыстары аяқталуда.

Жылына 11 мың тонна сүт өндіретін, сүт өнімдерімен қамтамасыз етуді 8%-ға дейін көтеретін 660 бас МІҚ арналған тауарлы сүт кешені іске қосылып, дайын өнімнің сақтау мерзімін 1 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік беретін ультрапастеризация технологиясын пайдаланып, сүт өнімдерін өндіретін зауыт іске қосылды.

Сонымен қатар, облыста бірінші өнімділігі 500 тонна өсімдік майын шығаратын цех іске қосылды. Цехтың жобалық қуаттылығымен облыс орталығы тұрғындарының қамтамасыз етілуі 56%-ға жеткізіліп, бұл өнімнің сырттан әкелінетін өнім көлеміне тәуелділігін біршама төмендетуге мүмкіндік береді.

Облыста өңірлік «Қызылорда» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы құрылды.

«Қызылорда» ӘКК» АҚ-ның жарғылық қорын қалыптастыру мақсатында жергілікті бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінді.

Бағаның күрт өсуінің алдын-алу мақсатында «Қызылорда» ӘКК» АҚ жанынан өңірлік тұрақтандыру қоры қалыптастырылып, тиісті инфрақұрылымдарымен 3,2 мың тонналық сақтау қоймасы, 3 әлеуметтік сауда желісі қарастырылған сауда-логистикалық орталық іске қосылды.

(2011 жылы өңірлік тұрақтандыру қорына 2000 тонна картоп, 867 тонна жуа, 400 тонна сәбіз, 675 тонна қант, 400 тонна өсімдік майы, 124 тонна қарақұмық жармасы сатып алынды.

Бүгінгі күні тұрақтандыру қорына сатып алынған картоп, сәбіз және жуа толығымен сатылса, қарақұмық жармасының 1,1 тоннасы, өсімдік майының 9,8 тоннасы сатылды.

Нәтижесінде өткен жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда картоп бағасы 45 теңгеге, жуа 55 теңгеге, сәбіз 45 теңгеге төмендеді).

Жылыжай шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Облыс бойынша жалпы көлемі 3,0 га құрайтын 50 жылыжайдың 43 данасы соңғы 3 жылда салынған. Биылғы жылы жалпы көлемі 5,3 құрайтын 120 шағын жылыжай құрылысы салынуда.

Жыл соңына дейін құрама жем өңдейтін және түйіршіктелген құрама жем шығару зауыттар, жылыжай кешені және өндірістік қалдықтардан органикалық тыңайтқыш өндіру жобалары жүзеге асырылатын болады.

Облыс АӨК деңгейінде шешімін табуы тиіс проблемалар:

– Облыс бойынша соңғы жылдары егін шаруашылығында негізгі проблемалық мәселе егіс суаратын судың тапшылығы болып отыр. 2011 жылы Жаңақорған, Шиелі аудандарында күріш суаруға су жетімсіз болуынан межелеген өнім алуға мүмкіндігі болмады. Сонымен қатар, тамыз айында күріш суаратын су болмауынан Жаңақорған ауданы бойынша 118 гектар күріш пісіп-жетілмей, жиналмай қалды. Оның басты себебі Шардара су қоймасынан Сырдария арнасына секундына 600 текше метрден төмен тасталса, Жаңақорған ауданын сумен қамтамасыз ететін Келінтөбе каналына су көтерілмейді. Осыған орай, Келінтөбе каналының сағасына су тоспасы құрылысын салу қажет.

– Өңірімізде өсірілетін қауын сорттарының (Қара күләбі, Қалайсан) тұқымы жоғалуға жақын. Сондықтан осы сорттардың тұқым шаруашылығын дамыту керек.

– Облыста су жеткізіп беру қызметінің тарифінің жоғарылығы. Осының себебінен көптеген шаруашылықтар қаржылай зиян шегіп, өндіріп отырған өнімдерінің өзіндік бағасы жоғарылап, бәсеке-лестік қабілеті төмендеуде.

– Аудандарда мал азығының проблемасын шешу үшін жоңышқа мен сүрлемдік жүгері егісінің көлемін көбейту.

Әдебиеттер:

1. Сборник Статистического агентства РК «Инвестиционная деятельность РК». – Алматы, 2006-2011.
2. Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты 2007-2011 жж. мәліметтері. – Қызылорда, 2012.
3. Қызылорда облыстық статистика басқармасының 2007-2011 жж. мәліметтері. – Қызылорда, 2012.
4. Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 2007-2011 жж. мәліметтері. – Қызылорда, 2012.

Резюме

В статье предложены методические подходы, способствующие выявлению инвестиционных резервов за счет создания комплексной системы трансформации свободных средств в инвестиции с разработкой структуры финансово-кредитных учреждений в АПК, основанной на коллективных формах инвестирования и государственной поддержке.

Аграрный сектор Казахстана обладает большими экспортными возможностями и высоким потенциалом для внедрения инновации. Государственное регулирование инвестиционной деятельности в условиях рыночной экономики является центральным звеном, формирующим рыночную среду, разрабатывающим и обеспечивающим внедрение на практике.

Summary

The agrarian sector of Kazakhstan possesses the big export possibilities and high potential for innovation introduction. State regulation of investment activity in modern conditions of market economy is the central link forming the market environment, developing and providing introduction in practice.

For activization of investment activity in agriculture branches the methodical approaches promoting revealing of investment reserves at the expense of creation of complex system of transformation of available assets in the investment with working out of structure financially-credit institutions in agrarian and industrial complex, based on collective forms of investment and the state support are offered.

ӘОЖ 336.6:378

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қ.С. ЖРАУОВА,

экономика ғылымдарының кандидаты

Б.Т. ЖҮНІСОВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Білім беру «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады [1].

Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр.

Адами капиталға бөлінетін инвестициялар жылдам өзгеретін әлемде бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өнімді жұмыс күшін құру үшін аса қажет. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтын болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет.

Білім беру мен экономикалық өсуді байланыстыратын көптеген дәлелдер бар:

- макро және микроэкономикадағы халықаралық зерттеулерді шолу білім берудің, табыстың және өнімділіктің арасында тығыз байланыстың бар екенін дәлелдеп отыр. Бұл ретте оқытудың бастапқы кезеңіне инвестициялаудың зор қайтарымы болатыны байқалады;

- зерттеулер білім беруді дамытуға жұмсалған инвестицияның маңызды жақтарын растайды.

Экономикалық пайдадан бөлек білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды келтіреді, әлеуметтік капиталдың – азаматтардың көп үлесінің қатысуымен құралған, әлеуметтік бірлігі мен интеграциясы жоғары, құқық бұзушылық деңгейі төмен қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Жастайынан білім алу әлеуметтік, эмоционалдық және басқа да өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Білім беру қызметінің барлық спектрларын одан әрі дамытудың сенімді дәлелдері осында. Қазақстанның білім беруді түбегейлі жаңғыртуы: білім беруге салынатын инвестицияны айтарлықтай және тұрақты ұлғайтуы, оның сапасын жақсартуы қажет.

Сондықтан жаңа ұлттық пайымдау ұсынылады: 2020 жылға қарай Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші. Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі тұрғысынан сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс.

Білім беру саласын бюджеттік қаржыландырудың қажеттілігі, ең алдымен, білім беру қызметінің қоғамдық тауар ретіндегі қасиеттерімен елдің әлеуметтік және экономикалық дамуындағы олардың рөлімен сәттеседі. Ал бюджеттен бөлінетін құралдар көлемі практиканың талаптарына сәйкес анықталуы мүмкін емес. Себебі, мемлекеттік реттеудің қай-қайсысы өз алды бюджеттік қамтамасыз етуге жататын мемлекеттік тапсырыс және натуралды немесе ақшалай түрдегі әлеуметтік нормативтер тағайындауды талап етеді. Мысалы, заңнамаларда білім беру жүйесі үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытындар контингентінің саны, мемлекеттік білім беру стандарты, бюджеттік қаржыландыру нормативі сияқты параметрлер болуы тиіс екені анықталған.

Қазіргі кезеңде білім беру мекемелерін ұстау үшін әрекеттегі қаржылық ағымдар бюджет деңгейлері бойынша жіктелінеді. Орталық республикалық деңгей бойынша бюджеттік құралдармен қамтамасыз ету үш бағытқа бөлінеді, яғни орталық республикалық бағыныштағы мекемелерді ұстауға, республикалық білім беру бағдарламаларды іске асыруға және қаржылық жәрдемге мұқтажды аймақтарға трансферттер ретінде білім беру субвенцияларға. Аймақтық және жергілікті деңгей республикалық деңгейге ұқсас, мұнда жергілікті бағыныштағы білім беру мекемелерді ұстау мен тиісті білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті бюджеттік құралдар қарастырылады [2, 186].

Білім беру саласын басқару стратегиясының негізгі бөлігі – ол қаржылық қамтамасыз ету. Бұл мәселені жетілдіру барысында бірнеше мақсаттарды шешу қажеттігі пайда болады, олар – дамудың басымды бағыттарын таңдау, қаржыландырудың жаңа көздерін анықтау және пайдалану, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануының ұйымдық және экономикалық механизмдерін жарату, бюджет құралдарын билеу жөніндегі өкілеттікті дәйекті үлестіру. Республикалық деңгей бойы қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, қажетті білім беру дамуының басымды бағыттарын таңдау мақсаты ең алдымен білім берудің әр түрлі деңгейлері бойынша шығындардың арақатынасын анықтауғы байланысты.

Бүкіләлемдік Банк мәліметтері бойынша қазіргі кезеңде дамыған елдерде міндетті мектептік білім беруге арналған шығындар басым шығындар болып табылады. Дамыған елдерде мұндай шы-

ғындардың үлесі барлық білім беруге арналған шығындардың ішінде 67%-дан (АҚШ) 89%-ға дейін (Жапония) құрайды. Осы елдерде жоғары білім беруге арналған шығындардың үлесі 8%-дан (Жапония) 27% (АҚШ) бен 34%-ға дейін (Канада), ал мектепке дейінгі білім беруге 0,3%-дан (Канада) 11%-ға дейін (Франция) толықсыды. Қазақстанда шығындар құрылымының маңызды ерекшеліктері бар. Біздің елімізде мемлекеттік қаржыландырудың ерекшелік белгісінің бірі – ол мектепке дейін білім беруге арналған шығындардың салыстырғанда жоғары үлес салмағы – 27% және міндетті білім беруге арналған шығындардың үлесі төмен – барлығы 50%, оның ішінде жалпы академиялық білім беруге 38% жатады, кәсіптік білім беруге қалған 12% жатады [3].

Қазіргі уақытта білім беруді қаржыландыру республикалық деңгейден келе-келе жергілікті деңгейде беріліп жатыр. Мұндай процесс ең алдымен кәсіптік білім беру мекемелерінің мүддесін қозғайды, себебі орталықтан қаржыландыру болған жағдайда аймақтық және жергілікті еңбек нарығына қажетті кадрлар дайындауды есептеуі өте қиын. Тағы бір себеп – ол білім беру мекемелері, кәсіпорындар мен ұйымдардың құралдары арқылы қаржыландырудың жоқтығы. Мысалы, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында бюджеттердің барлық деңгейлерінің құралдары арқылы білім беруге арналған шығындары осы сала бойы қажетті барлық шығындардың 84%-ын құраған, ал қалған 16%-ы кәсіпорындар мен ұйымдардың құралдары арқылы қамтамасыз етілген.

Ғылыми-техникалық прогресті қаржыландыруға тоқталсақ, қазіргі кезде ғылым мен инновациялық технологиялар әлемде экономиканы дамытудың шешуші факторлары болып табылады. Әр түрлі бағалаулар бойынша дамыған елдерде өндіріс өсімінің 70-тен 90%-ға дейінгісі инновацияларды пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі екен. Тек жаңа технологиялар елге өндірістің тұрақты өсуін кепілдендіруі, сондай-ақ дүниежүзілік шаруашылық байланыстар жүйесіне экономиканы үйлестіру интеграциясын қамтамасыз етуі мүмкін.

Ғылыми-техникалық прогресті қаржыландырудың көзін таңдау кезеңдерге және, тиісінше, ғылыми-техникалық зеттеулерге байланысты, соның ішінде: іргелі және қолданбалы ғылыми зеттеулер, жобалау конструкторлық зерттемелер, жаңа техника мен технологияны, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың әдістерін енгізу. Ғылыми-техникалық прогресті қаржымен қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары қаржыландыру көздерінің көптігі және олардың мақсатты бағыттылығы болуы тиіс. Ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуді ынталандырудың маңызды бағыты ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын жүзеге асыратын субъектілер үшін мақсатты субсидиялар мен жеңілдікті несиелер беру, жаңа техника мен технологияларды игеру жөнінде арнайы құрылатын көтеріңкі шығындардың инвестициялық қорлары есебінен өтемақы төлеу, жаңа қымбат тұратын өнімді тұтынушыларға оны игеру жылдарында мақсатты жәрдемақылар енгізу, негізгі құрал-жабдықтардың жеделдетілген амортизациясын қолдану болып табылуы мүмкін. Ғылыми-техникалық прогресті қаржымен қамтамасыз етудің көзі қаржылық қолдауды көрсетуге арналған инновациялық қорлардың ресурстары бола алады. Бұл қорлар салаларда немесе өңірлерде ғылыми-техникалық өнімді әзірлеушітер мен тұтынушылардың, банктердің, басқа мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ биліктің жергілікті органдарының бюджеттік қаражаттары есебінен құрылуы мүмкін.

Мемлекеттің дамуының жаңа беталыстарына сәйкес білім беру саласында жеке кәсіпкерлік жүйесі орын ала бастады. Білім берудің қызметінің нарығы мемлекеттік тапсырысты қамтамасыз етумен бірге халық пен кәсіпорындардың әр түрлі топтарының әлеуметтік тапсырыстарына қанағаттандыруын талап етеді. Білім беру процесіне қалыптасып жатқан кәсіпкерлер класымен бірге әр түрлі қоғамдық қозғалыс пен ұйымдардың, ұлттық бірлестіктердің, діндар қауымдардың өкілдері қосылуда. Олардың білім беру жүйесін өз мүдделеріне сай көркейту жөніндегі талпыныстары мемлекеттік емес оқу орындарын ашуға және мемлекеттік мекемелерге қаржылық жәрдем жасауға ниеттендіреді. Бұл арада мемлекеттік мекемелер де өздігінен білім беру бағдарламаларын таңдауды іске асыруға және халыққа төлемақы негізінде білім беру қызметінің айдыңды спектрін көрсетуге құқы бар.

Демек, білім беруді қаржыландыруды қосымша көздер таратылу арқылы іске асыруы мүмкін, яғни білім беру мекемесінің өзінің кәсіпкерлік іс-әрекеті және оларға демеуші болатын заңды және жеке тұлғалармен арақатынас құру.

Соңғы жылдары білім беру сапасын және ресурстарды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында университеттер мен колледждерде жоғары оқу орындарының менеджментін жетілдіруіне көбірек ықпал етуде. Ұлттық университеттерге халықаралық бәсекелестікті қамтамасыз етуге мақсат қойылды.

Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр. Білім берудің дамыту бағдарламасының күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

- білімді дамытудың нақты айқындалған басым бағыттары;
- қазақстандық білім беру құрылымының Білім берудің халықаралық стандарты жіктеуішімен сәйкестігі;
- техникалық және кәсіптік білімді қайта құрылымдау;
- ұлттық білім беру сапасын бағалау жүйесінің қызмет етуі;
- еуропалық білім беру кеңістігіне кіру.

Осы айтылғандардың негізінде Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуын жетілдіру тұрғысында келесі ұсыныстарды жасауға болады:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу;
- еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу;
- өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар, 2012 жыл // Айқын. – 2012. – 28 ақпан.
2. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2006. – 320 б.
3. Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің ресми сайты. – www.stat.kz.

Резюме

В статье образование определено как один из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан – 2050». В процессе исследования появляется необходимость решения таких проблем, как выбор приоритетных направлений развития, выявление и использование новых источников финансирования, разработка организационных и экономических механизмов эффективного потребления имеющихся ресурсов, реальное распределение полномочий в управлении бюджетных средств.

Summary

Education is one of the most important long-term priorities of the Strategy «Kazakhstan – 2050». The main part of the strategy for the management of education - is financial security. The study appears need to address such issues as the selection of priority areas for development, the identification and use of new sources of financing, the development of organizational and economic mechanisms for the effective use of available resources, the actual distribution of authority in the management of budget funds.

РЫНОК АРЕНДНОГО ЖИЛЬЯ: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

К.Н. БЕКЕТОВА,

кандидат экономических наук,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Направлением «Арендное жилье с правом выкупа» Программы «Доступное жилье 2020» будет заниматься АО «Ипотечная организация «Казахстанская ипотечная компания» («ИО КИК»).

Реализация данного направления начата с 2012 года, и при запуске объем вводимого жилья составил до 250 тыс. квадратных метров, с доведением до 500 тыс. квадратных метров в последующие годы.

Средняя стоимость строительства одного квадратного метра на начальном этапе составит 100 тыс. тенге, которая может изменяться в зависимости от сейсмичности и региональных особенностей. Средняя стоимость аренды одного квадратного метра на начальном этапе составит 1 тыс. тенге. Арендное жилье будет 3-4 класса комфортности площадью – от 35 до 80 кв. м [1].

Аренда с выкупом предусматривает следующие условия:

- срок договора аренды с выкупом составляет 15 лет, по истечении которого жилье переходит в собственность арендатора;
- первоначальный взнос составит 6 месячных арендных платежей;
- возможность выкупа арендного жилья по истечении 10 лет аренды;
- возможность привлечения соарендаторов при недостаточности доходов;
- возможность уступки права аренды с выкупом третьим лицам;
- возможность переселения в арендное жилье большей/меньшей площади в зависимости от текущего финансового состояния.

Прием документов и формирование списков граждан, нуждающихся в арендном жилье, и распределение будут осуществлять местные исполнительные органы, там же можно будет получить подробную информацию о категориях граждан и перечне необходимых документов.

Ипотечное кредитование коммерческие банки практиковали еще в конце 90-х годов XX века, но главным толчком для развития ипотеки послужила Концепция долгосрочного финансирования жилищного строительства и развития системы ипотечного кредитования в Республике Казахстан, одобренная Правительством в августе 2000 года. По этой Концепции одним из приоритетных направлений жилищной политики стало формирование системы ипотечного кредитования, которая ориентирована на наиболее экономически активную часть населения. С начала действия Концепции была создана Казахстанская ипотечная компания, осуществляющая рефинансирование кредиторов, выдающих долгосрочные ипотечные кредиты населению. Она призвана решать вопросы ликвидности банков второго уровня в условиях долгосрочного ипотечного кредитования. КИК приобретает у банков стандартные ипотечные кредиты, в том числе за счет выпуска собственных ипотечных облигаций. Помимо кредитной линии КИК, банки реализуют и собственные программы ипотечного кредитования [2].

Анализ платежеспособности потенциальных участников программы будет производиться АО «ИО «КИК» до распределения арендного жилья. С целью реализации программы АО «ИО «КИК» создаст компании «Единые платежные системы» и «Казахстанская жилищно-строительная корпорация», которые будут проводить необходимые работы с арендаторами (заключение договоров на аренду, на поставку коммунальных/эксплуатационных услуг и т.д.), систематизировать арендные платежи, определять потенциальных застройщиков и осуществлять контроль на всех этапах строительства.


Направление «Арендное жилье с правом выкупа» будет реализовываться АО «ИО «КИК» во всех регионах Казахстана.

Таким образом, основной целью внедрения системы ипотечного жилищного кредитования является увеличение объема платежеспособного спроса на жилье.

Однако, несмотря на принимаемые государством меры, жилищное ипотечное кредитование в Казахстане еще не стало тем механизмом, с помощью которого население могло бы решить жилищную проблему.

На протяжении последних 5-7 лет наблюдалась тенденция постоянного роста объемов выданных БВУ ипотечных кредитов. По данным АФН, объем ипотечных жилищных займов физическим лицам на начало 2008 года составил 629,2 млрд. тенге, увеличившись по сравнению с предыдущим годом на 158,8%. При этом жилищные займы составляют 7,1% от совокупного ссудного портфеля БВУ [3].

Долгосрочное кредитование в Казахстане в настоящее время обусловлено высокими финансовыми и кредитными рисками. Среди основных рисков, связанных с ипотечным кредитованием, специалисты АФН отмечают неплатежеспособность заемщиков, резкое снижение цен на жилье, изменение рыночной процентной ставки, ликвидность банков.



Примечание: Данные Казахстана по состоянию на 1 сентября 2012 года.

Источник: АФН, European Mortgage Federation.

Рис. 1. Доля ипотечных жилищных займов в ВВП, %

В 2012 году для поддержания финансового сектора государство планирует выделить еще около 300 млрд. тенге. Ключевыми принципами оказания государственной поддержки является софинансирование, партнерство государства и бизнеса, адекватное разделение рисков и ответственности. Своевременное предоставление необходимых объемов ликвидности банкам второго уровня снизило напряженность на финансовом рынке, вызванную сокращением объемов внешнего заимствования из-за международного кризиса.

Во многих развитых странах активно развивают арендное жилье. Здесь помощью государства является субсидирование строительства частных домов для их последующей сдачи в аренду. Арендное жилье рассматривается в качестве важного фактора решения жилищной проблемы в таких государствах, как Бельгия, Швейцария, Германия. Насыщение рынка нашей страны недорогим арендным жи-

льем может привести к снижению общей арендной стоимости жилья и решению жилищных проблем низкодоходных слоев населения. Однако приходится констатировать, что в Казахстане до сих пор не создан сектор арендного рынка жилья.

Основными показателями состояния рынка жилья с точки зрения возможности приобретения гражданами квартир являются коэффициенты доступности жилья. В мировой практике применяется показатель «коэффициент доступности жилья» (housing price to income ratio), который рассчитывается как отношение медианной стоимости жилья к медианному доходу домохозяйства за год. Величина такого показателя соответствует числу лет, в течение которых семья может накопить на квартиру при предположении, что все получаемые доходы будут откладываться на ее приобретение. Медианный доход домохозяйства определяется как совокупный денежный доход такого домохозяйства, по отношению к которому половина всех домохозяйств имеют доходы ниже, а половина – выше. В состав доходов включаются доходы из всех источников, в том числе зарплата, доходы от предпринимательской деятельности или неформальной занятости, от инвестиций и другие доходы. Медианная стоимость жилья – это стоимость такого жилья, по отношению к которому 50% имеющихся жилых единиц стоят дешевле, а 50% – дороже. При этом она определяется на основе понятия «справедливой» рыночной цены, то есть цены, по которой жилье могло быть продано в течение разумного периода времени продавцом, на которого не оказывается давление.

Учитывая ежегодный прирост стоимости жилья, этот срок может стать еще более длительным. Результаты расчетов демонстрируют, что для жителей Казахстана вопрос о доступности жилья является достаточно сложным. Возможным выходом из сложившейся ситуации может стать привлечение заемных средств – использование ипотечного жилищного кредита.

Резюмируя изложенное, можно сделать вывод о том, что ипотека повышает доступность жилья, позволяя свести период накопления к минимуму. Следовательно, при наличии финансовых средств для оплаты первоначального взноса и ежемесячных платежей потребителю разумнее воспользоваться ипотечным кредитом для улучшения жилищных условий, чем копить деньги на квартиру в течение долгих лет.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «О жилищных отношениях». – Алматы: ЮРИСТ, 2011. – 52 с.
2. Весельская Н.Р., Горячева Е.В. Жилищное право Республики Казахстан. – Караганда: Полиграфия, 2011. – 320 с.
3. Стулов А.В. Управление развитием рынка жилой недвижимости [Электронный ресурс]: Автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – М., 2010. – 160 с.
4. Ясько В.Л. Жилье: категориальный анализ и ГРЭ при переходе к рынку [Электронный ресурс]: Автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.01. – Ростов н/Дону, 2009. – 154 с.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлікті жалға беру рыногының ерекшеліктері қарастырылған. Ипотекалық несиелендіруді коммерциялық банктер 1990 жылдың соңында тәжірибеге енгізді. 2000 жылда Қазақстан Ипотекалық компаниясы құрылды. Ағымдағы жылда мемлекет қаржылық секторды қолдау үшін 300 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлуде.

Summary

In this case look through the main sides of building houses market in the Republic of Kazakhstan. Mortgage lending by commercial banks to practice in the late 1990s, but the main impetus for the development of mortgage served as a long-term concept of housing finance and the development of mortgage lending in the Republic of Kazakhstan, approved by the Government in August 2000. This year, for the maintenance of the financial sector the government plans to allocate about 300 billion.

ОЦЕНКА ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА И РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ ТУРИЗМА В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Г.К. ЛУХМАНОВА,

кандидат экономических наук,

Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,

г. Талдыкорган, Республика Казахстан

Алматинская область является одним из наиболее привлекательных регионов Казахстана в плане развития туризма. Она обладает значительным туристско-рекреационным потенциалом и имеет большие возможности для развития туризма как внутреннего, так и международного. Реестр видов туризма включает в себя познавательный, экологический, орнитологический, санаторно-оздоровительный, этнографический и другие. Имеется немало источников термальных вод, грязевых озер, лечебные свойства которых не только не уступают, а зачастую даже превосходят аналоги самых известных здравниц мира.

Область располагает значительными ресурсами для развития горного туризма и альпинизма. Уникальны горные массивы Заилийского Алатау и Джунгарского Алатау, а также район пика Хан-Тенгри (7014 м) – высшей горной точки страны – на Центральном Тянь-Шане. В горах находится целый ряд живописных озер и водопадов.

Павлодар облысы	228,4	0,8	258,3	0,7	303,3	0,8	198,8	0,6	385,6	0,9
Солтүстік Қазақстан облысы	94,3	0,3	131,1	0,4	129,8	0,3	112,1	0,3	101,9	0,2
Оңтүстік Қазақстан облысы	420,3	1,6	384,9	1,1	357,9	0,9	450,7	1,3	440,5	1,0

Астана қаласы	2387,5	8,9	4768,4	13,7	4448,5	11,4	4445,6	13,3	9280,9	21,4
Алматы қаласы	12520,2	46,6	14951,7	43,0	18336,2	47,0	13319,8	39,8	16287,6	37,6
Қазақстан Республикасы	26835,5	100	34761,6	100	38988,7	100	33466,8	100	43351,6	100
Ескерту: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автормен есептелген										

1-кесте мәліметтеріне талду жасайтын болсақ, 2011 жылы зерттеулер мен әзірленімдерге бөлінген ішкі шығындардың көлемі өткен жылдармен салыстырғанда едәуір артып, 43351,6 млн теңгені құраған. Өңірлер бойынша қарастыратын болсақ, зерттеулерге жұмсалған шығындардың басым үлесі талданып отырған кезеңдердің барлығында Алматы қаласына (2007 жылы 46,6% немесе 46,6 млн теңге болса, 2011 жылы 37,6% немесе 16287,6 млн теңге) тиесілі. Ал ең аз үлес салмақты Қызылорда облысы иеленіп отыр, атап көрсетсек, 2007 жылы облыс бойынша ішкі шығындар көлемі небәрі 0,3%-ды немесе 69,8 млн теңгені құраса, 2011 жылы 0,2%-ды немесе 79,5 млн теңгені құрап отыр.

Келесі кестеде Қазақстанның аймақтары бойынша инновациялық өнімнің көлеміне талдау жасаймыз (2-кесте).

Кесте 2. Аймақтар бойынша инновациялық өнім көлемі

	2007 жыл		2008 жыл		2009 жыл		2010 жыл		2011 жыл	
	Млн. т	%	Млн. т	%	Млн. т	%	Млн. т	%	Млн. т	%
Ақмола облысы	41235,6	27,0	4316,9	3,9	1039,0	1,3	6959,6	4,9	9822,5	4,2
Ақтөбе облысы	11680,0	7,8	14056,9	12,6	4428,3	5,4	9792,3	6,9	16880,9	7,2
Алматы облысы	8577,4	5,6	334,0	0,3	419,5	0,5	521,0	0,37	5498,1	2,4
Атырау облысы	186,9	0,1	1598,4	1,4	55,3	0,1	126,1	0,1	1828,1	0,8
Шығыс Қазақстан облысы	26015,4	17,2	5118,2	0,5	6939,5	8,4	13854,5	9,7	33592,5	14,2
Жамбыл облысы	2241,6	1,6	6286,1	5,6	2190,4	2,7	723,8	0,5	11251,8	4,9
Батыс Қазақстан облысы	2343,8	1,7	390,6	0,4	728,7	1,0	-	-	24804,9	10,5
Қарағанды облысы	37986,5	25,0	16473,8	14,9	14412,4	17,4	14897,7	10,4	14388,6	6,1
Қостанай облысы	1344,8	0,9	4084,0	3,8	1848,3	2,2	1966,9	1,4	12453,0	5,3
Қызылорда облысы	8,0	0,1	30,3	0,1	66,7	0,1	-	-	2281,3	1,0
Маңғыстау облысы	7353,0	4,8	5002,9	4,5	133,0	0,2	232,2	0,2	618,6	0,3
Павлодар облысы	2002,7	1,3	38060,2	34,1	35420,1	43,0	72592,6	51,1	73279,0	31,1
Солтүстік Қазақстан облысы	959,9	0,1	3228,6	2,9	2751,0	0,3	2880,6	2,0	1469,5	0,6
Оңтүстік Қазақстан облысы	2715,1	1,8	1451,4	1,3	4422,5	5,4	4859,9	3,4	15374,0	6,1
Астана қаласы	13,0	0,1	13,2	0,1	31,1	0,1	72,2	0,1	1818,6	0,8
Алматы қаласы	7836,9	5,1	11085,6	10,6	7711,5	9,3	12686,6	8,9	10601,4	4,5
Қазақстан Республикасы	152500,6	100	111531,1	100	82597,3	100	142166,0	100	235962,7	100
Ескерту: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автормен есептелген										

2-кесте мәліметтері негізінде Қазақстан Республикасы бойынша инновациялық өнім көлемінің 2011 жылы өткен жылдармен салыстырғанда артқандығын байқауға болады. Ал аймақтар бойынша қарастыратын болсақ, Павлодар облысында 2007 жылы инновациялық өнім көлемі небәрі 1,3%-ды немесе 2002,7 млн теңгені құраса, кейінгі жылдары көлемі ұлғайып, 2011 жылы жалпы инновациялық өнім көлемінің 31,1%-ын немесе 73279,0 млн теңгесін құраған. Ал талданып отырған кезеңдерде ең төменгі көрсеткіштер Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында сақталып отыр.

Жалпы талдауды қорытындылайтын болсақ, соңғы жылдары елімізде инновациялық қызметтің даму үстінде екендігін көруге болады.

Ал енді осы инновациялық қызметті дамытудың басты факторы ретінде ғылым мен бизнестің интеграциясын айтсақ, онда қазіргі уақытта мемлекетімізде осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Қазіргі уақытта Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қазақстандық ғылымның жаңа басымдықтарын бекітті. Бұлар – энергетика және энергия үнемдеу, шикізат пен өнімді қайта өңдеу, өмір туралы ғылымдар, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар. Бұл көрсетілген басымдықтар өндірісті ғылыми-технологиялық дамыту мен адамдардың денсаулығына бағдарланған және зерттеулердің міндетті түрде түпкілікті инновацияға шығуын көздейді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайты.

Резюме

В статье определены основные аспекты интеграции науки и бизнеса, рассмотрен опыт развития инновационной деятельности в развитых странах. Также проанализированы инновационная активность Казахстана, в частности доля внутренних затрат на исследования и разработки, доля инновационных продуктов к ВВП, структура затрат на исследования и разработки, а также структура инновационных продуктов по регионам Казахстана за последние 5 лет.

Summary

The basic aspects of integration of science and business are certain in the article, considered experience of development of innovative activity in the developed countries. Innovative activity of Kazakhstan is also analysed, in particular stake of internal expenses on research-and-developments and stake of innovative foods to GDP, structure of expenses on research-and-developments, and also structure of innovative foods on the regions of Kazakhstan for the last 5 year.

ӨОЖ: 368.027.8:330.33(574)

ҚАЗАҚСТАНДА САҚТАНДЫРУ БИЗНЕСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

А.Е. МУСАЕВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Бүгінгі күні сақтандыру қызметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасайтындықтан, нарықтық әдістермен экономиканы басқарудың негізгі құралы

болып табылады. Кез келген мемлекетте сақтандыру механизмдерінің ерекшелігі тек қана кәсіпорындар мен азаматтардың мүлкін сақтау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің макроэкономикалық мәселелерін шешу секілді қызметтерді атқару болып табылады. Сол себептен нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде сақтандыру әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі экономиканың стратегиялық секторы болып табылады.

2012 жылдың I жарты жылдығында Қазақстанның сақтандыру нарығында өсім 10 пайызды еңсерді. КАСКО, өмірді және ерікті медициналық сақтандыру салаларында айтарлықтай өсім болды.

Нарықты өзгертіп, қозғап отырған факторлардың арасына нарық ойыншылары қадағалаушы орган қойған талаптарды атап өтті. Бұдан бөлек шетелдегі тәуекелді қайта сақтандыруды да атап өткен маңызды.

Нарықта біртіндеп өзінің маңыздылығын жоғалтып келе жатқан өнімдердің арасында ойыншылар кэптивтік сақтандыруды атап отыр. Бұл – ірі компаниялар өз еншілес құрылымдарының тәуекелдерін сақтандырып, өзінің кірісін сақтап қалғандағы полистер.

Дағдарыстан кейін сақтандыру компаниялары құрылымдардың қаржылық тәуекелдерін сақтандырудан бас тартып отыр. Бұған отандық компаниялар бюджеттерінің жетпей қалуына әсер етті. Демек, бұл өте қауіпті, тәуекелі жоғары шығындар.


Бірінші орында барлау қондырғыларын орнататын мамандарға, электродәнекер, алып көлемді нысандарды жаратын адамдар мен ірі өндіріс орындарында еңбек ететін жұмысшылар тұр.

Екінші орын темір жол саласының мамандарына тиесілі. Олар жұмыс кезінде жиі жарақат алып қалуы мүмкін. Оның ішінде темір жолды жөндейтін мамандар бірінші орында тұр. Жаңа құралдарды орнату мамандарының жұмыстары да қауіпті етіп танылды. Тек қана бірінші жарты жылдықта бір ғана компания жұмыс орнында болған жарақаттар үшін екі жүз млн. теңгелік төлемдерді жүргізді [1].

Сақтандыру ұйымдарының сақтық қызметі адамдардың бизнесі мен әл-ауқатын қорғау құралы бола отырып, табыс әкелетін іс-әрекет түрі ретінде көрініс табады. Сақтандыру ұйымдарының табыс көздері келесідей:


- компания жүргізетін сақтандыру іс-әрекетінен түсетін табыстар;
- мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстар;
- басқа кәсіпорындардың акциялары бойынша табыстар;
- банктік депозиттер бойынша табыстар.

Берілген 1-сурет мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы мынадай болған: 2011 жылдың 6 айында өмірді сақтандыру бойынша сыйлықақылар 6,4 млрд теңгені құраған болса, 2012 жылдың осы уақытындағы дәл осы көрсеткіш 13,8 млрд теңгені құрап, 2,1 есе артып отыр. Жалпы сақтандыру саласы бойынша сыйлықақылар 2011 жылдың 6 айының көрсеткіші бойынша 36,3 млрд теңгені құраған, 2012 жылы осы уақытта ол көрсеткіш 34,7 млрд теңгені құрап, 4,4%-ға кеміген [2].



Сурет 1. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы, млрд теңге

2-суретте сақтандыру төлемдерінің динамикасы көрсетілген. Суреттен көріп отырғанымыздай ерікті жеке сақтандыру түрлері бойынша төлемдер ұлғаюы басқа түрлеріне қарағанда біршама басым болып отыр [2].



Сурет 2. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы, млрд. теңге

Экономикалық категория ретіндегі сақтандыру қызметінің қажеттілігі келесідей белгілерімен анықталады:

- табиғи апаттардың немесе басқа да қиратушы күштердің кездейсоқ сипаты;
- залалдың (зиянның, шығынның) натуралды немесе ақшалай формадағы көрінісі;
- шығындарды өтеудің объективтік қажеттігі;
- нақты оқиғалардың салдарларын алдын алу және өзгерту бойынша шараларды іске асыру.

Елімізде сақтандыру саласының және басқа да қаржылық рыноктардың өзара әрекет етуінің потенциалы өте жоғары және ол белсенді қолданылатын дамыған батыс елдеріне қарағанда, Қазақстанда оны тек жаңадан игеруге тура келеді. Қазақстандық сақтандырушылардың бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық мүмкіндігі толық қолданылмай келеді, оған қаржы рыногының нашар дамығандығы себеп. Экономиканың кез келген сегментіндегі компаниялар қосылуының сыртқы және ішкі инвестициялық артықшылығы болуы мүмкін.

Бірқатар ғалым-экономисттердің зерттеулерінде қосылу туралы шешім қабылдаған компаниялар қол жеткізуге тырысқан келесі мақсаттарды бөліп көрсеткен:

- рыноктағы жеке бәсекелік ұстанымын күшейту және бәсекелестерді жою;
- басқа потенциалды қатысушылар үшін рынок сегментіне немесе рынокқа ену кедергілерін көтеру;
- өзара толықтырушы, балансталған активтерді алу;
- бос қаражаттарды орналастыру тиімділігін көтеру;
- пайдалы бизнеске қатысу;
- бар басқару дағдыларын басқа бизнесте қолдану;
- тәуекелдерді түрлендіру;
- ақпараттық және маркетингтік шығындарды төмендету.

Жоғарыда аталып өткен жағдайда сақтандыру компаниялары өздерінің ресурстарының қосылуынан қосымша пайда алады:

1. Мамандануды көтере отырып табысты өсіру, маркетингті жақсарту және рыноктағы ұстанымын нығайту;
2. Тік шоғырлану және өзара толықтырушы ресурстарды үнемдеу есебінен шығындарды төмендету;
3. Салық салуды оңтайландыру;
4. Капитал құнын түсіру.

Жоғарыда айтылып кеткендей, сақтандыру ел экономикасының азырақ зерттелген саласы болып отыр, сонымен қатар Қазақстандағы сақтандыру компанияларының қызмет механизмін жетілдіруде бірқатар шешуді қажет ететін маңызды мәселелер бар:

1. Еліміздегі сақтандыру компанияларының қызметін жетілдіру үшін осы компаниялардың сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерін, сақтанушылар санын, сақтандыру шарттарын және сақтандыруға берілетін объектілер санын өсіру керек;

2. Отандық сақтандыру ұйымдарының қызметін дамыту үшін сақтандыруды салықтық ынталандыру шараларын жүзеге асыру керек;

3. Сақтандыру нарығының маңызды қатысушыларының бірі сақтандырудағы актуарийлерді дайындау және олар бәсекеге қабілетті болуы үшін мамандар жетіспеушілігі байқалады, осыған орай лицензия алу қабілетін жоғарылату мақсатында біліктілік курстарын жүргізу қажет;

4. ХХІ ғасыр талабына сай есеп жүргізудің халықаралық стандарттарға сай болуы шарт, өкінішке орай, отандық сақтандыру компанияларында есептілік бұл стандарттармен жүргізілмей келеді [3]

Елімізде сақтандыру нарығының тиісті деңгейде дамуына тиімді әсер ететін жаңа тәсілдердің бірі сақтандыру ісінде маркетинг әдістерін қолдану болып табылады. Ол бизнес саласында жаңа өнімдік бағыт беретіндіктен, көптеген мүмкіндіктерге ие.

Маркетинг әдістерін компанияның күнделікті тіршілігіне, әрекетіне енгізудің өзі оның қызметін тиімді етіп, іскерлігін ұштай түседі, ал сақтандыру рыногында қолдану қаржылық-экономикалық қарым-қатынастардың тиімді шешім табуына мүмкіндік береді. Сақтандыру ісіне қаржылық-экономикалық қатынас деп компания мен клиент арасында сақтандыру өнімін сату процесінде пайда болатын, қызмет көрсету сервистері және сақтандыру ақысын қайтару, төлеу сияқты қарым-қатынас кешені түсініледі.

Отандық сақтандыру ісінде маркетингті кеңінен қолдану ең бір перспективалы бағыттардың бірі болып саналады. Сақтандыру маркетингі экономикалық дамыған елдерде өзіндік даму бағыты бар ағым ретінде 70-жылдардың басында пайда болды.

Қазақстанда бұл құбылыс қазіргі уақытта кең тарала қойған жоқ.

«Жалпы экономиканың құрамдас бөлігі болып табылатын сақтандыру бизнесі өте өзекті тақырып. Бизнестің бұл саласы Қазақстанда айтарлықтай дамымаған. Оны статистикалық мәліметтердің көрсеткіштерінен де көре аламыз. Бұл әсіресе сақтандыру сыйақысының көлемінде айқын аңғарылып отыр» дейді Данияр Әкежанов. Оның айтуынша, Қазақстанда жан басына шаққанда сақтандыру сыйақыларының көлемі 0,83% ғана құрайды. Ол Ресейде 4-5%, ал Батыс Еуропа елдерінде 8-12% аралығында. Ақшаға шағып салыстыратын болсақ, жан басына шаққандағы сақтандыру сыйақысы Қазақстанда 8 мың теңге болса, батыс елдерінде ол 4 пен 12 мың АҚШ доллары аралығында.

Әлем тәжірибесінде «Сақтандыру бизнесінде» әлемде Германия, Франция, Финляндия, Норвегия сияқты елдер көш бастап келе жатыр. Бізде сақтандыру қызметін реттейтін заң 2000 жылы шыққан. Саланы дамыту үшін Үкімет 2004-2006 жылдарға және 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламалар қабылдады. Онда сақтандыру бизнесін дамыту бірнеше кезеңге бөліп қарастырылған. Оның өз деңгейінде дамымауына халықтың табысының аздығы мен сақтандыру қызметіне деген сенімінің төмендігі кедергі болып отыр. Оны көтеру үшін сақтандыру компанияларының қызметін жақсарту керек

Әдебиеттер:

1. <http://www.fingramota.kz>.
2. ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау Комитетінің веб-сайты: <http://www.afn.kz>.
3. Әкежанов Д.Қ. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметі және оның механизмдері». Экономика және басқару теориясы мамандығы бойынша экономика саласындағы философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алуға арналған диссертациясының авторефераты. – Астана, 2011.

Резюме

В статье рассмотрены три составляющие страхования: люди, бизнес-процессы и активы. В настоящее время мы наблюдаем тенденции незначительного, но все же роста страхового рынка. Хотя кризис вынуждает многих бизнесменов сокращать свои бюджеты, в том числе расходы на страхование. Безусловно, обязательные виды страхования остаются, того требует закон. Страховой бизнес – это командный бизнес, который зависит от человеческого фактора. Страхование является одним из важнейших стратегических секторов финансовой системы Казахстана.

Summary

Now we observe tendencies insignificant, but nevertheless growth of the insurance market. Though crisis compels many businessmen to reduce the budgets, including expenses on insurance. Certainly, obligatory types of insurance remain, that is demanded by the law. Also the companies began to buy cheaper programs. Insurance business – is command business which depends on a human factor. There are no machines, the equipment, production lines, here only people, business processes and assets. It also is three components of insurance. Insurance is one of the most important strategic sectors of a financial system of Kazakhstan.


ӨОЖ: 338.28: 316.344.27

Өңір дамуының Әлеуметтік-Экономикалық Нәтижелерін SWOT-Талдау

Г.И. МҰСАЕВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

SWOT-талдау әдістемесі стратегиялық жоспарды дайындау кезіндегі талдаудың негізгі құралдарының бірі ретінде ұсынылады. SWOT-талдауы – бұл қойылған мақсатқа жету үшін стратегияны жасауда қалданылатын дамудың күшті (strengths) және әлсіз (weaknesses) жақтарын, сондай-ақ, мүмкіншіліктері (opportunities) мен қауіп-қатерлерін (threats) талдау.



Сурет 1. SWOT-талдауының жалпы сызбасы [1,14-б.]

Жүргізілген талдаудың мәліметтері негізінде SWOT-матрица құралады.

		Жағымды мүмкіншіліктер					Қауіп-қатерлер					
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	5	6
Күшті жақтары		«Күштілік Мүмкіндік» алаңы Қолда бар мүмкіндіктерден барынша жоғары қайтарым алуға арналған күшті жақтарды қолдану стратегиясы					«Күштілік – Қауіп-қатер» алаңы Қауіп-қатерді жою үшін күшті жақтарды қолдану стратегиясы					
1												
2												
3												
4												
5												
Әлсіз жақтары												
1		«Әлсіздік – Мүмкіндік» алаңы Қолда бар мүмкіндіктерден барынша жоғары қайтарым алуға арналған әлсіз жақтарды бейтараптандыру стратегиясы					«Әлсіздік – Қауіп-қатер» алаңы Әлсіз жақтары мен қауіп-қатерді бейтараптандыру стратегиясы					
2												
3												
4												
5												
6												

Сурет 2. SWOT-матрица [2, 31-б.]

SWOT-талдау нәтижесі талданатын факторлардың нақтылы комбинациясынан туындайтын стратегиялық міндеттер мен іс-қимылдар стратегияларын жасау болып табылуы тиіс. Талдау комбинациясына орай, стратегиялық міндеттер мен іс-қимылдар келесілерге бағытталуы мүмкін:

- күшті жақтарды қолдану есебінен қауіп-қатерлерді жою;
- күшті жақтарды қолдану есебінен мүмкіншіліктерді жүзеге асыру;
- қауіп-қатерлерді жою үшін әлсіз жақтарды жеңу;
- мүмкіншіліктерді жүзеге асыру үшін әлсіз жақтарды жеңу және т.б.

Өңір дамуының әлеуметтік-экономикалық нәтижелерінің кешенді сипаттамасы оның дамуының күшті және әлсіз жақтарын, аймақ дамуындағы шектеулер мен мүмкіндіктерді анықтайтын SWOT-талдауда көрінеді. Олай болса, соған назар аударайық:

Күшті жақтары:

1. Ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы климаттық жағдай;
2. Азия өңірі, Таяу және Орта Шығыс пен Еуропа мемлекеттері арасын байланыстыратын транзитті теміржол, әуе және автомобиль көлігі бағыттары үшін тиімді географиялық жағдай;
4. Пайдалы құрылыс материалдары өндірісін, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін пайдалы қазба және минералдық ресурстар, жергілікті шикізаттық кен орындарының байлығы;
5. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өндірісінің сан-салалығын жоғары дәрежеде дамыту мүмкіндігі;
6. Экспорттық бағдарланған өндірістің болуы (кен өндіруші, металлургиялық өнеркәсіп);
7. Еңбек ресурстарының, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы саласының инженерлік-техникалық сала мамандарын дайындау бойынша ЖОО көптігі;
8. Назар аударарлық тарихи және мәдени құндылықтардың болуы, флора және фауна байлығы;
9. Кіші және орта бизнес секторын дамыту;
10. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде ішкі және сыртқы нарықтың болуы;
11. Қолайлы инвестициялық ахуал;
12. Үлкен көлемдегі мұнай алымдарының әлеуетін дамытудағы мұнай өңдеудің қуаттылығын арттыру;
13. Электр энергиясына деген сұраныстың тұрақтылығы;
14. Әлеуметтік маңызы бар жобаларды тұрақты түрде облыстық, қалалық және аудан бюджеттерінен қаржыландыру;
15. Жастар қоғамдық бірлестіктерінің артуы және жандануы;
16. Бос жұмыс орындарына жәрмеңке өткізу [3].

Әлсіз жақтары:

1. Жоғары деңгейлі әлеуметтік маңызы бар сырқат түрлерінің қысқармауы;
2. Сапалы ауыз сумен аз қамтылуы: Арал ауданында – 27 (47,4% жалпы елді мекен саны), Қазалы ауданында – 14 (31,1%), Қармақшы ауданында – 14 (31,1%);
3. ЖӨӨ көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесінің төмендігі;
4. Инфрақұрылымның, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің төмен деңгейі, трактор-мәшинелер паркінің тозуы (65% аса);
5. Кәсіби біліктілігі бар кадрлар және медициналық құрал-жабдықтар жетіспеушілігінен, әсіресе ауылдық жерлерде ана мен бала өлімінің жоғарылығы (1000 тұрғынға шаққанда 23,5 және 38 жағдайлар сәйкес);
6. Шет қалған аймақтардың жүйелі түрде дамуының тұрақсыздығы;
7. Облыстағы энергоресурстар тапшылығы (жалпы аймақтың 41%-ы 28% электроэнергиясын тұтынады);
8. Су құбырларының, жылу тораптарының қанағаттанарлықсыз жағдайы, мерзімді пайдалану және капитал салымының тапшылығы;
9. Әлеуметтік объектілердің: аурухана, балабақша, мектеп, спорт клубы, санаторийлер және т.б. де-малыс орындарының жетіспеушілігі;
10. Аграрлық сектордағы ұсақ тауар өнімдерінің басымдығы;
11. Қызылорда қаласындағы инновациялық бизнестің белсенділігінің төмен деңгейі;
12. Туристік инфрақұрылымның дамымағандығы;
13. Аудан, ауылдық елді мекендерде жұмыссыздықтың жоғары деңгейі – 6,9%-7,5%;
14. Облыс және жергілікті маңызы бар жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (43% күрделі жөн-деуді қажет етеді) [4];
15. Қазақстанның мұнай және жоғары октанды бензиндерге, авиациялық керосинге импорттық қа-жеттілігі;
16. Электр энергиясы нарығының оңтайлы құрылымының жоқтығы;
17. Бөлшек сауда нарығында электрмен қамсыздандыру ауқымында ЭСО арасында бәсекелестіктің жоқтығы;
18. Нарықтағы кейбір субъектілердің салалық және монополияға қарсы заңдылықтарды елемейі;
19. Жастар саясатын дамыту бойынша жастардың өзінің тарапынан бастамалар деңгейінің төмендігі;
20. Жастар қоғамдық ұйымдарының арнаулы ғимараттарының жоқтығы, техникалық базаларының әлсіздігі;
21. Қала және ауылдық жерде жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Қауіп-қатерлер:

1. Көрші мемлекеттердің қуат көзі мен су жабдықтарына тәуелділіктің күшеюі;
2. Ішкі және сыртқы нарықты импорттық тауарлар пайдасына жоғалту, азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп;
3. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша заманауи қуаттылықтың жоқ-тығына, рұсат етілмеген жерге қоқыс төгуге, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің төменгі дең-гейіне байланысты экологиялық жағдайдың нашарлауы;
4. Арал теңізінің тартылуы, Байқоңыр ғарыш кешені, өндіріс қалдықтарының және транспорт-тан атмосфераға бөлінген ластаушы заттектер салдарынан эпидемиялық жағдайдың нашарлауынан экологиялық қауіп-қатердің туындауы;
5. Халықтың заңсыз көші-қоны және контрабанданың өсуі;
6. Қорды үнемді пайдаланбағандықтан, облыстағы минералды-шикізат базасының таусылу қаупі;
7. Энергия тапшылығы;
8. Мұнай өнімдерінің тапшылығы;
9. Бағдарламалардың жеткілікті қаржыландырылмауы;
10. Жастар саясаты саласында уәкілетті органның болмауы.

Мүмкіндіктер:

1. Аймақтың энергетикалық тәуелсіздігіне энергияның балама көздерінің (жел, күн) жаңа энерге-тикалық қуаттылықтарын құру жолымен қол жеткізу;

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және тасымалдау үшін көлік-логистикалық терминал құру;
3. Кластер (күріш, балық) қалыптастыру және дамытуға жағдай жасау, құрылыс индустриясы, ауыл-шаруашылығы өнімдерін өңдеу;
4. Қызылорда қаласында халықаралық көлік-логистикалық орталық ашу;
5. Облыстың жоғары транзиттік әлеуетін, темір жол, әуе, автомобильді көліктері арқылы халықаралық көлік дәлізіне ену мүмкіндіктерін пайдалану;
6. «Оңтүстік» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы АҚ базасында аймақтың экономикалық және экологиялық қиындықтарын шешуге ықпал ететін технопарк, бизнес-инкубатор жасау жолдарымен инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;
7. Жаңа технологияларды қолдану арқылы экологиялық проблемаларды, табиғатты зиянсыз пайдалану әдістері, табиғи кешендерді қалпына келтіру және алдын алу;
8. Туристік инфрақұрылымның дамыту, әсіресе, экотуризм саласы, зиярат және аңшылық туризмі салалары;
9. Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің, құрылыс материалдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
10. Өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу, транспорт салаларында кіші және орта бизнесті дамыту;
11. Электр энергиясының генерациясы саласында баға құрылымының жаңа механизмін ендіру;
12. Жастар қоғамдық ұйымдары жайлы Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау (облыс әкімі сайтының жастар бетінде, ішкі саясат басқармасында, үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығында);
13. Жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту.

Жалпы алғанда, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына жан-жақты талдау жасау нәтижесінде келешектегі негізгі стратегиялық даму бағыттарын атауға болады:

- Өңір экономикасын дамыту;
- Әлеуметтік даму;
- Өңірдің инфрақұрылымдық кешенін дамыту;
- Аумақтық (кеңістіктік) құрылымын дамыту;
- Мемлекеттік жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту.

Экономикалық өсу, табыс деңгейі, инфляция және жұмыспен қамтылу деңгейі бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатты индикаторлары Қызылорда облысының 5 жылға арналған даму бағдарламасында айқындалған [5].

Мұнда 2012-2016 жылдары күтілетін нәтижелер төмендегідей:

- нақты жалпы өңірлік өнім 7,0%-ға өседі;
- жан басына шаққандағы ЖӨӨ 8,7 мың АҚШ долл. деңгейіне дейін жеткізіледі;
- инфляция деңгейі – 6,0%-ға дейін төмендейді;
- жұмыссыздық деңгейі 5,3%-ға төмендейді;
- ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 9,2%-ға артады, оның ішінде егін шаруашылығы – 5,1%, мал шаруашылығы – 13,4%;
- өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,0%-ға артады;
- шикі мұнай өндіру көлемі 2011 жылғы 10,9 мың тоннадан 2016 жылы 10,0 мың тоннаға дейін төмендейтін болады;
- құрылыс жұмыстарының көлемі 14,1%-ға артады;
- жүк тасымалдау көлемі өсімі 14,2%-ға өседі;
- ақпарат және байланыс қызметі 5,4%-ға артады;
- тауар айналымы 21,7%-ға өседі деп болжанған.

2012-2016 жылдардағы өңірді дамытудың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті мамандандыруды қалыптастыру, экономикалық және еңбек ресурстарын келешегі бар аудандарда шоғырландыруды ынталандыру негізінде облыс экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету болады.

Мақсатқа қол жеткізу еліміздің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы, Өнірлерді дамыту және облыстың даму бағдарламаларын іске асыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Сондай-ақ, экономикалық белсенділікті ұстап тұруға 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары да ықпал ететін болады. Бағдарламалар шеңберінде ірі және орта жобаларды жүзеге асыру экономика саласында сапалы өсімге және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әлемдік экономиканың жандануына және мұнай мен түсті металлға сырқы сұраныстың артуына байланысты өнеркәсіп өндірісінің өсуі қайта қалпына келе бастайды, мұнай және металлургия саласында және тау-кен өнеркәсібінің жалғасып жатқан салаларында белсенділік артатын болады.

Әдебиеттер:

1. Нургисаев С.У. Стратегия обеспечения экономической безопасности региона: Учебное пособие для вузов. – Кызылорда, 2002. – 113 с.
2. Нургисаев С.У. Экономическая безопасность депрессивного региона. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 184 с.
3. Стратегия развития Кызылординской области до 2015 года. – Кызылорда, 2008.
4. http://www.e-kyzylorda.kz/New_Design/Kaz/Work/Placement.aspx.
5. Кызылорда облысының 2012-2016 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы. 2011 жылғы 13 қазандағы №163 Кызылорда облысы әкімдігінің қаулысымен мақұлданған. – Кызылорда, 2011.

Резюме

В статье определены сущность, цели SWOT-анализа и методика составления SWOT-матрицы. На этой основе проведен SWOT-анализ конкурентоспособности экономики региона, в том числе сильные и слабые стороны, угрозы и возможности развития экономики. В результате исследования предложены пути повышения конкурентоспособности экономики Кызылординской области, а также определены основные направления стратегического развития.

Summary

At the article the nature, purpose and SWOT-analysis methodology was SWOT-matrix. On this basis the SWOT-analysis of the competitiveness of the regional economy, including strengths, weaknesses, threats and opportunities for economic development. A study of the ways of improving the competitiveness of the economy of Kyzylorda region, as well as the main directions of strategic development.

ӘОЖ.330.342.22:001.895(574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

А.Т. БОДЫКОВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Кызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясы мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыру және экономика сала-

ларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол ұзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған болатын.

Инновациялық даму дегеніміз – жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру көзделген экономикалық даму бағыты. Республикамыздың 2003-2015 жж. Индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясының басты мақсаты – тұрақты өсім траекториясына шикізаттық бағыттан сервистік-технологиялық экономикаға көшу мақсатында өндіріс салаларын диверсификациялау көзделген. Инновациялық даму жолын таңдау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің өріс алуы, Қазақстанның БСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңселі елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету. Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда:

- экономиканың шикізат бағыттылығы;
- әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы;
- өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы, мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы, ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы;
- ҒЗТҚЖ қаржының аз бөлінуі, отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы, мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы;
- экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы, менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік саясаты 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ одан кейінгі жылдары қазақстандық экономиканың сервистік-технологиялық бағыттылығын қалыптастыру негіздерін құруы тиіс. Саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуна қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысаны болып табылады.

Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс. Жалпы бұл саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- инвестициялық және инновациялық ұсыныстардың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталуы;
- өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялылығы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету, қосылған құн тізбегін дамытуды қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенді сипаты ету;
- тең бәсекелестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету, қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тарту;
- индустриялық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы;

Индустриалды-инновациялық саясат индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс. Сонымен қатар, жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдау. Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде:

- биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар және басқалары);
- ядролық технологиялар, ғарыштық технологиялар, жаңа материалдар жасау;
- қазіргі заманғы ғылыми-техникалық бағыттардың жаңа материалдар мен химиялық технологиялар және ақпараттық технологиялар салаларында зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасын жетілдіру.

Индустриалдық-инновациялық саясатты іске асыру нәтижесі 2015 жылы мұнай және газ кен орындарын қарқынды игеру кезінде өнеркәсіп өндірісі мен экономика құрылымының түбегейлі өзгеруіне әкелмейді.

Индустриалдық-инновациялық саясатты іске асыру: ЖІӨ құрылымындағы өнімдерді шығарудың үлес салмағын 2015 жылы 46,5%-тен 50-52%-ке дейін ұлғайту; ЖІӨ құрылымындағы ғылыми және ғылыми-инновациялық қызметтің үлес салмағының қызметін 2000 жылы 0,9%-тен 2015 жылы 1,5-1,7%-ке дейін көтеру; ЖІӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін 2000 жылы 13,3%-тен 2015 жылы 12-12,6%-ке төмендеуінің қарқынын баяулату (осы көрсеткішті салыстыру үшін индустриялық саясатты жүргізбесе 2015 жылы 10,9%-ті құрайтын болады); Индустриалдық-инновациялық саясатты іске асырмаса, өнеркәсіп өндірісіндегі тау-кен салаларының қосылған құн үлесі 2015 жылы 55-56%, оның ішінде 2000 жылы 31,0% және 25,6% жеке сектормен серіктестік, салыстырғанда мұнай өндіру 50-51%-ке жетеді. Стратегияны іске асыруды ескере отырып, тау-кен өндірісі 45-47% ғана құрайды. Бұл ретте ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы өндірістің үлесі 2000 жылы ЖІӨ 0,1%-тен 2015 жылы 1-1,4%-ке дейін өседі. Өңдеу өнеркәсібінің қосылған құн құрылымында сапалы өзгерістер болады. Металлургия және металдарды өңдеу үлесі өңдеу өнеркәсібінің қосылған құнының жалпы көлемінен 40,1%-тен 27-28%-ке дейін төмендейді, ал ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 38,1%-тен 45-46%-ке дейін өседі. Бұл ретте ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы өнім 2000 жылғы 0,6%-ке қарағанда 9-11%-ті құрайды. Бұл ретте күн-көрістің төменгі деңгейі, ең аз жалақы және зейнетақы өседі. Ел тұрғындарының нақты ақшалай табысы 2,1-2,4%-ке ұлғаяды. Индустриялық-инновациялық саясат Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол ұзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған шаралардың бірі ретінде қарастырылады.

Қалай болғанда да, барлығымыздың алдағы мақсатымыз – ел игілігі үшін қызмет ететін жобаларды ұсыну белсенділігін арттыру және олардың мерзімінде пайдалануға беріліп, толық қуатымен жұмыс істеуіне қол жеткізу. Индустриалды инновациялық даму үшін жағдайлар жасау ұлттық инновациялық жүйені дамыту, инвестицияны қамтамасыз ету, индустриалды дамыту және техникалық реттеу және метрология жүйесін дамыту секілді мақсаттарға жетумен шарттасқан.

Әдебиеттер:

1. Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы. Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – Астана, 2003. – 132 с.
2. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. – Астана, 2009.
3. Курганбаева Г. Перспективы развития инновационной конкурентоспособной экономики Казахстана // Аналитик. – 2005. – №1. – 39 с.
4. Бердалиева К.Б. Қазақстан экономикасын басқару негіздері. – Алматы, 2001.
5. Ермаков В.А. Қазақстан қазіргі дүние әлемінде. – Алматы, 2002.
6. Набиев Е.Н. Халықаралық экономикалық қатынастар. – Алматы, 2001.
7. Амирова Ч.В. Подготовка инновационных проектов для внедрения в производство и их коммерческое использование / Проблемы и перспективы инновационного развития РК.: Матер. 1-го респ. семинара-совещания. – Астана, 2003. – С. 90-94.

Резюме

Инновационное развитие охватывает все отрасли народного хозяйства. Главная задача Индустриально-инновационной стратегии 2003-2015 гг. – диверсификация всех отраслей, переход от сырьевой направленности к сервисно-технологичной экономике. Для успешного развития экономики необходимо реализовать все направления индустриально-инновационной политики.

Summary

Innovation development inclusion all branch of national economic. The main problem of Industry-Innovation Strategy 2003-2015 y.y. is the diversification of all branch of national economic, crossing from raw direction to service-texnology economic. For successful development of economic need realize all direction Industry-Innovation policy.

УДК 347.27

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ СИСТЕМЫ ИПОТЕЧНОГО ЖИЛИЩНОГО КРЕДИТОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В.А. МИРСАЯКОВА,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

В большинстве стран мира преобладающим способом решения жилищной проблемы стало приобретение жилья гражданами с привлечением средств ипотечного жилищного кредита. Ипотечное кредитование является эффективным способом привлечения инвестиций населения в жилищную сферу, так как позволяет согласовать интересы населения в улучшении жилищных условий, банков – в эффективной и прибыльной работе, строительного комплекса – в ритмичной загрузке производства и государства, заинтересованного в экономическом росте [1].

Преимущество ипотечного кредитования заключается в том, что, приобретая жилье в кредит, покупатель получает возможность жить в собственной квартире уже сегодня, а расплачиваться постепенно, в течение длительного периода времени.


Ипотечное кредитование является одним из основных видов инвестирования в экономику значительных по размеру капиталов на долгосрочной основе. Создание эффективной системы долгосрочного жилищного кредитования позволит увеличить платежеспособный спрос граждан и сделать приобретение жилья доступным для основной части населения; активизировать рынок жилья, вовлечь в реальный экономический оборот жилую недвижимость через механизмы ипотеки; создать базу для привлечения сбережений населения и других внебюджетных финансовых ресурсов; обеспечить развитие строительного сектора, что, в конечном итоге, окажет влияние на общий экономический рост.

Наряду с этим, ипотека при наличии определенных экономических условий может стать эффективным инструментом стимулирования банковских инвестиций. Для этого необходимо вовлечение в оборот тех ресурсов, которые в наименьшей степени подвержены инфляционному ожиданию и потере ликвидности. К таким ресурсам, прежде всего, можно отнести землю и объекты недвижимости. Опыт ведущих стран Запады показывает, что ипотека является наиболее предпочтительным видом обеспечения крупного кредита на длительный срок. Ипотечный кредит – одно из наиболее перспективных направлений стимулирования банковских инвестиций и развития кредитного рынка. Сферой ипотечного кредита могут быть охвачены все секторы экономики: производственный, аграрный, потребительский.

Кроме того, ипотечные кредиты способствуют обеспечению непрерывности процесса производства в строительстве. Чтобы строительная индустрия была рентабельной, необходима быстрая и прибыльная реализация построенных объектов. Строительной организации, занимающейся возведением жилых домов, естественно, требуется, чтобы готовое жилье было быстро продано. Однако из-за сравнительно высокой стоимости жилья заплатить всю сумму могут немногие. Применение жилищного ипотечного кредита позволяет существенно расширить круг потенциальных потребителей – покупателей жилья, так как обеспечением предоставляемого ипотечного кредита может служить залог той самой недвижимости, на покупку которой он берется. Ипотечный кредит в значительной степени способствует эффективному функционированию строительной отрасли.

И, наконец, ипотечное кредитование является механизмом, призванным решать одно из важнейших противоречий сферы недвижимости – между стоимостью объектов недвижимого имущества и уровнем текущих доходов покупателей недвижимости. В таком случае приобретение жилья за счет текущих доходов невозможно. Следовательно, чем больше развита система ипотечного кредитования, тем больше масштабы рыночного оборота недвижимости. В связи с этим возникают хорошие предпосылки для расширения финансово-кредитной сферы платежеспособного спроса населения на рынке жилья за счет создания условий для развития рыночных механизмов мобилизации денег посредством запуска и развития системы долгосрочного жилищного ипотечного кредитования.

Таким образом, система долгосрочного жилищного финансирования – инструмент, призванный решать потребность населения в жилье и способствовать экономическому росту страны (см. схему).



Примечание. Составлено автором

Рис. 1. Социально-экономические выгоды ипотечного кредитования жилищного строительства

Однако, несмотря на принимаемые государством меры, жилищное ипотечное кредитование в Казахстане еще не стало тем механизмом, с помощью которого население могло бы решить жилищную проблему.

На протяжении последних 5-7 лет наблюдалась тенденция постоянного роста объемов выданных БВУ ипотечных кредитов. По данным АФН, объем ипотечных жилищных займов физическим лицам на начало 2012 года составил 629,2 млрд тенге, увеличившись по сравнению с предыдущим годом на 158,8%. При этом жилищные займы составляют 7,1% от совокупного ссудного портфеля БВУ [2].

Несмотря на динамичное развитие рынка ипотечного кредитования, в последние годы наблюдается снижение ежегодного прироста объемов займов физическим лицам на покупку жилья. К примеру, в 2007 году прирост составлял 3,9 раза, в 2008 году – 3,4 раза, в 2009 году – 2,2 раза, в 2010 году – 1,8 раза, в 2011 году – 1,6 раза.

Указанная тенденция объясняется тем, что все меньше становится доля населения, которая может позволить займы на покупку жилья под залог недвижимости. Анализируя причины (схлынувший ажиотаж на рынке ипотечного кредитования; постоянный рост цен на недвижимость, при которых население уже не в состоянии получать кредиты на стандартных условиях; высокий уровень процентных ставок), мы пришли к выводу, что показательное увеличение объемов ипотечного кредитования не подразумевает доступности кредитов для населения.

Практика развития отечественного ипотечного кредитования дает основание сделать вывод о том, что пока рано говорить о массовости и доступности ипотеки в республике. Доля ипотечных жилищных займов в 2011 году, по нашим расчетам, составила 4,9% от ВВП (629,2 млрд тенге/12 726 млрд тенге), что несоизмеримо с масштабами жилищного кредитования во многих развитых странах мира. Для сравнения в США этот показатель достигает 64,5%, в Великобритании – 72,5%, в Германии – 52,4%, во Франции – 26,2%, в Латвии – 11,5%, в Литве – 7%, в Польше – 5,5% [3].

В ходе исследования нами выявлен ряд проблем, сдерживающих дальнейшее развитие ипотеки:

- макроэкономические проблемы (высокие риски, инфляция);
- недостаток долгосрочных финансовых средств;
- высокая стоимость заемных средств;
- высокий уровень издержек на организацию кредитования;
- ограниченная платежеспособность основной массы населения;
- неразвитость фондового рынка;
- теневой характер казахстанской экономики;
- постоянный рост цен на жилую недвижимость.

Литература:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 20 августа 2008 года №383 «О Государственной программе жилищного строительства в Республике Казахстан на 2009-2011 годы». – Астана, 2008.
2. Телагисова Ж. Активный КИК // Курсивъ. – 2009. – №49 (220).
3. Печатникова С.М. Особенности жилищного ипотечного кредитования в России // Экономика строительства. – М., 2010. – №6. – С. 20-32.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлікті ипотекалық несиелендірудің қазіргі замандағы жағдайы көрсетілген. Ипотекалық несиелендіру экономикаға инвестиция салудың негізгі көзі болып табылады.

Summary

In this case looke through the main sides of house-building credits in Republic of Kazakhstan. Mortgage lending is one of the main types of investment in the economy of a significant amount of capital on the long term.

ОСОБЕННОСТИ УПРАВЛЕНИЯ МАЛЫМ БИЗНЕСОМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В.В. КИМ,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

В условиях трансформации экономики Казахстана в период перестройки и реформ малый бизнес сыграл весьма важную, в определенной степени системообразующую роль в создании новой региональной и местной экономики: фактически сложившаяся территориальная специализация малого бизнеса позволила ему дополнить «большую» экономику и сформировать относительно целостную, комплексную структуру хозяйства областей, городов и сельских районов. Малый бизнес играет большую роль в экономике любых стран, даже развитых, так как ему свойственны определенные преимущества, к которым относятся:

- более низкая потребность в первоначальном капитале и способность быстро вводить изменения в продукцию и процесс производства в ответ на требования местных рынков;
- относительно более высокая оборачиваемость собственного капитала;
- широкое использование местных материальных и трудовых ресурсов;
- относительно невысокие расходы при осуществлении деятельности;
- большая независимость действий субъектов малого предпринимательства;
- гибкость и оперативность в принятии и выполнении принимаемых решений.

В то же время малому предпринимательству свойственны и определенные недостатки: высокая степень неустойчивости положения на рынке; зависимость от крупных компаний; недостатки в управлении делом; повышенная чувствительность к изменениям условий хозяйствования; трудности в заимствовании дополнительных финансовых средств и получении кредитов и др.

Малые предприятия и в целом малый бизнес заняли нишу экономической деятельности, максимально ориентированную на региональные и местные потребности. Они наиболее уверенно себя чувствуют в производстве товаров и услуг, которые в советский период находились в экономической и социальной тени крупной индустрии. В регионах Казахстана малый бизнес более чем на 80% ориентирован на внутрирегиональные рынки (а в торговле и строительстве более чем на 90% – на местные, то есть на городские и районные); и даже применительно к промышленности внутрирегиональная ориентация составляет более 70% [1].

Наибольшее число активных предприятий в региональном разрезе приходится на города Алматы (29,3%) и Астана (8,3%), а также на Восточно-Казахстанскую (8,2%), Южно-Казахстанскую (7,4%) и Алматинскую (6,6%) области. Другие регионы занимают: Акмолинская область – 8 место (5,0%) и Западно-Казахстанская – 12-14 места (2,7%)

Если по республике в целом к активным относится лишь 35,7% от числа зарегистрированных малых предприятий, то в Акмолинской и Алматинской областях этот показатель составляет 54,1%, Кызылординской – 50,9%, в 4 областях этот показатель в интервале от 40 до 50%, еще в 3 областях и в г. Астане этот показатель выше среднереспубликанского уровня (от 35,9 до 38,5%), ниже среднего по стране уровня – в г. Алматы (29,8%), Жамбылской (28,0%), Южно-Казахстанской (29,1%) и Актюбинской областях (32,1%). Данный показатель вполне мог бы быть принят за критерий общего самочувствия малого бизнеса в областях, городах Алматы и Астана и эффективности его поддержки региональными и местными властями. В качестве других критериев уровня развития МП в регионах могли бы быть выбраны: доля занятых на МП в общей численности занятых в экономике; доля МП в производстве валового регионального продукта; производство продукции (работ, услуг) на МП в расчете на душу населения.

В региональном разрезе наибольший удельный вес в общем доходе от реализации продукции (товаров, услуг) в первом полугодии т.г. приходится на предприятия малого бизнеса городов Алматы (37,5%) и Астана – 8,8%, Восточно-Казахстанской области – 8,7%, на остальные области приходится от 2,1 до 6,1% общего объема дохода.

Количество МП на 1000 жителей является общепризнанным критерием развития малого предпринимательства. Наиболее высокая предпринимательская активность населения отмечается в городах Алматы (12,2 предприятия на 1000 жителей) и Астана (7,9), а также в Мангистауской (3,8) и Павлодарской (3,7) областях. Наихудшие позиции у Жамбылской (1,2 активных малых предприятий) и Южно-Казахстанской (1,7) областей. По крестьянским хозяйствам значительно опережает другие области Южно-Казахстанская область – 45,2 действующих крестьянских хозяйства на 1000 жителей сельской местности. Относительно хорошие показатели у Алматинской (28,6), Восточно-Казахстанской (22,7) и Карагандинской областей (21 хозяйство). Отстают по данному показателю Кызылординская (3,0), Мангистауская (4,1), Атырауская (6,1) и Акмолинская (7,1), при среднереспубликанском уровне 21,8 действующих крестьянских хозяйства на 1000 сельских жителей.

Как показывают результаты выше проведенного анализа, сегодня малый бизнес обрел именно те размеры, которые ему позволяют достичь современная структура экономики и иные сложившиеся по итогам реформ экономические реальности, а его подъем на уровень выше этой «планки» может быть достигнут в дальнейшем только посредством кардинальных социально-экономических изменений. В связи с этим с большой долей уверенности можно утверждать, что заметный рост показателей малого бизнеса, достигнув определенных значений, замедлится, если не будут сняты ограничители его развития. Совершенствование реализации комплексной концепции управления малым предпринимательством в Республике Казахстан определяется в рамках использования системного, функционального, кластерно-сетевого научных подходов к формированию и обеспечению эффективного функционирования системы управления, регулирования и развития данным сектором экономики на макро-, мезо- и микро-уровнях [2].

В приоритетных направлениях развития общества до 2030 года, поставленных Президентом страны Н. Назарбаевым в Послании народу Казахстана, центральное место занимает экономический рост, базирующийся на открытой рыночной экономике и реальной конкуренции с высоким уровнем иностранных инвестиций и внутренних сбережений. На новом этапе развития Казахстан решает широкий круг задач, связанных с упрочением рыночной системы. Это, прежде всего, реструктуризация экономики, развитие инфраструктуры и институтов рынка, несовершенство отраслевой и технологической структуры; слабая внутренняя интегрированность. Эти оценки справедливы и в отношении развития малого предпринимательства [3].

На сегодняшний день особую актуальность приобретают проблемы оптимизации государственного и негосударственного воздействия на сектор малого бизнеса, отсутствие целостной системы управления предпринимательством на уровне государства и его регионов, конкретного предприятия.

Концептуальной основой развития предпринимательского сектора в Республике Казахстан является рассмотрение малого предпринимательства как сложной системы, управление которой основано на применении принципов системного, комплексного, функционального, кластерно-сетевого и программно-целевого управленческих подходов с учетом предпринимательской модели экономического развития как одного из главных факторов экономического роста, требующего построения соответствующей методологической и методической базы, позволяющей дать объективные оценки эффективности системы управления предпринимательской деятельностью.

Система управления предпринимательством – это многоуровневая, сложная, целенаправленная открытая организационная система, имеющая интенсивные связи прямого и обратного характера с внешней средой, состоящая из иерархических подсистем и обладающая способностью создавать новые структуры и качества, обеспечивающие относительную устойчивость и адаптивность функционирования системы и характеризующиеся элементами неопределенности и непредсказуемости. Данная система характеризуется рядом присущих ей свойств, имеет прямую и обратную взаимосвязь и взаимозависимость между структурными элементами-подсистемами (четыре основных на первом уровне).

Эффективность всей системы управления малым предпринимательством зависит от рационального сочетания методов и инструментов государственной и негосударственной поддержки субъектов данного сектора экономики. Речь идет о необходимости взаимоувязки между воздействием на сектор малого предпринимательства как со стороны различных государственных органов (налоговые и таможенные органы, министерства, ведомства, комитеты и прочее), так и со стороны коммерческих, некоммерческих элементов инфраструктуры поддержки и развития малого предпринимательства. Осуществление такого взаимодействия на практике достаточно сложно, проблематично. Именно кластерно-сетевой подход в дальнейшем, на наш взгляд, должен стать основой государственной поддержки сектора бизнеса, инициировать объединение в единую сеть субъектов малого и среднего предпринимательства.

В основе применения комплексной концепции лежат программно-целевой, функциональный, системный и кластерно-сетевой научные подходы к построению системы управления, поддержки и регулирования сектора малого предпринимательства. Такой многоуровневый подход к разработке иерархичной системы управления малым предпринимательством обеспечит организационно-функциональную сбалансированность и ответственность определенного уровня управления за конкретные мероприятия.

Литература:

1. Аникин Ю.П. Организация и управление малым бизнесом: Учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 243 с.
2. Агеев Ш.Р. Страхование как фактор стабильного развития малого бизнеса. – М., 1997. – 239 с.
3. Указ Президента Республики Казахстан от 17 мая 2003 года № 1096 «О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы».
4. Алексахин В.И. Малый бизнес: Экономические особенности, модели рыночного равновесия, анализ деловой активности. – М., 2000. – 159 с.

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын бизнесті басқару ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ шағын бизнесті мемлекеттік қолдау туралы үлгісі ұсынылған. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерліктің даму мәселелері мен ерекшеліктері қарастырылады, сонымен бірге шағын бизнесті басқаруды жетілдірудің келешегі мен жолдары көрсетілген.

Summary

In this article look through the main side of the management of small business in the Republic of Kazakhstan. And replace the model of interaction of government structure in the small business support sphere. In this article look through the problems and distribution of control the small business in the Republic of Kazakhstan. And describe the conclusion of the managers of small business in Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 316.422:316.453:334.7

КӘСІПОРЫННЫҢ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

З.Ж. КОРЖЫНБАЕВА,
экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруда инвестициялық қорға маңызды орын беріледі. Инвестициялық қордың қызметі

«Қазақстандағы инвестициялық қорлар туралы» Заңымен реттелінеді, онда инвестициялық саясаттың мақсаттары, міндеттері және бағыттары, оның мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара қатынас ерекшелігі анықталады.

Инновацияларды енгізу кәсіпорындардың меншіктік құралдарының жетіспеушілігімен және несие алу үшін жоғары пайыздық ставкілермен тежеледі. Талдау көрсеткендей, отандық компаниялармен инновациялық қызметтерді қаржыландыру қысқартылғанымен, Қазақстанның өңдеулерді шетел компанияларымен қаржыландыру тұрақты өсуде. Инновациялық қызметпен айналысатын көптеген шетел компанияларының стратегиясы олардың 30-40% пайдасы жаңа технологияларды енгізу есебінен алынған тауарлар мен қызметтерді сатудан түсетіндігін көрсетеді. Бүгінгі күнге нарыққа ұсынылған 1500 жобаның тек бір жобасы ғана түпкі өнім алуда. Осындай жағдай АҚШ-та, Жапонияда және Еуропада байқалады. Шетел зерттеулерінде көрсетілгендей, егер ғылымды дамыту шығындары жалпы ішкі өнімнің бір пайызынан кем болған мемлекеттерде жалпы ұлттық экономикада шығын келетіндігін дәлелдейді. АҚШ-та, Германияда және Жапонияда ғылымға шығындар 2,5-3% құрайды [1,19].

Бүгінгі күнде Қазақстанда келешекке даму стратегиясын таңдаудың негізі болып табылатын өзінің ғылыми-технологиялық және халықаралық кооперацияны іске асыру мен дамытудың жаңа мүмкіншіліктері ашылуда. Нарықтық реформа жолында іргерілеген мемлекеттің ғылыми потенциалындағы құрылымдық өзгерістерді талдау екі бағыттағы өзгерістердің болуын анықтайды:

- академиялық ғылым жоғары оқу орындарымен жақындастырылуы;
- салалық институттар кәсіпорындармен және қаржылық өнеркәсіптік топтармен жақындастырылуы.

Нарық жағдайында ғылым ұлттық инновациялық жүйесінің ядросы болып табылады. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, бұл жүйенің негізгі элементіне адами ресурстар жатады. Білімнің екі түрін бөлу қабылданған. Кодталған білім белгілер, теңдеулер, ақпараттар текстері көмегімен жазылуы және берілуі мүмкін. Батыста білімнің екінші түрі адамда қалыптасқан: жеке білімінің, біліктілігінің, қабілетінің жиынтығы, мінезінің инновациялық белгілері және т.б. Сонымен тиімді инновациялық құралдар салымы адамға салынған салым болып табылады.

Жақын келешекте кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігіне білімді дамыту мен сәйкестендіру мүмкіндіктері көбірек әсер етеді, олардың базасында шешуші құзыретті құру, соңында инновацияға айналдыру. Қазіргі уақыттың өзінде мынадай ірі компаниялар – General Motors, Hewlett Packard, Rank Xerox, Philip Morris, Dow Chemical, Philips, т.б. білімді инновациялық шешімдер базасы стратегияны өңдеу сферасына енгізген. Кейбір компаниялар білім менеджментін дамытуға өздерінің табыстарының 3,5-10 пайызын бағыттайды.

Шетел тәжірибесі көрсеткендей, компаниялар өздерінің құрылымына мынадай маңызды орындар: білім трансферті бойынша вице-президент, интеллектуалық капитал бойынша вице-президент, білім ауысу бойынша менеджер немесе «түпкі білімдер бойынша басты топ» құрылымдық бірліктер енгізу арқылы өзгертеді.

Компанияның ішінде эксперттік бөлімдер білімді анықтау, дамуын сәйкестендіру сұрақтарымен айналысып, олардың бәсекеге қабілетті өнімге және процеске айналуының ұйым ішінде берілуімен айналысады. Бұл жүйелердің және жеке эксперттердің қызметі көбінесе қысқа мерзімді дамытуларды ізденуге емес, ұзақ мерзімді бәсекелестердің деңгейінен асып түсетін жобалардың іске асуына, нарықтық қызметтердің стратегиялық генераторларын өңдеуге бағытталған. Крок пен Венцин анықтағандай «Sensor» америкалық компаниясына өзінің оперативтік жүйесіне білім менеджменті моделін өңдеу мен енгізуге 10 жылдан артық уақыт кеткен.

Стратегиялық менеджмент теориясында соңғы 10 жылда ресурстық тәсілдеме жаңа аналитикалық бағыты туған бұл жерде компанияның нарықтағы ролі оның ішкі ситуациясынан маңызды болып табылады. Ресурстық тәсілдеме көмегімен ғалымдар бәсекелестік артықшылықтарын нарықтық позицияда ғана емес, сонымен қатар компанияны ішкі ресурстармен қамтамасыз етуді анықтауда. Инновациялық шешімдер бөлігінде компанияның стратегиясын өңдеу кезінде ресурстар мінездемесінің белгілерінің есебі маңызды. Мұндай белгілерге жатады:

- тұтынушы тарапынан өнімдер мен қызметтердің құндылығы;
- бәсекелестермен салыстырғанда түп нұсқалылығы;

- еліктеу қиындығы;
 - ауыстыру мүмкінсіздігі;
- Соңғы екі белгі ерекше маңызды болып табылады.

Білім қиын еліктелінетін және қиын ауыстырылатын ресурс болып қарастырылғандықтан, оларды басқаруға бәсекелестік күресте маңызды роль беріледі. Бұндай жағдайда менеджменттің мақсатына білімдердің жинақталуы және оның бәсекелестік артықшылыққа айналуы жатады. Компанияның стратегиясы білімді басқа ресурстармен араластыру жағдайында ерекше тиімділікке ие болады. Менеджмент теориясының негізін салушы американдық ғалым П. Дракер білімді басқарудың қиындығын ескере отырып инновациялық белсенділіктің бірқатар қайнар көздерін анықтаған. Оларға қосымша атап көрсетті: саладағы болып жатқан күтілмеген оқиғаларды, келіспеушіліктерді, процесс қажеттілігін, өзгерістерді, клиенттің өнімге қатынасын, клиенттураның демографиялық құрылымын [1, 201-бет].

Стратегиялық басқаруды жүзеге асырудың қажеттігі дәстүрлі әдістер қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік бермейтін кезде пайда болады. Стратегиялық басқаруды жүзеге асыру үшін түбегейлі өзгерістерге қажеттілікті сезіну, өзгеріс бағыттарының тізбесін әзірлеу, қойылған міндеттерге қол жеткізу тұрғысынан әр түрлі нұсқаларды бағалау, мейлінше үнемді, технологиялық және әлеуметтік маңызы бар нұсқаларды таңдап алу керек.

Стратегия – ол кәсіпорынның инновацияларға, өндіріске, бюджетке, инвестицияларға және басқаларына қатысты ұзақ мерзімдік, түбегейлі жоспарлары. Сыртқы және ішкі ортаға талдау жасау негізінде, ұйымның тұрақты өзгеріп тұруы жағдайларында, стратегиялық менеджмент ол үшін сыртқы ортаның әсеріне жауап беретін және бәсекелестік артықшылықтарға, сондай-ақ ұзақ мерзімдік мақсаттарға жүзеге асуға мүмкіндік беретін осы заманғы инновациялады жүзеге асыра отырып, оның іс-әрекет механизмін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта экономика, маркетинг, қаржы, инновация салаларын қоса алғанда, «стратегия» ұғымы әр алуан салаларда пайдаланылады. Демек, стратегия деп төмендегілерді түсіну керек:

- Кәсіпорынның міндетін жүзеге асыруды және оның мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуге арналған жан-жақты жоспар;
- Сыртқы орта мен ішкі әлеует әсеріне сүйене отырып, ұйымды басқару өнері, өркендеудің келешек жоспары;
- Кәсіпорын басшылығының инновацияларға, өндіріске, табыстарға, бюджетке, инвестицияларға, бағаларға, әлеуметтік салаға қатысты ұзақ уақытқа арналған аса маңызды жоспарлары;
- Кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланатын іс-қимылдары мен жай-күйлерінің сабақтастығы.

Кәсіпорынның инновациялық стратегиялары төмендегі мақсаттарға жету үшін зерттеліп әзірленеді:

- Кәсіпорынның бәсекелестік ұстанымын қамтамасыз ету;
- Сыртқы ортаның әсеріне жауап қату;
- Көбінесе өнім инновациялардың көмегімен жаңа нарықтық сала құру мүмкіндіктері.

Жоғарыда келтірілген негізгі ережелерге сүйене отырып, кәсіпорындардың инновациялық-инвестициялық стратегиялары төмендегілерге бағытталады деп қорытынды жасауға болады:

1. Ауырлықты базистік инновацияларға, технологиялық алға ұмтылушылықты даярлауға және іске асыруға аудару қажет. Бұл, біріншіден, отандық ғылым бағдарламаларына және жаңа технологияларға қатысты.

2. Инвестициялардың пайдалылығы мен өтелімділігінің технологиялық деңгейін бағалау белгілеріне сүйеніп, республикалық, аймақтық ауқымдарда және кәсіпорныдар деңгейінде инновациялық жобалар қоржынын қалыптастыру қажет.

3. Инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін тиімді мақсатқа сай ақпараттық-технологиялық құрылымдар болуға тиіс.

4. Халықаралық стандарттар талаптарына сай келетін инновациялық қызметтің құқықтық қамсыздандырылуын қалыптастыру керек.

5. Халықаралық деңгейде кәсіби инновациялық менеджмент қалыптастыру қажет.

Инновациялық стратегияны әзірлеу қажеттігі төмендегілерге байланысты туады:

- Нарықта базалық жаңалықтардың пайда болуы;
- Базалық жаңалықтарды коммерциялауға сәйкес техника мен технологияның түбегейлі өзгеруі;
- Нарықта инновациялық белсенділігі жоғары жаңа бәсекелестердің пайда болуы;
- Сыртқы экономикалық ахуалдың ғаламдық өзгерістері [2,107-бет].

Стратегияны қабылдай отырып, басшылық төрт факторды ескеруге тиіс:

1. Тәуекелдік. Тәуекелдіктің қандай деңгейін фирма қабылданатын шешімдердің әрқайсысы үшін қолайлы санайды?

2. Бұрынғы стратегияларды және олардың қолданылуы нәтижелерін білу фирманың жаңа стратегияларды табысты әзірлеуіне мүмкіндік беретін болады.

3. Уақыт факторы. Жаксы идеялар көбінесе қолайсыз уақытта жүзеге асыруға ұсынылғаны себепті сәтсіздікке ұшыраған.

4. Идея иелерінің әрекеттеріне жауап қату. Стратегиялық жоспарды компания менеджерлері әзірлейді, бірақ стратегиялық идеяның иелері оны өзгертуге күш салатын жағдайлар жиі кездеседі.

Кәсіпорын басшылығының бұндай факторды ескергені дұрыс [3,113-бет].

Әдебиеттер:

1. Бердалиев К.Б. Инновациялық менеджмент: Оқу құралы. – Алматы, 2010.
2. Әлинов М.Ш. Инновациялық менеджмент. – Алматы, 2012.
3. Аньшин В.М. Инновационный менеджмент. – М., 2007.

Резюме

В статье рассматривается роль инноваций в формировании стратегии предприятия. На сегодняшний день открываются новые возможности развития и осуществления роли инновации, которая является основой в выборе стратегии будущего Казахстана. И как показывает международная практика, элементом этой системы являются человеческие ресурсы. Для того, чтобы разработать инновационную стратегию, необходимо исследовать появление на рынке базовых новшеств, в соответствии с коммерциализацией этих новшеств, коренным изменением техники, технологии, высокой активностью инновации и появлением новых конкурентов.

Summary

In this article is considered the innovation role in formation of strategy of the enterprise . today opening the new possibilities of development and implementation of a role of an innovation which is a basis in a choice of strategy of the future of Kazakhstan . And as the international practice shows, an element of this system are human resources.

To develop innovative strategy, it is necessary to investigate emergence in the market of base innovations, according to commercialization of these innovations, a basic change of equipment technology, high activity of an innovation, and appearance of new competitors.

УДК 625.1:656.21(574)

ПЕРСПЕКТИВЫ РЕСТРУКТУРИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА В КАЗАХСТАНЕ

Н.Б. КУЛТАНОВА,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Устойчивая и эффективная работа ведущего транспортного сектора, на долю которого приходится около 70 процентов всего грузооборота и свыше 60 – пассажирооборота, оказывает непосредственное

влияние на стабильность экономики государства. Ускоренные темпы роста экономики страны увеличивают нагрузку в целом на транспортную инфраструктуру и в первую очередь – на железнодорожную, что обуславливает приоритетность проблем ее развития.

Состояние отрасли, многочисленные проблемы, усугубляющиеся критическим уровнем износа основных средств, нарастающим дефицитом подвижного состава, требуют конкретных мер, способных переломить ситуацию в отрасли. Это, прежде всего, касается вопросов безопасности, качества, экономической целесообразности и эффективности железнодорожного транспорта.

Реструктуризация, как процесс комплексного изменения методов и условий функционирования компании, подразумевает системный характер оптимизации деятельности компании. Она включает многоаспектный и взаимоувязанный комплекс мероприятий, процессов, методов, начиная с комплексной диагностики компании и до реорганизации как организационной структуры, так и бизнес-процессов на базе современных подходов к управлению [1].

Главной целью реструктуризации железнодорожного транспорта РК является повышение эффективности и качества обслуживания на железнодорожном транспорте для удовлетворения потребностей в перевозках пассажиров и грузов. Для достижения основной цели реструктуризации железнодорожного транспорта необходимо провести комплексную диагностику компании, составить организационный проект развития, определить направления совершенствования структуры и функций управления, развития финансовых методов управления и проводить мониторинг [1].

В казахстанских Программах по реструктуризации железнодорожного транспорта были определены следующие миссии железных дорог:

1. Максимальное удовлетворение динамично меняющихся транспортных потребностей экономики и общества при эффективном использовании ресурсов.

2. Максимальное удовлетворение динамично меняющихся потребностей экономики и общества в железнодорожных перевозках при эффективном использовании ресурсов.

Цели реструктуризации заключаются в достижении оптимальной для общества системы функционирования железнодорожного транспорта [2].

Реструктуризация основной деятельности грузовых перевозок включает развитие конкуренции в перевозочной деятельности. АО «1-ГК «КТЖ» сосредоточится на оказании естественно-монопольных услуг. Для этого в собственность АО «1-ГК «КТЖ» будут переданы все подъездные пути, использующиеся несколькими грузоотправителями и находящиеся в собственности акционерного общества «Центр транспортного сервиса» в обмен на вагонный и локомотивный парк КТЖ, не вошедший в оптимальный парк. для технического обслуживания данного парка планируется передать одно эксплуатационное вагонное депо в собственность АО «Центр транспортного сервиса». Подъездные пути, принадлежащие АО «Центр транспортного сервиса» и используемые одним грузоотправителем, будут реализованы в установленном законодательством порядке данному потребителю. В дальнейшем в целях развития конкуренции на рынке перевозчиков АО «Центр транспортного сервиса» будет оказывать услуги по перевозке грузов.

Реструктуризация пассажирских перевозок. Задачи реформирования пассажирских перевозок, ориентированные на повышение общеэкономической эффективности, включают финансовое и организационное отделение пассажирских перевозок от грузовых и введение конкуренции в пассажирские перевозки. Конкуренция в пассажирских перевозках будет внедряться путем предоставления частным перевозчикам в аренду пассажирских вагонов и права на осуществление перевозок пассажиров на конкретных маршрутах.

На наш взгляд, необходим системный мониторинг работы всего железнодорожного транспорта, для чего необходимо создать республиканский научный информационно-аналитический центр, который бы вел свою деятельность по нескольким направлениям:

- сбор и анализ оперативной информации о функционировании железнодорожного транспорта (в т.ч. экологической информации);

- системный мониторинг проблемных вопросов регулирования железнодорожного транспорта и разработка научно обоснованных рекомендаций по решению проблем;
- информирование и обеспечение прозрачности информации для государства, общества и потребителей;
- разработка и внедрение инноваций в отрасль;
- развитие и расширение сервисных услуг и др.

С учетом зарубежного опыта на основе имеющегося потенциала необходимо провести информатизацию железнодорожного транспорта, внедрения инноваций на основе реинжиниринга системы, логистики. Особое внимание необходимо уделить модернизации материально-технического парка и автоматизации учета обслуживания подвижного состава, технических средств и др.

Следующим шагом должна стать борьба с коррупцией и теневой экономикой на транспорте, для чего необходимо разработать программу. Один из механизмов создания прозрачности транспортной отрасли – это сбор, обобщение и увеличение информации. Центр мониторинга может заранее определять проблемные ситуации в работе системы, в т.ч. проводить аналитику коррупционных возможностей в системе.

Поскольку одним из барьеров эффективного развития отрасли является недостаточная компетентность специалистов в области новых достижений экономической науки, менеджмента, инновационного менеджмента, корпоративного управления, аналитико-информационной работы, IT-технологий для железнодорожного транспорта, необходимо усилить подготовку кадров и разработать инновационную программу повышения квалификации.

Требуется совершенствования тарифная политика, в тарифах необходимо ввести инвестиционную составляющую; изменение тарифов на перевозку основных, массовых видов грузов, необходима разработка параметров оперативной, тактической и стратегической оценки отрасли.

При этом для создания плана изменений использована специальная модель организационных изменений (см. схему). Реформирование железнодорожной отрасли относится к классу стратегических изменений. В данном направлении рассматривается воздействие внешней среды в виде программы дальнейшей структурной реформы железнодорожного транспорта, имеющей долгосрочный характер (до 2020 года), на систему организации железнодорожного комплекса.



Примечание. Составлено автором на основе обобщения литературных данных.

Рис. 1. Модель реформирования железнодорожного транспорта

Программой реструктуризации на 2004-2006 годы необходимо было создать организационно-правовые и экономические условия для предоставления магистральной железнодорожной сети в пользование самостоятельным перевозчикам. Однако транспортные компании пока не могут использовать магистральную железнодорожную сеть как юридически оформленные перевозчики. В связи с этим необходимо:

- разработать Положение о деятельности оператора магистральной сети, в котором необходимо отразить весь спектр прав и обязанностей на всех уровнях управления;
- определить имущественный комплекс, который находится в непосредственном ведении оператора МЖС;
- разделить Дирекцию перевозок на Дирекцию-оператора МЖС и Дирекцию-перевозчика, построить между ними договорные отношения.

Для обеспечения безопасности движения поездов и маневровой работы в конкурентных условиях необходимо: переработать действующие Правила технической эксплуатации железных дорог Казахстана с учетом состояния технических средств всех участников перевозок; подготовить Правила проверки соблюдения требований безопасности движения на магистральных, станционных и подъездных путях, сделав их комплексными и прямого действия.

Рынок услуг железнодорожного транспорта не ограничивается только транспортировкой по магистральной железнодорожной сети. Однако в действующих нормативных документах не определены в достаточной мере услуги, которые всегда имели место при осуществлении операций транспортировки грузов. При этом:

- нормативно-правовыми положениями не охвачена деятельность целого ряда лиц, оказывающих услуги грузоотправителю и грузополучателю на подъездных путях;
- отсутствуют понятие услуги и работ обслуживания грузоотправителей и грузополучателей, их состав и условия предоставления, разграничение между выполнением транспортировки и сопутствующих работ.

Установлено, что причина несовершенства нормативно-правовых регламентов заключается в отсутствии единой модели новых технологических и экономических связей между субъектами, хозяйствующими в сфере железнодорожного транспорта. В связи с этим необходимо:

- определить технологические связи всех участников рынка железнодорожных услуг в виде Альбома технологических карт сегментов рынка;
- переработать положения Правил перевозки грузов, в которой четко изложить правовые основы деятельности участников перевозочного процесса и их взаимоотношения;
- подготовить правила работы на подъездных путях.

В статье определены механизмы эффективной реализации стратегии корпоративной инвестиционной деятельности, инновационной стратегии как комплекса формирования новой рыночной ниши, позволяющие создать устойчивое конкурентное преимущество на рынке и снизить уровень неопределенности внешней среды. В настоящее время конкуренция создана не во всем железнодорожном секторе, а лишь в ограниченной его части – между частными компаниями. С другой стороны, в стратегическом плане дезинтеграция АО «НК «КТЖ» – это выбор между стабильностью и экономической эффективностью. Поиск границ конкуренции, эффективно работающей на естественную монополию в сочетании с мерами государственного регулирования, необходимо рассматривать как магистральное направление стратегии реформирования казахстанских железных дорог. Геополитическое положение Казахстана делает его важнейшим элементом в процессах, происходящих в мировом и субрегиональном пространствах. Одним из направлений специализации, наиболее органично вписывающимся в общую задачу устойчивого экономического роста, является развитие сферы транспортных услуг и, в первую очередь, услуг по организации международного транзита. Так, определены основные направления дальнейшего развития транзитного потенциала железнодорожной отрасли: устранение физических и нефизических барьеров; совершенствование системы инвестирования в отрасль; совершенствование фискальной политики; содействие улучшению функционирования интеграционных объединений;

совершенствование транспортной безопасности; в долгосрочной перспективе создание международных объединений.

Литературы:

1. Кулаков О.Р. Потенциал углубления реформ в железнодорожной отрасли Казахстана // Вестник КазАТК. – 2010. – №1. – С. 288-291.
2. Жолдыбаева Б.С. Цели, задачи и этапы реструктуризации железнодорожного транспорта в Казахстане // Вестник КазАТК. – 2006. – №4. – С. 185-189.
3. Программа реструктуризации железнодорожного транспорта РК на 2000-2005 годы.
4. Программа реструктуризации железнодорожного транспорта РК на 2004-2006 годы. Утверждена Постановлением Правительства РК от 6 февраля 2004 г.
5. Кулаков О.Р. Экономические основы реформирования железных дорог на современном этапе // Вестник КазАТК. – 2009. – № 5. – С. 297-301.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстанның темір жол транспорты саласын құрылымдық дамыту қарастырылған. Қазақстан Республикасының темір жол транспорты саласын құрылымдық өзгертудің басты мақсаты – темір жол транспортымен қамтамасыз ету, сапа мен тиімділігін, жүк және жолаушылар тасымалдау қажеттілігін арттыру.

Summary

The perspectives of re-structuring of railway transport in Kazakhstan were described the article. The main goal of railways re-structuring in Kazakhstan is growing of efficiency and services quality on railway transport for satisfaction of requirements for transportations of passengers and cargoes.

ӘОЖ 338.518:351.773.13

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ТАЛДАУ

Ж.Ш. РАХМЕТБЕКОВА, К. ИСЛАМОВ,
магистранттар,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы халық шаруашылығының, аграрлық өнеркәсіп кешенінің ең басты саласының өзекті буыны болып табылады. Аграрлық өнеркәсіп кешенінде өндірілген өнімнің жалпы көлемінің 47,7 пайызы ауыл шаруашылығының үлесіне тиеді. Бұл саладағы ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты арттыру, халықты азық-түлік өнімімен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз етілумен түсіндіріледі. Аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің тиімділігін арттыру және оны одан әрі дамыту негізінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға орай ауыл шаруашылығының халық шаруашылығындағы мәні арта түседі.

Қызылорда облысында 2011 жылы күріш, бидай, арпа, тары, жүгері мақсары, күнбағыс, сондай-ақ картоп, көкөніс пен бақша өнімдері егіліп, олардан мол өніп алынды. Облысымыздағы аудандардың ішінде күздік бидайды тек Жаңақорған, Шиелі аудандары екті. Жаңақорған ауданында 3205 гектар жерге өнім егіліп, одан жолпы 4775 тонна өнім алынды. Орташа өнімі 14,9 ц/га құрады. Ал, Шиелі ауданында күздік бидай 1469 гектарға егілді. Одан 2571 тоннадай өнім алынып, орташа өнім 17,5 ц/га құрады.

Ал жаздық бидай облыстың барлық аудандарында егіліп, ол Жаңақорғанда 240 гектарға егілді, одан 355,2 тонна өнім алынды. Ал, Шиеліде 15 гектарға егіліп, 20 тонна өнім алынды. Аудандардың ішінен Сырдария ауданы жаздық бидайды 1040 гектарға егіп, 956 тоннадан астам өнім алды. Одан кейін Жалағаш ауданы 480 гектарға егіп, одан 417,6 тонна өнім алып, көрсеткішімен екінші орында тұр. Қармақшы ауданы 220 гектар жерге өнім егіп, одан 143 тонна өнім алды. Ал Қазалы ауданында 434 гектардан 138,9 өнім алынды.

Күріш облысымыздың бірқатар аудандарында 71524 га жерге егіліп, одан 257524 тонна өнім алынды. Жалағаш ауданы 16813 га жерге күріш егіп, одан 66916 тонна өнім алып, жоғарғы көрсеткішке ие болып отыр. Сырдария ауданы да 18602 га жерден 65293 тонна өнім алды. Қармақшы ауданы 11510 га жерден 46916 тонна өнім алды. Жаңақорған 8013 га жерден 27004 тонна өнім алды. Ал, Шиелі 6475 га жерден 23699 тонна өнім алды. Қазалы 7230 га жерден 19304 өнім алған. Қызылорда 2859 га жерден 8348 тонна өнім алды. Ал ең жоғары орта өнімділік 40,8 ц/га Қармақшыда, 39,8 ц/га орта өнімділікпен Жалағаш ауданы тұр. Шиеліде орта өнімділік 36,6 ц/га құраса, Сырдарияда орта өнімділік 35,1 ц/га болып белгіленді. Жаңақорғанда орта өнімділіктің көрсеткіші 33,7 ц/га болып анықталды. Қызылорда 29,2 ц/га мен орта өнімділігі анықталды. Қазалы ауданы 26,7 ц/га өнімділікті белгіледі. Арал ауданында күріш, бидай, арпа, тары мен жүгері тәрізді дәнді дақылдар егілген жоқ.

Облыста сонымен қатар арпа тарымен қатар жүгері де егіліп жүр. Арпаны Жаңақорған, Қазалы аудандары 800 га жерге екті. Оның 750 га алқабы Қазалы жерге егіліп, одан 330 тонна өнім алынды. Ал Жаңақорғанда 50 га жерге өнім егіліп, 145 тонна өнім алынғандығын ескеретін болсақ, онда орта өнім бұл ауданда 29 ц/га болды. Ол Қазалыда алынған өнімнен 24,6 ц/га жоғары екендігін білдіреді. Облысымыздың басқа аудандарында арпа егілген жоқ. Облысымызда тары Жаңақорған, Шиелі, Қазалы аудандарында 720 га жерге егіліп, жалпы 1173 тонна өнім алынды. Оның 838 тоннасын Жаңақорған ауданы құрап отыр, ол ауданда бұл өнім 524 га жерге егілген болатын. Орта өнім 16,4 ц/га берді. Шиелі ауданында 156 га жерге егілігіп, ол 307 тоннаны құрап отыр, орта өнімділігі 19,7 ц/га болды. Қазалы ауданында 40 га жерге егіп, одан 28 га өнім алды, ал оның орта өнімділігі 7,0 ц/га. Жалпы тарының орта өнімділігі 16,6 ц/га болып анықталды.

Жүгері облысымыздың бірқатар аудандарында егілгендіктен, ол жалпы өнімнің 2230 тоннасын құрады. Ол Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Қармақшы аудандарында 740 га жерге егілген болатын. Ең ауқымды алқабы – ол Жаңақорған ауданында 515 га жер. Одан 1442 тонна өнім алынды. Оның орташа өнімділігі 28,0 ц/га болды. Шиелі 145 га жерге еккен өнімінен 484 тонна өнім алды. Ал, орташа өнімділігі 33,4 ц/га болды. Сырдария 50 га жерден 214 тонна өнім алып оның орташа өнімділігі 42,7 ц/га болып анықталды. Қазалы ауданында 30 га жерден 90 тонна өнім алыды. Оның орташа өнімділігі 30,0 ц/га болды. Сонымен орташа өнімділік 30,1 ц/га болып белгіленді.

Облысымыздың аудандарында картоп, көкөніс пен бақша өнімдері де егіледі. Картопты 7568,3 га алқапқа егілді. Одан жалпы 99219,0 тонна өнім алынды. Картоп Жалағаш пен Шиелі, Сырдария аудандарында көлемді алқапқа егіліп, одан мол өнім алынды. Сырдария ауданында 1201 га жерге картоп егіліп, одан жалпы 19312 тонна өнім алынды, ал оның орташа өнімділігі 160,8 құрап ең жоғарғы нәтижеге ие болды. Жалағаш ауданы 1210 га жерге картоп егіп, одан 19251 тоннадан астам өнім алды, орташа өнімділігі де 159,1 болды. Шиелі ауданында картоп 1373,5 га жерге егіліп, одан 16441 тонна өнім алынды, ал оның орташа өнімділігі 119,7 ц/га болды. Қармақшы ауданында 1093 га жерге егілген болатын, одан 18308 тона өнім алынды, ал орташа өнімділігі 167,5 ц/га құрады. Қазалыда 970 га жерден 75 тонна өнім алынған болатын, оның орташа өнімділігі 75 ц/га болды. Қызылордада картоп 935 га жерге егіліп, 9612 тонна өнім алынды, орташа өнімділігі 102,8 ц/га болды. Жаңақорғанда 761,3 га жерге егіліп, 8831 тонна өнім алынды, оның өнімділігі 116,0 ц/га құрады. Аралда 24,5 га жерге егілген картоптан 189 тонна өнім алды, ал оның орта өнімділігі 77,3 ц/га болды.

Аудандарда егілген бақша өнімдеріне тоқталатын болсақ, ол жалпы 8145,5 га алқапқа орналастырылып, одан 132026 тонна өнім алынды. Ең жоғарғы көрсеткіш деп Шиелі ауданының 1839,5 га жерге еккен өнімінен 27651 тоннадай өнім алынғандығын, оның орташа өнімділігі 151,1 ц/га болғандығын

көрсетуге болады. Жаңақорған 1742 га жерден 25085 тонна бақша өнімін алды. Қазалы ауданында 1215 га жерге егілген бақша өнімдерінен 17666 тонна өнім алынды, оның орташа өнімділігі 145,4 ц/га болды. Аралда бұл өнімдер 100 га жерге орналастырылып, одан 1065 тонна өнім алынды. Сырдария ауданында 785 га жерге егілген өнімнен 18275 тонна өнім алынып, оның өнімділігі 232,8 ц/га құрады. 684 га жерге бақша өнімдерін еккен Қармақшы ауданы одан 13543 тонна өнім алды, ал оның өнімділігі 198 ц/га болды. Қызылорда 550 га жерге бақша өнімдерін орналастырып, одан 6281 тоннадай өнім алды, ал оның өнімділігі 114,2 ц/га болды.

Сондай-ақ, облыс аудандарында мақсарыны бірқатар аудандар егіп, одан мол өнім алуда. Жаңақорғанда мақсары 415 га жерге егіліп, оны 170 тонна етіп өндіріп алды, оның орташа өнімділігі 4,1 ц/га болды. Шиеліде 594 га алқапқа егілген мақсарыдан 166 тонна өнім алынып, оның өнімділігі 2,8 ц/га деп анықталды. Сырдарияда 410 га жерге егілген мақсары 172 тонна болып қайтарылды, ал оның өнімділігі 4,2 болып есептелді. Жалағаш ауданында бұл өнім түрі 355 га жерге егілгендіктен, одан 266 тонна өнім алынды, ал оның өнімділігі 7,5 ц/га құрады. Қазалы 300 га алқапқа орналастырған өнімінен 21 тонна өнім алған болатын, оның өнімділігі 0,7 ц/га құрады. Ал, Қызылордада 70 га жерге егілген мақсарыдан 1 тонна өнім алынды, ал өнімділік 0,1 ц/ га құрады.

Күнбағысты егумен Жаңақорған ауданының бейімі бар екендігін оның 114 га жерге орналастырған өнімінен 146 тонна өнім алғандығынан байқауға болады. Оның орташа өнімділігі 12,8 ц/га болды. Қармақшы ауданында 100 га жерге егілген күнбағыстан 197 тонна өнім алып, орташа өнімділігі 19,7 ц/га құрағанын ескеру керек. Күнбағыс Шиелі ауданында 55 га жерге егіліп, одан 94 тонна өнім алынды, орташа өнімділігі 17,1 ц/га болды. Сырдария ауданында 42 га жерге егілген өнімнен 70 тонна күнбағыс алынды. Оның орташа өнімділігі 16,7 ц/га болып есептелді. Қазалыда 20га жерге егіліп, одан 18 тоннадай өнім алынды, ал оның орташа өнімділігі 9 ц/га құрады. Бұл көрсеткіштер келесі кестеде берілген.

Қызылорда қаласында жалпы егілген ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының егіс көлемдері 2010 жылы күріш 71421 га жерге егілсе, жаздық бидай 2479 га жерге, күздік бидай 4679 га жерге, дөңдік жүгері 740 га жерге, тары 720 га жерге, арпа 800 га жерге, күнбағыс 331 га жерге, мақсары 2144 га жерге, сүрлемдік жүгері 280 га жерге, ал жоңышқа 17211 га жерге егілген болатын. Осы ауыл шаруашылығының өнімдерінің 2011 жылға жоспарланып отырған егіс көлемімен салыстырылған айырмашылығын төмендегі кестеден байқауға болады (1, 2-кесте).

Кесте 1. Қызылорда өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының егіс көлемдері, 2010-2011жж.


р/с	Дақылдардың (сорттардың) атауы	2010 жыл		2011 жыл	
		Жалпы егіс көлемі, га	%	Жалпы егіс көлемі, га	%
1	Күріш	71421	100	72812	100
	Маржан	35218	49,3	40244	55,3
	Түгіскен-1	201	0,3	383	0,5
	Авангард	20	0	363	0,5
	Янтарь	6757	9,5	5143	7,1
	Лидер	21644	30,3	19933	27,4
	Новатор	4351	6,1	2743	3,8
	Рапан	600	0,8	0	0
	Гарант	300	0,4	0	0
	Кубань-3	2326	3,3	4000	5,5
	Арал 202	2	0,003	0,5	0,001
	Ару	2	0,003	0,4	0,001
2	Жаздық бидай	2479	100	1912	100
	Қазақстан 10	2479	100	1912	100
3	Күздік бидай	4679	100	4237	100

	Наз	693	14,8	1000	23,6
	Стекловидная 24	3986	85,2	3237	76,4
4	Дәндік жүгері	740	100	1561	100
	ЗПСК	740	100	1561	100
5	Тары	720	100	795	100
	Саратов 6	720	100	795	100
6	Арпа	800	100	550	550
	Ақжол	750	93,8	0	0
	Росова	50	6,2	550	550
7	Күнбағыс	331	100	619	100
	Восход	331	100	619	100
8	Мақсары	2144	100	2506	100
	Мюлитин	1550	72,3	1600	63,8
	Нұрлан	594	27,7	906	36,2
9	Сүрлемдік жүгері	280	100	580	100
	Қазақстан 587	280	100	580	100
10	Жоңышқа	17211	100	1666392	100
	Жетісулық	172811	100	16392	100

Ескертпе: Қызылорда Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтері негізінде автордың есептеуі

Облыс бойынша жыл сайын 200 мың тоннадан аса күріш салысы, 90 мың тоннаға жуық картоп, 100 мың тоннадан астам бақша, 70 мың тонна сүт, 30 млн. данадай жұмыртқа өнімдері өндіріліп келеді. Өткен жылы облыста 146,5 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар өнімдердің қатарындағы күріш егісінің көлемі 61,6 мың га, картоп 6,6 мың га, көкөніс 6,6 мың га, ал бақша дақылдары 7,3 мың га құрды. Алдын ала болжам бойынша 246,6 мың тонна күріш салысы, 87,4 мың тонна картоп, 189,5 мың тонна көкөніс – бақша өнімдері алынды. Ұлттық тұтыну нормасы бойынша облыс халқының бір жылдағы қажеттілігі күрішке 58892 тонна, картопқа 44254 тонна, көкөніс-бақша өнімдеріне 63220 тоннаны құраса, нақты өндіріс негізінде қамтамасыз етілуі тиісінше күріш 1,5 мың есеге, картоп 1,9 есеге, ал көкөніс-бақша өнімдері 3 есеге артық болып отыр (1-сурет).

Облыс халқының ауыл шаруашылық өнімдерін 1 жылда тұтыну көлемі (мың тонна)



Сурет 1. Облыс халқының ауыл шаруашылық өнімдерін тұтыну көлемі

Облыста 2009 жылы 4561 шаруашылық жүргізудің барлық нысандарындағы ауыл шаруашылық құрылымдары бар. Оны 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 15%-ға артқан. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2008 жылы 27 млрд теңгені құрап отыр. Оның 27%-ы – өсімдік шаруашылығы, ал басым бөлігін, яғни 73%-ын мал шаруашылығы құрайды. Жылдан-жылға өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі төмендеген, мал шаруашылығының жалпы өнімі артқан.

Кесте 2. Қызылорда облысы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау қорытындысы

Аудан	Күріш			Жаздық бидай			Арпа			Тары			Жүгері		
	Егіл- гені, га	Орта өнім, ц / га	Жалпы өнім, тн	Егіл- гені, га	Орта өнім, ц / га	Жалпы өнім, тн	Егіл- гені, га	Орта өнім, ц / га	Жалпы өнім, тн	Егіл- гені, га	Орта өнім, ц / га	Жалпы өнім, тн	Егіл- гені, га	Орта өнім, ц / га	Жалпы өнім, тн
Жаңақорған	8035	33.7	27004	240	14,8	355,2	50	29,0	145	524	16,4	838	515	28,0	1442
Шиелі	6475	36.7	23699	15	13,	20,0				156	19,7	307	145	33,4	484
Сырдария	18602	35.1	65293	1040	9,2	956,8							50	42,7	214
Жалағаш	16813	39.8	66916	480	8,7	417,6									
Қарақшы	11510	40.8	4696	220	6,5	143,0							30	30,0	90
Қазалы	7230	26.7	19304	434	3,2	138,9	750	4,4	330	40	7,0	28			
Арал			0												
Қызылорда	2859	29.2	8348	50											
Барлығы	71524	36.0	257524	2479	8,4	2031,4	800	5,9	475	720	16,6	1173	740	30,1	2230

Ескертпе: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автормен жасалған

Әдебиеттер:

1. Сактаев А.А. Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың негізгі тәсілдері мен механизмдері // Саясат. – №4. – 2009. – 42-44 бб.
2. ҚР «Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы» Заңы. – Астана, 2009.
3. 2010-2014 жылдарға арналған Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стратегиялық Жоспары. – Астана, 2009.
4. Қызылорда облысының Статистика агенттігінің 2010-2011 жылдарға арналған сандық мәліметтері. – Қызылорда, 2010.
5. Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылық басқармасының 2009-2011 жылдарға арналған сандық мәліметтері. – Қызылорда, 2009.

Резюме

В статье рассматриваются результаты урожая за 2011 год по Кызылординской области, а также объем сортов урожая, посеянных в регионе.

Summary

In the article is examined the crop of Kyzylorda region in 2009. Also the range of the sorts of crop sowed in Kyzylorda region.

ӘОЖ 37:33:001.895 (574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

С.Б. ҚАСЫМОВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы


Қазақстанның егемендігін алғаннан бері өткен уақыты ұзақтығы бойынша нарықтық қайта құрулардың тиімділігін тек әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ғана емес, салалық макро және микро деңгейлерде талдау жеткілікті. Осы жерде білім жүйесіне көп көңіл аудару қажет, себебі оның жағдайы ұлттық экономиканың барлық салаларындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруда анықтаушы фактор болып табылады.

Жоғарғы технологиялық және ғылыми сыйымдылығы жоғары өндірістерді құру мен дамыту материалдық және материалдық емес өндіріс салаларын дамытуға жол ашады.

XXI ғасырдағы Қазақстанның инновациялық дамуының жарияланған принциптері шетелдік инновациялық қызметтің даму тәжірибесін тереңірек қарастыруды және елде инновациялық механизмдердің жаңа әдістерін енгізу қажеттілігін қарастырады. Бұл әсіресе жоғары білім беру жүйесіне қатысты.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар ең бірінші келесі жайлар маңызды роль атқаратын жүйешелерден тұрады (1-сурет):

- Технологиялық инновациялар – жаңа білім беру технологиясы;
- Педагогикалық инновациялар – оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық инновациялар – жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа институционалдық формалар;
- Экономикалық инновациялар – білім беру саласындағы жаңа экономикалық механизмдер.



Сурет 1. Білім беру жүйесіндегі инновациялар

Білім берудің экономикалық жүйесі келесі принциптерге негізделген:

- білім беру жүйесін дамыту проблемасын тек білім беру жүйесі деңгейінде ғана емес, сонымен қатар, жалпы мемлекеттік саясат және халықаралық деңгейде шешу;
- білім беру менеджментінде жүйелілік принципін барлық деңгейде жүзеге асыру;
- білім беруді ұйымдастырудағы қаржыландыру мен ұйымдастырудағы мемлекеттің ролін күшейту;
- білім беру қызметі нарығын дамыту;
- білім беру жүйесіндегі әр түрлі әлеуметтік институттардың ролін, бірінші кезекте кәсіпорындар мен отбасының ролін қайта қарау;

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен студенттер еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор әсерін тигізетін көптеген педагогикалық әдістер мен тәсілдердің айтарлықтай кеңеюіне әкеледі, мұның барлығы жалпы педагогикалық жүйешенің дамуына ықпал етеді.

Технологиялық инновацияны әзірлеу мен пайдалану, білім беру процесінде жаңа компьютерлік және телекоммуникациялық технологияны пайдалану инновациялық оқу үрдісін дамытудың жетекші факторы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияны үздіксіз қарқынмен тұрақты жетілдіру соңғы он жылдықта білім беру саласындағы жаңа ендірімдерді ынталандырады және жеделдетеді.

Жаңа технологияны пайдалану барысында ұйымдастырушы инновацияларды меңгеру бүкіл білім беру жүйесінің маңызды факторы болып табылады.

Нарық механизмдері мен жаңа білім беру технологиясының дамуымен Қазақстанда білім беру саласында экономикалық инновациялар қалыптасуда, атап айтқанда:

- білім беруді мемлекеттік қаржыландырудың жаңа механизмдері;
- білім беруді қаржыландырудың көздерін диверсификациялау;
- студенттік өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі басқару;
- білім беру саласындағы салықтық ынталандыру;
- білім беруді кәсіпорындардың қаржыландыруының жаңа механизмдері;
- білім беру саласындағы еңбекті төлеу механизмі.

Білім беру инновацияларын тарату білім беру өнімдері мен қызметі нарығының айтарлықтай кеңеюіне әкеледі, себебі:

- Білім беру қызметін тұтынушылар, білімге сұраныс күрт өседі;
- Білім беру өнімдері мен қызметінің ұсынысы барынша ұлғаяды;
- Білім беру өнімдері мен қызметі саласында бәсекелестік күшейеді.

Білімді, ғылымды және өндірісті біріктірудің шетелдік тәжірибесі инновациялық дамудың орталығы болып табылатын шетел университеттері бұл тұрғыда орасан зор жетістіктер көрсетіп отыр.

Білім беру жүйесінің экономиканың инновациялық дамуын қамтамасыз етудегі әдістемелік және теориялық қадамдарға зерттеу жүргізу келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

1. Республикадағы экономикалық қайта құрылудың сипатын анықтайтын интеграциялық процесстердің дамуы жағдайында «инноватика» санатын, оның әрі қарай теориялық және тәжірибелік мәнін нақтылау қажеттілігі пайда болады.

2. Ғылыми-тәжірибелік тұрғысынан қазіргі әлемдегі инновацияға және оның санаттарына анықтамалар берілді. Технологиялық бизнес дамуымен сипатталатын инновациялық экономикадағы негізгі бағыттары анықталды. Қазақстан экономикасына қатысты білім беру инновациялық жүйесі қалыптасты.

3. Қазақстандағы білім беру жүйесі терең ғылыми және зияткерлік зерттеулер негізінде жасалған, заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып, соңғы жылдардағы жетістіктерді қамтитын, кең көлемді болуы тиіс. Жиырма бірінші ғасырда мамандардың жалпы мәдениеті жоғары болатындай, түпкілікті ғылыми және кәсіби дайындығы болуын талап етеді. Қазіргі заманғы білім беру институты дәстүрлі білім беру жүйесі аясынан шығып, «өмір бойына оқу» процесіне айналуға.

4. Қазақстандағы инновациялық инфрақұрылымның формаларын зерттеу салалық және жоғары білім беру мекемелеріндегі ғылыми негіздердің қалыптасуы басталғаны туралы тұжырым жасауға негіз береді; инновациялық инфрақұрылымның негізгі ұйымдастырушылық формалары ұлттық технопарктер, аумақтық инновациялық орталықтар, шағын инновациялық кәсіпорындар болып табылады, инновациялық процеске қатысатын барлық субъектілердің атқаратын қызметтері нақты түрде бөлініп берілген.

5. Білім берудің қазақстандық жүйесі басқа барлық жүйелер тәрізді әлемдік білім беру кеңістігіне интеграцияланып, келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- білім беру жүйесінің тұтастығы, білім берудің мазмұны мен сапасына қойылатын мемлекеттік талаптардың бірегейлігі;
- білім берудің ыңғайлылығы мен көп деңгейлілігі;
- білім беру мазмұнының жаңалануы мен диверсификациясы;
- білім беру жүйесінің компьютерленуі мен білім алушылардың білімін тексерудің объективті формаларын енгізу;
- шет тілдерін оқу;
- меншік түрлерінің және оқу орындарын қаржыландыру көздерінің көп түрлілігі;
- шет елдік жетекші жоғары білім беру мекемелерімен тұрақты түрде қызмет ету.

6. Халықаралық қатынаста қызмет ету кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі білім беруді жетілдіруге жағымды жағдай жасайтын маңызды фактор болып табылады. Білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы алмасу елдер арасындағы өзара түсіністіктің өзіндік көпірі болып табылады. Бүгіндері бұл өте маңызды болмақ, өйткені Қазақстан ғылымы биік дамыған мемлекет болғандықтан, қазіргі кезде білім берудің және оқытудың жаңа бағдарламаларын жасау саласында көмекке және қолдауға зәру, атап айтсақ: бизнес саласы, менеджмент, экономика, үкіметтік саясат, журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мәдениеттің және әлеуметтің даму аспектілері.

7. Білім беру жүйесінің ауқымды тенденциялардың мықтап әсер етуіне Интернет көп көмегін тигізуде. Бірқатар шетелдік ғалымдар Интернетті маңыздылығы бойынша және жаңа ақпараттық технологияларды өндірістік революция зардаптарымен, энергияның жаңа түрімен, электр түрін ойлап табумен салыстыруда. Интернет-білім беру – білім берудің коммуникативті және интерактивті құралы, сондай-ақ білім берудің жаңа өнімдерін нарыққа шығару. Іс жүзінде бұл білім берудің заманауи жүйесінің инфрақұрылымы.

8. Білім берудің жүргізілген сараптамасы негізінде оның дамуында ең алдымен келесі бағыттар болуы керектігі туралы қорытынды жасалды:

- білім беру жүйесінің жинақталған әлуетін сақтап қалу;
- Қазақстан Республикасының білім берудің бүкіләлемдік жүйесіне интеграциялануы;
- білім беру жүйесінің еңбек нарығындағы өзгерістерге қарай балансты түрде дамуы;
- ақпараттық білім берудің жаңа технологияларының құралдарын қолдану;
- білім берудің ыңғайлы үлгісін жасау.

9. Елде сәйкес ғылыми және білім беру базасын құрмай, сапалы жаңа технологиялық деңгейге өту мүмкін емес. Жаһандану процесімен, ондаған жылдар шамасында қоғамның элитасының ұдайы өндіріс процесін қамтамасыз еткен ұлттық мектептердің дәстүрлері мен ерекшеліктерін сақтай отырып біріктіру – бұл Қазақстан үшін күрделі мәселе. Оның өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Қазақстан ел сыртына немесе қоғамдық өндірістің басқа сферасына ғылымда және білімдегі талантты кадрлардың «ағып кету» кезеңінен сүрінбей өтті. Бірақ, оқытушы кадрлардың «алтын қоры» баяғыдай көп емес, соған байланысты кеңестік іргелі білімнің жағымды жақтарын «Болондық процесте» бекітілген білім алудың жаңа технологиясын шығармашылық негізде біріктіруге қабілетті жоғарғы мектептің жоғары маманданған оқытушыларын даярлау мәселесінің өзектілігі арта түседі.

ФК глинистых растворов механически и химически трудно удаляются. Буровые растворы с кислоторастворимыми наполнителями дают возможность в процессе освоения скважины разрушить кислотой структуру ФК и УК [4]. Однако добавки в буровой раствор любых наполнителей ухудшают коркообразующие и фильтрационные свойства бурового раствора и требуют обработки буровых растворов химическими реагентами.

С целью разработки оптимального состава наполнителя в буровых суспензиях для заканчивания эксплуатационных скважин с «открытым» стволом, который при вскрытии проницаемого пласта бурением ограничивал проникновение твердой фазы в ОЗ, а при вызове притока способствовал удалению ФК и УК, нами были проведены экспериментальные исследования формирования ФК и УК на песчаных набивках песка фракции с $r_{\text{ср}} = 1250$ мкм (набивка 1) и песка фракции с $r_{\text{ср}} = 300$ мкм (набивка 2) при перепадах давления 0,1 МПа и 0,7 МПа.

Исследования показали, что после контакта с буровым раствором обе набивки песка снизили скорость фильтрации на два порядка (в 100 раз). Введение наполнителя увеличивает скорость фильтрации в 4-5 раз (рис. 2).

Определяющая роль при этом принадлежит ФК, проницаемость которой зависит не только от структурообразующей глинистой фазы, но и от формы и размера частиц наполнителя.




Рисунок 2. Скорость фильтрации воды через набивки песка до и после фильтрации высококачественного бурового раствора:

1 – набивка песка $r_{\text{ср}} = 1250$ мкм; 2 – набивка песка $r_{\text{ср}} = 300$ мкм

Если тонкодисперсные частицы наполнителя существенно не нарушают слоистую структуру ФК, создаваемую высококачественными глинистыми минералами, то внедрение крупных частиц наполнителя раздвигает или разрывает эту структуру и провоцирует увеличение скорости фильтрации через ФК и, как следствие, интенсифицирует формирование фильтрационных барьеров в ОЗ.

В нашем случае при содержании тонкодисперсного наполнителя (< 160 мкм) в ФК ниже 7% сохраняются приемлемые фильтрационные свойства. Введение в раствор фракций с размером частиц $r > 240$ мкм приводит к увеличению параметра водоотдачи высококачественного глинистого раствора.

На втором этапе исследований песчаные набивки после формирования ФК и УК обрабатывались различными кислотными композициями.

В качестве кислотных композиций исследованы различные составы, из которых наилучшие показатели получены при обработке смесью карбоновых и аминокарбоновых кислот [5] (рис. 3).





Рисунок 3. Восстановление проницаемости песчаных набивок после обработки различными кислотными композициями: 1 – обработка глинистой корки 15% HCl; 2 – обработка глинистой корки 15% НТФ; 3 – обработка глинистой корки 15%-ной смесью карбоновых и аминокарбоновых кислот; 4 – обработка глинистой корки с наполнителем смесью карбоновых и аминокарбоновых кислот

Смесь карбоновых и аминокарбоновых кислот полностью растворяет карбонатный наполнитель, измельчает глинистую фазу (в глинистой суспензии увеличивается количество частиц с размерами 4,5 мкм и меньше) и, кроме того, имеет пониженную коррозионную активность. Корки после обработок смесью карбоновых и аминокарбоновых кислот удаляются практически полностью.

Соляная кислота способствует коагуляции глинистой фазы, в результате глинистые частицы укрупняются и хуже вымываются из набивки.

Установлено, что кислотное удаление ФК зависит от размера наполнителя.

Тонкодисперсный кислоторастворимый наполнитель (фракции размером < 160 мкм), который более равномерно распределен в ФК, при взаимодействии с кислотой способствует объемному разрушению структуры ФК. Кислотное разрушение крупнодисперсных частиц карбоната (фракции размером > 210 мкм) менее эффективно, т.к. носит очаговый характер и не затрагивает часть поверхности ФК (рис. 4).



а)

б)

Рисунок 4. Поверхности корок с кислоторастворимым наполнителем после обработки 10%-ной смеси карбоновых и аминокарбоновых кислот: а – наполнитель размером меньше 160 мкм (корка полностью удалена), б – наполнитель фракции больше 240 мкм (очаговое разрушение и на поверхности подложки остатки фрагменты ФК)

Таким образом, буровые суспензии для заканчивания эксплуатационных скважин с «открытым» стволом с кислоторастворимым наполнителем размером фракций меньше 160 мкм при концентрации в корке не более 7% при вскрытии проницаемого пласта создают надежный фильтрационный барьер, который перед вызовом притока полностью разрушается смесью карбоновых и аминокарбоновых кислот.

Литература:

1. Михайлов Н.Н. Информационно-технологическая геодинамика околоскважинных зон. – М.: Недра, 1996.
2. Крылов В.И., Крецул В.В. Методика оценки загрязнений и очистка продуктивных пластов в процессе строительства горизонтальных скважин // НТЖ. Строительство нефтяных и газовых скважин на суше и на море. – М., 2006. – № 9.
3. Крылов В.И., Крецул В.В. Новый подход к методам химической очистки призабойной зоны ствола скважины при заканчивании открытым стволом // НТЖ. Технологии ТЭК. – М., 2004. – №4.
4. Крылов В.И., Крецул В.В. Применение кольматантов в жидкостях для первичного вскрытия продуктивных пластов с целью сохранения их коллекторских свойств // НТЖ. Строительство нефтяных и газовых скважин на суше и на море. – М., 2005. – № 4.
5. Евстифеев С.В., Панкратов Д.А., Подгорнов В.М., Сулейменов Н.С. Формирование и восстановление эксплуатационных качеств призабойной зоны скважин // Новые технологии освоения и разработки трудноизвлекаемых запасов нефти и газа и повышения нефтегазоотдачи: Тр. VII Междун. технол. симп. Институт нефтегазового бизнеса. – М., 2008 .

Түйіндеме

Мақалада өнімді қабаттан скважинаға сұйықты шақыруда қиындық келтіретін фильтрациялық кедергілер горизонтальды діңгектің ұзаруынан әсері ұлғаятыны көрсетілген. Бұрғылау сұйығының құрамындағы қышқылға ерігіш қоспалардың мөлшерін және фракция өлшемін оптимизациялау өнімді қабатты алғаш ашқанда беттік кольматациялануын және скважинаны меңгеру кезінде тиімді жойылуын қамтамасыз етеді.

Summary

In this article shown that the degree of influence of filtration barriers preventing inflow into the hole increases with the increase of the length of a horizontal hole. Optimization of the content and size of fractions of acid soluble fillers in drilling mud ensures mud injection whilst drilling through the formation and effective mud removal during stimulation treatment.

ӨОЖ 332.133.6:332.142:338.436

АЙМАҚТАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУТУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Г.Б. ДУЗЕЛБАЕВА,

экономика ғылымдарының кандидаты

Ж.Н. АСАНОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының бірі агроөнеркәсіп кешені жүйесін тиімді жүргізу және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенінде негізгі бағыт күріш шаруашылығын, мал шаруашылығын, көкөніс-бақшаны және балық шаруашылығын дамытуға басымдық берілген.

Мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде соңғы жылдары аймағымыздың ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуында оң нәтижелер байқалуда. Өңірдің экономикалық дамуы тікелей ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуымен байланысты. Бұл бағытта облыстық агроөнеркәсіп кешені саласында қарқынды жұмыстар атқарылуда.

Облыста өсімдік шаруашылығының басым бағыты күріш өндірісі болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда жиналатын күріштің жалпы өнімінің шамамен 90%-ына жуығы осы жерде өндіріледі.

Жыл сайын саланы мемлекеттік қолдау көлемі артып келеді. Облыстың ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 2009 жылы барлығы 1,5 млрд. теңге бағытталған болса, 2011 жылы мемлекеттік қолдау көлемі айтарлықтай өсіп, 3,3 млрд. теңгеге дейін жеткен, бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан.

Осыған байланысты жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі байқалуда. 2011 жылды 2009 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 118,7 пайызды құраса, оның ішінде өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 102,2%, ал мал шаруашылығының жалпы өнімі 154,5%-ға өсті, бұған 1-кесте мәліметтері дәлел бола алады.

Кесте 1. 2009-2011 жж. Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы көлемі, млн. теңге.

	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2011 ж., % қатынасы	
				2009 ж.	2010 ж.
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, барлығы млн. тг	38212	44242	45362,6	118,7	102,5

Оның ішінде:					
Өсімдік шаруашылығы	27178	30886	27788,9	102,2	89,9
Мал шаруашылығы	11034	12881	17056,8	154,5	132,4

Қызылорда облысының статистика басқармасының статистикалық көрсеткіштер жинағы, 2009-2011 жж.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында соңғы жылдары аймағымызда мал шаруашылығы мен егін шаруашылығында соны серпілістер байқалуда. Бүгінгі таңда аймақта мал тұқымын асылдандыру және өнімділігі мен сапасын арттыруға зор мән беріліп отыр. Мәселен, тұқым шаруашылығын дамытуға 2011 жылы бөлінген қаржы көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 2,7 есеге артқан. Көктемгі дала және жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялауға 2009 жылы 1018,2 млн. теңге бөлінсе, бұл көрсеткіш 2011 жылы 1174,4 млн. теңгені құраған немесе 115,3%.

2011 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев кезекті Жолдауында «Ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі. Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады» деп, ел дамуының басты бағытын саралап берген болатын. Бұл тапсырманы орындау аймағымызда ерекше қолға алынып, 2015 жылы 1 мың тонна ет экспортқа шығару жоспарланған.

Осыған сәйкес 2011 жылы мал шаруашылығын дамытуға едәуір қаржы бағытталды. Мал шаруашылығын дамытуды қолдауға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы 2011 жылы 163,9 млн. теңгені құрады, бұл қаржы 2009 жылмен салыстырғанда 4 есеге артқан. Сонымен қатар, осы жылы мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға бөлінген қаржы 2009 жылмен салыстырғанда 11 есеге өскені байқалады. Ал бұл бағытта жергілікті бюджеттен 173,2 млн. теңге бөлінген. Мал шаруашылығының дамытумен қатар, ветеринариялық шараларды жүргізу күшейтілетіні сөзсіз. Осы бағытта эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға 295,4 млн. теңге бөлінді. Жалпы айтқанда, 2009 жылы аймағымызға мемлекеттік қолдау көлемі 1473,3 млн. теңгені құраған болса, бұл сома 2011 жылы 3280,65 млн. теңгеге жеткен немесе 2 есеге өскен (2-кесте).

Кесте 2. 2009-2011 жж. Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы саласына бөлінген қаржылардың мәліметі, млн. теңге

	Іс-шаралардың атауы	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2011ж. 2009 ж., %
	Барлығы	1473,3	2338,3	3280,65	2 есе
1	Тұқым шаруашылығын дамыту	28,3	28,8	78,7	2,7 есе
2	Тұқым шаруашылығын дамытуды жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жүзеге асыру	86,6	105,0	105,0	121,2
3	Көктемгі дала және жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау	1018,2	1102,1	1174,4	115,3
4	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен өнімділігін көтеруге	150,3	435,1	716,1	4,7 есе
5	Мал шаруашылығын дамытуды қолдау	41,6	29,0	163,9	4 есе
6	Мал шаруашылығын дамытуды жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жүзеге асыру	55,2	61,9	173,2	3 есе

7	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын көтеруді субсидиялауға ағымдағы нысаналы трансферттер	11,3	25,4	125,5	11 есе
8	Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау	61,9	267,5	253,9	4 есе
9	Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге	19,9	2,3	58,7	3 есе
10	Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге ағымдағы нысаналы трансферттер	—	256,2	295,4	100
11	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыруға және өткізуге мақсатты ағымдағы трансферттер	—	—	124,4	100
12	Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянды организмдерімен күрес шаралары	—	—	10,1	100
13	Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыру	—	—	1,35	100
14	Инновациялық тәжірибелерді енгізу	—	25,0	0	

Ескерту: Қызылорда облысы АШБ-ның мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

2012 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға 3,7 млрд. теңге бөлінді. Басымдылық негізінен мал шаруашылығын дамытуға бағытталып отыр. Асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидияландыру көлемі облыстық бюджеттен осы жылы 172 млн. теңгеден 315 млн. теңгеге артып, ал республикалық бюджет қаржысын қосқанда 770 млн. теңгеге жетті (2 есеге дейін), яғни асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын шаруашылықтарды қолдау сомасы едәуір артқан. 2011 жылдан бастап «Сыбаға» бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның басты мақсаты – ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту. Осы бағдарламаға қатысуға облыстағы 124 фермерлік шаруашылықтары ынта білдіріп, оның 29 шаруашылығы «КазАгро» желісі арқылы несие алған. Бұл қаржыға 1600-ден астам мал басы сатып алынған, оның ішінде асыл тұқымды бұқаларды қоса есептегенде. Яғни, ірі қара мал басы бойынша сүт бағытымен қатар ет бағытын дамытуға негіз қаланды.

Бұл жылы да шет елдерден аймаққа кем дегенде 1400 бас ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малын әкелу жоспарланған. Яғни, кем дегенде 2 шаруашылық-репродуктор құрылады, олар арқылы алдағы уақытта шет елдік селекциялы асыл тұқымды ірі қара малды тарату жүзеге асырылады, сонымен қатар, 9 мың шамасында мал басы бар фермерлік шаруашылықтар, 5 мың басқа арналған бордақылау алаңдары құрылады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 2015 жылы экспортқа мың тоннадан астам ет шығару көзделген.

Өнімдердің сапасын және бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету үшін 2012 жылы ветеринариялық-профилактикалық шараларға зор мән берілген. Алғаш рет уақытылы энзотикалық шаралар өткізуге қаржы қарастырылды. Яғни, малдарды егу жұмыстары бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұл, әлбетте, ауылдық тұрғындарға үлкен қолдау. Арнайы электрондық база құрылып, оған облыс аумағындағы мал басы туралы барлық ақпарат, туылғаннан бастап союға дейінгі мәліметтер енгізіледі. Сонымен қатар, мал шаруашылығын дамыту мал азығы базасын жақсартумен тығыз байланысты. 2011 жылы облыс орталығында тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін зауыт іске қосылды. Алдағы уақытта әрқайсысы 80 тонна құрама жем шығаратын екі зауыт іске қосу жоспарланған: бірі – Қызылорда қаласында, екіншісі – Сырдария ауданында. Оған қоса осы жылы мал азығы үшін дақылдар алаңын

4 мың гектарға, майлы дақылдар алаңын 1,54 мың гектарға ұлғайту жоспарлануда. Ал, жоңышқа тұқымын өсіретін Сырдария ауданында арнайы тұқым шаруашылығы құрылған.

Қызылорда облысы барлық Қазақстан күрішінің 90 пайызға жуығын өндіреді және ол әйгілігі мен сапасы жағынан жоғары бағаға ие. Осы орайда «Лидер позициясын қалай сақтап қалу керек? Бәсекелестерден басым болудың жолдары қандай?» деген сауалдар туындайды. Ол үшін – бірінші кезекте, тұқым құрамына баса назар аудару керек. Осы жылы I репродукциялы күріш тұқымы өндірісіне субсидия сомасы артып, 140 млн. теңгеге жеткен (35 млн. теңгеге). Республикалық бюджеттен элиталық тұқым өндірісін субсидиялауды қосқанда бұл сома 226 млн. теңгені құраған. Осы жылы тағы 2 сортын аудандастыру (фитш, анаит) қолға алынған. Бұл шаралардың барлығы жоғары өнімді қамтамасыз ету үшін қажет, тиісінше, өнімнің сапасына да, бағасына да оң ықпал етеді.

Өткен жылы аймағымызға шетелдік инвесторларды тарта отырып, Украина күріш жаткаларын жинау бойынша біріккен кәсіпорын құрылды. Бұл кәсіпорында былтырғы жылы 16 жатка шығарылса, биыл тағы да 18 шөп шабатын жаткалармен қатар, пресс жинаушы техника шығару жоспарланған.

Агроөнеркәсіп кешенінің тиімді дамуы магистралдық каналдар мен коллекторлардың жағдайына байланысты. Бұл нысандар ондаған жылдар бойы жөнделмеген. 2011 жылы 4 магистралдық канал және Шиелі, Жалағаш, Қармақшы және Қазалы аудандарындағы коллекторлар жаңғыртылып, қайта қалпына келтірілді. Жалағаш ауданының 15 мың га астам жердегі ирригация және дренаж жүйелерінің төлқұжаттарын дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, иесіз қалған су шаруашылығы және гидромелиоративтік нысандарды облыстың коммуналдық меншігіне өткізу жұмыстары жүргізіліп, 16 каналды тазалау және 34 су құрылғыларын жөндеу жұмыстары іске асырылған. Нәтижесінде 12 мыңнан астам отбасы жалпы көлемі 2 мың га телімді үй маңы (бақша) шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік алса, 20 мыңнан астам жайылымдық және шабындық жерлер суландырылып, 4 мың гектар алаңдағы көлдер суға толтырылды.

Осы жұмыстар бұл жылы да жалғастырылып, 14 канал, 2 қашыртқы тазарту және 8 насос орнату жоспарланған. 2013 жылға жоспарланған 15 каналдың жөндеу жұмыстары бойынша қолға алынады деп күтіліп отыр.

Биылғы жылы көркейту және жолдарды жөндеу бойынша ауылдардағы көшелерді жөндеуге кем дегенде 1 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді, облыстық бюджеттен аймағымыздың 33 елді мекендерінің көшелері орташа жөнделуде. Бұдан бөлек 54 млн. теңге бөлініп, облыстың әр ауданының 3 ауылында көшелерді жөндеу және жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылуда. Бұл қаржы көлемі келесі жылы 10 есеге дейін көбейеді деп күтілуде.

Қазіргі кездегі аймақтың агроөнеркәсіптік кешеніндегі өзекті мәселелерге тоқтала кетсек:

«Сыбаға» бағдарламасын одан әрі жандандыру;

– аудандарда мал азығының проблемасын шешу үшін жоңышқа мен сүрлемдік жүгері егісінің көлемін көбейту;

– жұмыс жасап тұрған өңдеу кәсіпорындарының жоғарғы қуаттылықта жүктелуі үшін шикізат қорымен қамтамасыз етілуін және ауыл шаруашылық шикізат қоры мол аумақта жаңадан кәсіпорындар салу;

– облыс аумағында азық-түлік тауарларының бағасын өсірмеу мақсатында жылыжайларды құру;

– селолық тұтынушылар кооперативтері мен дайындаушы орталықтарды құру;

– су шаруашылығындағы магистральдық каналдардың жөндеу жұмыстары бойынша шаралар қабылдау, артезиандық скважиндар желісін және мал шаруашылық жайылымдықтарды дамыту үшін құдықтар санын көбейту;

– балық шаруашылығын дамыту.

Аймақта халықтың үштен екі бөлігі ауылдық жерлерде тұратындығын және олардың негізінен ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатынын ескерсек, бұл саланың даму деңгейі – ауыл тұрғындарының еңбекпен қамтылуы, тұрмыс деңгейінің көтеріліп, табыстарының артуымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы саласының даму перспективалары оң бағытқа қойылып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеретін басты салаға айналып отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». – Астана, 2011.
2. Қызылорда облысының Статистикалық басқармасының статистикалық көрсеткіштер жинағы. 2009-2011 жж. облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары. – Қызылорда, 2011.
3. Қызылорда облысының Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтері. – Қызылорда, 2011.

Резюме

Производство конкурентоспособной продукции сельского хозяйства и эффективное ведение системы агропромышленного комплекса являются одними из приоритетных направлений развития социально-экономического состояния Кызылординского региона.

Summary

Production of competitive agricultural products and effective management of the system of agriculture is one of the priorities of the socio-economic condition of the region.

ӘОЖ 336.711 (574)

ИСЛАМДЫҚ САҚТАНДЫРУ: ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

А.Ш. ӘБДИМОМЫНОВА,

экономика ғылымының кандидаты, доцент

Б.Е. ЖҰМАБЕКОВ,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Исламдық сақтандыру – барлық қатысушылардың жарнамаларын садақа ретінде бір немесе бірнеше қатысушылардың шеккен зиянын толықтай немесе бір бөлігінің орнын толтыру жүйесі. Компанияның рөлі – сақтандыру операцияларын басқару, сақтандыру жарнамаларын инвестициялаумен шектеледі.

Исламдық сақтандыру немесе Такафул (арабша – кепілдікті өзара беру) – өзара түсінушілік пен көмектің, ынтымақтастықтың қағидаларына сүйеніп жұмыс жасайтын, шариғат заңдарына сүйенетін мұсылмандық сақтандыру. Өзара көмек (таавун) беру мақсатымен қор мүшелері ерікті жарналарды (табарру) аударып отырып, тәуекелді барлық қатысушылар арасында бөледі.

Исламдық сақтандыруда мынадай элементтер болмауы керек:

- Гарар (арабша – қауіп-қатер) – сақтандыру келісім-шартында кездейсоқтықтың, түсініксіздіктің, екіұштылықтың артық болуына тыйым салу. Сонымен қатар, гарар Исламда харам саналатын алыпсатарлық тәуекелді білдіреді. Гарар мынадай мөлшерде бола алады: рұқсат етілген гарар (ал-гарар ас-йасир) – шариғат көзқарасы бойынша рұқсат етілген екіұштылық; аралық гарар (ал-гарар ал-мутаваассит) – белгілі бір шарттар қатары орындалса, келісім-шартқа кіреді; шеттен шыққан гарар (ал-гарар ал-касир) – келісім-шарт жарамсыз болып табылады.

Ал сақтандыруда: 1) тура гарар – аз мөлшердегі ақшаны (сақтандыру сыйақысы) көп мөлшерге (сақтандыру төлемдері) ауыстыру; 2) жанама гарар – рибаға негізделіп, бағалы қағаздарға инвестициялау.

Тауарлық мәміле жүзеге асырылу барысында, қарыз кезінде капиталдың өсімі риба болып саналады. Осыған байланысты қарыздың мерзімі мен мөлшеріне тәуелді және инвестицияның табысты болуына тәуелсіз алдын-ала анықталған пайыздық қойылым риба түсінігіне дәл келеді.

Майсир (такафулда құмарлықты білдіреді) сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы қатынастарда орын алады: сақтандыру оқиғасы орын алса сақтанушы, орын алмаса сақтандырушы жеңіп шығады. Ол құмарлық – Ислам бойынша харам – тыйым салынған [1,141 б.].

Такафулда сақтанушылардың меншікті қаражаты есебінен өмірде орын алуы мүмкін жағымсыз жағдайларда қаржылық көмек беру мақсатымен арнайы сақтандыру қорын құрады. Егер сақтанушылардың біреуінде сақтандыру оқиғасы орын алса, шығынның орны ортақ қор есебінен толтырылады. Сол арқылы қор қатысушылары тәуекел мен шығындарды өзара бөліседі.

Исламдық сақтандыру тұжырымдамасында келесідей негізгі қағидалар бар:

1) Такафулда шектен тыс гарар жоқ – әрбір қатысушы төлеп отыратын жарнаның бір бөлігі қайырымдылық жарна ретінде есептеліп, сақтандыру оқиғасы орын алғанда өтемақы төлеу үшін құрылған арнайы қорға аударылады. Екінші бөлігі сақтандыру оқиғасы орын алғанға қарамастан, қор қатысушыларына табыс әкелетін қорға жатқызылады. Такафул-оператор да алдын-ала бекітілген сома мөлшерінде табыс алады. Алынатын табыс мөлшері компания жүргізетін операцияларға тікелей байланысты болады және нақты пайдадан алынған бекітілген пайыз болып табылмайды.

2) Төленген жарналар мен олардың бір бөлігі шариғат бойынша рұқсат етілген операцияларда ғана инвестициялана алады. Кез келген такафул-оператордың құрылтай шарттарында компанияның инвестициялық қызметінің шариғат заңдарына сай жүзе асатындығы туралы көрсетілуі тиіс.

3) Исламдық сақтандырудың басты мақсаты қатысушыларының тәуекелін кепілдендіру болып табылады. Такафул келісім-шартының қатысушы жақтары кепілдік беруші деп кепілдік берілген тұлға ретінде де танылуы мүмкін.

4) Такафул-бизнес «мудараба» атты табысты болу механизміне негізделіп жұмыс жасайды, ол өз кезегінде коммерциялық сақтандыруда орын алатын пайыздық қатынастардан сақтануға мүмкіндік береді.

5) Такафул-компанияның іскерлік белсенділігін қадағалау Шариғат қадағалау кеңесіне жүктеледі. Бұл кеңес ұйымның жаңа өнімдері мен қызметтерін, жүргізіп отырған операцияларын мұсылмандық құқықтың нормалары мен қағидаларына сай екендігін бақылайды.

6) Исламдық сақтандырудың барлық қатысушы жақтары «utmost good faith» – ең жоғарғы адалдық қағидасымен ұстануы қажет.

7) сақтанушылар өз өкілдерін такафул-компанияның директорлар кеңесіне ұсына алады;

8) Такафул келісім-шартында екі жақ туралы, сақтандыру объектісі мен шарттары туралы толық ақпарат беріледі. Мүше жарналары қайырымдылық ретінде қабылданғандықтан, гарар элементі болмайды;

9) Такафул қордың қаражаттары шариғатпен тыйым салынбайтын операцияларда ғана қолданылады;

10) Исламдық сақтандыру тәуекел мен шығындарды қатысушылар арасында бөлуге негізделген;

11) Исламдық сақтандыру – әлеуметтік өзара көмек.

Сонымен қатар, Ислам қаржысында қалыптасқан сақтандыруға тыйым салынған, өйткені:

- Екі жақ – сақтандыру компаниясы мен сақтанушы «пайда» тосуда. Сақтандыру жағдайы бола қойғанда: сақтандыру компаниясы сақтанушыдан алынған сыйақы сақтанушыға төленетін сақтану талабымен асады деп, сақтанушы сақтандыру компаниясына төлейтін сақтандыру жарнасының мөлшері сақтандыру компаниясы төлейтін сақтану талабынан кем болады деп күтеді, яғни майсир – алыпсатарлық; сақтанушы сақтандыру компаниясына болары/болмасы белгісіз шығынның орны толтырылады деген уәдесіне байланысты, яғни гарар – екіұштылық;

- Сақтандыру компаниясы қаржыландыруда қарыздан пайыз алу (Риба) мақсатын көздейді; сондай-ақ тыйым салынған (Харам) салаларына (темекі, арақ-шарап, қару-жарак, оқ-дәрі өндірістеріне, ойынсауық құмар ойындарына) қаржыландыруы мүмкін.

Ресейдің белгілі шығыстанушы-ғалымы Р.И. Беккин: «Исламдық сақтандыру (Такафул) концепциясы әр түрлі конфессиялар өкілдерінің көзқарастарына қайшы болмай, қайта экономикалық тір-


шілікте адамгершіліктен таймау көзқарастарына сай келеді. Әлемде көптеген ислам сақтандыру компанияларының клиенттері мұсылман еместігі кездейсоқ жағдай емес», – деп атап көрсетеді [2, 125-б.].

2010 жылы әлемде Такафул-компаниялардың саны – 124 және оған қосымша 38 «терезелер» тіркелді. Такафул нарығында жетекші орынды Сауд Арабиясы мен Малайзия иеленеді.

Парсы шығанағындағы ең ірі нарық Сауд Арабиясында 2010 жылы Такафул жарналары 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Ал Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең ірі нарық Малайзияда орналасқан, 2010 жылы Такафул жарналары 0,8 млрд. АҚШ доллары көлемінде болды [3].

Исламдық сақтандырудың негізгі операцияларының Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бойынша жүзеге асырылуы 1-суретте көрсетілген.

Таяу Шығыс




Мұндағы: 38% – жанұялық және медициналық сақтандыру;

30% – көлікті сақтандыру;

21% – мүліктік және апатты жағдайлар;

11% – кеме және әуе.

Оңтүстік-Шығыс Азия



Мұндағы: 64% – жанұялық және медициналық сақтандыру;

17% – көлікті сақтандыру;

16% – мүліктік және апатты жағдайлар;

3% – кеме және әуе.

Сурет 1. Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бойынша сақтандыру операцияларының жүзеге асырылу үлесі

Исламдық сақтандырудың Қазақстан нарығында қалыптасуы мен дамуына талдау жасап көрейік. SWOT-талдау жасау арқылы әлсіз және күшті жақтарын, әлеуетті сыртқы қатер мен тиімді мүмкіндіктерді анықтауымыз керек (1-кесте).

Кесте 1. Исламдық сақтандыруды SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Мұсылмандарға шариғат шарттарына қарсы келмейтін сақтандыру қызметтерін пайдалану мүмкіндігі	1. Тәжірибенің жеткіліксіздігі
2. Компанияның дефолтқа ұшырау мүмкіндігінің төмен деңгейі	2. Исламдық сақтандыру саласында білікті мамандардың жоқтығы
3. Негізгі мақсаты қоғамдық игілікке бағытталады	3. Мұсылмандық құқық нормалары бойынша сарапшылардың жоқтығы
4. Жаңа сақтандыру өнімдері	4. Заңнамалық база мен реттеу нормаларының жоқтығы
5. Қатысушыларға басқару қызметін бақылау мүмкіндігінің берілуі	5. Тұрғындар арасында исламдық сақтандыру қағидалары жайында білімнің жоқтығы
	6. Бағалы қағаздар нарығында қажетті инвестициялық құралдардың жоқтығы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
1. Исламдық қаржыландыру жүйесінің толық дамуы	1. Сақтандыру нарығының әлсіз дамуы және тұрғындардың қаржылық сауаттылығының төмендігі
2. Сақтандыру нарығында бәсекелестіктің күшеюі	2. Алаяқтық тәуекелінің артуы
3. Экономиканың нақты секторының дамуына ықпал етеді	3. Нарықты шетелдік ойыншылардың жаулап алу қаупі
4. Шетелдік инвестицияның ел экономикасына көптеп тартылуына әсер етеді.	
5. Отандық сақтандыру компанияларының ислам елдері нарықтарына шығу мүмкіндігі	

Біздің ойымызша, исламдық сақтандырудың елімізде дамуына кедергі келтіретін басты фактор – бұл жалпы сақтандырудың тұрғындар арасында кеңінен таралмауы, міндетті сақтандырудан басқа. Көптеген азаматтар сақтандыруды қаржылық құрал ретінде қабылдамайды. Мұның себебі тұрғындардың қаржылық сауаттылығының төмендігінде.

Әдебиеттер:

1. Исламские финансовые институты в мировой финансовой архитектуре / Под ред. д.э.н., проф. Кочмола К.В. – Ростов н/Д, 2008. – 280 с.
2. Беккин Р.И. Исламская экономическая модель и современность. – М., 2009. – 225 с.
3. «Ernst & Young» The World Takaful Report 2010 // «Zawya» компаниясының мәліметтері. www.zawya.org. - 2010.

Резюме

Исламское страхование – это система, основанная на принципах взаимной помощи и добровольных взносах, предусматривающая коллективное и добровольное распределение рисков среди участников группы. Такафул представляет собой систему, при которой страхователи за счет собственных средств создают специальный страховой фонд для предоставления взаимной финансовой защиты от определенных неблагоприятных событий в жизни. В переводе с арабского языка такафул означает «взаимное предоставление гарантии». В случае наступления указанного неблагоприятного события у кого-либо из участников, из средств фонда производится выплата страхового возмещения. Таким образом, участники страхового фонда разделяют все риски и убытки между собой. В случае появления дефицита в

фонде солидарную ответственность по его покрытию будут нести участники за счет собственных (дополнительных) средств.

Summary

Islamic insurance is a system based on mutual aid and voluntary contributions, with a collective and voluntary risk allocation among members of the group. Takaful is a system in which insurers at the expense of own means to create a special insurance fund to provide mutual financial protection from certain adverse events in life. In the Arabic language means «mutual security». In case of occurrence of the adverse event from any of the parties, the Fund disbursed insurance reimbursement. Thus, participants of the insurance fund is shared by all the risks and losses among themselves. In the case of a deficit in the Fund, jointly and severally liable for its cover will bear the expense of their own (additional) funds. In addition there is the threat of market penetration by foreign players. Since among the specialists of the insurance market of Kazakhstan there are no experts in Islamic finance, it is quite clear is that at the initial stage of development of Islamic insurance in the country can dominate experienced foreign companies.

ӘОЖ 331.582: 331.105

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.А. УМИРЗАКОВА,

экономика ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Еліміздің нарықтық экономикаға көшуі экономикамызға көптеген түбегейлі өзгерістер енгізіп, осы өзгерістерге сай жаңа міндеттер қойды. Соның ішіндегі ең маңыздыларының бірі – өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында адам потенциалын барынша тиімді пайдалану. Бұл тек Қазақстан қоғамы үшін ғана емес, әрбір өндіріс орындары, ұйымдар, ірілі-ұсақты кәсіпорындар үшін де маңызды мәселе болып табылады. Өйткені, әр уақытта да кез келген өндіріс ошағы өзінің басты байлығы – еңбек ресурстарына сүйенеді.

Экономикалық дамудың тиімділігі тек қана еңбек ресурстарының ұтымды қайта бөлінуіне ғана байланысты емес, сонымен бірге, олардың қолданылуы мен еңбек әлеуетінің барынша жүзеге асырылуына да байланысты. Еңбек ресурстарының қолданылуы – олардың өсіп-өну үдерісінің құрамдас бөлігі.

Еңбек ресурстарын жетілдіру жүйесі іс жүзінде еңбек ресурстары категориясының мазмұнын, оның құрылымын талдауды және басқа да категориялармен арақатынасын анықтауды талап етеді. Сондықтан елдің еңбек ресурстарының өсіп-өнуі тұрғындар мен еңбек әлеуетінің өсіп-өну мәселелерімен қатар кешенді түрде зерттеледі.

Аймақтың еңбек әлеуеті – ғылыми-техникалық прогрестің бағыттарына сәйкес жалпы білімділік және кәсіби-біліктілік дайындыққа ие еңбекке қабілетті халықтың аумақтық жиынтығы.

Еңбек ресурстары – өндіргіш күштерді аймақтық орналастыру факторларының бірі. Өндіргіш күштерді ұтымды орналастыру жұмыс орны мен адамдардың тұру орындарының сәйкестігін қажет етеді, яғни еңбек ресурстарының саны мен сапасы арасындағы теңсіздікті жою. Сондықтан материалдық өндірісті тиімді орналастыру есебі: нақты еңбек ресурстарын қолдану мен материалдық өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылым салаларында қызмет етуге басқа аймақтардан тұрғындар тартуға қатысты шығындарды ескереді.

Еңбек ресурстарының аймақтық-салалық құрылымы келесі шарттармен анықталады:

- аймақтың шаруашылық кешенінің аймақтық-салалық құрылымымен;
- жұмыс орындарының аймақтық-салалық үйлесімділігімен;
- еңбекке қабілетті тұрғындардың кәсіби және біліктілік дайындық дәрежесімен;
- аймақтың еңбекке қабілетті тұрғындарының демографиялық параметрлерімен [1, 21].

Еліміздегі еңбек ресурстарының өсіп-өнуін онан әрі зерттеу қажеттілігіне байланысты аталған көрсеткіштер жүйесін екі бөлімде қарастыруды ұсынамыз:

1. Еңбек ресурстарының өсіп-өнуінің нақты көрсеткіштері;
2. Еңбек ресурстарының өсіп-өнуіне әсер етуші факторлар көрсеткіштері.

Енді оларға тоқталып өтейік.

1. Еңбек ресурстарының өсіп-өнуінің нақты көрсеткіштері:

– сандық көрсеткіштер: халықтың жыныс бойынша бөліну саны; жұмыспен қамтылған халық саны (жалпы қоғамдағы, саладағы, аймақтағы, кәсіпорындағы); еңбекке жарамды жастағы халықтың ішіндегі жұмыспен қамтылғандар саны; толық емес жұмыс күні бойынша еңбек ететіндер саны; жоғарғы табысты тұрғындардың 10%-ы мен төменгі табысты тұрғындардың 10%-ы арақатынасы түріндегі децильді коэффициент;

– сапалық көрсеткіштер: еңбек ресурстарының білім деңгейі бойынша құрылымы мен саны; еңбек ресурстарының кәсіби-біліктілік деңгейі бойынша құрылымы мен саны; жұмыспен қамтылғандардың қызмет түрі бойынша құрылым мен саны; орындайтын қызметіне білім деңгейі, мамандығы және біліктілігі бойынша сәйкестігі; еңбек ресурстарының жалпы және мамандығы бойынша жұмыс өтілінің құрылымы мен мерзімі [2, 36].

2. Еңбек ресурстарының өсіп-өнуіне әсер етуші факторлар көрсеткіштері:

– демографиялық факторлар: барлық тұрғындар саны; халықтың жалпы өсімі; туылғандар мен қайтыс болғандар саны; халықтың табиғи өсімі; туудың жас ерекшеліктері бойынша коэффициенттері; әйелдер мен еркектердің өмір сүру жасының ұзақтығы; жанұялар саны мен көлемі; некелесу мен ажырасу сандары және олардың коэффициенттері;

– денсаулық сақтау көрсеткіштері: 10 000 тұрғынға шаққандағы барлық сала бойынша дәрігерлердің саны, 10 000 тұрғынға шаққандағы орта буынды медициналық қызметкерлер саны; аурухана және амбулаторлы-емханалық мекемелер саны; 100 тұрғынға шаққандағы уақытша жұмысқа жарамсыздық жағдайларының саны, 10 000 тұрғынға шаққандағы жұқпалы, жүрек-қан тамырлары және т.б. аурулардың тіркелу саны; еңбекті қорғауға бөлінетін шығындар; мемлекеттік бюджеттің денсаулық сақтауға бөлген шығындары;

– тұрғындар табысының көрсеткіштері: ұлттық табыс, оның ішінде жан басына шаққандағы деңгейі; тұрғындардың номиналды және нақты ақшалай табыстары (жан басына шаққандағы); тұрғындардың ақшалай табыстарының құрылымы (жалдамалы қызметкерлердің жалақысы, әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік трансферттер, меншіктен түсетін табыстар, кәсіпкерлік қызмет табыстары және т.б.); Джинни индексі; ақшалай табыстардың аймақтық дифференциациясы, ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен табысты тұрғындар саны; жалақының салааралық теңсіздігі; жалақының аймақтық теңсіздігі; жалақының сатып алу қабілеті;

– өндіріс деңгейі мен кәсіпкерлік қызметтің басқа да түрлері бойынша көрсеткіштер: жалпы ішкі өнім (жан басына шаққандағы); жалпы ішкі өнімнің құрылымы; негізгі өндірістік қорлар;

– инвестициялық қызмет пен ғылыми-техникалық прогрес көрсеткіштері: негізгі капиталға салынған жалпы инвестиция көлемі; өндіріс саласына инвестиция көлемі; қызмет көрсету саласына инвестиция көлемі (оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т.б.); ғылымға инвестиция көлемі;

– өндіріс орындарының техникалық деңгейін анықтаушы көрсеткіштер: ғылыми мекемелер саны; ғылыми қызметкерлер саны; ғылыми-өндірістік бірлестіктер саны; жоғарғы тиімділікті жаңалықтардың

өндірісте қолданылуы; жаңа техника мен технологияны ендірудің экономикалық тиімділік көрсеткіштері (ендіруге жұмсалған нақты шығындар, табыстың өсімі, шығындардың қайтарылу мерзімі және т.б.);

– еңбек ресурстарының өсіп-өнуін, даярлау мен қайта даярлауын қамтамасыз ететін көрсеткіштер жүйесі: мектепке дейінгі мекемелер саны; орта білім беретін мектептер саны; орта арнаулы және жоғарғы білім беретін оқу орындарының саны; орта мектептердегі оқушылар саны; 1000 адамға шаққандағы жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарындағы студенттер саны; 1000 адамға шаққандағы жоғарғы мен орта арнаулы оқу орындарын бітіруші түлектер саны; кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда қызметкерлердің дайындығы мен біліктілігін арттыру көрсеткіштері;

– еңбек ресурстарын қолдану көрсеткіштері: еңбек өнімділігінің орташа жылдық көрсеткіштері; аймақтық және салалық бөлініс бойынша еңбек өнімділігі мен жалақының өсімі; жұмыс уақытының күнтізбелік қорының қолданылуы, әкімшілік шешімі бойынша мәжбүрлі демалыстағы қызметкерлер саны; әкімшілік демалыстарға байланысты пайдаланылмаған жұмыс уақытының 1 қызметкерге шаққандағы мөлшері; бос жұмыс орындары мен ұсынылатын қызмет орындарының арақатынасы.

Көрсеткіштердің мұндай жүйесі туралы жалпылама айтқанда, олардың статистика мен динамикада да қатар қолданылатындығын естен шығармаған жөн. Бұл көрсеткіштердің абсолютті өлшемдері және олардың үлесін қолдану еңбек ресурстарының іс жүзіндегі деңгейін талдауға және бағалауға мүмкіндік береді, ал көрсеткіштер индекстері арқылы бұл үдерістің уақыт өзгерісіне қарай даму үрдістері мен қарқынын анықтауға мүмкіндік туады.

Еңбек ресурстарының өсіп-өнуін дамыту теориялары туралы айтқанда, ең алдымен, XX ғасырдың 50-60 жылдарында қалыптаса бастаған адами капитал теориясына сүйенеміз. Бұл теорияның авторлары ретінде Т. Шульц, Г. Беккер, Г. Джонсон, Дж. Минцер, М. Блауг және т.б. ерекше атап өтуіміз қажет [3, 17-6].

Сонымен бірге, адами капитал теориясы тұрақты емес, ол үнемі дамып және жетілдіріліп отырады. Осы теорияның негізінде рыноктық экономикадағы адам жөніндегі барлық ілімдер қалыптасады.

Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау аса маңызды болып табылады.

Адам қабілетін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын инвестициялардың маңызы зор. Адам сонымен бірге өзінің тамаққа, киімге, тұрғын үйге қажетін қанағаттандыруы тиіс, бұлар да қаражат талап етеді. Сонымен, адам бүкіл өмірінде сан-алуан шығындар жұмсайды, оларды негізгі екі түрге бөлуге болады: біріншісі – адамның физиологиялық қажетін қамтамасыз ететін таза шығындар (тамақ, киім, тұрғын үй, көлік қызметтері, т.б.). Мұнда адамның өзінің қабілеті өзгеріссіз қалады. Екінші – адамның дене және ой қабілетін қалыптастыру және жетілдірумен байланысты. Бұл адамның біліміне, денсаулығына және мәдениетіне жұмсалатын шығындар.

Адами капитал теориясы еңбек ресурстарына салымның жоғары тиімділігінен туындайды. Оның қалыптасуы өзара қарама-қайшылықты үдерістен тұрады. Бір жағынан, қызметкер қосымша табыс түрінде дереу қайтарым беретін және келешекте жалақысының өсуін қамтамасыз ететін білім арасында таңдау жасайды; мұнда саналы есептілік басым. Екіншіден, адами капиталдың елеулі бөлігі еңбек үдерісі барысында тәжірибе жинақтау жолымен қалыптасады. Кәсіби белсенділікті әрдайым алдын-ала анықтау мүмкін емес. Бұл адами капиталға инвестиция салу тиімділігін есептеуді қиындатады.

Адами капитал инвестициялары – бұл қызметкердің біліктілігін, қабілетін, демек, еңбек өнімділігін арттыратын әрекет. Инвестициялар адами капиталды жақсартады, жетілдіреді, сондықтан инвестициялау адами капитал өндірісінің аса маңызды алғышарты болып табылады.

Р. Макконелл және С.Л. Брю адами капитал инвестицияларын үшке бөледі:

- 1) білімге шығындар – жалпы және арнаулы, ресми және бейресми білім, жұмыс орнында, т.б.
- 2) денсаулық сақтау шығындарының маңызы зор. Жақсы денсаулық ауру профилактикасы, диеталық тамақтану және тұрмыс жағдайын жақсартуға шығындар салдары – жұмысшылар өмірін ұзарту.
- 3) жұмылдыру шығындары жұмыскерлерге өнімділігі төмен жерлерден өнімділігі жоғары орындарға көшуге көмектеседі [4, 171-6].

Қозғалыс – бұл адами капиталдың маңызды сипаттарының бірі. Адами капитал моделі ерікті қозғалысты қысқа мерзімді шығындардың ұзақ мерзімді табыс табуына қатысты инвестициялар ретінде қарастырылады. Егер қозғалысқа байланысты ағымдағы құндылық ақшалай және моральды шығындардан артық болса, онда жұмыс орнын немесе мекен-жайын ауыстыру тиімді болып саналады. Ал егер дисконтталған ағым шығындарды өтемейтін болса, онда адамдар мұндай іс-әрекеттерге бармайды. Адамдардың басым көпшілігі көшіп-қону туралы шешімді экономикалық себептерге байланысты қабылдайды. Демек, көші-қон үшін адами капитал теориялары еңбек рыногында тексеруден өтеді. Адами капиталдың қозғалысы көп мазмұнды түсінік болып табылады, оның құрамына кәсіби қозғалыс, салааралық қозғалыс және өндірісішілік қозғалыспен қатар, аумақтық және халықаралық қозғалыс та енеді.

Адами капиталдың салааралық қозғалысы капиталдың бір саладан екінші салаға құйылуы нәтижесінде пайда болады. Оған:

- ғылыми-техникалық прогресс;
- өндірісті техникалық жетілдіру;
- өндірісті оңтайландыру;
- адами капитал сипатының сапасын жетілдіру;
- ынталандыру механизмі;
- әлеуметтік және демографиялық себептер әсерін тигізеді.

Қызметкерлердің фирма шеңберіндегі қозғалысы олардың өз қалаулары бойынша (жоғарғы жалақы алу, білімін жетілдіру, мамандығын өзгертуге ұмтылыс) және әкімшіліктің шешімімен жүргізіледі. Мұндай үдеріс фирма қызметшілері арқылы алдын-ала жоспарланады және оның мақсаты адами капиталдың қызмет ету тиімділігін арттыру болып табылады.

Адами капиталдың аумақтық қозғалысы бір елдің көлеміндегі капиталдың кеңістіктік қозғалысымен тығыз байланысты. Ол келесі себептерге қатысты қалыптасады:

- ғылыми-техникалық прогресс және оның ықпалынан туындаған қоғамдық өндірістің орналасуының аумақтық өзгерістері нәтижесінде;
- өндірістің бірнеше түрлерін шоғырландырған жаңа экономикалық аймақтардың пайда болуымен.

Аумақтық қозғалысқа рынок конъюнктурасы, атап айтқанда, еңбек рыногы үлкен әсерін тигізеді. Рыноктағы адами капиталдың тапшылығы немесе артықшылығы оның осы аймаққа келуіне немесе басқа аймаққа қарай ағылуына себеп болады. Адами капиталдың аумақтық қозғалысы еңбек рыногындағы жағдайды тұрақтандыруға, жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің алдын алуға мүмкіндік жасайды. Ал бұл өз кезегінде еңбек рыногының, көлік қатынастарының, ақпараттық байланыстардың тиімді қызмет жасауына негіз болады. Мемлекет әр түрлі себептерге байланысты ауыр экономикалық жағдайларға кезіккен қызметкерлердің бір ауданнан келешегі бар екінші ауданға көшуіне жағдай жасауы қажет, атап айтқанда, оларға салықтық жеңілдіктер жасалуы және тікелей дотациялар мен субсидиялар берілуі тиіс [38, 82].

Адами капиталдың халықаралық қозғалысы капиталдың жер жүзілік орын ауысуымен сипатталады. Оның пайда болуының негізгі себептері аумақтық қозғалыс себептерімен мазмұндас. Сонымен бірге, халықаралық қозғалыстың қалыптасуына халықаралық еңбек бөлінісі үдерістері, жекелеген елдердің экономикалық дамуындағы теңсіздіктер және т.б. ықпал етеді.

Адами капиталдың сыртқа шығарылуы (экспорты) қазіргі – әлемдік экономиканың басты белгілерінің бірі. Адами капиталды сыртқа шығарушы және сырттан қабылдаушы елдер үшін зардаптары әр түрлі. Сыртқа шығарушы ел үшін бұл, ең алдымен, еңбек рыногында қалыптасқан теңсіздіктерді реттеуге мүмкіндік берсе, екіншіден, қызметкерлердің шет елдерден аударған ақшалай табыстары арқылы елге валюта түсіруге себін тигізеді.

Дегенмен, адами капиталдың сыртқа шығарылуының бірқатар теріс зардаптары басым. Ең алдымен, ел біршама мөлшердегі қаржы жұмсалған адами капиталдың бір бөлігінен айырылады. Соның нәтижесінде экономикалық өсудің маңызды көзін жоғалтады және жалпы ұлттық өнімнің толықпауы

салдарынан зиян шегеді. Елдің ғылыми-техникалық әлеуеті бұзылады және оның сапалық көрсеткіштері нашарлайды. Адами капиталдың шектен тыс сыртқа шығарылуы экономикалық дағдарыстың бір факторы болып табылады, экономикалық стагнацияға алып келеді.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын құруға, халықты жұмыспен қамтуға ынталандырудың жаңа тетіктерін іске қосуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Индустриалды-инновациялық саясаттың жемісті болуы еңбек ресурстарына, олардың сан және сапа жағынан қамтамасыз етілуіне де көп байланысты болады.

Әдебиеттер:

1. Вишневский А.Г. Воспроизводство населения и общество. – М., 1982. – 21 с.
2. Капица С.П. Общая теория роста человечества. – М., 1999. – 28 с.
3. Шеденов У.К., Ибраимова С.С., Мухамеджанова А.Г. Социальная политика и человеческий капитал РК: теория и практика. – Кызылорда, 2003. – 17 с.
4. Макконелл Р., Брю С.Л. Экономикс. Т. 2. – М., 1991. – 171 с.
5. Лискин Л. Планирование семьи: международная перспектива // Планирование семьи. – 1996. – №2. – 82 с.

Резюме

В статье рассмотрены основные направления повышения конкурентоспособности трудовых ресурсов. Экономический рост зависит не только от привлечения трудовых ресурсов, но и от их эффективного использования. Эти проблемы исследованы в двух направлениях:

- показатели роста трудовых ресурсов;
- факторы, способствующие росту трудовых ресурсов.

Summary

The article describes the main directions of improving the competitiveness of the labor force. Economic growth depends not only on attracting labor, but also on their effective use. These problems have been investigated in two directions:

1. Growth of labor;
2. Faktory that promote the growth of labor.

УДК 346.26:339.138 (574)

ОСОБЕННОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ФРАНЧАЙЗИНГА В КАЗАХСТАНЕ

А. КАЗЫБАЙКЫЗЫ,

кандидат экономических наук,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Сегодня уже никого не удивишь термином франчайзинг. Эта форма бизнеса успешно функционирует по всему миру и можно сказать, пользуется особой популярностью. Однако для Казахстана франчайзинг – явление не столь распространенное. Попробуем проследить особенности и перспективы его развития в нашем государстве.

Термину франчайзинг разные авторы дают разные определения. Но в целом слово франчайзинг происходит от французского слова «franchise» (льгота, привилегия). Франчайзинг – это схема функционирования бизнеса, в которой одна организация (франчайзер, франшизодатель) передает физическому лицу или другой организации (франчайзи, франшизополучатель) право на продажу товаров и услуг первой организации.

Франчайзи подписывает договор, согласно которому ему нужно продавать эти товары и/или услуги по заранее строго установленным правилам – цене, условиям, которые устанавливает головная организация. За соблюдение правил, уважение имиджа и репутации головной компании и гордое несение бренда франшизодателя франчайзи получает разрешение использовать этот бренд и зарабатывать на нем деньги. Это и наименование компании, и репутация, и имидж, и товары и услуги, и маркетинговые стратегии, и рекламные кампании. То есть строгие правила, налагаемые на франчайзи, накладывают, конечно, ограничения, но в итоге дают больше плюсов, чем минусов. Франчайзи имеет прекрасную возможность заработать деньги, используя бренд – бесценную вещь, которая зарабатывается головной компанией годами, а то и десятками лет. Конечно, все не бесплатно. Чтобы получить такие права и новые возможности, франчайзи делает некий первоначальный платеж в пользу франшизодателя (у некоторых платеж может быть существенным), после чего выплачиваются периодические платежи. Правда, франчайзи не является полным владельцем бренда в целом и товарного знака в частности. Он может использовать его, только пока платит взносы. Это похоже на арендные платежи за имя. Размеры платежей определяются в договоре.

Франчайзинг – это продолжительное взаимовыгодное деловое сотрудничество, в ходе которого крупная компания (франшизодатель) предоставляет небольшой фирме или предпринимателю (франшизополучателю) франшизу на производство продукции, торговлю товарами или предоставление услуг под торговой маркой (брендом) франшизодателя на некоей ограниченной франшизой территории на срок и на условиях, которые определены франшизным договором. Кроме того, франчайзингом называют и сам процесс создания, поддержания и развития франчайзинговой (или франшизной) системы.

Франшизодатель (франчайзер, головная компания во франчайзинговой системе) – это, как правило, крупная корпорация, имеющая имидж, широко известную торговую марку и бренд на потребительском рынке. Она выдает на определенный срок и на определенных условиях франшизу пользователю (физическому или юридическому лицу) на право использования им торговой марки франшизодателя коммерческой деятельности на определенной территории.

Франшизополучатель (франчайзи) – физическое лицо или фирма, приобретающая у франшизодателя на определенный срок и на определенных условиях исключительное право на ведение коммерческой деятельности с использованием товарного знака и технологий правообладателя на определенной территории.

Франшиза – это исключительное право на создание франшизного предприятия и на торговлю продукцией или предоставление услуг франшизодателя на определенных условиях и за определенную компенсацию на определенной территории. Франчайзинговая система (франшизная система) – организационная структура франчайзингового бизнеса, которая состоит из компании-франшизодателя, возглавляющей структуру, и находящейся под ее контролем сети франшизных предприятий, или франшизной сети. Существует четыре разновидности франчайзинга: франчайзинг товара; производственный франчайзинг; сервисный франчайзинг; франчайзинг бизнес-формата.

Франчайзинг товара представляет собой продажу товаров, производимых франчайзером и каким-либо образом маркированных его товарным знаком. Франчайзи, как правило, осуществляет послепродажное их обслуживание. Правообладателем (франчайзером) при данном виде франчайзинга обычно выступает производитель. Основным передаваемым правом является право на использование товарного знака франчайзера.

Производственный франчайзинг является наиболее эффективной организацией производства определенного вида продукции. Фирма, обладающая секретом производства сырья и запатентованной

технологией изготовления готового продукта, осуществляет обеспечение конечного производителя сырьем и передает право на использование этой технологии. Наиболее ярким представителем, использующим систему производственного франчайзинга, является компания Koca-Kola.

Сервисный франчайзинг получил широкое распространение и является перспективной технологией ведения бизнеса. Основная направленность сервисного франчайзинга – высокий уровень обслуживания потребителей. Благодаря совместной политике, проводимой франчайзером и франчайзи, потребителю быстро становится известно, какое количество и качество услуг ему может быть гарантировано в определенный промежуток времени на предприятиях определенной торговой марки.

Франчайзинг бизнес-формата. Этот вид франчайзинга является наиболее комплексным. Наряду со всеми перечисленными правами франчайзер передает франчайзи разработанную им технологию организации и ведения бизнеса. *Франчайзи*, полностью идентифицируется с франчайзером и становится частью общей корпоративной системы. Франчайзер при таком франчайзинге может быть предприятием, добывающим сырье, производителем, оптовым или розничным торговцем, предприятием сферы услуг, а может быть только владельцем прав, которые по договору передаются *франчайзи* на определенных условиях. Но при этом все предприятия, работающие в системе, должны работать по единой методологии, в едином стиле и соблюдать внутрисистемные интересы.

Первые франчайзинговые *бизнес идеи в Казахстане* появились одновременно с приходом в страну мирового бренда Coca-Cola. Завод был построен по сублицензии турецкого франчайзи в 1994 году. Так началась история франчайзинга в Казахстане. Знаменитый напиток стал присутствовать в республике не в качестве импорта, а как национальный продукт, поскольку в его производстве задействованы местные жители. В том же году открылся казахстанский отель «Рахат Палас», который впоследствии стал работать под франчайзинговым брендом международной сети «Hayatt Regency».

В 90-е годы XX века многие *бизнес идеи в Казахстане* стали продвигаться именно по франчайзингу. Чаще по этой схеме открывались бутики модной одежды. Например, во второй половине 90-х появился первый магазин Adidas. Признаки франчайзинга прослеживались и в деятельности местной компании «Сеймар». В конце 90-х ее торговые точки оформлялись в едином стиле, присутствовали логотип и торговая марка. Арендаторами выступали независимые предприниматели – дилеры или франчайзи.

В 1999 году была запущена гостиница «Анкара», которая сегодня работает по франшизе сети InterContinental. В тот же год в Алматы открылось первое кафе «Баскин Роббинс» по субфраншизе из России. Тогда же свои двери открыл торговый комплекс «Рамстор», который в дальнейшем построил франчайзинговую сеть гипермаркетов.

Бурное развитие *франчайзинг в Казахстане* продолжил в 2002 году:

- вышел закон о франчайзинге;
- основана КАФ – Ассоциация франчайзинга Казахстана;
- запущен проект, цель которого – формировать национальные бренды, создавать *франшизы Казахстана*. Бесплатно проводились семинары, раздавались учебные пособия. Был организован визит вице-президента Международной ассоциации франчайзинга, что содействовало установлению деловых контактов между американскими франчайзерами и казахстанскими предпринимателями.

В результате в 2002 году повысился уровень информированности местных бизнесменов, открылся целый ряд франчайзинговых предприятий. В 2005 году состоялась первая специализированная выставка. Франчайзинг предложения Казахстана стали неотъемлемым атрибутом национального бизнеса в целом. Данной отрасли стали посвящать публикации и выступления в СМИ. Оказало поддержку и правительство, запустив программу финансирования франчайзинга. Меры по господдержке прописаны во многих программах, направленных на развитие предпринимательства. За период 2003-2007 годовой оборот *франчайзинга в Казахстане* вырос в 3 раза. Увеличилось число рабочих мест, созданных именно во франчайзинговых компаниях.

В республике наиболее развит товарный франчайзинг. По франшизе открываются магазины одежды, парфюмерии, медицинские центры, предоставляются ризлтерские услуги. Популярны и ресторанные

франшизы в Казахстане. Одна из основных особенностей отрасли – это сублицензионность. Владельцы международных брендов, в большинстве своем, не желают сотрудничать с местными предпринимателями напрямую, поэтому работают через российские или турецкие компании, которые владеют мастер-франшизой (субфраншизой). Казахстанские франчайзи в этом случае становятся субфранчайзи.

Львиная доля *франчайзинг предложений для Казахстана* поступает из России. Их количество будет расти и дальше. Российские франчайзеры на своем примере убеждают местных бизнесменов в эффективности данного бизнес-формата. То есть за счет франшиз из России казахстанские бизнесмены видят, как это работает.

Еще одна особенность – в Казахстане мало примеров сотрудничества крупных компаний с мелкими. Франчайзинг предусматривает передачу бренда, технологий и т.п. от известного и солидного предприятия мелким и средним фирмам. В Казахстане же крупные компании чаще открывают собственные филиалы, чем франчайзинговые точки.

Франчайзинг-предложения поступают в Казахстан в основном из России, на втором месте по популярности франшизы из США. Хотя до 2007 года все было наоборот. Российская франшиза в Казахстане не нуждается в адаптации. Причина в схожести менталитетов, едином языке. С другой стороны, меньшее присутствие на местном рынке франчайзинговых предложений из других стран объясняется:

- неактивной позицией казахстанских бизнесменов на международном рынке франчайзинга;
- недостаточной плотностью населения, немногочисленным потребительским рынком – эти обстоятельства не являются привлекательными для иностранных инвесторов.

Сегодня можно утверждать о высоком потенциале данной формы организации бизнеса, о чем свидетельствуют нижеследующие факты. Свои бизнес идеи в Казахстане реализовали 65 российских франчайзеров. Среди них «Оранжевый слон», «33 пингвина», «Бегемотик», «Эконика», «Красный куб», «Шоколадница» и др. В ближайшее время на рынок Казахстана планируют выйти еще 30 российских брендов. В 2011 году количество объектов, открытых по франшизам из РФ, перевалило за 400 – это салоны красоты, фитнес-клубы, риэлтерские, рекламные, брачные, консалтинговые агентства, рестораны, кафе, магазины одежды, ювелирных украшений, мебели, спорттоваров. США развивают в Казахстане 36 сетей, в которые входит 250 франчайзинговых точек. Американские франшизы уступили в количестве, но значительно обогнали по обороту. Их доля – самая значительная в общем обороте франчайзинга. Это и не удивительно, ведь в стране присутствует такой мега бренд, как Coca-Cola. В России построено 16 заводов Coca-Cola, но все они являются собственностью «Кока-Кола ЭйчБиСи Евразия» – дочерней компании греческой Coca-Cola Hellenic Bottling Company S.A, то есть не работают по франчайзингу. «Баскин Роббинс» тоже вносит весомый вклад в оборот американского франчайзинга, хоть и продвигается российской компанией.

Вслед за Россией и США по присутствию брендов в Казахстане идут европейские страны: Великобритания, Германия, Франция, Италия. «Европейский блок» представляет 82 франшизы, по ним открыто 276 точек. В основном это модные бутики, салоны красоты, магазины парфюмерии. Так же свои *бизнес идеи в Казахстане* продвигают инвесторы из Турции, Израиля, Японии, Австралии и др.

Гордостью отечественного франчайзинга является Авторский дом Высокой моды «Куралай». Известный дизайнер и стилист Куралай Нуркадилова вывела свой бренд на международный уровень, он представлен в Москве и Париже. Модели демонстрируются на одном подиуме с Escada, Valentino и Lacroix.

Казахстан – одна из немногих стран, в которой есть специальный закон в сфере франчайзинга. Например, в Украине и России участники франчайзинга руководствуются Гражданским кодексом.

Кроме «Закона о комплексной предпринимательской лицензии», франчайзинг в Казахстане регулируется Гражданским Кодексом. Также в республике действует закон о товарных знаках. Развитию бизнес-формата способствуют следующие организации:

- Казпатент – Институт Интеллектуальной Собственности;

- CAFLA – Центрально-Азиатское агентство по развитию франчайзинга;
- Даму – Фонд развития малого предпринимательства, который предоставляет льготное кредитование франчайзи;
- НАП – Независимая ассоциация предпринимателей, занимается популяризацией франчайзинга в Казахстане, проводит семинары, организует выставки.

В Казахстане построено 150 партнерских сетей, работает более 1000 франчайзинговых объектов. На рынке появились национальные бренды, также растут импорт и экспансия франчайзинговых компаний из соседних стран.

С 2007 по 2011 год франчайзинговый оборот увеличился почти на 100% и на данный момент составляет около одного миллиарда долларов. Можно с уверенностью сказать, что Казахстан является лидером сектора франчайзинга в Центральной Азии.

В 2011 году в Казахстане на условиях франчайзинга открыто более ста предприятий, при этом расторгнуто лишь 3% договоров, а 97% предприятий продолжает успешно работать.

В итоге в стране представлено примерно 450 иностранных франшиз. Наряду с этим 53 отечественных компании объявили себя франчайзерами или потенциально рассматривают этот вопрос, из них только в текущем году объявлено 17 франшиз, что демонстрирует определенную зрелость рынка и активность казахстанских компаний.

Доля франчайзинга в предпринимательстве на сегодняшний день составляет около 4%, по сравнению с 3,5% в 2010 году, более 25 000 человек занято в секторе. Оборот предприятий, работающих на условиях франчайзинга, превышает 1 миллиард долларов США.

Примеры иностранных франшиз, открывшихся в Казахстане в 2011 г: в Алматы – автоцентр *Bentley* (Великобритания); Центр раннего развития детей *Крошка Ру* (Россия); турагентство российской сети *Магазин горящих путевок* и др.

Таким образом, можно с уверенностью утверждать о перспективности развития рассматриваемой формы бизнеса в Казахстане, о чем свидетельствуют рост франчайзингового оборота за последние 5 лет, правовая и финансовая поддержка бизнес-формата.

Литература:

1. Кац Р.Б. Франчайзинг: построение предприятия, бухгалтерский учет, правовые аспекты. – М.: ГроссМедиа Ферлаг, 2010.
2. Ягудин С.Ю. Венчурное предпринимательство. Франчайзинг: Учебное пособие – СПб.: Питер, 2011.
3. Бурменко Т.Д., Даниленко Н.Н., Туренко Т.А. Сфера услуг в современном обществе: экономика, менеджмент, маркетинг: Учебное пособие. – Иркутск: БГУЭП, 2004.
4. Франчайзинг. Коммерческая концессия / С.А. Сосна, Е.Н. Васильева. – 2005.
5. Семеко Г.В. Совместное предпринимательство: Учебное пособие. – М.: Зерцало, 2004.
6. Скотт А. Шейн. От мороженого к Интернету. Франчайзинг как инструмент развития и повышения прибыльности вашей компании. – 2006.
7. Виды франчайзинга *Особенности, преимущества, советы* / Наталья Мясоедова 28.02.2011./ <http://www.buybrand.ru/franch/1115/>.
8. Франчайзинг в Казахстане./ <http://perecus.com/franchaizing-v-kazakhstan>.

Түйіндеме

Мақалада франчайзингтің мазмұны мен оның негізгі түрлері белгіленген. Автор республикамыздағы франчайзингтің пайда болу тарихы мен қазіргі жағдайға дейін дамуын суреттеуге тырысқан. Тауарлы франчайзинг ең көп тараған франчайзинг түрінде анықталған. Сонымен бірге Қазақстандағы бизнес-форматтың құқықтық базасы суреттелген.

Summary

The base of franchising is identified and its basic types are described in the article. The author tried to describe development of franchising in the Kazakhstan – from history to modern condition. Franchising of goods is identified as more popular in the republic. By the way the rights base of franchising in Kazakhstan is described

ӘОЖ 336: 28 (574)

ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.М. ЖЕҢСІКБАЕВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Әлемдік экономикада инвестициялық сұраныстың өсуі капиталдар рыногының интеграциялануын қажет етуде. Соған орай дүние жүзі елдері және Қазақстан мен ТМД елдері ислам банкингіне аса қызығушылық танытып отыр.

XIX-XX ғасырларда Мұсылман елдерінде еуропалық коммерциялық (өсімқор) банктердің көптеп таралуы банк ісінің Исламдық баламасын құру қажеттілігін тудырды. Мұсылман ғалымдары Шариғаттың ұстанымдары мен ережелеріне сәйкес келетін қаржылық қатынастар орнатуға барынша күш салды. 1963 жылы Мысырдың Гамр қаласында Ислам Банкін құру бойынша алғашқы әрекетті доктор Ахмед Әл-Наджар жасады. Ол алғаш рет инвестициялық – қаржылық қызметтерін шариғат жолымен жүзеге асыратын исламдық банк үлгісін ұсынды. 1971 жылы Мысыр үкіметі Nasser Social Bank банкін құру үшін заң қабылдады. Оның пайда табуының 3 көзі болды: зекетті басқару, мемлекеттік сақтандыруды басқару және мемлекеттік қарызды басқару. Бұл банктің қызметі үлкен сұранысқа ие болды. Соған орай 1975 жылы БАӘ-нде бірінші ислам банкін құру туралы жарлық шығып, сол жылы Сауд Арабияның Джиддада қаласында Исламдық даму банкі (Islamic Development Bank) құрылды. ИДБ мақсаты Шариғаттың қағидаттарына сәйкес ИДБ мүше елдерінің және мұсылман қоғамдастықтарының экономикалық дамуына және әлеуметтік прогресіне көмек көрсету болып табылады. Мүшелерінің құрамына 52 мемлекет кіреді. ТМД елдерінің ішінде ИДБ мүшелері Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан болып табылады.

Қазіргі таңда исламдық қаржыландыру бұл Исламның жоғары этикалық және моральдық құндылықтарына негізделген жүйе болып табылады. Исламдық қаржыландырудың басты ерекшелігі – мұнда қаржылық қатынастар исламдық банктер арқылы шариғат жолымен жүзеге асырылады. Шариғаттың банк саласындағы ұстанымдары мен ережелері, соның ішінде «өсім алмау» мәселесі исламдық қаржыландырудың негізгі тұжырымдамасы мен идеологиясын айқындайды [1, 2-бет].

Исламдық банктер өздерінің экономикалық қызметін Құранда көрсетілген келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- Адам өз істері үшін Алланың алдында жауап береді.
- Дүниедегі барлық байлық пен қорлар Алланың қолында және олар адамның пайдалануына сеніммен тапсырылған.
- Адам Аллах берген байлықты нұқсан келтірмей ақылмен пайдалануы тиіс, алыпсатарлық пен орынсыз ысырапшылдық жасау заңсыз деп есептеледі.
- Өсімақы алуға тыйым салынады, сауда рұқсат етіліп, дәріптеледі.

– Біреудің ұтуын, екіншісінің ұтылуын болдыратын істерге тыйым салынады (құмар ойындар ойнау).

– Әділдік, адалдық, ашықтық пен қарапайымдылық қоғамдағы тең мүмкіндіктердің өркендеуіне жол ашады. Байлық бай адамдардың арасында ғана шоғырланбай, Зекет тұжырымдамасы мен мирас құқығы арқылы адал таралуы тиіс.

Қаржыландырудың исламдық тәсілінің жалпыға бірдей кең таралған банктік несиелеу үлгісінен басты ерекшелігі несиелік пайыздан бас тарту немесе өсім алмау болып табылады. Жалпы еуропалық үлгідегі банктер ақша қаражатын сатып алып және оны қайтадан сатып ссудалық пайыз есебінен пайда табатын болса, исламдық банк қаржылық бизнестің несиелік негізін инвестициялық қызметке аударады. Мұнда банк салымшылардың ақшаларын шоғырландыратын шот ашып, сол шоттан кәсіпкерлерді қаржыландырады. Кәсіпкер пайыз орнына тапқан табысын банкпен бөліседі, ал банк оны салымшымен бөліседі. Ислам қаржы институттары өздері қаржыландырып отырған инвестициялық жобаларға үлкен маңыз береді, құрылымдар мен рыноктық тәртіптің жауапкершілігін күшейте түседі. Бұдан әрі исламдық қаржыландырудың негізгі ұстанымы «өзіңде жоқты сатпа» ұстанымы болып табылады және қарыздарды сатудың рыноктағы алыпсатарлығының пайда болуын азайтады. Осылайша несиелеу нақты экономиканың әлеуетті пара-пар өсуімен сәйкестенеді, демек, тұрақсыз тетік пен қарыз пирамидаларының пайда болуына жол берілмейді. Шарифат ауқымында ішкі реттеуге үлкен мән беріледі: құжаттар қарау, келісім-шарттарды, ережелерін түсіндіру және әлеуметтік жауапкершілік исламдық қаржыландыру жүйесінің ажырамас бір бөлігі болып саналады.

Әлемдік дағдарыс барысында Исламдық банк желісі өзгелермен салыстырғанда, тәуекелділігі төмен, ашық жүйе екендігін олардың қаржылық тұрақтылығы дәлелдеді. Әділетті, ашық, діні мен діліне тәуелсіз жұрттың бәріне бірдей адал қызмет көрсетуі, қаржы ресурстары немесе қызмет көрсетулер шарифатта тыйым салынған мақсаттарға (қару өндіру немесе сатуды, құмар ойыны бизнесін, алкогольдік ішімдіктерді қаржыландырмайды) пайдаланылмауы, ақшаның тауар түрінде қызмет көрсетпей айырбас құралы ретінде пайдаланылатыны шарифат қағидаттары бойынша жүргізілетін экономиканың аса тиімді болатынын көрсетеді. Мұны қаржыландырудың исламдық қағидаттарына сүйенген Біріккен Араб Әмірліктерінің даму жетістіктерінен байқауға болады. 2010 жылы БАӘ-де жан басына шаққандағы табыс көлемі 32,2 мың долларды құраған болса, ЖІӨ 16,8 пайызға өсіп, 199 миллиард долларды құраған. Халықаралық консалтингтік агенттіктің мәліметтері бойынша шетелдік инвесторларды тартуда көптеген жеңілдіктер қолданылады: салық салынбайтын аймақ құру, құрылыстың аяқталуына кепіл берілу, экспатриант отбасының барлық мүшесіне резиденттік виза беру, тағы басқадай. Дубайдағы банктер берген ипотекалық несие көлемі 2008 жылғы көрсеткіштен екі есе артып, 52 миллиард долларға жеткен.

Бүгінде исламдық қаржыландыру әлемдік экономика жүйесіндегі ең қарқынды дамып келе жатқан тетіктердің бірі болып саналады. Басылым деректері бойынша әлемде ерекше исламдық қаржылық үлгі қалыптасуда. Олар Парсы шығанағындағы елдерде, Оңтүстік-Шығыс Азияда дамыған. Қазір 35 елде активтерінің жиынтық сомасы шамамен 1 трлн. АҚШ долл. құрайтын 300-ге тарта осындай несиелік мекемелер жұмыс жасайды.

Шарифат жолымен қаржыландыру әдісі тек мұсылман елдерінде ғана емес, Ұлыбританияда да жақсы дамуда. 2007 жылы ислам банктерінің, сақтандыру ұйымдары мен қорлардың активтері 639 млрд. долларды құраған болса, 18 млрд. – Ұлыбританияда, 16 млрд. – Түркияда, 92 млрд. – Сауд Арабиясында, қалғандары Шығыстағы бірнеше елдерде орналастырылған. Батыс елдері арасында исламдық қаржыландыру бойынша көшбасшы болып ағылшындар елі тұр.

Исламдық қаржылық үлгінің Қазақстандағы дамуын қарастыратын болсақ, Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 16 мамырда ИДБ-ның 1974 жылғы 12 тамызда Джидда қаласында қол қойылған Құрылтай шартын ратификациялады. 1997 жылғы тамызда Алматы қаласында ТМД-да, Моңғолияда,

ҚХР-да, Шығыс Еуропа аймағында орналасқан ИДБ мүше елдері және мұсылман қоғамдастықтары үшін аймақтық офисі ашылды [2, 1-бет].

Қазақстан Ұлттық Банкі 1998-1999 жылдары ИДБ-ның Қазақстан Республикасының атынан басқарушының офисі құқығында Ислам Даму Банкімен белсенді ынтымақтастықты жүзеге асырды. 1999 жылы мамырда Ислам Даму Банкінің Вице-президентінің басшылығымен Бағалау миссиясының Қазақстанға сапары болды. 1999 жылғы 12-14 қазанда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі және құрамын Кувейт араб экономикалық даму қоры, Сауд даму қоры және ИДБ ұсынған Үйлестіру тобы арасында «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Отырыстың нәтижесі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою және одан әрі қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру үшін Қазақстанның мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына кіретін жобалардың тізбесін қабылдау болды.

2000 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметінің сұрауы бойынша ИДБ 14,7 миллион АҚШ доллары көлемінде үш банкке: Казкоммерцбанк АҚ, БТА АҚ, Қазақстан Халық Жинақ Банкі АҚ-на несиелік желісін ұсынды. Бұл несиелік желі Шарифат қағидаттарына сай шағын және орта кәсіпорындарға бәсекелестік ставка бойынша орта мерзімді қаржыландыруға (3-10 жыл) бағытталатын болды.

Қазақстанда исламдық қаржылық үлгіні тек ИДБ ұсынады. Бұл әрине жеткіліксіз. Соған орай Қазақстанда Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту бойынша 2010-2012 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және қаржы институттарымен бірлесіп 2020 жылға дейінгі исламдық қаржыландыруды дамытудың жол картасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29-наурыздағы «Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасын бекіту туралы» № 371 Қаулысында заңнаманы одан әрі жетілдіру, Мурабах, Иджара, Истисна шарттарын іске асыру кезінде меншік құқығын тіркеудің жеңілдікті шарттарын ұсыну мүмкіндігін қарау, Оңтүстік-Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдерімен қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенциялар дайындау және қол қою, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, Исламдық қаржыландыру инфрақұрылымын дамыту Халықаралық ислам қаржы ұйымдарымен, оның ішінде IFSB, ILMC, PFM, AAOFI, IIRA, CIBAFI өзара іс-қимылды ұйымдастыру, Малайзияның рейтингтік агенттігімен (RAM Holding) ынтымақтастық бойынша жұмыс жүргізу, қазақстандық жоғары оқу орындарының базасында исламдық қаржы индустриясының әдіснамасын және тәжірибесін зерделеу (оның ішінде исламдық қаржыландыру саласында қазақстандық мамандар даярлау), мемлекеттік секторды дамыту, тиісті индустриялық жобаларды айқындау және олар үшін исламдық бағалы қағаздар шығаруды ұйымдастыру, Қазақстанға инвестициялар тарту мақсатында Оңтүстік-Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдеріндегі банктермен, қорлармен, компаниялармен мақсатты келіссөздер мен кездесулер өткізу (инвестициялық жобаны қаржыландыру, келісімдер жасау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу көзделген [3, 42-бет].

Исламдық қаржыландыруды одан әрі дамыту мақсатында, оның ішінде ислам қаржы институттарын реттеу мәселелері бойынша, 2011 жылғы 17 қарашада Ұлттық Банк Исламдық қаржы қызметтерін ұсыну жөніндегі кеңеске (Islamic Financial Services Board – IFSB) қауымдасқан мүше ретінде қабылданды.

Қазақстанда бірнеше ислам институты жұмыс істейді. 2010 жылы наурызда 2009 жылы қол қойылған Қазақстан Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметінің арасындағы келісімге сәйкес бірінші «AlHilal» Ислам Банкі» АҚ ислам банкі ашылды. Ислам банкінің Астана мен Шымкент қалаларында 2 филиалы бар. Экономиканы қаржыландыру үшін ислам банкінің артықшылық берілген секторлары болып ауыл шаруашылығы, кен өндіру және мұнай өнеркәсібі, өндіріс, сауда және дистрибьютерлік қызмет көрсетулер, халық тұтынатын тауарлар, құрылыс, көлік және байланыс белгіленді.

«AlHilal» Ислам Банкі» АҚ ең сенімді, ертеңгі күні төлем қабілеті барларға ғана өз қаржысын ұсынады. Қаржыландыру 7 жылдан бастап, жобаның түрі мен индустрияның спецификасына орай беріледі. Қаржыландырылатын жобаның диапазоны 30,0 млн. долларға дейін. Банк клиент болатын компанияның үш жылдық қаржы есебін мұқият тексереді. Компанияның өзге банктерде мерзімі өтіп

кеткен несиелері болмауы тиіс. 2011 жылы ислам банкі тарапынан телекоммуникациялар, сауда, құрылыс және басқа да салалар саласында бірнеше жоба 23 млн. АҚШ долл. көлемінде қаржыландырылды.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын исламдық қаржыландыру жөніндегі өңірлік орталық ретінде көтеру бойынша қойылған мақсаттарды іске асыру аясында Ұлттық Банк түрлі шараларды жүргізді. Мысалы, Астана қаласында Дүниежүзілік исламдық экономикалық форумды ұйымдастыруда жәрдемдесу көрсетілді, Стамбул қаласында (Түркия) өткен Исламдық инвестициялық және қаржылық форумға және Астана қаласында Исламдық қаржыландыру бойынша өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға спикер ретінде қатысты.

Исламдық қаржыландыру жұмысының негіздері мен принциптерін түсіндіру мақсатында Ұлттық Банк қазақстандық БАҚ-тағы сияқты шетелдік БАҚ-та да исламдық қаржыландыру бойынша бірқатар материалдарды дайындады және орналастырды. Қазақстанда осындай іс-шараларды жүргізу исламдық қаржыландыруды дамытатын елдер ретінде республиканың институционалдық тартымдылығын, имиджін және Қазақстанның танымдылығын арттырады, сондай-ақ БАҚ арқылы исламдық қаржы нарығының құралдарын тиімді пайдалану бойынша халықтың сауаттылығын арттырады.

Сондай-ақ, исламдық қаржыландыру жүйесінің жұмыс істеу және Малайзияда исламдық қаржыландыру құралдарын есепке алу тәжірибесі зерттелді, оның негізінде бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдірудің және исламдық қаржы ұйымдарының ақпаратты ашуының бұдан былайғы жолдары қарастырылуда [4, 36-бет].

Қорытындылайтын болсақ, Қазақстанда исламдық қаржыландыруды жеткілікті деңгейде дамыту – отандық банктердің ресурстық базасы кеңейтеді, банктік дағдарыс тәуекелімен байланысты сыртқы қарыздың көлемін төмендетеді, несиелік өсім пайыздары талап етілмеуінен банктің несиелік тәуекел деңгейі төмендейді және тәуекелдің көп бөлігі тұтынушының өз үлесіне тиеді, экономиканың нақты секторындағы исламды ұстанатын тұтынушыларды тартатын кәсіпкерлік табыс бойынша инвестиция өсімі ынталандырылады. Сондықтан Қазақстанда еуропалық үлгімен қатар исламдық үлгіні қолданудың маңыздылығы мен тәжірибелік маңызына ерекше назар аудару керек.

Әдебиеттер:

1. Исламдық қаржыландыруды дамыту. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық есебі // www.nationalbank.kz . – 2011.
2. «Al Hilal» Ислам Банкі» туралы // www.alhilalbank.kz .
3. Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 наурыздағы №371 қаулысы. – Астана, 2012.
4. Исламдық қаржыландыру бағытындағы қадамдар // www.google.kz).

Резюме

Современные экономические реалии требуют все большей интеграции рынка капиталов стран Содружества с целью обеспечения растущих инвестиционных потребностей экономик. Все острее встает вопрос о создании институциональных условий для привлечения «исламского банкинга» на финансовые рынки Казахстана.

Summary

Modern economic realities demand greater integration of the capital markets of the countries of the Commonwealth to ensure growing investment needs of economies. Increasingly the question about creating institutional conditions for attraction of «Islamic banking» on the financial markets Kazakhstan.

АРАЛ АЙМАҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Г.Е. КАБАКОВА,

экономика магистрі

П. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,

студент,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың даму жолында көптеген қиыншылықтарды бастан өткізіп, кейбіреуін жеңе білдік, кейбіреуінің салдарын әлі де сезініп келеміз.

Республикамыздың, Үкіметіміздің алдында жоғарыда аталған, яғни нарықтық экономиканың амал-тәсілдеріне бейімделіп, өте тиімді шешіммен кәсіпқойлық іскерлікпен әр түрлі мәселелерді шешіп, елімізді дамыған елдердің қатарына қосу сияқты міндеттер тұр. Бұл дегеніміз – тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттырып, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту, әлем таныған өркениетті ел болу.

Қазақстан экономикасының өрлеуі және ондағы бәсекенің қалыптасуы мен дамуы өркениетті ел болудың негізгі шарты болып отыр. «Қазақстан – 2030» атты даму Стратегиясы бәсекелестік нарықтарды құру, монополияға қарсы құралдарды реттеуді қамтамасыз етудің қажеттілігін атап көрсетеді. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті мемлекет, экономика құру мемлекетіміздің негізгі мақсаты болып отыр. Себебі Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруді жоспарлап отырған жас мемлекет үшін бәсекеге қабілетті өнім шығару өте қажетті болып табылады. 2006 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының жолдаған Жолдауы да «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деп аталды. Жеті басымдылықтан тұратын биылғы жылғы Жолдауында «Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі» деп ерекше атап көрсетілді.

Бүгінгі таңда нарықтағы сауда күрделеніп отыр және ол жаңа шарттарға сай жаңа басқаруды талап етіп отыр, әсіресе бәсекеге қабілетті өнім өндіру бағытында күрделі жұмыстар атқарылуды қажет етіп отырған жағдай бар, яғни бәсекелестік ортаға қатысушылар тарапынан қоғамдық қажеттілікті жылдам қанағаттандыруға, инвестицияны меңгеруге, ғылыми-техникалық процессті дамытуға, шығындарды азайтуға, сапаны көтеруге итермелейтіні белгілі. Осылайша бәсекелестік процеске қатысушылар іріктеліп, халықаралық еңбек бөлінісіндегі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтереді.

Негізінен төлем қабілеті жоқ, өте тиімсіз кәсіпорындар жүргізетін дағдарысқа қарсы басқаруды мемлекет тарапынан қолдау сан алуан түрде көрініс алуы мүмкін, яғни оларға салықтық жеңілдіктер, қарыздың құрылымдануы, банктік несие алуға кепілдік, өнімді өткізу нарығын кеңейтуге жәрдемдесу, мемлекеттік тапсырыстарға ұсыну жатады.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық тетіктеріне сәйкес әр түрлі меншіктегі кәсіпорындардың пайда болуы және жоғары сапалы өнім өндіру барысында бәсекеге қабілетті өнім түрлерін өндіру өте қажетті болып отыр.

Арал теңізінің проблемасы Елбасының үнемі назарында екені бәрімізге белгілі. Елбасының тікелей қолдауымен Арал өңірінің экологиялық ахуалын жақсартуға байланысты «Сырдария өзені арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы қабылданып, оның 1-ші кезеңі аяқталды. Аталған жобаның бірінші бөлігін қаржыландыру үшін \$85,79 млн. бөлінген болатын, оның ішінде Дүниежүзілік банктің қарызы есебінен – \$64,5 млн. және республикалық бюджеттен – \$21,29 млн. Нәтижесінде «Көкарал бөгеті» салынып, Кіші Арал суға толды. Теңіз Арал қаласына қарай жақындай

бастады. Ақлақ су тоспасының іске қосылуынан 30 мың гектарға жуық көлдер суға толып, шабындық, жайылымдық жерлердің аумағы кеңейді. Соның бәрі де Арал маңындағы экологиялық жағдайды жақсартта түсуге үлкен септігін тигізуде [1].

2009 жылдың қаңтар айынан бастап «Атамекен балық өнеркәсібі» ЖШС балық зауыты өз жұмысын бастады. Ресейдің «Заводметаллоконструкция» ААҚ-мен біріккен Қазақстан – Ресей «Арал вагон зауытын» құру жайында келісімге қол қойылды. Жобалық құны 113 млн. АҚШ доллары тұратын «Арал вагон» ЖШС-і алғашқы өнімдерін шығарды. 8 вагон-платформаға сынақтан өтіп, сертификат берілді. Ал, 2008 жылы құрылысы басталған жобалық құны 108,6 млн. теңге тұратын «Камбала-балық» ЖШС-нің 90 пайыз құрылыс жұмысы аяқталды. «Сервистік дайындау орталығы – Арал» ЖШС-і құрылды. 2009 жылы 2637,7 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, 101825 тонна тұз өнімдері, 1382 тонна нан өнімдері, 328 балық өнімдері өңделіп, 51,2 мың текше метр кварц топырағы өңделіп, 361 тепловоз жөнделіп, 1743,2 мың текше метр ауыз су, 39963 мың квт/сағат электр қуаты, 100,0 мың Гкал жылу энергиясы таратылды. 363,1 тонна ет, 99,2 тонна сүт өнімдері өндірілген [1].

Бүкіләлемдік қаржы дағдарысына байланысты ауданның өнеркәсіп орындарында жұмысшы-қызметкерлерді қысқарту болған жоқ. Сыртқы тұтынушылардан тапсырыстың азаюы өндіріс орындарына өз әсерін тигізді, дегенмен өндіріс орындары жабылған жоқ, тоқтаусыз жұмыстарын жалғастырды.

Бірқатар қиыншылықтарға қарамастан индустриялық-инновациялық даму аймақтық бағдарламасын іске асыру барысында ілгерілеушілік көп. Солардың қатарында ел игілігіне аса қажетті де маңызды «Арал вагон зауыты» жобасының жүзеге асуы өз кезегінде Ресей мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланысты нығайтуға, ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ келешек екі елдің машина жасау өнеркәсібін арттыруға ықпал етеді. Жобалық қуатында жұмыс жасаған кезде келешекте бір мың үш жүз (1300) адамды еңбекпен қамтып, аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді [2].

Келешек зауыт ашық жүк вагондарымен қатар көп тонналық контейнерлерді, басқа да өнімдер тасымалдайтын вагон-платформаларды, автотіркемелер мен вагон арбаларды құрастырып шығармақ. Бұған қоса жаңа зауытта вагонның шанақ бөлігі мен оған қажетті бөлшектерін жасау көзделіп отыр.

Бүгінгі күнге 100 адам жұмысқа қабылданып, бірқатар мамандар білімін жетілдіруге, біліктілігін арттыруға Ресейге оқуға жіберілді.

Сөз балық шаруашылығына бұрылғанда «Атамекен Холдинг» қаржы-өнеркәсіп тобының қолдауымен салынған «Атамекен балық өнеркәсібі» ЖШС-і балық зауытын айтпасқа болмайды. Барлық өндірістік цехтары, тоңазытқыш камералары және де тұрмыстық бөлмелері еуростандартқа сәйкестендірілген зауыттың мүмкіндігі мол.

Қазіргі таңда зауытқа 49 адам жұмысқа қабылданды. Зауыттың есебі бойынша жыл басынан бері 4,3 млн. теңгенің өнімдері өңделіп шығарылды. Соған сай Ресей мемлекетінің дайын өнім алушыларымен келісімшарт жасалған. 2012 жылдың наурыз айында зауыт KZ N.01/G2-0008/ нөмірлі еуропалық кодқа ие болды. Бүгінде зауыт өнімдерін Австрия, Германия, Голландия сияқты Еуроодақ елдері мен Кедендік одақ мемлекеттері тұтынып отыр.

Сондай-ақ өндіріс орнына арнайы мұздатқыш қоймалары бар балық өңдеу кешені, тұздау мен қақтау камералары, балықтарды арнайы сұрыптау үшін балық қабылдау мен жуу цехтары және дайын өнімді қаптау бөлімдері кіреді.

Зауыт толық қуатында жұмыс істегенде 8000 тонна балық шикізаты керек болады. Яғни, өңірдегі балық шаруашылығының берекесінен бөлек Атыраудағы табиғат пайдаланушылармен балық сатып алуға келісімшартқа отырды. Бірақ, негізгі мақсат – жергілікті жердің балығын өңдеп қабылдау басты назарда. Алдағы уақытта мекеме тауарлы балық өсіріп, өңдеумен де айналыспақшы. Зауыт зертханасы мемлекеттік стандарттарға сәйкес қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Зауытқа санитарлық паспорт алынды. Осындай өркенді іс барысында «Қамбаш балық» ЖШС, «Кіші Арал өндірістік бірлестігі» селолық тұтыну кооперативі және «Оңтүстік» әлеуметтік кәсіпкерлік корпора-

циясы» акционерлік қоғамы бірігіп, «Сервистік дайындау орталығы – Арал» ЖШС-ін құрды. Бұл да берекелі болашаққа ұмтылудың көзі [1].

«Қамыстыбас балық өсіру» питомнигіне жыл сайын республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлініп келеді. 2004 жылы 43 млн. теңге бөлінсе, соңғы жылдар әлетінде бұл қаржының аумағы 150,0 млн. теңгеге көтерілді. Жыл көлемінде 13,2 млн. майда шабақтар өсіру жоспарланған. Соңғы жылдары жыл сайын 13-15 млн. майда шабақтар өсіріліп жіберіліп отыр. Сондай-ақ облыстық бюджеттен жыл сайын облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы ауданда атқарылатын қоршаған ортаны қорғау шаралары ішінде Кіші Арал теңізінде Арал қаязы балығының қорын қалпына келтіру және гендік қорын сақтау үшін биотехникалық және дөңмаңдай, тұқы, ақ амур балығы түрлерімен балықтандыру шараларын жүргізуге қаржы бөлініп келеді. Тек қана соңғы 3 жылда 26,9 млн. теңге қаржы бөлініп, игерілді. «Қамыстыбас» питомнигінің базасы кеңейіп, жұмыс ауқымы өсе түсті. 2007 жылы ХАҚҚ арқылы 10,2 млн. теңгеге 2 мұздатқыш алынды. Кіші Арал мен көлдер жүйесін пайдалану ұтымды шешімін тапты [3].

Балық қорын дамыту, сирек кездесетін өте құнды балық түрлерін өсіру, басқа да балықтарды жерсіндіру, балықты қолдан көбейту, тағы басқа құнды зерттеу жұмыстарын Балық шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығының Арал ауданындағы филиалы дәйектілікпен атқарып келеді.

Аралдың балықтан басқа байлығы – мал шаруашылығы. Өзге аудандар секілді егін мұнда егілмейді. Жер жағдайы оған келмейді. Сондықтан төрт түлікті көбейтуге баса назар аударылады.

Аудан бойынша 299 ауыл шаруашылығы құрылымдарының басым бөлігі негізінен мал шаруашылығымен айналысады. 2010 жылдың 1 шілдесінен барлық нысандағы ауыл шаруашылығы құрылымдарында 40019 бас мүйізді ірі қара, 151213 бас қой мен ешкі, 16643 бас жылқы, 19012 бас түйе малы бағылып күтілуде [1].

Әр 100 бас аналықтан 107 қозы-лақ, 73 құлын, 44 бота, 73 бұзау алынып отыр. Қазіргі уақытта 5 ауыл шаруашылығы құрылымы («Құланды» ЖШС-і Мұғалжар тұқымды жылқы, қазақтың айыр өркешті түйесін; «Көктем» шаруа қожалығы, «Байдаулет» шаруа қожалығы асыл тұқымды қазақ жылқысын; «Қаракұм және К» ТС-і асыл тұқымды қаракөл қойын; «Берекет» шаруа қожалығы қазақтың ақбас сиырының тұқымын) асыл тұқымды мал өсірумен айналысады.

Облыстағы 23 асыл тұқымды шаруашылықтардың 22 пайызы Арал ауданында. Қазіргі уақытта тағы 2 шаруашылық асыл тұқымды шаруашылық деңгейіне көтерілді. Асыл тұқымды мал басын өсіруге арналып 5 қолдан ұрықтандыру пункті жұмыс жасайды. Мал шаруашылығы саласындағы өндірілетін өнім көлемі де ұлғая түскен. Ауыл шаруашылығын дамытудағы бір жетістік – ауданда ауылдық несие серіктестігі «Арал ырысы» құрылып, ауыл шаруашылық құрылымдарын қаржыландыруға өз нәтижесін беріп келеді.

Арал аймағының тағы бір өнімі – Арал тұзы. 1994 жылы жекешелендіру және мемлекетсіздендіру нәтижесінде «Аралтұз» АҚ құрылған болатын. «Аралтұз» компаниясы тұз өнімдерінің барынша кең түрін өндіреді, сондай-ақ өз бизнесін кеңейту жөніндегі кез келген инновациялық жобаларға қатысады.

Компания өндірістің жаңа технологияларын тұрақты негізде ендіріп отырады және өзінің барлық мақсаттық нарықтарында толық көшбасшы болып қалуда. Халыққа сапалы әрі пайдалы өнім өндірумен аты шыққан «Аралтұз» кәсіпорны Астанада өткен «Қара өткел – 2007» көрмесіне қатысып, «Бәсекеден тыс тауар» марапатына ие болды. Қызылорда қаласында болған «Алтын сапа – 2007» көрмесінде «Ең үздік азық-түлік тауарлары» дипломымен марапатталды. Сондай-ақ, кәсіпорын «FoodExpo Kazakhstan – 2005» атты 11-ші халықаралық көрмесіне қатысып, екі алтын медалға иелік еткен [3].

Арал аймағының 7 бәсекелестік артықшылықтарын айтатын болсақ, олар:

- Қазақстанның тұз нарығындағы 80 жыл бойы жинақтаған орасан зор жұмыс тәжірибесі;
- Қазақстан Республикасында тұтынылатын тұздардың барлық түрлерін өндіру;
- Жылына 400 мың тонна тұз өндіруге арнап есептелген республикадағы жалғыз өндірістік қуаттылықтар;

– Тұз өндірушілерінің арасындағы аса кең жайылған дилерлік желі, ол географиялық тұрғыдан бүкіл Қазақстанды 100%-ға қамтып отыруға, сондай-ақ Орталық Азияның нарығын белсенді түрде жаулап алуға мүмкіндік береді;

– Қазақстандағы ең жақсы таныс тұз белгісін өндіру құқығы;

– Қазақстанда өндірілетін барлық тұздың 80%-ын қамтамасыз ететін «Жақсы қылыш» тұз кен орнын пайдалану;

– Ас тұзын ҚР өнімдерді міндетті түрде йодтау туралы заңдарына толық сәйкестікте өндіру.

Бәрімізге мәлім, бәсекелестік бар жерде сапа да болады, егер өнімді шет елдерге шығаратын болсақ, халықаралық байланыстар да орнайды.

Биылғы жылға индустриялық жобалар кешенінде мемлекеттік энергожабдықтау бағдарламасы бойынша тұз кептіру цехының камерасына жаңа құрылым жасау үшін 44,4 млн. теңге қаржы бөлу жоспарлануда. Электркалиориферлі жылу генераторын ауыстыру, яғни электр қуаты орнына сұйытылған газ қолдану межеленді. Сұйытылған газды қолдану барысында өндіріс көлемі жылына 80 мың тоннаға дейін жетіп, өнімнің сапасы едәуір жақсарады және шығын азаяды.

Байырғы зауытқа жаңа технологиялар ендіру мүмкіндігі арта түсті. Қытай Халық Республикасынан сағатына 3,5 тонна қалталанған ас тұзын шығаратын заманауи екі автомат алынып, іске қосылды. Алдағы уақытта тағы осындай екі қондырғы әкелу жоспарлануда.

Елбасының қамқорлығынан кейін аудан осындай озық дәрежеден орын алып үлгерген. Анау Арал дейтін емес, мынау молшылық мекені деп мақтануға тұрарлық жағдайға жеткен.

Әдебиеттер:

1. Аудан әкімі Н. Мұсабаевтың «Арал ауданының 2012 жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және ағымдағы жылдың негізгі міндеттері туралы» жасаған баяндамасы. – Арал, 2012.

2. «Арал вагон» ЖШС, «Атамекен балық өнеркәсібі» ЖШС // <http://kz.atameken.kz>.

3. «Арал балығы жоғары сапалы белгімен Европа елдеріне шығарылмақ» // <http://old.kaztrk.kz/>.

4. «Балық кластері: Қызылорда облысындағы балық шаруашылығы жайлы анықтама» // <http://www.e-kyzylorda.gov.kz/>.

5. «Аралтұз» АҚ // <http://www.araltuz.kz/>.

6. Қызылорда облыстық Статистика агенттігі // <http://www.kyzylorda.stat.kz/>.

7. Арал атырабы // Дала мен қала. – 2011. – №30.

8. Балық бар жерде байлық бар // Айқын. – 2012. – №22.

Резюме

В статье рассмотрены основные виды продукции Приаральского региона и их основные конкурентные преимущества. При поддержке Главы государства по улучшению экологического состояния Аральского региона был принят проект «Регулирование русла реки Сырдарьи и сохранение северной части Аральского моря», 1-й этап которого уже завершен.

Summary

In article were considered the main types of goods of the Aral region and their main competitive advantages. The problem of the Aral region always was in sight of the Head of state. With its support on improvement of an ecological condition of the Aral region was approved the project «Regulation of the bed of the Syr-Darya River and preservation of a northern part of the Aral Sea» which 1st stage already reached end.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

С.Б. ҚАСЫМОВА,

экономика магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Экономикалық категория ретінде сыртқы экономикалық байланыстар мемлекеттер мен мемлекеттердің экономикалық субъектілері арасында ресурстардың барлық түрлерінің қозғалыстары кезінде қалыптасатын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады. Бұл екі жақты қатынастар мемлекеттің экономикалық өмірінің барлық салаларын, ең алдымен оның өндірістік, сауда, инвестициялық және қаржылық қызметтерін қамтиды. Сыртқы экономикалық байланыстардың экономикалық категория ретіндегі мәні оның қызметтері арқылы анықталады. Экономикалық категория ретінде сыртқы экономикалық қызметтің мәні төмендегідей:

- табиғи ресурстар мен еңбек нәтижелерінің халықаралық айырбасын ұйымдастыру және қызмет ету;
- халықаралық еңбек бөлінісі өнімдерінің тұтыну құнын халықаралық мойындау;
- халықаралық ақша айналымын ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықта сыртқы экономикалық байланыстар ұлттық табыстарының өсуі және ғылыми-техникалық үдерісті жетілдіруші факторлар ретінде де қарастырылады. Осы байланыстардың іске асырылуы мемлекетаралық қатынастарды қарапайым тауар айырбасынан қызметтер саудасына, техника-экономикалық мәселелерді бірігіп шешуге, ғылыми және өндірістік кооперация және т.б. біріккен шаруашылық қызметтерін, сонымен бірге, біріккен кәсіпорындар құруға дейін дамытуға болады.

Әлемдік экономикаға интеграциялану үдерісіне белсене қатысу ұлттық экономиканың тиімділігін арттыруда, оның құрылымдарын және ұлттық экономикалық тетіктерді қазіргі заманғы ғаламдық экономика талаптарына сай қайта құруда маңызы зор. Аталған мәселелерді шешуде мемлекет тарапынан белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізілуі тиіс. Осы орайда, біз «мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты – өзінің әлеуетін (саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік, экологиялық) нығайтуда және әлемдік экономикаға тиімді қатысуды қамтамасыз етуде сыртқы экономикалық байланыстарды қалыптастыру мен қолдануға мемлекеттің мақсатты түрде бағытталған қызметі» деген қағиданы басшылыққа аламыз.


Әлемдік сауданың қарқынды дамуы тарихта ғаламдық экономиканың тұрақты дамуының ең ұзақ кезеңі болуына ықпал етті. Әлемдік Банк сарапшыларының бағалауынша, соңғы 20 жыл ішінде әлемдік жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуінің 25%-ы әлемдік сауданың үлесіне тиесілі болды. Әлемдік шаруашылықтың ашықтық деңгейі оның дамуына әсер етеді, бірақ мұндай жағдай жекелеген елдерді әлемдік экономиканың дамуына тәуелді етіп отыр. Соңғы кездері көптеген ірі дамыған елдердің сыртқы саудаға деген тәуелділігі артты. ЖІӨ-дегі сыртқы сауданың үлесі АҚШ-та 24%-ды (1950 жылы – 9%), Францияда 43%-ды (23%), Германияда 46% (27%), Ұлыбританияда 57% (30%) құрады.

Сыртқы экономикалық қатынастарды реттеу екі түрлі әдіс арқылы жүзеге асырылады:

1. Кедендік – тарифті әдістер.
2. Бейтарифті немесе әкімгершілік әдістер.

Сыртқы сауда саясаты Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің даму үрдісінің қорытынды көрсеткіші болып табылады. Халықаралық сауда саясаты сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қажетті барлық әдістер жиынтығынан тұратын жүйе болып саналады.

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру сыртқы экономикалық саясат арқылы орындалады. Сыртқы экономикалық саясаттың 4 түрі бар: сыртқы сауда саясаты, валюталық саясат, кедендік саясат, инвестициялық саясат.



Сурет 1. Сыртқы экономикалық саясаттың құрамдас бөліктері


2004-2006 жылдары отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, мемлекеттік органдардың және отандық тауар өндірушілердің өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі автомобильді және машина жасау салаларын, металлургиялық өнеркәсіпті, құрылыс материалдарын, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіпті дамытуды қолдауды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын әзірлеп, қабылдады.

2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауда есебінсіз) 73197,1 млн. АҚШ долларын құрып, 2009 жылмен салыстырғанда 16,2% өсті, оның ішінде экспорт 51047,8 млн. АҚШ долларын (35,7% өсті), импорт 22149,3 млн. АҚШ долларын құрады (12,7% азайды).

ТМД мемлекеттері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушісі болып табылады: 2010 жылы осы елдерден әкелетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы әкеліміндегі үлесі 92%, металлургиялық өнімдер 54%, азық-түлік тауарлары – 49%, химиялық тауарлар 40% құрады. 2009 жылы барлық импорттық жеткізілімдердің 44,7%-ы ТМД елдерінің еншісінде. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері:

- Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінен 37,1%);
- Қытай (11,4%);
- Германия (6,9%);
- АҚШ (5%);
- Украина (5,2%);
- Италия (3,2%);


Қазақстан Республикасының 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша импортының құрылымы 2-суретте бейнеленген.



1 – машина құрал-жабдықтары, құрылғылар; 2 – минерал өнімдері; 3 – бағалы емес металдар; 4 – химия өнімдері, пластмасса, каучук; 5 – азық-түлік және оны өндіруге қажетті шикізаттар; 6 – басқа да өнімдер

Сурет 2. Қазақстан Республикасының импорты, 2010 жыл, %

Қазақстанның экспортқа шығаратын негізгі өнім түрлері 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 3-суретте бейнеленген.



1 – минерал өнімдері; 2 – азық-түлік және оны өндіруге қажетті шикізаттар; 3 – бағалы емес металлдар; 4 – химия өнімдері, пластмасса, каучук; 5 – машина құрал-жабдықтары, құрылғылар; 6 – басқа да өнімдер

Сурет 3. Қазақстан Республикасының экспорты, 2010 жыл, %

Қазақстан өнімдерін негізгі сатып алушылары, яғни экспортының бағыты:

- Италия (17%);
- Швейцария (16,1%);
- Қытай (10,5%);
- Ресей Федерациясы (8,9%);
- Франция (7,7%);
- Нидерланды (6,4%);
- Израиль (3,2%), Иран (2,9%), Ұлыбритания (2,3%), Украина, Түркия (2,7%).

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2011 жылғы қаңтар-желтоқсанда 113197,6 млн. АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 41,8%-ға өсті, оның ішінде экспорт – 79820,8 млн. АҚШ долл. (51,7%-ға көп), импорт – 33376,8 млн. АҚШ долл. (22,6%-ға көп).

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін талдау барысындағы зерттеулер төмендегідей мазмұндағы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Сыртқы сауда – халықаралық еңбек бөлінісі негізінде пайда болған әр түрлі елдің тауар өндірушілері арасындағы байланыс формасы болып табылады, және олардың өзара экономикалық тәуелсіздігін білдіреді. Сонымен бірге, халықаралық сауда дегеніміз – әлемнің барлық елдері арасында жүргізілетін төлемі бар жиынтық тауар айналымы.

Ең жоғары (максималды) пайда алу үшін мемлекеттің араласуы мен сыртқы сауданың үстінен бақылау ұсынылды. Ғалымдар тарапынан шетелдік тауарларға кедендік жарналарды енгізу және өз тауарлары үшін алтын мен күміс алу арқылы экспортты арттыруға және импортты шектеуге бағытталған сауда саясатына қатысты ұсыныстар жасалды. Осылайша, қатаң протекционистік шаралар қолданылды және сыртқы саудадан түсетін пайда протекционистік саясат жүргізетін елдің басқа мемлекеттер есебінен алынатын артықшылықтарға ие болуымен байланысты болды.

2. Сыртқы сауданың құрылымы негізінен екі түрлі бағытта қарастырылады:

- географиялық бөлінуі тұрғысынан (географиялық құрылым);
- тауарлық толығулар тұрғысынан (тауарлық құрылым).

Географиялық құрылым сауда ағымдарының жекелеген елдер арасындағы және аумақтық немесе ұйымдық белгілері бойынша елдер топтары арасында бөлінуі болып табылады. Аумақтық географиялық құрылым әлемнің бір бөлігіне бағытталған сауда ағымдарын, ұйымдық құрылым белгілі бір интеграциялық бірлестік шеңберіндегі елдерге немесе одақтар мен ұйымдарға мүше елдерге бағытталған сауда ағымдарын айқындайды.

3. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру сыртқы экономикалық саясат арқылы орындалады. Сыртқы экономикалық саясаттың 4 түрі бар: сыртқы сауда саясаты, валюталық саясат, кедендік саясат, инвестициялық саясат. Еліміздің сыртқы экономикалық саясатының қазіргі кезеңдегі хал-жайы төмендегідей мазмұндағы сипаттамалар беруге мүмкіндік береді:

- экспорттық салалардың дамуының әлі де болса әлсіздігі;
- импорттық тауарлармен бәсекеге түсе алмайтын салалардың қызметтерін жандандыру қажеттігі;
- қаржылық және фискалдық ынталандыруды арттыру маңыздылығы;
- кедендік қорғау мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметті реттеудің мемлекеттік әдіс-тәсілдерін жетілдірудің қажеттігі.

Әдебиеттер:

1. Абишева Ж.Б. Основные тенденции развития регионов Казахстана // Аналитик. – 2008. – №5.
2. Указ Президента Республики Казахстан «О стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 гг.» №1096 от 17 мая 2003 г. // www.astana@kazpravda.kz.
3. Алшанов Р.А. Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке: проблемы и их решение. – Алматы, 2004.
4. Мамыров Н.К. Планирование концентрации в промышленности. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – С. 245.
5. Текенов У.А. Механизм участия регионов во внешнеэкономических связях Казахстана: стратегия, методология, инструменты: Монография. – Алматы: Экономика, 2004.
6. Мировая экономика: Учебник / Под ред. проф. А.С. Булатова. – М.: Юрист, 2000.

Резюме

Политика внешней торговли является итоговым показателем тенденции развития внешнеэкономической деятельности республики. Политика международной торговли считается системой, состоящей из совокупности всех необходимых методов для регулирования внешнеэкономической деятельности.

Summary

Foreign trade policy is the final indicator of the development trends of foreign economic activity of Kazakhstan. Policy of International Trade is a system consisting of a set of all the necessary methods to regulate foreign economic activity.

БЕЙНЕНІ СЫҒУҒА ПАРАЛЛЕЛЬДІ ЕСЕПТЕУДІ ҚОЛДАНУ

**Г.Ш. МУСАГУЛОВА, Г.Қ. МҰРАТОВА,
Л. АҚЗУЛЛАҚЫЗЫ,**

педагогика ғылымдарының магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Сандық бейнелер әлемдегі ақпараттың үлкен бөлігін құрайды. Интернеттің дамуымен, қуаты мол компьютерлерінің кең таралуымен, принтер, сканер, сандық камералар өңдеу технологиясының алға жылжуымен байланысты сандық бейнелер кеңінен қолданысқа енді. Сондықтан қолданушылар арасында бейнелер беретін мәліметтерді сығуға деген қызығушылық артты. Қазіргі уақытта стандартты сығу әдістері бар және ауқымды қолданылуда. Бірақ ақпарат көлемі мен оны жіберу жылдамдығының артуына байланысты басқа әдістерді құру туралы зерттеулерді жалғастыру керек болды. Бейнені сығу алгоритмдерін жақсартуға деген қызығушылық та арта бастады. Бейнені сығу бейнені жіберу жылдамдығын арттыруға және бейнені сақтау тиімділігіне өте маңызды.

Сандық бейне – сандар тізімі түрінде болатын пиксель мәндерінің массиві. Бейнені сығу есебі екі негізгі бөліктен тұрады: кодтау және декодтау. Кодтау – бейненің бастапқы сандар тізімін жадыда аз орын алатындай етіп көрсету. Декодтау кодталған бейнеден бастапқы бейнені шығарады. Егер декодталған бейне бастапқы бейнемен дәл келетін болса, онда кодтау-декодтау алгоритмі жоғалтусыз алгоритм деп аталады. Ал егер декодталған бейне бастапқы бейнеден өзгешелеу болса, онда алгоритм жоғалтумен болады. Бейнені сығуға арналған фрактал және вейвлет әдістері ақпаратты жоғалтумен болатын алгоритм және жоғалту өте аз болады. Осындай зерттеулердің бір жолы вейвлет-түрлендіру әдісін таңдадық.

Вейвлеттер (wavelet – қысқа толқын) арнайы базалық функция арқылы жасалады. Ол функциялар бірқатар арнайы шарттарды қанағаттандыруы керек. Уақыт немесе жиіліктік аймақта масштабталған вейвлеттер тобы арқасында кез келген күрделі функцияны тура немесе салыстырмалы қателікпен бейнелеуге болады. Сонымен вейвлет дегеніміз – айнымалы сигнал мен бейне функциясын өңдейтін жаңа математикалық және практикалық аппарат.

Бейнені вейвлет-түрлендіру әдісі қарапайым болып келеді. Біріншіден, бейнеге вейвлет-түрлендіру жүргізіледі. Вейвлет-түрлендіру есептелген соң, ең үлкен x коэффициенті сақталынады да, ал $(100-x)$ коэффициенті нөлге теңестіріледі және x мәні қолданушымен таңдалынады. Қалған коэффициенттерге кодтау жүргізуге болады. Сығылған бейненің коэффициенттерін декодтау және нәтижесіне кері вейвлет-түрлендіруді қолдану арқылы бейнені қалпына келтіруге болады.

Бейнені пикселдердің орта мәнімен ауыстыру арқылы сығуға болады. Ол сығудың жоғарғы дәрежесін береді (1 сан барлық бейнені бейнелейді), бірақ бейненің сапасы төмендейді. Бастапқы бейнені қалпына келтіру үшін біз жоғалған бөлімдерді табуымыз керек. Екі нүктеден тұратын $\{x_1, x_2\}$ бейнені қарастырайық. Оның a орта мәні және d жартылай айырмасы болсын.

$$a = (x_1 + x_2) / 2 \tag{1}$$

$$d = (x_1 - x_2) / 2 \tag{2}$$

$\{x_1, x_2\}$ -ді $\{a, d\}$ арқылы өрнектейміз.

$$x_1 = a + d \quad (3)$$

$$x_2 = a - d \quad (4)$$

Бір жүйеден екінші жүйеге өткенде ақпарат ешқайда жоғалмайды. Егер x_1 және x_2 бір-біріне жақын болса, онда d аз болады және $\{x_1, x_2\}$ бейнесін $\{a\}$ жуықтауымен алмастыруға болады. Біздің сурет сығылды. Қайта орнына келтірілген бейне $\{a, d\}$ болады, оның қателігі

$$|\{x_1 - a, x_2 - a\}| = |\{d, d\}| \quad (5)$$

d аз болғандықтан қателік те аз болады.

Бұл мысалымыз нақты суреттерге пайдалану қиын, бірақ бұл бізге вейвлет-түрлендіруі арқасында бейнені сығу принципін түсіндіреді. Мұндай кішкентай бөлшектер суреттің жалпы сипатына әсер етпейді.

Вейвлеттің түрі Хаар вейвлетін қарастырайық. Хаар вейвлеті ретінде нормаланған масштабтаушы функциямен вейвлеттерді қолданамыз. Евклид кеңістігінде f векторының нормасын анықтаймыз:

$$\|f\| = \sqrt{(f, f)} \quad (6)$$

Евклид кеңістігінде u нормаланған болады, егер $\|u\| = 1$ және $u = \frac{f}{\|f\|}$ болатын болса. ϕ_k және

ψ_{kj} -нормасын табайық:

$$\|\phi_{kj}\|^2 = \int_0^1 \phi_{kj}^2(t) dt = \int_{j/2^k}^{(j+1)/2^k} t^k dt = \frac{1}{2^k} \quad (7)$$

Осыдан төмендегі өрнек шығады:

$$\|\phi_{kj}\| = \frac{1}{\sqrt{2^k}} \quad \|\psi_{kj}\| = \frac{1}{\sqrt{2^k}} \quad (8)$$

әр $j = 0, \dots, 2^k - 1$ дейін.

Енді масштабтайтын функциялармен вейвлеттерді қайта анықтайық.

$$\phi_{kj}(t) = \sqrt{2^k} \phi(2^k t - j) \quad (9)$$

$$\psi_{kj}(t) = \sqrt{2^k} \psi(2^k t - j) \quad (10)$$

(12) – нормаланған Хаар вейвлеті, бұл жердегі ψ

$$\psi(t) = X_{\begin{bmatrix} 0 \\ 1/2 \end{bmatrix}}(t) - X_{\begin{bmatrix} 1/2 \\ 1 \end{bmatrix}}(t) = \begin{cases} 1, & 0 \leq t < \frac{1}{2}, \\ -1, & \frac{1}{2} \leq t < 1, \\ 0, & \text{басқа жағдай} \end{cases} \quad (11)$$

теңдігімен анықталады.

Компьютер сұр градациясындағы бейнені мәндері оң сан болатын 2-өлшемді массив түрінде бейнелейді. Массивтің әр элементі – ол бейненің пиксельдері. Вейвлет-түрлендіруді көп өлшемді тізбектерге, яғни массивтерге қолдануға да болады. Ол үшін бірінші бейненің жолы түрленеді, содан кейін жолы түрленген бейненің бағанасы түрленеді.

Біз жоғарыда тек бір өлшемді тізбекке түрлендіру жасадық. Бұл тізбекті бейне деп айтуға келмейді. Өрине бейненің жолдары мен бағандарын бір ұзын тізбекке айналдыруға болады, бірақ ол бастапқы бейненің ақпарат биттерінің орналасуын көрсетпейді. Сондықтан бейнені матрица түрінде қарастырған дұрыс болады. Ол үшін алдымен бейненің жолдарын түрлендіреміз. Бейненің түрленген жолдарының бағандарын түрлендіреміз. Бұл оңай программаланады, себебі бір ғана бір өлшемді түрлендіру жолдарға да, бағандарға да қолданылады.

Қарапайым вейвлет-түрлендіру алгоритмі:

- а) Бейненің әр жолына вейвлет-түрлендіру жасау;
- ә) Түрленген бейненің әр бағанына вейвлет-түрлендіру қолдану;
- б) Түрленген бейнеге децимация жасау. Яғни модуль бойынша максималды $x\%$ (қолданушы таңдайды) коэффициентін сақтап, ал қалғанын $(100-x\%)$ 0-ге теңестіру және екі өлшемді массивтен жою;
- в) Кері вейвлет-түрлендіру жасау.

Бұл әдістің негізгі кемшілігі бейнені сығу кезінде есептеу ресурстарын және уақытты көп қажет етеді.

Вейвлет-түрлендіру бейнені өңдеу және кодтау мәселелерінде, әр түрлі табиғат көріністерінде (жасанды жер серігінің көрінісі, ішкі органдардың рентгенограммасы), беттік кристалдарды және нанообъектілердің қасиеттерін зерттеудегі көріністі тануда және көптеген басқа да жағдайларда кең қолданылады. Сонымен қатар, JPEG2000 сығу алгоритмінде вейвлет-түрлендіруді енгізген. Вейвлет-түрлендіру алгоритмін іске асыратын арнайы чиптер де құрылған. Ал бейнелерді бірнеше бөліктерге бөліп, параллельді түрде вейвлет-түрлендіруін сол бөліктерге қолданса, уақыт үнемделеді және ресурстарды аз пайдаланады.

Қазіргі кезде компьютерлік технологиялар өте жылдам қарқынды дамуда. Көптеген суперкомпьютерлер, кластерлік және GRID технологиялары пайда болуы есептеулерді параллельді өңдеуге мүмкіндік берді. Параллельді есептеу біз қарастырған сығу әдісінің жылдамдығын арттыруға және ресурстарды үнемдеуге көмектеседі.

Параллельді есептеу деп компьютерлік жүйедегі бірнеше операциялардың бір уақытта орындалуын айтады. Қазіргі уақытта параллельді есептеудің екі негізгі әдісі бар. Олар – мәліметті параллельдеу және есепті параллельдеу. Мәліметті параллельдеудің негізгі идеясы – мәліметтер массивінің барлық элементтеріне бір операция орындалады. Есепті параллельдеуде есеп бірнеше тәуелсіз ішкі есептерге бөлінеді. Әр ішкі есеп өз процессорінде орындалады және әр ішкі есепке өзінің жеке программасы жазылады. Біздің әдісті мәліметті параллельдеу арқылы шешуге болады.

Параллельді есептеуді реализациялау үшін біз MPI стандартын қолданамыз. Ол – параллельді есептеу технологиясының ең кең таралған түрі. Бұл жүйеде параллельді процестердің негігі байланысу әдісі бір-біріне хабарлама жіберу арқылы жүзеге асады. MPI Си және Фортран тілдерінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ал енді параллельді есептеуді қолданып, вейвлет-түрлендіру алгоритмін қарастырайық:

1. Негізгі процесс арқылы бейнені әр процеске жолдары бойынша бөліп беру:

```
MPI_Scatter(&t[0][0], send_count, MPI_DOUBLE, &row[0], recv_count, MPI_DOUBLE, 0, MPI_COMM_WORLD);
```

2. Әр процесте жолдар бойынша вейвлет-түрлендіру жасау:

```
wavelet_turlen (double *row, int recv_count)
```

```
// вейвлет-түрлендіру алгоритмі
```

3. Түрленген бейнені негізгі процеске жинақтау:
MPI_Gather (&row[0], send_count, MPI_DOUBLE, &table[0], recv_count, MPI_DOUBLE, 0, MPI_COMM_WORLD);

4. Түрленген бейнені әр процеске тігінен бағандар бойынша бөліктеп беру: 1-пункт сияқты жүзеге асады;

5. Әр процеске бағандар бойынша вейвлет-түрлендіру жасау: 2-пункт сияқты жүзеге асады;

6. Түрленген бейнені негізгі процеске жинақтау: 3-пункт сияқты жүзеге асады;

7. Негізгі процеске децимация жасау.

Қорыта келе айтарымыз, бейнені сығу алгоритмдеріне параллельді есептеуді қолданып тиімділеуге болады. Бұл бізге ресурстарды үнемді пайдалануға, сығу процестерін жылдамдатуға мүмкіндік береді. Сол себепті де бейнелерді сығуда параллельді есептеуді қолдану келешекте кеңінен қолданысқа енеді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Шпаковский Г.И., Сериикова Н.В. Программирование для многопроцессорных систем в стандарте MPI. – Минск, 2008. – 323 с.

2. Немнюгин С.А., Стесик О.Л. Параллельное программирование для высокопроизводительных многопроцессорных систем. – СПб., 2008. – 400 с.

3. Ватолин Д., Ратушняк А., Смирнов М., Юкин В. Методы сжатия данных – М.: Диалог–МИФИ, 2002.

4. Уэлстид С. Фракталы и вейвлеты для сжатия изображений в действии. – 2003.

5. Воробьев В.И., Грибунин В.Г. Теория и практика вейвлет-преобразования. – СПб.: ВУС, 1999. – 203 с.

Резюме

В статье описаны сжатия изображений преобразований, а также оптимальные пути использования алгоритмов сжатия в параллельных вычислениях. С помощью параллельных вычислений появилась возможность рационального использования ресурсов и процессов сжатия.

Summary

This article describes the algorithms of image compression, wavelet compression and optimal use of compression algorithms in parallel computing. With parallel computing we have the possibility of rational use of resources and the compression process.

ӘОЖ 37.022: 371.388:578

АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

С.Н. АБДРАХМАНОВА,

Қызылорда облыстық оқу орталығы, Қазақстан Республикасы

Отандық заңымызда «жетім» және «ата-ана қамқорлығынсыз» қалған балалар санаты ерекшеленеді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке

қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз басты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала;

Жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала;

Заң ортақ қағида көзқарасынан, мемлекеттік қолдау шаралары мен мазмұны жағынан бұл екі санаттағы балаларды бөлмейді. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мәні осы санаттағы балаларды анықтау, оларды қамтамасыз ету жағдайларын бақылауда, әлеуметтік бейімделуінде, жұмысқа орналасуында, тұрғын-үймен қамтамасыз етуде көмек көрсету.

Осы бағытта жұмыстарды іске асыру кезінде әлеуметтік педагог қамқорлық және қамқоршыл органдарымен тікелей байланыста болады.

Қамқорлық және қамқоршылықты органдарының жұмыс саласын кеңейе отыра, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321-І «Неке және отбасы» Заңына сәйкес мұндай сұрақтарды шешу оларға тапсырылады:

- ата-аналар қорғауынсыз қалған балалар туралы мәліметтің алынуы;
- мұндай балаларды анықтау және есепке алу;
- кәмелетке толмағандардан құқығын қорғау туралы өтініштерді қабылдау;
- баланың өміріне, денсаулығына қауіп төнген кезде олардың ата-анасынан, басқа да тұлғалардан тартып алу;
- жанұяда бала тәрбиесіндегі құқығын қамтамасыз ету, бала тәрбиесімен байланысты атын, тегін өзгерту құқығына қатысты дау-дамайларды шешуге қатысу;
- әкенің өтініші бойынша әкеліктің анықталуына келісім беру;
- кәмелетке толмаған балалардың құқықтары сотпен шектелген ата-аналарымен байланыстарына келісім беру;
- балалар тәрбиесіне қатысты даулы соттық тергеурлерге қатысу;
- балалардың тәрбиесімен байланысты соттық шешімдердің орындалуына араласу;

Ата-аналар қорғаусыз қалған балалар (бала асырап алуға / қамқорлыққа алуға немесе асырап алған отбасына) жанұяға тәрбиеге беріледі, мұндай мүмкіндік жоқ болғанда жетім немесе ата-ананың қорғауынсыз қалған балалар тиісті мекемелерге жіберіледі. Заң, сайып келгенде, баланың қажеттіктеріне жауап беретін және балалардың тәрбиесі мен дамыту үшін жағдай жасауда отбасылық формаларына басымдылық береді.

Әлеуметтік педагог баланың алдағы тәрбиеленуінің рәсімдеу үдерісіне қандай да бір дәрежеде жанашырлық жасайды. Жетім балалар мен ата-ана қорғауынсыз қалған балаларға арналған мекемеде жұмыс істейтін әлеуметтік педагог қызметі ерекше мәнге ие. Оған (оқиды және/немесе тәрбие алады) жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беретін мекемелер, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер (балалар үйі – ақыл-есі мен физикалық кемістігі бар мүгедек балаларға арналған интернаттар, әлеуметтік оңалту орталықтары, әлеуметтік паналар), денсаулық сақтау мекемесі (балалар үйі) және заң жүзінде құрылатын басқа да мекемелер жатады.

0 мен 3 жас шамасы аралығындағы балалар сәбиханаларға орналастырылады. 3 жасқа келген кезінде жетімдер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үйіне, физикалық және ақыл-есінде кемістігі бар арнайы интернаттарға, деликвентті балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық интернаттарға орналастырылады.

Бұндай мекемелерде әлеуметтік педагог балалардың картотекасын ашады, олардың әлеуметтік дамытуының ерекшеліктерін зерттеп отырады, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, жағдайды қалыпқа келтіру үшін баланың толық дамуы үшін қолайлы шарттардың жасалуы үшін барынша күш қолданады. Тәрбиелік кеңістіктің қалыпты жағдайда болуына мамандардың пікірінше келесі шарттар көмектесе алады:

– белгілі бір балалар үйін нормативті құжаттарға сәйкес келтіру және олардың кішкене топтарға бөліну мүмкіндігі;

– отбасылыққа жақын әлеуметтік және эмоцияналды ортаны құру;

– тәрбиешілер мен балалар дара «отбасы» болатын отбасылық түрдегі кішкене топтарды ұйымдастыру, баланың психоэмоциялық мұқтаждықтарына ықыластар таныту;

– балаларды жас шамасына қарай бір балалар үйінен екінші балалар үйіне өтуге шектеу қою;

– бауырларды түрлі мекемелерге бөліндірмеу;

– болашақта өз өмірін сүруге қажетті қоғамдық және тұрмыстық дағдыларын қалыптастыру;

– ата-аналар мен балалар арасында байланысты күшейту.

Әлеуметтік педагогтың қызметінің ерекше бағыты – балаларды отбасына орналастыру жолдарын іздестіру және баланы құқықтық біліммен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасында білім берудің ұлттық моделін жасау және дамыту жайындағы құжаттарда, білім беру жүйесін модернизациялауға арналған тұжырымдамаларда өскелең ұрпақтың әлеуметтенуіне ықпал ететін пәндердің ролі мен ұлттық тәрбиенің мәнін арттыруға ерекше талаптар қойылып отыр. Қазіргі кезеңдегі қоғамның даму жағдайы бала тұлғасының әлеуметтенуі балалар іс-әрекеттерінің ерекше ұйымдастырылған, әлеуметтік тұрғыдан тәуелді, қоғамдық және тұлғалық маңызға ие болатын баланың өзін-өзі анықтауға, ұсынуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық құбылыстармен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында (ҚР) жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды кәмелетке толғанша мемлекет тікелей қамқорлығына алады, сондай-ақ кәмелетке жеткеннен кейін де олардың жоғары оқу орындарына қабылдануына, жұмысқа орналасуына, баспанамен қамтамасыз етілуіне заңдарда белгіленген негіздерде түрлі жеңілдіктер көрсетіледі.

Жетім ұғымымен қатар кейінгі кезде «Әлеуметтік жетім» ұғымы қолданыста бар. «Әлеуметтік жетімдер» дегеніміз – белгілі бір себептерге байланысты ата-аналары құқығынан айырылғандардың балалары және тастанды балалар. Әлеуметтік жетімдер балалардың ерекше категориясы. Олардың рухани және адамгершілік құндылықтары, тәртіп мәдениеті туралы түсініктері теріс, себебі олар толық жанұялық тәрбие көрмеген. Оларға тән қасиеттер: агрессия, алаңдаушылық, мінездегі жат қылықтар. Аталып отырған мәселе қоғамда кеңінен орын алуда, сондықтан да одан сырт айналу қажет емес. Бұл мәселе жөнінде мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларды жүздеген мектеп-интернаттардың, балалар үйі мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелердің және т.б. ұйымдардың жұмысынан байқай аламыз. Жетім балалар мәселесіне байланысты қабылдаған бірқатар нормативтік құжаттарда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың уақытша, түпкілікті отбасында тәрбиеленулері, рухани-адамгершілік, еңбек тұрғысынан жан-жақты дамуы, білім алуы және әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуі қадағаланады.

ҚР интернаттық білім беруді ұйымдастыру тәртібі туралы ережесінде интернаттық ұйымдар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жетім, панасыз балалар мәселесі көтерілген. Атап айтқанда, онда «Интернаттық ұйымдар – белгілі бір категориядағы азаматтарға тұратын орын беріп, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта, білім беру жүйесінің мекемелері» деп анықтама беріледі. Бұл интернаттардың қазіргі кезде бес түрі бар: жалпы типті мектеп-интернат, яғни ол ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылары, жалғыз басты аналар (әкелер) мен денсаулық жағдайы, еңбегі, өмір жағдайына байланысты қоғамдық тәрбиені қажет ететін ата-аналарының (олардың орнын ауыстырушылар) балаларына тұратын орын беріп, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта, білім беру жүйесінің мекемесі; санаториялық типтегі мектеп-интернаттар, мұнда денсаулықтарына байланысты, атап айтқанда, туберкулез-өкпе ауруына душар болған балалардың емделуі, оқуы, тәрбиесі қамтамасыз етіледі; девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернаттар, сот пен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөнінде комиссияның шешімімен балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту; жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балаларға арналған ұйымдар – білім мен тәрбие алуда отбасы жағдайына жуықтайтын қолайлы жағдай жасап, мамандық таңдауға көмек көрсететін және оларды өз бетінше өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ететін білім беру мекемелері.

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны қарқынды өсуде, әсіресе әлеуметтік жетімдер саны көбейіп келеді. Жетімдер үйіндегі балалардың 95%-ы әлеуметтік жетімдерді құрайды. Бұл мекемелерде балаларға бірдей талап қойылып, нәтижелері де бірдей болуы көзделуімен, әрқилы көрсеткіштерге ие. Сонымен қатар, көбіне белгілі бір жасқа дейін сол мекемелер көлемінде ғана қарым-қатынасқа түсетіндіктерінен қоғаммен бетпе-бет тікелей келгенде көпшілігі тығырыққа тіреледі. Олардың әлеуметтенулері де осы тұрғысынан ерекшеленеді.

Қазіргідей елімізде экономикалық жағдай жақсарып, елдің тұрмысы түзеле бастаған тұста бала мен отбасылық мүдделер ескеріліп, интернат типтес балалар үйлерінен басқа да қамқорлықтың баламалы түрлері көбейе бастады. Мысалы, патронаттық тәрбие. Патронат – ата-анасыз қалған баланы өз отбасына аламын деген адам мен мемлекеттік ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы жүзеге асырылатын тәрбие формасы. Содан кейін патронаттық келісім-шарттарға көрсетілген уақыт бойында баланы патронаттық ата-анасы тәрбиелейді. Патронаттық тәрбие – балалар үйіндегі жетім балаларды әлеуметтендірудің және оларға отбасы жағдайында тәрбие берудің бірден-бір көзі.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет – баланың, жасөспірімнің отбасында, мектепте, қоғамда, т.б. орталармен қалыпты қарым-қатынасқа түсуі үшін өзін-өзі ұйымдастыра білуі. Ал әлеуметтік педагог болса төмендегідей негізгі бағыттарда жұмыс жасауы қажет: диагностикалық қызметі; өз құзырлығы шеңбері бойынша көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау; кәмелетке толмағандардың, кәмелет жасындағы, тәрбиешілердің құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру; «Ерекше назардағы» балалар мен «Ерекше назардағы» тәрбие субъектілерімен жұмыс; тәрбиешілер, медициналық қызметкерлері, басқа да қызметкерлермен, балалар комитетімен, құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесімен, балалардың өзін-өзі басқару органымен, құқықтық оперативті топпен, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиямен, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілермен жұмыс жасау барысында мынадай шаралар ескерілу тиіс: жұмыс барысында қолданылатын педагогикалық бағыттың мазмұнын, түрін, тәсілдерін қамтамасыз етуді; жеке тұлғаға әсер ететін медициналық-психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік жағдайларды зерттеуді; балалар мен үлкендердің қарым-қатынастарының дұрыстығына бағытталған әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттілікті ұйымдастыруды; бұзақылық жасаған жасөспірімдерге көмек беруге, қайта қалпына келтіруге жағдай жасауды; әлеуметтік жетімдердің отбасы жағдайын анықтап, мүмкіндігінше жасөспірімдердің отбасына немесе балалар үйіне оралуына жағдай жасауды; деңгейінің жоғарылауына көмектесу, балалардың мүддесін қорғау олардың отбасымен, әр түрлі қоғамдық инстанцияларымен қарым-қатынасын ұйымдастыруды. Мұның барлығы әлеуметтік-педагогтың міндеті болып есептеледі.

Әлеуметтік педагогтың қызметінде әлеуметтік-тұрмыстық қызметте негізгі орын алады, олардың бойында шыншылдық, жанашырлық, адамгершілік пен мейірімділік, ұйымдастырушылық қасиеттер басым болған жағдайда жетім баланың әлеуметтенуіне қойылатын педагогикалық шарттардың орындалуы толық қамтамасыз етіледі.

Дегенмен, қоғамның дамуы әрбір тұлғаның бойындағы ізгі қасиеттерінің сапасына, әлеуметтенуі мен оның жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру және қоғам игілігі үшін пайдалану қабілетіне байланысты болады [1].

Әдебиеттер:

1. Гинзбург М.Р. Психологическое содержание личностного самоопределения // Вопросы психологии. – 1994. – № 3.
2. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов н/Д, 1996.

3. Психологические проблемы профориентации учащихся // Межвуз. сб. науч. тр. – Челябинск, 1991.
4. Зубайраева З. «Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуінің педагогикалық шарттары» Автореферат. – Түркістан, 2008.
5. Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога. – М., 2004. – 83 с.

Резюме

В статье рассматриваются особенности и нынешнее состояние социальной работы с детьми-сиротами. Даются определения таким терминам, как дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, патронат. Приводятся рекомендации социальным педагогам по совершенствованию работы с детьми-сиротами.

Summary

The article discusses the features and current status of social work with children - orphans. Organizations engaged in social work education social worker. He taught children to adapt to society and find their place in life. Also in the article provides definitions for terms such as orphans, children deprived of parental care, patronat. We give advice to teachers in social work with orphans.

УДК 338.45:622.2:657.421.1

АНАЛИЗ МАТЕРИАЛЬНЫХ ПОТОКОВ НЕФТЕГАЗОДОБЫВАЮЩЕГО ПРЕДПРИЯТИЯ

У.Ж. ШАЛБОЛОВА,

доктор экономических наук, профессор

Г. АХМЕТОВА,

магистрант,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Нефтегазовый комплекс Казахстана можно представить, как микрологистическую систему со всеми присущими для системы признаками целостности, взаимосвязи, организации и интеграции четырех основных блоков: изыскание и добыча нефти и газа; трубопроводный транспорт или перевозки углеводородов; нефтепереработка; сбыт, маркетинг. На микрологистическом уровне перечисленные блоки становятся важными элементами логистической системы предприятий нефтедобывающей отрасли (см. схему).



Логистическая система предприятий нефтедобывающей отрасли

Логистическая система, пронизывающая все блоки нефтепроизводства, создает то сравнительное преимущество, которое позволяет в нефтедобывающем комплексе производить добычу и переработку углеводородов по сравнительно меньшей альтернативной стоимости, повышая значение производственных и экспортных возможностей отрасли [1]. Производственная логистика нефтедобывающего предприятия включает проектирование, управление потоками ресурсов при освоении и добыче углеводородов в пределах внутренней среды предприятия.

В нефтегазовой отрасли в процессе потребления материальных ресурсов происходит их трансформация в материальные затраты или стоимость использованных, израсходованных материальных ресурсов. Они выражаются материальными затратами, а уровень их расходования в производстве – показателями, исчисленными из суммы материальных затрат, к которым относятся: материалоемкость продукции, определяемая как отношение суммы материальных затрат к стоимости произведенной продукции, и показывает, сколько материальных затрат приходится на каждую денежную единицу продукции, и материалотдача, рассчитываемая как отношение стоимости продукции к сумме материальных затрат и характеризующая выход продукции с каждой денежной единицы потребленных материальных ресурсов.

Для исчисления удельного веса материальных затрат в себестоимости продукции сумма материальных затрат относится к полной себестоимости выпущенной продукции. Этот показатель отражает не только уровень использования материальных ресурсов, но и структуру производства, т.е. является оно материалоемким или нет.

Коэффициент использования материалов определяется путем деления суммы фактических материальных затрат на величину материальных затрат, рассчитанную исходя из базисных калькуляций и фактического выпуска и ассортимента продукции. Он отражает уровень эффективности использования материалопотока.

На наш взгляд, можно предложить кратную факторную модель для анализа обобщающего показателя материалоемкости, в которой факторами выступают числитель и знаменатель расчетной формулы материалоемкости: изменение материальных затрат и изменение объема продукции.

Остановимся на одной из альтернативных методик анализа материалоемкости. На показатель материалоемкости продукции в первом приближении оказывают влияние два фактора: изменение материалоемкости продукции по прямым материальным затратам и изменение коэффициента соотношения всех материальных затрат и прямых материальных затрат [2]. Математически факторная модель может быть выражена следующим образом:

$$E^M = \frac{M}{ВП} = \frac{M^{np}}{ВП} \times \frac{M}{M^{np}} = E^{np} * K^{M3}, \quad (1)$$

где M^{np} – прямые материальные затраты;

E^{np} – материалоемкость продукции по прямым материальным затратам;

K^{M3} – коэффициент соотношения всех материальных затрат и прямых материальных затрат.

Для расчета влияния факторов первого порядка можно использовать как традиционные приемы анализа – элиминирование, так и математические приемы, как логарифмирование и интегрирование. Необходимо использование одного из известных приемов элиминирования по базисному периоду при фактическом соотношении всех материальных затрат и прямых материальных затрат (E^M). Приращение материалоемкости продукции за счет изменения коэффициента соотношения всех материальных затрат и прямых материальных затрат ($\Delta E_{K^{M3}}^M$) будет равно:

$$\Delta E_{K^{M3}}^M = E^M - E_{O'}^M, \quad (2)$$

а приращение материалоемкости продукции за счет изменения материалоемкости по прямым материальным затратам ($\Delta E_{E^{np}}^M$) составит:

$$\Delta E_{E^{np}}^M = E_1^M - E^{M1}, \quad (3)$$

При интегрировании используются следующие формулы:

$$\begin{aligned} \Delta E_{K^{np}}^M &= \frac{1}{2} \Delta K^{M3} (E_1^{np} + E_0^{np}) = \frac{E_1^{np} + E_0^{np}}{2} \cdot \Delta K^{M3} = \frac{E_0^{np} + \Delta E_0^{np} + E_0^{np}}{2} \cdot \Delta K^{M3} = \\ &= \frac{2E_0^{np} + \Delta E_0^{np}}{2} \cdot \Delta K^{M3} = \frac{2E_0^{np}}{2} \cdot \Delta K^{M3} + \frac{\Delta E_0^{np}}{2} \Delta K^{M3} = \\ &= \Delta K^{M3} E_0^{np} + \frac{\Delta K^{M3} \Delta E_0^{np}}{2}, \end{aligned} \quad (4)$$

$$\begin{aligned} \Delta E_{E^{np}}^M &= \frac{1}{2} \Delta E^{np} (K_1^{M3} + K_0^{M3}) = \frac{K_1^{M3} + K_0^{M3}}{2} \cdot \Delta E^{np} = \frac{K_0^{M3} + \Delta K^{M3} + K_0^{M3}}{2} \cdot \\ &\cdot \Delta E^{np} = \frac{2K_0^{M3} + \Delta K^{M3}}{2} \times E^{np} = \Delta E^{np} K_0^{M3} + \frac{\Delta K^{M3} \Delta E^{np}}{2}. \end{aligned} \quad (5)$$

Исходные данные для расчета эффективности материальных потоков нефтегазодобывающего предприятия можно представить в виде таблицы 1.

Таблица 1. Движение товарно-материальных запасов нефтегазодобывающего предприятия (тыс. долл. США)

Показатели	2009 г.	2010 г.	2011 г.
1. Материалы, в том числе:	6838,6	4881,6	4134,7
– сырье	2031,5	39,3	39,4
– ГСМ	392,5	1134,8	373,7
– тара	0	0	0
– запчасти	1561,3	1448,3	1470,0
– прочие материалы	1566,7	1351,5	1137,0
– строительные материалы	1306,6	907,7	804,7
2. Товары, в том числе:	739,1	994	927,5
– нефть до передачи для транспортировки	593,8	994	927,5
– нефть в пути (отгруженная)	145,3	0	0
– обмен нефти	0	0	0
– готовая продукция	739,1	994,0	927,5
– конденсат	0	0	0
– товарный газ	0	0	0
– готовая продукция	0	0	0
Итого	7577,7	5875,6	5062,2

1. Материалоемкость E^M (долл. на 1 тыс. долл. США продукции):

$$E_{I}^M = (5875,6:560402) \cdot 1000 = 10,48$$

$$E_2^M = (5062,2:1024483) \cdot 1000 = 4,94$$

2. Материалоотдача МО (долл. на 1 тыс. долл. США материальных затрат):

$$MO_1 = (560402:5875,6)*1000:1000 = 95,38$$

$$MO_2 = (1024483 : 5062,2)* 1000 : 1000 = 202,4$$

3. Удельный вес материальных затрат в полной себестоимости продукции

$$(5875,6:184341)*100\% = 3,2\%$$

$$(5062,2:660678)*100\% = 0,77\%$$

4. Коэффициент использования всех материалов $K^{МЗ}$:

$$K^{МЗ}_1 = 5875,6 : 7667 = 0,77$$

$$K^{МЗ}_2 = 5062,2 : 5875,6 = 0,86$$

Рассчитанные показатели отразим в сводной таблице использования материалов (табл. 2).

Таблица 2. Показатели использования материальных потоков и запасов предприятия

Показатели	Обозначения	2010 г.	2011 г.	Отклонения (+;-)	Фактически в %
				2010г./2011 г.	2010 г./2011 г.
1. Выпуск продукции, тыс. долл. США	ВП	560402	1024483	464081	182,8
2. Материальные затраты, тыс. долл. США	М	5875,6	5062,2	-813,4	86,2,
3. Из них прямые материальные затраты	М ^{пр}	4881,6	4134,7	-746,9	84,7
4. Материалоемкость продукции общая, тенге на 1 тыс. долл. США продукции	Е ^М	10,48	4,94	-5,54	47,1
5. Материалоемкость продукции по прямым материальным затратам, 1 долл. на тыс. долл. США	Е ^{пр}	8,71	4,03	-4,68	46,2
6. Материалоотдача общая, долл. на 1 тыс. долл. США материальных затрат	МО	95,38	202,4	107,02	212,2
7. Материалоотдача прямых материальных затрат, долл. на 1 тыс. долл. США материальных затрат	МО ^{пр}	114,8	247,8	133,0	215,8
8. Коэффициент соотношения всех материальных и прямых материальных затрат	К ^{МЗ}	1,2	1,22	0,02	101,7

Из приведенных таблиц видно, что к отчетному году материалоемкость по отношению к 2010 г. понизилась на 5,54 тыс. долл. США. Понижение материалоемкости свидетельствует об эффективном использовании материальных ресурсов на данном предприятии. Соответственно, в отчетном году по сравнению с прошлым 2010 г. материалоотдача повысилась на 107,02 тыс. долл. США.

Аналогичные показатели, исчисленные по прямым материальным затратам, отражают значительное улучшение использования материальных ресурсов в течение анализируемого периода.

Анализ общей материалоемкости с использованием приема цепных подстановок и интегрального приема приведен в таблице 3.

Таблица 3. Анализ влияния факторов на общую материалоемкость

Факторы	Расчет влияния факторов				Результат влияния, тыс. долл. США	
	Алгоритм приема цепных подстановок	Количественная оценка	Алгоритм интегрирования	Количественная оценка	Прием цепных подстановок	Интегрирование
1. Изменение коэффициента соотношения всех материальных и прямых материальных затрат	$\Delta E_{K^{M3}}^M = E^M$	10,45-8,71	$\Delta E_{K^{M3}}^M = \Delta K$ $\Delta E^{M3} \cdot \Delta E^M$	$0,02 \cdot 8,71 +$ $0,02 \cdot (-4,68)$ 2	+1,74	+1,77
2. Изменение материалоемкости по прямым материальным затратам	$\Delta E_{K^{np}}^M = E_0^M$	4,92-10,45	$\Delta E_{K^{np}}^M = \Delta E$ $\Delta K^{M3} \cdot \Delta E^M$	$-4,68 \cdot 1,2$ + $0,02 \cdot (-4,68)$ 2	-5,53	-5,56
Итого	$\Delta E^M = E_1^M$	4,92-8,71	$\Delta E^M = E_1^M$	6,84-10,63	-3,79	-3,79

$$E_0^M = 8,71 \cdot 1,2 = 10,68$$

$$E^M = 8,71 \cdot 1,22 = 10,45$$

$$E_1^M = 4,03 \cdot 1,22 = 4,92$$

Результаты анализа показывают, что понижение общей материалоемкости составляет 3,79 тыс. долл. США. Увеличение коэффициента соотношения всех материальных и прямых материальных затрат в отчетном году по сравнению с предшествующим годом свидетельствует об изменении структуры всех материальных затрат: об увеличении доли прямых и соответствующем увеличении доли косвенных материальных затрат.

Таким образом, изменение коэффициента соотношения всех материальных и прямых материальных затрат привело к увеличению материалоемкости на 1,74 тыс. долл. США, а изменение материалоемкости по прямым материальным затратам, наоборот, привело к снижению материалоемкости на 5,53 тыс. долл. США.

Совокупное же влияние обоих факторов обеспечило снижение общей материалоемкости на 3,79 тыс. долл. США (-5,53+1,74).

Проведение такого характера анализа материальных потоков и запасов позволит выявить тенденции изменения в структуре затрат нефтяных компаний и тем самым выявлять факторы, оказывающие влияние на структуру производства.

Литература:

1. Бергалиев Т. Создание логистических систем в нефтегазовом комплексе РК: возможности и перспективы // Транзитная экономика. – 2002. – № 3. – С. 85-97.
2. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: Учеб. пособие для высш. учеб. заведений / Под ред. д.э.н., проф. М.А. Вахрушиной. – М.: Вузовский учебник, 2008.

Түйіндеме

Мақалада мұнай-газ өндіруші кәсіпорынның логистикалық жүйесі көрсетілген. Материалдық ағымдарды басқару барысында шығындарды азайтудың негізгі элементі болып кәсіпорынның материалдық ресурстары саналады. Мұнай-газ өндіруші кәсіпорынның материалдық ағымдарының тиімділігіне

талдау жасалған. Автор кәсіпорынның материалдық ресурстарын тиімді пайдалануының талдауына әр түрлі әдістерді қолданды және материалсыйымдылық атаулы жалпылама көрсеткішін талдау үшін қысқартылған факторлық үлгіні ұсынды. Мұнай-газ саласының кәсіпорының мұнай өндеу құрылымына әсер етуші факторларды анықтау мақсатында материалдық ағымдар мен шығындардың тиімділік көрсеткіштері есептелінді.

Summary

The article presents the logistic system of oil and gas companies. In management of materials flows key element to minimize costs were material resources of the enterprise. The analysis of the material flow's efficiency of oil and gas companies is provided. The author used different methods of analysis the utilization of the enterprise's material resources and offered a multiple factor model for the analysis of summary measure of material. Were calculated efficiency of material flows and costs in order to further identify factors that influence the structure of the oil gas industry's enterprises.

ӘОЖ 665.61:658.11:331.1:339.727.22/.24

МҰНАЙ-ГАЗ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ОРТАСЫН ТАЛДАУ

Л.А. КАЗБЕКОВА,

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ж. МЫРЗАХМЕТОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Мұнай-газ кәсіпорындарының стратегиялық тұрғыда қарастырудың басты міндеті – өзгермелі ортада ұйымның қызметінің икемділігін қамтамасыз етіп, мақсаттарға жетуі үшін қажетті жаңалықтарды енгізу. Бұдан басқа, қаралып отырған кәсіпорында стратегиялық жоспарлау – кәсіпорынның кәсіпкерлік әрекеттерін үдету құралдарының бірі.

Өнім өндірісі саласында компанияның стратегиясын зерттеу қолдағы бар тауарлар мен қызметтерді модификациялауға, сондай-ақ нағыз жаңа өнім жасауға бағытталған. Сондай-ақ, компания барлық серіктестеріне ұсынылатын тауарлар бекітілген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді. Олар техникалық көмек көрсетіп, қажетті түсініктемелер мен кеңестер беретіндігін атаған жөн.

Компанияның өнім өндірісі саласындағы негізгі мақсаттары: әрбір тапсырыс бойынша мұнай-газ кәсіпорындарының талаптарын нормативтік құжаттардың талаптарына сай келетін оңтайлы техникалық шешімдер қабылдау арқылы барынша қанағаттандыру; барлық келісім-шарттарды орындауды мұнай-газ кәсіпорындарына тұрақты пайданы қамтамасыз ететін, келісім-шарттық бағаның шегінен аспай, ыңғайлы экономикалық тиімділікпен және мерзімінде аяқтау; ИСО 9001:2000 стандарттары бойынша сапа менеджменті жүйесін жетілдіру арқылы жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру; шығаратын өнімдер мен көрсететін қызметтер бүгінгі күні өндірістің қауіпсіздігін, сенімділікті, үнемділік пен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Мұнай-газ кәсіпорындарының өнімі мен қызметтерінің сапасын оңтайландыру мақсатында ИСО 9001 стандарттары бойынша сертификатталған басқару жүйесіне ие, ол барлық деңгейде ұтымды шешім қабылдауды қамтамасыз етеді, білікті әрі тәжірибелі инженер-техник персоналдары, зама-

науи техникалық жабдықтары, нормативтік базасы, қажетті лицензиялары бар, өнімдер өндіруде және қызметтер көрсетуде озық технологиялар мен заманауи бағдарламалық өнімдерді пайдаланады, ноу-хау енгізеді және өз өнімдерін өндіру технологиясының үдерісін жетілдіреді.

Бұдан өзге «Сапа саласындағы мақсаттар» құжаты әзірленген, онда кәсіпорынның тиісті деңгейінде сапа саласындағы мақсаттар белгіленген: өнім шығару үдерісін жақсартуға бағытталған негізгі мақсаттар, жоба директорларының сапа саласындағы мақсаттары; кәсіпорынның өнім шығару жөніндегі өндірістік үдерісіне қатысатын бөлімшелері мен өндірістік бөлімдердің сапа саласындағы мақсаттары.

Барлық мақсаттар кәсіпорынды дамыту саясатымен келісілген және нәтижелері өлшемелі болып табылады. Нұсқаулығында есептік көрсеткіштер, жауапты бөлімшелер мен есептік мәліметтерді сапа қызметіне беру мерзімі белгіленген. Әр жарты жылға «Сапа саласындағы мақсатты сандық көрсеткіштер» белгіленеді, олар бас директордың бағыттар бойынша барлық орынбасарларымен келісіледі және бас директормен бекітіледі. Есептік көрсеткіштер бойынша бас директордың орынбасарлары жүргізген талдау нәтижелері арқылы түзету және алдын алу әрекеттер жөнінде ұсыныстар енгізіледі және келесі жарты жылға «Сапа саласындағы мақсатты сандық көрсеткіштерді» бекітуде түзетулер жасалады.

Мұнай-газ кәсіпорындарының барлық бөлімшелерінде бөлім мен топ деңгейінде өлшемелі мақсаттар белгіленген, олар бөлім туралы ережеге жеке қосымша түрінде ресімделген және бөлім бастығымен қол қойылған. Ай сайын бөлімдер белгіленген мақсаттарға жету жөнінде сапа қызметіне мәліметтер береді. Токсанына бір рет сапа қызметіне жүргізілген талдау нәтижелері мен әзірленген алдын алу іс-қимылдары туралы мәліметтер беріледі.

Сапа менеджменті жүйесін дайындау мен дамытуды жоспарлауды кәсіпорын директоры мен оның орынбасарлары қамтамасыз етеді: сапа саласында мақсаттарға жету, сондай-ақ басшылықтың талаптарын орындау үшін сапа жүйесін дайындау мен дамытуды жоспарлау барысында оған өзгерістер енгізу кезінде сапа жүйесінің тұтастығы сақталуы тиіс.

Нарықты зерттеуде нарықтағы алатын сегментке стратегиялық әсер ету үдерісі мен осы сегментті тауарлар мен қызметтерге оңтайлы сараптама жүйесінің әдістемесін кеңейту, әлеуетті және бұрынғы клиенттерді ынталандыру мен жайғастыру алға шығады. Жоспарланатын рынок сегменті шектелмейді.

Қаралып отырған нарықтың стратегиялық моделі ретінде бүгінгі таңда ұйымның өзін өзі аман алып қалу үшін жағдай жасау моделі шығады. Мұндай басқарушылық моделі, ең алдымен, консервативті ыңғайдағы менеджерлермен қолданылады, олар өз қызметтік парызын орындауға формалды түрде қарайды, дегенмен оларға шығармашылық пен жаңашылдық элементтері жат емес болуы да мүмкін, бірақ олардың мінез-құлықтарының айқындаушы сызығы бәрібір консерватизм болып қала береді. Олар, өзінің орныққан жұмыс істеу тәртібі бар екендігін түсінуден шыға отырып, өздерінің міндеті негізінен осы орныққан тәртіпті сақтау деп біледі. Оның үстіне олар өздерін негізінен қорғаныс сипатындағы әдістерге бағыттайды. Мұнай-газ кәсіпорындары мен олардың айналасында болып жатқан барлық өзгерістер, оларда осы өзгерістерге бейімделуге, өзгерістерден өздері басшылық ететін ұйымға болуы мүмкін теріс ықпалдардан сақтауға деген табиғи ниеттерін туғызады.

Өздерінің кәсіби қызметтерінде осы модельге сүйенетін мұнай-газ кәсіпорындарының менеджерлері айқын білінетін амбициялары жоқтығымен ерекшеленеді: олардың арман-тілектерінің шегі, әдетте, олардың өздері жеткен және осыған бекіп қалуға тырысатын қызметтік биіктікпен шектеледі, бірақ солай болса да кей кездері өз жағдайларына көңілі толмаушылық білдіруі мүмкін.

Дегенмен мұндай көңілі толмаушылық, көбіне, өз мүмкіндіктерін аса бағалау немесе кем бағалаудан, биіктерге жеткен өздерінің әріптес-менеджерлерінің кәсібилік деңгейінен шығып жатады. Мұндай менеджерлердің басшылық етуінен ұйым бір кездері иеленген жайғасымын сақтай отырып, ағыспен кете береді, бірақ шеңберде шығармашылық тұлғаға тіршілік ету аса қиын, «біражола жасалған тәртіппен» өте ескі ағза болып қала береді. Бұл жерде мұнай-газ кәсіпорындарының менеджерлері ұйымда ізденімпаз тұлғаларды ұстауды мақсат тұтпайды, себебі іздену оның жеке сенімдеріне сай емес. Оның үстіне, мұндай менеджерлер ұйымда өзінің орнын алып қоя алатын, әлеуетті мүмкін болатын бәсекелесінен саналы түрде құтылуға асығады.

Десе де, осы басқарушылық моделін пайдалану тек менеджердің өзінің жеке тұлғасымен емес, ұйымның сипатымен, оның бағытымен, оның бейіндік (немесе тіпті жарғылық) ерекшеліктерімен де байланысты. Менеджер мұндай модельді пайдаланған кезде негізгі мақсат пен кіші мақсаттарды бөліп алады. Негізгі мақсат басқару болып саналады, жетекшілік ететін ұйымды кез келген жағдайда және кез келген түрде – тіпті оны қайта құруда да сақтап қалуға бағытталуы тиістігімен ерекшеленеді.

Қазіргі сәтте кәсіпорын мұнай өндіру саласында бәсекелестік арта түскен жағдайда жұмыс істеуде. Бүгінгі күні аймақта, бұл салада осындай кәсіпорындар жұмыс істейді. Рынок айтарлықтай толық, сондықтан клиенттер үшін күрес те күрделі. Жыл сайын тапсырыстар саны, соған қарай пайда да бәсекелес фирмалар саны мен жыл маусымына тәуелді болмақ. Баяндалған жағдайларға қарай мұнай-газ кәсіпорындарының нарыққа шығу саясаты әзірленеді.

Компанияны қысқа мерзімді (3-5 жыл) стратегиялық көзқарасы нарықтың тең құқылы бәсекелес тұғырын ұстап тұруға және алып отырған нарық сегментінде әлемдік деңгей сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Кәсіпорынды орта мерзімді (7-8 жыл) стратегиялық көзқарасы ретінде орталықтанған әртараптандыру стратегиясы шығады, ол жаңа тауарлар мен қызметтер өндірудің қосымша мүмкіндіктерін іздестіру мен пайдалануға сүйенеді, олар іс жүзіндегі бизнеске (мұнай өндіруге) тұжырымдалған, яғни бұрынғы өндіріс бизнестің нақ ортасында тұрады, ал жаңасы игерілген нарықпен, қолданылатын техникамен не болмаса фирманың жұмыс істейтін басқа мықты жақтарымен тұжырымдалатын мүмкіндіктерден шығады. Кәсіпорынды ұзақ мерзімді (10 және одан көп) стратегиялық көзқарасы ретінде көлденең және конгломеративті әртараптандыру синтезі шығады.

Көлденең әртараптандыру стратегиясы қолданылып жүрген технологиядан айырмашылығы бар жаңа технологияны талап ететін жаңа өнім шығару есебінен іс жүзіндегі нарықта өсу мүмкіндіктерін іздеуді көздейді. Аталмыш стратегияда мұнай-газ кәсіпорындары өздерінің бұрыннан бар мүмкіндіктерін пайдалана алатындай, технологиялық түрде байланысы жоқ өнімдерді өндіруге бағдарлануы тиіс. Мұндай жаңа өнім негізгі өнімді тұтынушыға бағдарлануы тиіс, бірақ өзінің сапасы бойынша ол бұрын шығарылған өнімге қоса жүруі тиіс. Аталмыш стратегияны іске асырудың маңызды шарты жаңа өнім өндіруде фирманың өз құдыреттілігін алдын ала бағалауы болып табылады.

Конгломеративтік әртараптандыру стратегиясы фирма бұрыннан шығарылатындармен технологиялық байланысы жоқ, рыноктың жаңа сегменттерінде өткізілетін жаңа өнімдерді өндіру есебінен кеңейетіндігінде тұр. Бұл жүзеге асыру үшін ең күрделі стратегиялардың бірі, себебі оны ойдағыдай жүзеге асыру көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда, қолдағы бар персоналдың, әсіресе менеджерлердің біліктілігіне, нарық өміріндегі маусымдылыққа, қажетті инвестициялық салымдардың болуына тәуелді.

Кесте 1. Мұнай-газ кәсіпорындарының сыртқы ортасын талдау

Факторлар тобы	Факторлар	Факторлар	
		Мақсатқа жетуге ықпал ететіндер	Мақсатқа жетуге кедергі келтіретіндер
1. Экономикалық	1. Салықтар мен баждар 2. Валюта бағамы 3. Инфляция 4. Жұмыссыздық		— — — —
2. Саяси	1. Елдің саяси бағытының өзгеруі 2. Экономикалық қатынастарды реттудің нормативтік-құқықтық базасындағы өзгерістер	+ +	— —
3. Технологиялық	1. Өткізуді жетілдіру 2. Жеткізуді жетілдіру	+ +	

4. Әлеуметтік	1. Персоналдың біліктілік деңгейі	+	—
	2. Жұмысқа көзқарасы	+	
	3. Персонал логистикасы мен контроллингi	+	
	4. Құндылықтар мен бағыттар	+	

Мұнай-газ кәсіпорнындағы жағдайды анағұрлым дәлірек түсіну үшін ұйымның ішкі және сыртқы ортасын, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі мен сыртқы нарықтағы баға саясатына әсер етудегі тәуелділіктері мен байланыстарын анықтау қажет.

Орта талдауы – бұл ұйымның бәсекелестік стратегиясын түзетуде өте маңызды және ортада болатын үдерістерді, факторларды бағалау мен факторлар арасындағы байланыстарды орнатуды және ұйымның мықты және әлсіз жақтарын, сондай-ақ сыртқы ортамен болатын мүмкіндіктер мен қауіптерді мұқият бақылап отыруды талап ететін өте күрделі үдеріс. Ортаны білмей, ұйым тіршілік ете алмайтыны айдан-анық. Ұйым өз мақсаттарына ойдағыдай жетуді қамтамасыз ету үшін ортаны зерттейді, өзіне барынша ыңғайлы тіршілік етуді қамтамасыз ететін сыртқы ортаның элементтерімен өзара әрекет ету стратегиясын қалыптастырады.

Мұнай-газ кәсіпорындарының сыртқы ортасына талдауды келесі 2-кестемен береміз.

Кесте 2. Мұнай-газ кәсіпорындарының ішкі ортасын талдау

Салалар	Факторлар	Факторлар	
		Мықты жағы	Әлсіз жағы
Кадрлар	1. Басқару персоналының стилі	+	—
	2. Кадрлық саясат	+	
	3. Дәйектеме	+	
	4. Кадрлардың тұрақтамауы	+	
	5. Жұмыс тәжірибесі	+	
Жалпы басқаруды ұйымдастыру	1. Ұйымдастырушылық құрылым	+	—
	2. Компанияның беделі мен келбеті	+	—
	3. Коммуникациялық саясат	+	—
	4. Контроллинг деңгейі	+	—
	5. Ұйымдастырушылық мәдениеті	+	—
Қызметтер өндірісі	1. Баға саясаты	+	—
	2. Бәсекелестік саясаты	+	
	3. Сауда-саттықты бақылау жүйесі	+	
Маркетинг	1. Тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі	+	—
	2. Өткізудің ақпараттық қамтамасыз етілуі	+	
	3. Рынок үлесі	+	
	4. Өнімнің өмірлік циклі	+	
	5. Өткізу саясаты	+	
	6. Жайғастыру	+	
	7. Өткізуді қалыптастыру және ынталандыру	+	
Қаржылар	1. Активтермен қамтамасыз ету	+	—
	2. Капиталды пайдаланудың тиімділігі	+	
	3. Инвесторларға тәуелділік деңгейі	+	
	4. Экономикалық тиімділік	+	

Осылайша, көрсетілген кестеден шығатыны – ұйымның сыртқы ортасының негізі қауіптері экономикалық және саяси факторлар. Салық салудағы өзгерістер, инфляциялық тәуекелдердің әсері, жұмыссыздық деңгейінің өсуі кәсіпорынның жалпы экономикалық жағдайына айтарлықтай ықпал етеді.

Сол сияқты, мысалы, валюта бағамының құнсыздануы немесе көтеріңкі кедендік баж енгізу кәсіпорын қызметінің жалпы экономикалық тиімділігіне ықпал етеді. Нарықтық факторлар да (бәсекелестік, демография, мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі) кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметіне теріс әсер ете алады.

Жалпы алғанда, экономика дағдарысы, инфляцияның күшеюі мен халықтың төменгі тіршілік ету минимумына қарай компанияның банкроттық тәуекелін ұлғайтатынын атап өту қажет. Компанияның қаржылық жоспарларында құнсызданудың фирманың негізгі жұмыс көрсеткіштеріне әсері қарастырылған. Заңнамалық және нормативтік актілердегі өзгерістер де кәсіпорынның кейбір техника-экономикалық сипаттамаларына дисбаланс туғыза алады. Сондықтан компания экономикалық жағдайға әсер ететін саяси факторларды үнемі талдап отыру қажет. Осылайша, кәсіпорынның негізгі ішкі тәуекелдері болып кәсіпорынды басқаруға және ұйымдастырушылық құрылымға байланысты тәуекелдер шығады, бұлар жедел өзгертуді және реформалауды талап етеді. Бұдан басқа, ортаны талдау, стратегиялық басқаруда ол қалай өткізіледі, ұйымға қатысты сыртқы ортада пайда болуы мүмкін қауіптер мен мүмкіндіктерді, ұйымның мықты және әлсіз жақтарын анықтауға бағытталған.

Әдебиеттер:

1. Ансофф И. Стратегическое управление. Пер. с англ. / Под ред. А.И. Евсиенко. – М.: Экономика, 2002. – 519 с.
